



Қарағанды облысының әкімдігі

**Ақылдастар алқасы:**

Әбдішев Б., төраға

Жұмабеков Б., төраға орынбасары

Жайлыбай Ғ., төраға орынбасары

Аймағамбетов Е.

Ақсұңқарұлы С., жауапты хатшы

Ахметов К.

Ғазалиев А.

Дудатбеков Н.

Исабеков Н.

Көбеев Е.

Қаңтарбекова Г.

Омаров Ә.

**Редакциялық алқа:**

Асанов Қ.

Әскербекқызы Ж.

Бексейітов С.

Кәпұлы Д.

Қазанқарпов Ж.

Құрмансейіт Қ., жауапты редактор

Мұхиден Б.

Рамазан Д.

Тұрлынова Р.



---

САЙЛАУХАН  
НӘКЕНОВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өлеңдер

---

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Астана-2014

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5 Қаз)-5  
Н 32

---

Сарыарқа кітапханасы

---

Н 32 **Нәкенов С.**  
**Шығармалары:** өлеңдер / Сайлаухан Нәкенов. – Астана: Фолиант,  
2014. – 400 б.

ISBN 978-601-292-829-7

Сайлаухан Нәкеновтің бұл кітабына ақынның жауһар жырлары топтастырылды. Сезімнің мөлдір тамшылары нәзік иірімдерден көрініс табады. Өмірі өлеңмен өрілген ақынның алғаусыз сезімдері, адам мен заман жайындағы толғаныс-тебіреністері шынайы жырланады.

Кітап жырсүйер қауымға арналған.


УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-292-829-7

© Нәкенов С., 2014  
© «Фолиант» баспасы, 2014



«ЖАС КЕРУЕН»  
ЖИНАҒЫНАН





## ӨҢ МЕН ТҮС

Түсімде жерге қонбай ұшып жүрсем,  
Өңімде көше кезіп жаяулаймын.  
Түсімде бір сұлуды құшып жүрсем,  
Өңімде Мәжнүнге таяу қайғым.

Түсімде Бауыржандай батыр-ақпын,  
Жауларды топырлатып түйдек қырған.  
Өңімде нәп-нәзік бір жапырақпын  
Самалға есі қалмай билеп тұрған.

Түсімде аумай тартқан Абай болам,  
(Бұл көңіл қашпақ емес алайда одан).  
Өңімде өлең келмей, ал ойланам,  
Абайдай қалай болам, қалай болам?

Түсімде тарқамайды ән-думаным,  
Кеудемнен кетпейді бір көл менен құс.  
Өңімде жеткізбейді ал қуғаным,  
Кетеді адастырып өң менен түс.

## ТУҒАН ЖЕР

Аяулым, арманды өлкем, арда мекен,  
Өзіңнен басқа көңіл бар ма бөтен?!  
Сен жайлы өлең жаза беру үшін  
Өзіңмен бір жасауды арман етем.

Сырқаттан кейбір сәтте секем алып,  
Отырам орманыңда жеке қалып.  
Бір күні тентек тағдыр басқа жолмен  
Мені де бір аулаққа кете ме алып?..

Өлмейді, өлтірмейді мұнарлы үміт,  
Бүркітті бөденелер бұғар біліп.  
Торғайдың тірлігін де тілеттіріп,  
Бұл өмір қойды-ау саған құмар қылып.

\* \* \*

Сияқты кейде анығым – елес,  
Көңілді күдік көсейді.  
Тағдырым маған мамығын емес,  
Тобылғы төсек төсейді.

Мамыққа жатсам, маужырап қалып,  
Тәтті түс көріп кетермін.  
Алдағы арман – тау жырақтанып,  
Табыса алмай өтермін.

## АҚ АРМАН – АРҒЫМАҚ

Астымда ақ арманым – арғымағым,  
Келеді жапалақтан үркіп өтіп.  
Тарқатып ақын көңіл бар құмарын,  
Ауылын өлең-қыздың дүркіретіп.

Ауылын өлең-қыздың тамсандырып,  
Ақ арман – арғымағым, ойнақтай бас.  
Әлемге осы түнде ән салдырып,  
Әлемді ойландырсын оймақтай бас.

..Ей, көңіл, құсбегі едің құсқа қанық,  
Көрдің бе, көп түндік қалыпты ашық.  
Ішінен бір аққуын ұстап алып,  
Кетейік оңашаға алып қашып.

Ұрынсақ, қас сұлуға ұрынайық,  
Кетейік ақындарды қызғандырып.  
Төсінде жұмыр жердің зымырайық,  
Құйрықты жұлдыздардай із қалдырып.

\* \* \*

Бәйге ме?..  
Құнаным бар қосылмаған,  
Ол түгіл, қара жарыс тосын маған.  
Білмеймін, аяңына қарап тұрып,  
Болып жүр қасым да алаң, досым да алаң.

«Тұлпар» деп табынады қолдағандар,  
«Жылқы ма?» деп түкірер қорлағандар.  
Мен бірақ асықпаймын, құнан түгіл,  
Атына ер-тоқым сап болмаған бар.

Мен әлі асықпаймын, жай қамданам,  
Той көп қой талай бастар айналмаған.  
Ақан да бесігінде ән салмаған,  
Құла да құлынында бәйге алмаған...

## КЕКСЕ АҚЫНМЕН ӘҢГІМЕ

Ақындар көп сымбатты,  
Әрқилы тек өресі.  
Өлеңдерге сын қатты,  
Уақыт бар төреші.


Жазғандарым тиіпті  
Өткен күнге дұға боп.  
Бүгінгілер биік-ті,  
Бүгінгіге куә көп.

Шабыт содан шабандап,  
Қалам содан кібіртік.  
Арт жағыңа алаңдап,  
Кете алмайсың жүгіртіп.

Жастар қуып шықты ғой,  
Шаршадым мен жазудан...  
Күрек тістер мықты ғой  
Босап тұрған азудан.



«ҚҰДІРЕТТІ ҚОЛДАР»  
ЖИНАҒЫНАН





## ЖЕЗ ДАҢҚЫ

Тарихтан сұра,  
не елден,  
Сарыарқа деген ежелден  
Асу да асу бел екен,  
Байлығы шалқар көл екен.

Кенге де, малға бай тіпті,  
Көргендер жыр ғып айтыпты.  
Білімпаз, небір ғұлама  
Қия алмай қарап қайтыпты.

Жан-жаққа тарап жол жатты,  
Келгендер қанша олжа апты.  
Білгірлер сонда жез даңқын  
Жүз мың жыл бұрын болжапты.

Көрген көз бірден таныпты,  
Талайы қонып қалыпты.  
Жеті Кеңгірі — жеті өзен  
Қалайы болып ағыпты.

Бар қазақ соны біліпті,  
Ырысын жердің ұғыпты.  
Сап-сары сазы сұп-сұлу  
Құмыра болып шығыпты.

\* \* \*

Өнерге зергер хас адам  
Тастан да мүсін қашаған.  
Қанжарды ойлап таппастан,  
Кесені бұрын жасаған.

Бәрін де солай бастапты,  
Армандар сондай асқақ-ты.  
Өмірі мен өнерін  
Тауларға жазып тастапты.

Омырауы ашық көйлекті  
Жігітке сонда ой көп-ті.  
Қолында жалғыз қарағай  
Домбыра болып сөйлепті.

Ай менен Күннен жаралған  
Арулар айтып ақ арман,  
Даланың дарқан байлығы  
Ән болып елге таралған.

Сал дала сақтап паң қалпын,  
Адамы да оның аңғал-тын.  
Серілік болып көрінді  
Садақтан ұшқан жамбы алтын.

\* \* \*

Саяткер, сәнді еру ел,  
Күнде той, күнде серуен.  
Бұқардан біреу қыз сүйсе,  
Арттырған алтын керуен.

Байлығын шашқан оңға да,  
Байлығын шашқан солға да.  
Жігіттер тұлпар ұстаса,  
Қыздары мінген жорғаға.

Жағалай жатқан қырлардан  
Жеті өзен жез боп нұрланған.  
Геродоттың да аузымен  
Бұл дала талай жырланған.

Бақытты жерім, байтағым,  
Сен жайлы шалқып айтамын.  
Бүгінді айтпай тұрып мен,  
Өткенге барып қайтамын.

\* \* \*

Құтты қоныс кез болып,  
Алты әлемге сөз болып.  
Қолға ұстаған топырақ  
Құйылыпты жез болып.

Нелер-нелер дүр кілең  
Көз салыпты дүрбімен.  
Құжынапты саудагер  
Арабтан да, Үндіден.

Жүзіп өтіп Жайықты,  
Бақалшы да байыпты.  
Шартараптан келгендер  
Бар тарапқа жайыпты.

Гот тілі де: «Жез», – деді,  
Латындар да: «Жез», – деді.  
Бірақ олар бұл сөздің  
Түп төркінін сезбеді.

Жез алтын боп өтіпті,  
Алқа болып кетіпті.  
Кавказ келіп көруге,  
Балқан алып кетіпті.

Өзінде жоқ болғандар  
Неменеге асады?..  
Ал қазақтар тіпті одан  
Тегене де жасады...

Кенге толы айналам,  
Шіркін, менің бай далам!  
Енді бүгін тұрсың сен  
Жезқазған боп жайнаған.

## ҒАСЫРЛАРДЫҢ АРХИВИ

Төбең бұлт, төскейіңде қарлы қысың,  
Армысың, дарқан далам, арлымысың!  
Аталар қаламсыз-ақ қалай-қалай  
Өзіңе жазып кеткен барлық ісін?!

Не керек өлшеу үшін безбен беріп.  
Шешендер қамал соққан сөзден берік.  
Мен бәрін оқып келем ұлылықтың,  
Бәрін де құрылықтың көзбен көріп.

Жер-жаһан от-нажағай оранса да,  
Батырды құшағына көр алса да,  
Қайтпаған кек қалмапты құла дүзде,  
Жебе жоқ атылмаған қорамсада.

Атаның ақ батасын ұраншы алған,  
Сол күндер бір биіктей мұнар шалған.  
Көзіме елестейді сол мұнардан  
Боз атты бозбалалар қыран салған.

Сарыарқа сол сағымға аймалатқан  
Алатау асқақ қарап, ойға батқан...

Аталар желмаямен Мысыр барып,  
Тұлпармен Түркістанда тойға шапқан.

Аталар аңқаулығын біліп те өткен,  
Құдайдың қаһарынан бұғып та өткен.  
Сондықтан бар ғылымды жиып алып,  
Астына Отырардың тығып кеткен.

Салсын деп сол жұмбаққа бар ми күшін,  
Біздерге қалдырыпты әрқилы сын.  
Ақ далам – академиясы бабалардың,  
Қаншама ғасырдың да архивісің.

## ҚАРТ ЖЫРАУДЫҢ ҒАҚЛИЯСЫ

Көкірегінде мұңды ән бар,  
О, қазағым, өз елім.  
Жырауыңның тыңдаңдар  
Жалғыз ауыз ғазелін.

Қолыңдағы дәулетің,  
Ол да бір күн көшеді.  
Артыңдағы әулетің  
Басқаша күн кешеді.

Артық болар айбыны  
Мейлі батыр, ез болсын.  
Ең бір үлкен байлығы  
Алдыменен жез болсын.

Мәнін осы сөзімнің  
Халқың болып ұғады,  
Өз байлығың өзіңнің  
Даңқың болып шығады.

## ЖЕЗҚАЗҒАН ТУРАЛЫ ЖЫР

О, Ұлытау, асқарыңнан қараймын,  
Әр тасыңда – қазына,  
Әр бұтаңда бар айбын.  
Сен болыпсың  
Бар таулардың көсемі,  
Атың солай, аңыз солай деседі.

Тауыңда ұшқан қыранның  
Бәрінен де сұрадым,  
Бұлдыр-бұлдыр елестейді бірдеңе,  
Былдыр-былдыр тіл қатады бұлақтар,  
Таңданғандай тербеледі құрақтар.

Үндемейді обалар,  
Сөйлемейді мазарлар.  
Ойдым-ойдым ойды көріп, көз тігем  
Тұлпарлардың қазған ба деп тұяғы.  
Алмас қылыш жүзіндей  
Осы жердің қияғы.

Бала бүркіт қанатымен бұлт жарып,  
Бұлбұлың да сайрайды екен биікте.  
Бота көзді жануарлар айтар деп,  
Жаутаңдаймын киікке.

Желмаялар жұрағаты –  
Түйелерден сұрасам,  
Деген оймен қыр асам,  
Шудалары желбіреп,  
Үндемейді олар да,  
Тостаған көзі мөлдіреп.

Шыңдар, шыңдар  
Жеткізбейді мұнартып,

Қайта-қайта қарай берем құмартып.  
Беғазы мен Ақшоқы –  
Осы өлкеде сөйлеп тұрған тарих.  
Осы таулар сияқты  
Ұлылықты көтерсе ғой әр иық.

Бір сөзбенен айтып кетсем аз болар,  
Жырлап жатыр  
тасқа түскен жазбалар.  
Не деген бұл сөйлемдер,  
не деген бұл әріптер,  
Талай ұрпақ көненің  
бұл жазбасын дәріптер.  
Бұл таулардың шежіресі бай тіпті,  
Өнерімен еткен баба  
мергендігін де айтыпты.

Өткен күндер кешегі  
Көз алдымнан ғасырлар боп көшеді.  
Құзар шыңның басынан  
Бір салқын жел еседі,  
Көңілімдегі көп ойларды көседі.

Көз алдымда дала бар,  
Көз алдымда – бабалар.  
Үндемейді Ұлытау,  
Үндемеу де – ұлылық!  
Осы сөздің өзінде  
жатыр қанша жылылық.

Атам заман басында-ақ  
Аян бопсың әлемге.  
Көреген мен көріпкел  
Көз тігіпті әр елде.  
Қола дәуір кезінде  
Сенен мысты алыпты.

Тарих солай таныған  
Қазақ деген халықты.

Қариялар сөзі де,  
Көне заман өзі де –  
Аңыз бенен ертегі,  
Бәрі осылай шертеді.

Көз алдымда дала бар,  
Көз алдымда – бабалар.  
Олар бізге қалдырмаған тәспісін,  
Мыңдаған жыл өмірі бар  
қалдырыпты тас мүсін.  
Болса-дағы қанша ғасыр, қай заман,  
Жатыр бәрі – көшкен жұрты,  
жерошағы, тайқазан.

Көзе, сауыт, көне өнер,  
Көне пешті көремін.  
Соның бәрін сақтаған  
Мына менің ер елім!

Ежелгі менің жерімде,  
Арқаның асу белінде  
Нелер бір қилы күн еткен.  
Өнері бар бұл дала  
Арылмаған түнектен.  
Солай дейді домбыраның шегі де,  
Елдік туын көтеріп,  
Еңіреп өткен Едіге.

Бағы-бағы заманда  
Теріс аққан өзендер,  
Көп өтіпті бұл жерден  
Жортуылды кезеңдер.

Басқа түскен  
Тұрмыстың да ауыры,  
Қызықтырған талайды  
Сарыарқаның сауыры.  
Қорған болған –  
Оның әрбір ауылы.  
Кегі болып буырқанған дауылы,  
Көз жасы боп төгілген  
Толассыз ақ жауыны.

...Бір шетінде түсті металл алқасы –  
Асқақтап тұр көк айдынды Балқашы.  
Қоңырат пен Саяғы  
бар байлығын жаяды.  
Жәйремнің де жұртқа қанық атағы,  
Құба жонда ерлік туып жатады.  
Күнде жаңа кеніш орны қазылып,  
Жатыр бүгін  
Жезқазғанның шежіресі жазылып.

Көп қазына бар мұнда  
Меңделеев таппаған.  
Соның бәрін сары далам  
Бүгінгіге сақтаған.  
Бұл даламның бағы бар,  
Теміртаудың қоймасы –  
Қаражалым тағы бар.  
Қой жаятын тауымнан  
Соның бәрі табылар.

Ойлап тұрсам, жерімде  
Кереметтер көп екен.  
Космосқа да бұл дала  
Жақын тұрған жол екен.  
Ақыным да – Байқоңыр,  
Батырым да – Байқоңыр.

Адам бүгін бар әлемде  
Әр ғылымға жол шегер.  
Таңданбаймыз  
Жезқазғанның жұмысшысы  
Академик болса егер.  
Көрсен егер  
Кеуделері жарқыраған шопанды,  
Соның көбі  
Еңбек Ері атанды.

Қазақстан даласынан  
Күннің өзі жол шегеді үш сағат  
Осы жерден ұшуға  
талады екен құс қанат.

Сол кеңдіктің  
бірі болар осы өлке,  
Балқаш пенен Жезқазған –  
Түсті металл әлемінде қос ерке.  
Құлпырады осы аймақ  
Ғасырлармен таласа,  
Болашақты болжап тұрып,  
Қуанасың балаша.

Аспанымда күн күліп, ай туады,  
Игерілер алда да бай тың әлі.  
Бүгінгі сөз Балқаш боп, Жезқазған боп,  
Бүгінгі жыр Жәйрем боп айтылады.

Қасиетті, бұл дала қазыналы  
Талай-талай ғасырға азық әлі.  
Дастандарың бүгіннен басталғанмен,  
Эпопеяң тағы да жазылады.

## ДАНЫШПАН ДАЛА

Айтамысың, пәк далам, айтамысың,  
Жер бетінің сен де бір байтағысың.  
Жауға шапсаң, жататын дейді сенің  
Сағат сайын құйылып қайта күшің.

Бар өзіңде батырлық, қайсар қылық,  
Бар жомарттық, өзіңде байсалдылық.  
Дұшпандарың у салған сырлы аяқты  
Қайтарыпсың әдейі май салдырып.

Еркіндеп те, кетіпті ержетіп ел,  
Қандай ұлы күшпенен тербетіп ең!  
Мыс мұхиты толқыса жер астымен,  
Дариялар тулапты жер бетімен.

Бір қиырдан бірге ұшсам сұңқарға еріп,  
Келеді ол да өзіңді іңкәр көріп.  
Торы мінген төсімді теппесін деп,  
Койшыға да қойыпсың тұлпар беріп.

Ағыс қандай, аққулар тағы ұшқандай,  
Бәріне де қарапсың данышпандай.  
Дәл өзіңдей кемеңгер туа қалған  
Әл-Фараби, Шоқан мен Қаныш қандай!

Бәз қалпыңнан айнымай тұршы, дана,  
Ағыл-тегіл жыр бердің жыршыға да.  
Ән мен күйге толсын деп бар өмірі,  
Әр адамға беріпсің бір сыбаға.

Алыс кетсем, өзіңе асықтырып,  
Сен келесің ғұмырлық ғашық қылып,  
Ғасырлардың оқимын шежіресің,  
«Дала» деген дастанды ашып тұрып.

## ҚАЗАҚСТАН

Оңайлықпен келмеген мынау өмір,  
Талай-талай жығылған құлан – ерің.  
Дауылпаздар дауысы саңқылдамай,  
Қиянаттан мерт болған Құлагерім.

Шырқамаған шаттана бұлбұл да әнін,  
Ақ Баяндар білмеген бұл күн барын.  
Жалшылықта жарты аяқ шалап үшін  
Дүниеден өтіпті дүлдүл дарын.

Бай тақымы кедейге батып өткен,  
Әйелін күң, қыздарын қатын еткен.  
Қараңғыдан шығуға жол таба алмай,  
Шоқан менен Абай да қапы кеткен.

Ұлы заман ертеңге ғашық қылған,  
Есеюге сәбиді асықтырған...  
Амангелді, Әліби, Сәкен болып,  
Қуаныштан кең дала тасып тұрған.

Тасып тұрған кеудесі мақтаныштан  
Көкорай бел, көгінен аптабы ұшқан.  
Байқоңыры бірінші озып келген  
Космостық алты қабат аттаныстан.

Ұлы заман кеудеңде қоймас қайғы,  
Қазақстан әлемге ой тастайды.  
Ақ Жайықтан Алтайға ат шаптырып,  
Асқақ тұрып Алатау той бастайды!

## ТАУДАҒЫ КӨРМЕ

Кеудемді ашып салқынына самалдың,  
Жолдарымен жүріп келем бабамның.  
Сан жетпейтін соқпақтар мен сүрлеулер  
Иір-қиыр тарихындай даламның.

Санамдағы сан жұмбақтар шешілмей,  
Жүріп келем сөйлемей де, көсілмей.  
Тас төбемнен ұшып өтті тырналар  
Қызды ауылдың қоңыраулы көшіндей.

Жүріп келем, пыр-пыр ұшып бөдене,  
Өн салғандай құстары да, көде де.  
Жез жебедей көз алдымда зуылдап,  
Жалғыз киік ағып шықты төбеге...

Дәл алдымда алып таулар көрмесі,  
Кес-кестейді «тоқтайсың» деп жерге осы.  
Бір сиқырмен сөйлеп ала жөнелді  
Табиғаттың таңғажайып көрмесі.

Қола дәуір шежіресін ашқандай,  
Таулар, таулар – ұзақ, ұлы дастандай...  
Жолын тосқан жолбарыстан жалтарып,  
Ақбөкендер айдалаға қашқандай.

Қой соңында қойшылар жүр зорыққан,  
Бір топ батыр келе жатыр жорықтан.  
Мына жүрген ебіл-дебіл күндер-ау  
Бәйбішенің қаһарынан қорыққан.

Үйме-жүйме, ұйткен қойдай тіңкиіп,  
Байлар отыр қымыз ішіп, күмпііп.  
Кәнизактар ақ орданы тігіп жүр,  
Ханзадаға қалмасын деп күн тиіп.

Мергендерде таусылғандай шыдам да,  
Садақтарын алып шықты сынауға.  
Қасқасына жайдақ мінген жылқышы  
Шу асауды қуып кетті шығанға.

Таулар, таулар, қызығына батырдың,  
Құшағыңда талай таңды атырдым.  
Аяғымды басқан сайын керемет  
Дүниеге кіріп келе жатырмын.

## ШЕЖІРЕ ШАЛ

Жолын кессең, тіксініп таңданады,  
Танымаса, көзінің алдағаны.  
Сәлем берсең, қуанып, «Нұр жаусын» деп,  
Сәлемдеспей өткенге шамданады.

Ата десең, шаңқылдап ашылады,  
Жақұттары жанының шашылады.  
«Үйге жүріп, дәм татып кетсеңші» деп,  
Көшеде де қолқа сап асылады.

Арайланып ақ ниет атырабы,  
Жайқалады көңілдің жапырағы.  
Қонар болсаң, бұл қартың қуанады,  
Өңгімемен ақ таңды атырады.

Қалжыңға да ақсақал алдырмайды.  
Шешендікке келгенде шалдырмайды.  
Жыраулардан бастаса жырдың басын,  
Айтылмаған бір ақын қалдырмайды.

Төгіледі шежіре тағы-тағы,  
Талай елді қария танытады.

Фарабиден Шоқанға жеткен шақта  
Омыраудың түймесін ағытады.

Тыңдай білсең, аузына қаратады,  
Түрлі-түрлі шөптің де бар атауы.  
Ұланғайыр ғажайып дүниені  
Он сегіз мың ғаламнан таратады.

Қалай-қалай жаралған байтақ аймақ,  
Дариядай қария айтады ойлап.  
Шаршағанда қырандай дүр сілкінсе,  
Кәрі жанар кетеді қайта жайнап.

Өткеніне қария ау салмайды.  
Ел ерлігін айтқанда ал, самғайды.  
Жиырма ғасыр тудырған тарихты  
Шежіре шал бір күнде тауыса алмайды.

## АҢШЫ АТА

Қолыңа бүркіт үйретіп,  
Ақ құмай тазы қарғылап,  
Ақтабан сойыл сүйретіп,  
Астыңа міндің арғымақ.

Өмірдің құмай мансабын,  
Тұрмысқа мойын бұра алмай,  
Даланы ғана аңсадың  
Қамауға түспес қырандай.

Түлкінің таңын боятып,  
Тазыңа талай аунаттың.  
Ормандарды да оятып,  
Жанғыртып жүріп тау қақтың.

Кеуденде жүрген бұлтыңның  
Нажағай оты ұрғандай,  
Көкжалды көрсен, ұмтылдың  
Қас жауың қарсы тұрғандай.

Тажалдың жолын тосқандай,  
Піріңнің бәрін шақырып,  
Жолбарыстан да жасқанбай,  
Аюға бардың ақырып.

Жайратып тұрдың қолыңнан,  
Дауысың күндей күркіреп.  
Құландар қашты жолыңнан  
Құла бір дүзде дүркіреп...

Ақбөкендерге дүрліккен  
Бір қарау үшін жеттің бе?!  
Аң емес, әлде тірліктен  
Арманды қуып өттің бе?

## ӨТКЕН ӨМІР ТЕРМЕСІ

Көп те болды жауым да,  
Төбемнен бұлт айықпай.  
Күн кештім мен дауылға  
Қарсы тұрған қайықтай.

Жетімдіктен жасымнан  
Қарлы өзенді көп көрдім.  
Талай-талай басымнан  
Тар кезенді өткердім.

Хан-сұлтаннан қайтпадым,  
Кезқалтаға күймедім.

Екі билік айтпадым,  
Езмалтаны сүймедім.

Бүтіндікті қаладым,  
Тебінгенді тепмедім.  
Жыртылғанды жамадым,  
Сөгілгенді септедім.

Дауға барсам шіреніп,  
Жайлы жүйрік демедім.  
Бай ауылдан тіленіп  
Майлы құйрық жемедім.

Сөйлегенім, күлгенім –  
Елдің қамы – жортқаным.  
Жалғыз жауыр мінгенім –  
Ар-ұяттан қорыққаным.

Тура биді ел неге  
Теңгермейді пендеге?  
Халқым кедей болған соң,  
Бай боламын мен неге?

Жалғыз атым – дәулетім,  
Қызыл тілім – теңдігім.  
Қараша үйім – сәулетім,  
Кедейлігім – кеңдігім!

## АТАШАЛДЫҢ АҚЫРҒЫ БАТАСЫ

Болмаса да көрерім,  
Көкірегім ояу ғой.  
Көп болса да керегім,  
Ажал, шіркін, таяу ғой.

Ертең болмас бұ күнім,  
Бүгін айтып көрейін.  
Қолыңды жай, құлыным,  
Мен бір бата берейін.

Үш жүз ұлдың ішінде  
Қатарыңнан артық ең.  
Сен тумай-ақ, түсімде  
Саған сенім артып ем.

Ғұмыр кешпей негенге,  
Әл-Фарабтай дана бол!  
Жетім-жесір дегенге  
Қорған да бол, пана бол!

Сен өлеңмен бір тудың,  
Ақын болсаң, ақын бол!  
Өзің шыққан жұртыңның  
Жүрегіне жақын бол!

Әлемдегі ақыннан  
Ешкім артық жазбасын.  
Сенің мінген атыңнан  
Ешбір жүйрік озбасын.

Көсем болар баласың,  
Ақыл деген – алып кен.  
Жақсы бола аласың,  
Жақсы болсаң халықпен.

Үш жүздің де арасын  
Ашып жүрген талас қой.  
Несін бөліп-жарасың,  
Алақандай Алаш қой.

Әппақ болсаң ақ қардан,  
Алыс кетер әбілет.

Қара қылды қақ жарған  
Керек саған әділет.

Шықсаң егер бір беттеп,  
Қазақ деген – аз халық.  
Жүргейсіңдер құрметтеп,  
Бір-біріңе назданып.

Жалғыз болсаң, жасыма,  
Ұлдар болар туатын.  
Жалшы деме жалаңаш,  
Құлдар болар қуатың.

Батыр болсаң, жараспас  
Қанды жорық, қату қол.  
Жар астыңда жататын  
Жауыңмен де тату бол.

Бір ауыз сөз – үкімің,  
Белдескенің емес пе?  
Бейбіт болса бітімің,  
Елдескенің емес пе?!

Екіталай күндерде  
Соңыңа ерсін ұл-қыздар.  
Жалғыз жортқан түндерде  
Шырақ болсын жұлдыздар.

Ұлы көшті құрасаң,  
Жүрсін ылғи артта нар.  
Ал, ақылды сұрасаң,  
Көпті көрген қартқа бар.

Үйден шыққан дау жаман,  
Үзігіңді жыртады.  
Қапы соққан жау жаман,  
Қызығыңды құртады.

Дұшпандарың табанда  
Топырақтай тапталсын.  
Ата қазақ әманда  
Өзіңді айтып мақтансын!

## ЕСЕН ӨУЕНДЕРІ

Ерке толқын,  
алсаңшы бір, ей, тыным,  
Жағаң – жасыл табиғаттың көрмесі.  
Есенбойы дейтұғын  
Атышулы жер ме осы?!

Сұлулықты көрмегендей сірә да,  
Неге, менің қызыл тілім, байландың?!  
Есен болсаң, сен: «Кімсің?» деп сұрама,  
Қасиетті топырағыңнан айналдым.

Алты күнде ат семірткен аймаққа  
Келіп едім іңкәр болған сезіммен.  
Тамашалап қарасам да қай жаққа,  
Мың бір сурет көремін мен өзіңнен.

Қорқыттың да қобызынан күй сіңіп  
Қалған дейді толқыныңа, құраққа.  
Асан қайғы іздеп келіп, сүйсініп,  
Қона жатқан екен дейді бір апта.

Айхай, Есен, сұлулықтың сөзімен  
Асан қайғы бабамды да қинапсың.  
Әкетейін десе сені өзімен,  
Өңгеруге алдына да сыймапсың.

Асан қайғы әрі ойлап, бері ойлап,  
Амалсыздан арманынан тартынған.

Сонда-дағы көп тұрыпты қарайлап,  
Есен өзі жүгірер деп артынан.

Қимағандай асқар тау мен майсаңды,  
Жүгірмепсің, болмаған соң қызба леп.  
Сонда баба өзіне-өзі ой салды:  
«Сарыарқаның салтанатын бұзба» деп.

Сонда-дағы қарай-қарай толғана,  
«Саған қоныс салармын» деп бекіпті.  
Ғұмыры аз, жолы ұзақ сол баба,  
Әттең, қайта бір көре алмай кетіпті!

\* \* \*

Пай, пай, шіркін,  
айтса айтқандай екенсің,  
Бас-аяғың ұлан-байтақ екі елсің.  
Халқың айтар «Ерке Есен» деп әндетіп,  
Қане, кімге мекенсің?

Ерке толқын, өзің айтшы ой тыңын,  
Асаулығың болып па еді ер досы?!  
Есенбойы дейтұғын  
Сәкен туған жер ме осы?

Шіркін, дала батырларға бай қандай!  
Ақындар да қатар қанат жайғандай.  
Екеуін де бір Сәкенге сыйлапсың,  
Бір Сәкенді жаратыпсың ай маңдай.

Сол ұлыңды сен ғашық боп қарсы алып,  
Жүгіріпсің дүниеге жар салып.  
Содан былай сен өзің де жыр жазып,  
Сәкен болып тұрғандайсың ән салып.

\* \* \*

Суыңды ішсе желмаясы Асан қайғы әкемнің,  
Толқыныңмен тербетіпсің тал бесігін Сәкеннің.  
Соның үшін бүгінгі ұрпақтарыңның  
Саф алтындай сағынышын әкелдім.

Өне бойым өртенгендей, орман болып тұр шулап,  
Ерке Есен, шөлімді мен басайыншы сусындап,  
Толқындарың толқиды ғой шәлісіндей қыздардың,  
Сыңғырлайды аққулардың қанатындай сусылдап.

Ар бол, Есен,  
Сәкенімдей сезініп ем, көз көрді,  
Көзіме жас, көмейіме сөз келді.  
Аққуың жоқ... Аңсаймыз-ау қайта келмес көздерді,  
Сенің мына толқының да талай-талай өзгерді.

## КАСПИЙ

Каспий, Каспий,  
Бетің толқын, толқын сенің әрі астың,  
Келмейді ғой  
Ойынқұмар толқыныңмен таласқым.  
Айтшы маған,  
Мына тұрған жағандағы жартаста  
Табанының ізі бар ма  
Ұлы ақын Тарастың?

Өсті ме әлде  
Осы жерде тамыр жайып жыр-бұтақ,  
Бәсе, солай,  
Жағалауың өлең болып тұр тұтап.  
О, қарт Каспий,  
Қойынында талантынан Тарастың

Туып қалған шығар, бәлкім,  
Теңіз жайлы бір кітап.

Сөйле, Каспий,  
Тыным бермей жатыр ма әлде шу саған?  
Жаңағы бір тентек толқын  
Секілді ғой жусаған...  
О, Каспийім,  
Композитор болар еді-ау керемет,  
Өзіңдей боп  
Мың бір үнмен тебіреніп туса адам.

## ӨНЕРЛІ ӨЛКЕ

Сері далам, сал далам  
Ән мен күйге қанбаған.  
Көп болса да көл деген,  
Тек өнерге шөлдеген.

Бар өнердің теңізін  
Өз бойына жинаған.  
Ықыластың қобызын  
Ұрпағына сыйлаған.

Аққулардың билерін  
Аруына үйреткен.  
Сары Тоқаның күйлерін  
Дарынына үйреткен.

Әсеттің де әніне  
Тамсандырған осы жер.  
Манарбек пен Күләшқа  
Ән салдырған осы жер!

Сәкеннің сыр сандығын  
Көзі көрген осы жер!  
Сұлулығын, паңдығын  
Өзі берген осы жер!

## АРҚАНЫҢ АҚ БОРАНЫ

Айналама кеткендей асып әнім,  
Сол бір сәтте кеудемде тасып ағын,  
Жапалақтап ақ ұлпа түскен сайын  
Ақ боранды көргенше асығамын.

Ақ борандар, әнекей, түтеді ме,  
Жолда жүрсең алдыңнан күтеді не.  
Астыңдағы арғымақ адасады,  
Жауған қарлар жанарын бітеді де.

Бір құлайсың адасып, бір тұрасың,  
Бұрқырасын ақ боран, бұрқырасын!  
Содан кейін, ақ далам, сен өзің ғой  
Он алтыдағы арудай құлпырасың.

Қандай әсем асқар тау, қияқты қыр,  
Қыран көрсе, тілейді тұяқ дүбір.  
Ақ бораннан кейінгі әпшақ дала  
Жап-жаңа, қайта туған сияқты бір.

## КҮЙ

Айтыңдаршы мына күйің не деп тұр?  
Қос шектегі мынау әлем – дүние ғой бөлек бір.  
Құмырсқадай жаудың жолын осынау  
Қол басындай қарағайдың күдіреті бөгеп тұр.

Айтыңдаршы, мына күйің не деді?  
Қайғы менен қуаныш та бұл далаға тел еді.  
Құлағыма еміс-еміс егілген үн келеді,  
Қара бұлттың қақ астында желмаялар желеді.

Сол заманнан бір ғасырға біз ілгері тұрсақ та,  
Тұлпарлардың тұяқтары дүрсілдейді бір шақта.  
Далам, саған ұлан-байтақ кеңдік пен  
Батырлық та маңдайыңа жазылған ба құрсақта!..

## КЕУДЕМДЕ БІР ДЫБЫС БАР...

Мен де бір кітапшын,  
Шыққандай баспадан.  
Мінезім жұмбақ ол,  
Сыншылар ашпаған.  
Шу асау қиялдар  
Шығандап барады,  
Алдымда жолым бар  
Басқалар баспаған.

Толассыз ойым бар  
Толғағы піспеген.  
Отым бар, шабытым  
Нажағай үстеген.  
Сырым бар  
Басқалар білмеген,  
Жазбаған,  
Кеудемде дыбыс бар  
Нотаға түспеген.

## ӨЛЕН

Ақ сөйлеші, бауырым –  
Алдымдағы ақ қағаз.  
Ақындықтың ауылын  
Таппаған – көп,  
тапқан – аз.

Адасқан қаз тәрізді  
Мен де адасып жүрмін бе?  
Өлеңдегі парызды  
Өтеу қиын бір күнде.

Бір ақиқат бары анық –  
Үзбей іздеп мұратын,  
Жаны жырдан жаралып,  
Келе жатыр бір ақын.

Алдымда түр көп сыным,  
Өткен күнім келеңсіз.  
Өкінген жан өксігін  
Айта алмайды өлеңсіз.

Қуансам да хақым бар,  
Сөйлемеймін мен онсыз.  
Арманын да ақындар  
Айта алмайды өлеңсіз.

## КӨЛДЕГІ ТҮНГІ СУРЕТ

Жүрегіңді сырға бөлеп, нұрға орап,  
Айлы түнге тұрсақ егер бір қарап,

Ақ айдыңға көк аспанның өзінен  
Ақ сәулелер түсіп жатыр сырғанап.

Қанаттары сыңғыр-сыңғыр еткендей,  
Бір топ үйрек көлді сипап өткендей.  
Ақ сәулемен шағылысқан толқындар  
Жарқ етеді маржан шашып кеткендей.

Сирақтарын бір шығарып, бір малып,  
Жағадағы қамыстар тұр ырғалып.  
Шабәқтарды шырылдатып, секіртіп  
Су астында бір керемет жүр балық.

Апыр-ау, бұл толқын қуса толқыңды,  
Айлы түнде құлпыра ма көл түрлі.  
Кеудеме де сан сурет толтырды...  
Қас-қағымда күнбатыстан жел тұрды.

«Суреттердің бәрі енді күйрейді»,  
Деген ойлар бүйірімнен түйрейді.  
Толқын – қызды  
Жел – жігіті қолтықтап,  
Жартастардың арасына сүйрейді.

## КӨРІМДІК

Күйге толып күмбір бақ,  
Құстар көктен ұшқанда,  
Сәуірменен сыңғырлап,  
Көктем келді қыстауға.

Бала-шаға, кәрі де,  
Жаңа туған «жырау» ұл,  
Мәре-сәре бәрі де,  
Шығандағы бір ауыл.

Осы күнге жеткеннің  
Кеудесінде бір-ақ жыр.  
Көрімдігін көктемнің  
Бір-бірінен сұрап жүр.

Айтып еді өткен күн,  
Әжей тұрып азаңда,  
Сыбағасын көктемнің  
Салып жатыр қазанға.

## АСЫҒЫП ЖҮР ЖАЙЛАУҒА

Ең алғашқы иірім,  
Ең алғашқы жауында  
Ақбоз айғыр үйірін  
Айдап келді ауылға.

«Ал, алдынан шығыңдар», –  
Деп тұр қария Байбақты.  
Күзде кеткен құлыңдар  
Терлік салар тай бопты.

Жүгірісті жылқыға,  
Бірін-бірі жұрт ертіп.  
Тұмса туған құлықтың  
Екі емшегі тұр тертіп.

Шопан жігіт асығыс,  
Жұмысы жоқ басқамен.  
Керегенің көздерін  
Тартып жатыр таспамен.

Қаз, үйректі қоса атып,  
Көл жағалап жүр атам.

Арқа-басын босатып,  
Күлде жатыр бір атан.

Ішкен асың татыр ма,  
Бұл ауылға келмей гөр.  
Сүр жайып жүр шатырға  
Сары қарын жеңгейлер.

Сары қымызды күткендер  
Құмар бие байлауға.  
Қыз-бозбала біткендер  
Асығып жүр жайлауға.

## САРЫАРҚАНЫҢ САРЫ ГҮЛІ

Сенсіз дала түрленбей,  
Құлпырасың маусымда.  
Сенің атың жүргендей  
Аққулардың даусында.

Ынтығам мен сан көріп  
Алаулаған кезіне.  
Пай-пай, мынау паң көрік  
Қалай біткен өзіңе!?

Жел-жігіттің сәлемі –  
Қоңыр самал желпіп тұр.  
Әсемдіктің әлемі  
Саған қарап елтіп тұр.

Күн де сені өпкендей,  
Сарыарқаның сары гүлі.  
Сенен тарап кеткендей  
Сұлулықтың барлығы!

## ЖҮГІРЕЙІН

Мен өзім де бір кезде сенген едім,  
Енді бүгін жол таппай сенделемін.  
Айтарымды дұрыстап айта алмасам,  
Көрінуім қиын-ау елге менің.

Жете алмадым бір жолмен төтелеп те,  
Кете алмадым сүрлеу сап, жекелеп те.  
Өтіп жатыр тұсымнан тұлпар мінген,  
Өтіп жатыр бірі есек жетелеп те.

Сақал шықты, жүргенде мұртқа налып,  
Жүремін бе осылай жұртта қалып.  
Сарыарқаның самалын жұтайын да,  
Жүгірейін суынан ұрттап алып...

## ДАҢҚ АСПАНЫ

Биік қой аспан, биік-ақ,  
Сенбеймін жетем деуге мен.  
Қараймын көзбен сүйіп ап,  
Арманға толы кеудемен.

Арманның қашып бәрінен,  
Астроном болып бір уақ,  
Жұлдыздар жайлы әріден  
Ойлаймын жерде тұрып-ақ.

Жарық боп бәрі тумас па,  
Саны ма, саны көп болар.  
Шоқ болып шығып шу баста,  
Лапылдап қалған от болар.

Барлығы төккен сәулесі  
Кете ме күнге айналып?..  
Тұрады түнде, ол несі,  
Оңаша ғана ойланып.

Сөнбейді олар нұр шашып,  
Планета бір-бір қуатты.  
Ұлылар бізге тым қашық,  
Жұлдыздар солар сияқты.

## ЖАЙЛАУДА

Бозбала босағада байлаулы аттай,  
Қан-құрыш қазанында қайнау таппай.  
Бойжеткен ұядағы балапандай,  
Талпынып ұша алмайды, жайлау жатпай.

Ал, күндіз көз қысқанмен айла бітіп,  
Түн болса әр кеудеде жайнады үміт.  
Ғашықтар алтыбақан құрып тастап,  
Жүреді бірін-бірі сайда күтіп.

Махаббат таусыла ма жырланып боп,  
Ол өзі – мөлдір теңіз, бір мамық көк.  
Қыз – гүлдер, қызыл гүлдер асыр салар,  
Көзінен үлкендердің ұрланып кеп.

## ХАТ

Қыздар, сұлу болмасаң,  
Қарамас та едім мен.

Сендер бір хат жолдасаң,  
Жазбайсыңдар тегіннен.

Конвертке көз тоярдай,  
Кеудеме де басамын.  
Біреу көріп қоярдай  
Өз-өзімнен сасамын.

Салмақты бір пішінде  
Ашам десем де ұрланбай,  
Осы хаттың ішінде  
Біреу сөйлеп тұрғандай.

Үміт оты жанады,  
Жүрек алып ұшады.  
Ынтықтырып барады  
Бір сұлудың құшағы.

Құшақ жайса қыз күліп,  
Енгітімді баса алмай,  
Хат сыртынан үздігіп,  
Әлі тұрмын аша алмай.

\* \* \*

Суға емес,  
мен жарыққа шөлдеймін,  
Ой – электр,  
күні-түні сөнбеймін.  
Уақыттың станогымен өзімді  
Қайта-қайта өңдеймін.

Көремін де бір сәулені ақ-қылаң,  
Алдымдағы армандарға аптығам.  
Қайратымның спорт залын жаңғыртып,  
Жалғыз жүріп жаттығам.

Қайықтардай қалмау үшін қайырлап,  
Дүниеге дүрбі салам пайымдап.  
Мен өзімді әр сапарға шығарам  
Ғарышкердей дайындап.

## АЛЫСТАҒАН САЙЫН СЕН...

Жазсам-дағы көп өлең май тамызып,  
Ән салсам да, арманды айтам үзіп.  
Ерке сұлу, барасың есімді алып,  
Тоқтап қалған дариямды қайта ағызып.

Асау арман жүректі қылқындырып,  
Қайғым тасып жүргенде, күлкім тұнып,  
Ай туғандай есіктің қарсы алдынан  
Қашан келер екенсің сілкіндіріп?!

Құмарлықтан шықса да менің есім,  
О, кермиық, сөйлеуге ерінесің.  
Алыстаған сайын сен, ақ аруым,  
Аққу болып кеткендей көрінесің.

## ҚЫЗЫЛ ГҮЛ

Сұлулардың сымбатын мөлдіретіп,  
Махаббатты келемін мен жыр етіп.  
Қара көздер қоя ма, кезіккенде  
Жібереді жүректі елжіретіп.

Сал-сезімді бойдағы бөріктіріп,  
Елжіретіп, кетеді еліктіріп.

Калай ғана иіскемей кете аласың,  
Қызыл гүлді көзіңмен көріп тұрып...

\* \* \*

Ән салмай жүрсе бозторғайлары жанымның,  
Туламай тұрса толқындары да қанымның,  
Онда мен, онда қыздардың әсем күлкісін,  
Бал бұлақтардың қоңырау үнін сағындым.

Гүлдерге тұнып қалғанда сонау беткей бір,  
Төбемде қалқып айналушы еді, кетпей жыр.  
Қаңтарда мынау көңілдің бағы көктей ме,  
Сәуірдің саумал жаңбыры және жетпей жүр.

## АРМАН САПАРЫ

Керуендер қалған шөлмісің,  
Әлде бір шалқар көлмісің?  
Қаншама ғасыр болдырған  
Жеткізбес ұзақ жолмысың?

Кеудемнен ұшқан жүз құсым  
Шыға алмай жүрген құзбысың?  
Тағалы тұяқ болмаса,  
Тайғанап түсер мұзбысың?

Ұйқысыз түндер өтетін,  
Күлкісіз күндер кететін,  
Жеті қат жер ме мекенің  
Инемен қазып жететін?

Жүргінші дамыл ететін  
Қайда бар сенің бекетің?

Жеті қат көк пе мекенің  
Самұрық қана жететін?

Көрмеген көп пе көресім,  
Құр елес болып келесің.  
Алтайы қызыл түлкідей  
Алыстап сала бересің.

## КОММУНИЗМ ҰРПАҒЫМЕН СЫРЛАСУ

Балам менің,  
жаңа жүріп келесің,  
Қос ғасырдың ақ сүтін де емесің.  
Бірақ,  
бірақ, ертеңгі күн біреулер  
Дүниеге неге келдің демесін.

Ол кездерде болар дәстүр, жол басқа,  
Ол кездерде шекаралар болмас та.  
Жер басқанның бәрі болар ағайын,  
Жер басқанның бәрі айналар жолдасқа.

Білмессіңдер оқтың қалай даруын.  
Белдігіңде жүрмес сенің қаруың.  
Ұлы ғасыр төбесіне көтерер  
Ерке туған ұланы мен аруын.

Жердің бетін жабар мақпал көрпе – гүл,  
Ән боп шалқыр ен дүние, ерке өмір.  
Сол күндерде ұлы мұрат үшін сен  
Артыңдағы ұрпағыңды ерте біл!

\* \* \*

Қиындықты осы бастан жеңе бер.  
Қиындықсыз қыран да өмір кешпейді.  
Жақсы болсаң сен егер,  
Менің де атым өшпейді.

Мен – домбыра, отыз перне өлшемім,  
Ал, сен – оның екі шегі, тиегі ең.  
Қартайғанда мен сенің  
Көлеңкеңе сүйенем!

### ЕГЕРДЕ...

Қыз – Көкше, құмартады аспан күліп,  
Берер ме ең биігіңе басқанға үміт.  
Егерде Сәкеніңдей ақын болсам,  
Мен-дағы жазар едім дастан қылып.

Білмеймін иыр-қиыр жол бұраң ба,  
Жете алмай, биігінде болдырам ба?!  
Егерде Тәттімбеттей күйші болсам,  
Күмбірлеп тұрар ма едің домбырамда?

Канша шап, жығылмайды жолына өр тік,  
Көрген бе Құлагердің жоны бөртеп.  
Егерде Ақаныңдай сері болсам,  
Жүрер ем сұлулықты соңыма ертіп...

\* \* \*

Өз жүрегім өз кеудемді ұрғылап,  
Тамырлармен жүгіреді бір бұлақ.  
Отырамын ойларымның ойпатын  
Тыным таппай бұрғылап...

Күңгірт тартып барады ма терезем,  
Не бітірген геолог қиял кезеген?..  
Жарқыраған алтын десем, апыр-ау,  
Шығып жатқан жез өлең.

Бар болғаны бір-ақ металл сөремде,  
Түнеремін, бұрғы ұшын көрем де.  
Әлде менің асылдарым әу бастан  
Тұнған шығар тереңге.

## АҚ БІЛЕКТЕР

Ақ білектер ұстата ма,  
Ақ тамақтар сүйгізіп?..  
Кәрі мерген құсты ата ма,  
Қанатына тигізіп?..

Көңіл, сенің ынтығыңның  
Бірі жақын келмейді.  
Кәрі мерген мылтығыңның  
Қарауылын көрмейді...

Көңіл шіркін төзбейді екен,  
Қыз қарамай өтсе де.  
Қарт мерген де көздейді екен,  
Қу далаға кетсе де.

\* \* \*

Гүл қоймасаң, қайтеміз біз вазаны?  
Бос тұрған соң хрусталь де тозады.  
Жақсылыққа толмаса,  
Жүректер де сазады.

Қайғы – кермек, қуанышың – шекердей,  
Біреуін ал, екеуін де көтермей.  
Күлмей жүрсен біраз күн,  
Көңіл кірлеп кетердей.

## БАҚТА

Мынау сылқым көктем бе, ей?  
Бұл бақтарға қызғалдақтай  
Қыздар жауып кеткендей.

Құмартады көңіл шіркін бір қанбай,  
Гүл орнына қыздар-ақ  
Билеп-толқып тұрғандай.

Жүрек, тыныс алшы жай,  
Бозбалалар қансонарда із кескен  
Кәнігі бір аңшыдай.

Өн тыңдайсың құлақ түріп, көз талмай,  
Көктем, көктем екен ғой  
Күміс көмей, жез таңдай.

## ДУМАН ДАЛА

Тойлар деген бұл жерден тарқамайды,  
(Өте салар жиын ба әрқалайғы?)  
Бәстескенде, даланың балуандары  
Атандардың өзін де арқалайды.

Той болған соң тамаша шаттығы бар,  
Балалар да бәйгеге қатты құмар.

Желаяқтар бастаса жаяу жарыс,  
Көкпар тартып кетеді аттылылар.

Іңкәр егіп жүзінің нұр-алауы,  
Талшыбықтай сұлулар бұралады.  
Аққулардай қалықтап барып-барып,  
Бақайының басымен тұра алады.

Күн құшады көңілдер, ай құшады,  
Көтеріліп аққулар, қайта ұшады.  
Сол бір сәтте өнерпаз өжет жігіт  
Таңдап жүріп бір қызбен айтысады.

Ақын – ақын болған соң, осы бағы,  
Аңқау айтқан айтыстан тосылады.  
Сыбызғысы сезімнің сайрап тұрып,  
Барлық өнер бір жерге қосылады.

Жұлдыз туа үлкендер тарасады,  
Кешкі сауық ауылдан әрі асады.  
Түн болса да бәрібір, түн болса да,  
Думандатқан далаға жарасады.

\* \* \*

Дала, жырдың көркі едің,  
Мен далада ерке едім.  
Енді астыңда жатырмын  
Дәрі сіңген көрпенің.

Қалды ма әлде ұйып қан,  
Сергек сезім бұйыққан.  
Сырқат деген мініп ап,  
Түспей қойды иықтан.

Өмір, неңді бұйырдың,  
Емханаңа иірдің.

Сытырлайды буындар  
Бақайындай сиырдың.

Қыздар түске кірмейді,  
Көңіл жатып кірлейді.  
Жыршы құсым келмейді,  
Қалам құрғыр жүрмейді.

Мұндай-мұндай кездерде  
Қашады екен сөздер де.  
Жалтақ-жалтақ қараймын  
Жаутаңдаған көздерге.

Өлең шіркін келер ме,  
Тірлік сені елер ме –  
Өзің туған даланы  
Көре алмасаң егерде.

\* \* \*

Анау шыққан көп атты  
Қалай карай беттеді?  
Неге, неге оқ атты,  
Неге қуып жетпеді?

Бір түлкіні алғанға  
Неменесін жыр қылар?  
Күн кешкіріп қалғанда  
Құр қиқулап жүр бұлар.

Бірі қағып қойнауды,  
Бірі шығып беткейге.  
Қашқан аңның барлығын  
Алдына сап кетпей ме?

Шаршады ма аттары,  
Неге үйілді апанға?

Инге тығып жатқаны  
Ала шайы шапан ба?

Бұйрығын айт, бұйрығын,  
Пау, аңшылық оңай ма?!  
Көрсеткенмен құйрығын,  
Қойып кетер тоғайға...

Әнебіреу немене  
Қараң еткен ояңда?  
Бұғып қалған сужурек  
Қара құлақ қоян ба?

Әлде қойды торыған  
Қасқыр ма екен айлакер?  
Алдын алмай, соңынан  
Қуғандарың, әй, бекер.

Қасқыр десем, қарсақ па,  
Аттарыңды шаршатпа...  
Ой дегенің осылай  
Жүгіреді әр саққа.

Көңіл нұрға толғанмен,  
Мұның бәрі елес қой.  
Тәнім сырқат болғанмен,  
Ойым ауру емес қой.

\* \* \*

Әнші болсаң, шыдаңдар,  
Айтылады бесік жыр.  
Небір сұлу сылаңдар  
Шақырылған десіп жүр.

Талант бар ма тежелген,  
Сөйлейді онда шаңқобыз.

Той болған соң, ежелден  
Тігіледі сан тоғыз.

Шабан мінген қор болар,  
Қыз қуады жігіттер  
Жарысады жорғалар,  
Үміткер көп, үміткер.

Жарасады жарқылдап  
Жүйріктердің үстіне ер.  
Жұрт қол соқса қарқылдап,  
Күреседі күштілер.

Ұзын сөздің жүйесі –  
Той бар дейді далада.  
Шаңырақтың иесі –  
Жаңа туған балаға.

Жата алмаймын ендеше,  
Жатқызбайды желігім.  
Өмір қайтып келмесе,  
Халатыңды ал, келінім.

Кетем қазір ауылға  
Мен даланы сүйіп ем.  
Шыдағанмен дауылға,  
Қуанышқа иілем.

## ТАҒЫ АҢСАДЫМ

Көктем келіп, аспанда бұлт өргенде,  
Қарай қалдық қол созып нұрлы ертеңге.  
Алғаш рет құмартып қырға шықтық,  
Қыз-бозбала жиылып гүл тергенде.

Өз қолыңмен бір шоқ гүл беріп, құрбым,  
Күнде-күнде қырларға еліктірдің.  
Нұрым болып, сен менің жырым болып,  
Гүлмен бірге құшаққа келіп кірдің.

Құшағына алғанда қос қанатым,  
Балкыттың-ау кеудемнің тас болатын.  
Менің балаң сезімім періште еді,  
Жалт қараған жанарға мас болатын.

Шалқып тұрды балбырап балаң шағым,  
Өн бойымнан жүгірді алау-сағым.  
Сен үйіңе кеткенде қарай-қарай,  
Таң атқанша көруге тағы аңсадым.

\* \* \*

Қалауынан жүректің қайта алмадым,  
Мен өзіңдей күн іздеп, ай таңдадым  
Өліп-өшіп сүйсем де, жан сезімін  
Айта алмадым, қалқажан, айта алмадым.

Сен өмірге өзіңді еркелеттің,  
Өзге қыздан өзіңді көркем еттің.  
Жалғыз ауыз сөзіңмен елжіретіп,  
Оттай ыстық лебіңмен өртеп өттің.

Бір ауылға сен өзің сән боп өстің,  
Кешке тостым жолыңды, таңда тостым.  
Айта алмадым сонда да, айта алмадым,  
Айтылмаған арманды әнге қостым.

Алданбапты арманым, алданбапты,  
Сақтап жүрем өзіңнен алған хатты.  
Сенің сөзің – мен үшін зәмзәм суы,  
Сенің сөзің мен үшін балдан тәтті.

## ҚЫЗДАРҒА

(азіл)

Қалам алсам қолыма,  
Махаббат деп бастаймын.  
Қадалам да жолыңа,  
Өлең жазып тастаймын.

Бойдақ болып ойнаудан  
Болып па екен осы оңай.  
Сендер жайлы ойлаудан  
Келемін мен босамай.

Түнде көрем түсімде,  
Күндізгі әсер ерек қой.  
Өлең жазу үшін де  
Ғашық болу керек қой.

## САРЫСУ

Шат-шәлекей шығарып мұздың есін,  
Мың бұралып, күркіреп жүз күлесің.  
Сарыарқаның сауырын сипап өтіп,  
Қызылқұмның қойнына үздігесің.

Қашан, қашан бұрқанбай басыласың,  
Кемеріңе секіріп асыласың.  
Жалғыздық та өзенге жараспай ма,  
Манақаға жеткенше асығасың.

Асығасың тау асып, тасқа шықпай,  
Келесің бе кеудеңді бос тасытпай.  
Ол да саған, сен оған жүгіресің,  
Бірін-бірі сағынған қос ғашықтай.

## АҚСУ

Құмар болып кезіңе тасып аққан,  
Бұл балаңның жүзе алмай «басы қатқан».  
Есіңде ғой бәрі де, есіңде ғой  
Қарасирақ күндерім асық атқан.

Бала-тынбыз, ол кезде бала-тынбыз,  
Гүлдерге де құмарта қалатынбыз.  
Қыздар деген ойда жоқ,  
қызғалдақты  
Кекіліне құлынның тағатынбыз.

Бала-тынбыз, ол кезде бала-тынбыз,  
Ертеменен өзіңе баратынбыз.  
Мөддіріңнен шоршытып шортандарды,  
Тасбақаның сауытын жаратынбыз.

Болмаса да алдыңда жүгім жеңіл,  
Ән салып тұр көңілім бүгін менің.  
Еркелігім еді ғой, еркелігім –  
Толқынмен де жарысып жүгіргенім.

Толқыныңнан кеудеме тағы үн толып,  
Ағын болып барамын, ағын болып.  
Қармақ салған балалар елестейді  
Менің сол бір балауса шағым болып.

## СЕН ТУҒАНДА

*Ғалымжанға*

Бөлмеңді қайта-қайта ашып кірдім,  
Көруге өзімді-өзім асықтырдым.  
Сонда мен сенің сәби даусыңменен  
Келешек ғасырды да басып тұрдым.

Сол күні әсем еді жер-көктегі үн,  
Арман боп тұрды маған ержеткенің.  
Тұлпардың теріменен шомылдырып,  
Қыранның қанатымен жөргектедім.

Сол күні мына әкеңнің үйі толды,  
Сол түні жұлдыз қандай жиі болды!  
Әндері Әміренің тойды бастап,  
Кеудеңе Құрманғазы күйі қонды.

Қызықта жүрек шіркін туламай ма,  
Арманым асқарына ту қадай ма?  
Әмбеге сендей болып көрінсін деп,  
Қолымды жайдым жаңа туған Айға.

## ЖОЛАУШЫ

Шаршайды-ау, алда талай шақырым бар,  
Әй, інішек, жолаушыны шақырыңдар!  
Келіндер, үлкен үйге көрпе салып,  
Қымызды нән шарада сапырыңдар.

Демеңдер жадағай жан жауыр болар,  
Мүмкін ол басқа болар, бауыр болар.

Жібермей тізгініне оралыңдар,  
Аттасақ ата жолын, ауыр болар.

Тез-тездет, қиястықты қалдырыңдар,  
Қонаққа бір бағылан алдырыңдар.  
Киімін керегеге іліңдер де,  
Көлігін көкорайға шалдырыңдар.

Тұрған жоқ асығардай аспан сында.  
Тынықсын, бір мамықты жастансын да...  
Әйтеуір, үлкен жолдар, ұзақ жолдар  
Осы бір қараша үйден басталсын да.

## БҰЛДЫР ДА БҰЛДЫР ҚИЯ-ШЫҢ

Етегі жаз да, басы – қыс,  
Бұлдыр да бұлдыр қия-шың!  
Көшіп те жүрген асығыс  
Бұлтыңды қайда құясың?

Қырандар ғана қонақтап,  
Сұңқарлар салған ұясын,  
Бұлдыр да бұлдыр қия-шың,  
Кімдерге мекен қиясың?

Сабасын аспан піскенде,  
Нажағай көру ұнай ма?!  
Жұлдыздар ағып түскенде,  
Өзіңе келіп құлай ма?

Айға да тұрсың жап-жақын,  
Аспанға тұрсың қол созым.  
Басыңа шықса бақты ақын,  
Демеушім менің болшы өзің.

Нажағайлардан от қалап,  
Тамшыңнан тасқын жыр құрат.  
Бұлттарыңды да ноқталап  
Отыру маған бір мұрат.

## ӨЗІМЕ

Жаздыгүні болғанда,  
Қырлар гүлге толғанда,  
Қансонарды аңсайсың,  
Қыран тауға қонғанда.

Керісінше кейде сен  
Жазды аңсайсың сөйлесең.  
Әппақ қардың үстімен  
Жүгіресің жейдешең.

Сағыммен де ойнайсың,  
Өзендерге бойлайсың.  
Күнде жұтып жүрсең де,  
Самалына тоймайсың.

Шөлге қалай шыдарсың,  
Көлге де сен құмарсың.  
Әлде соның бәріне  
Іңкәр болған шығарсың?!

Туған жердің толғатып  
Туған ұлы бір сен бе?  
Ғашық болып барасың,  
Күнде көріп жүрсең де.

## ҚҰРДАСЫМА

Табысым дарқан болса, қолдаса көр,  
Олжалы аңнан қайтсам, жолдаса бер.  
Ұмытпа бірақ та сен түзетуді,  
Жанымның жақсылығы болмаса егер.

Құрдас-ау, қалжыңдай бер, дауласа бер,  
Күлкіден жауа берсін жанға нөсер.  
Ұмытпа бірақ та сен тұтатуды,  
Жырымның оты лаулап жанбаса егер.

## ӘРБІР ҮЙІ АУЫЛДЫҢ

Құр жылтырап, сыртымен алдамайды,  
Бейтаныс бол, таныс бол, талғамайды.  
Барлығының көңілі ақша қардай,  
Барлық үйде бір леп бар жанға жайлы.

Бір-бірінің аузынан бал жалайды,  
Жақсылығын сатпайды, жалдамайды.  
Қонақ түгіл, көршіге қой сояды,  
Қара шаймен жүрегін жалғамайды.

Барлық кеуде күй төгер ақтарыла,  
Ән ұласып жатады ақ таңына.  
Әрбір үйі ауылдың – мейманхана,  
Соқыр тиын алмайды жатқаныңа.

Тойып тұрсын қымыз бен етке мейлі,  
Ешкім-ешкім табақтан шеттемейді.  
Әрбір үйі ауылдың – ресторан,  
Қанша кісі келсе де, кет демейді.

Қонақ келмей, көңілдер көктемейді,  
Бесеу болсаң, он болсаң, көп демейді.  
Ал қаланың ғұрпымен шікірейіп,  
Бармай кетсең, барлық үй өкпелейді.

## КӨКТЕМ

Шашудай күміс қарды сай-сайға атып,  
Па, шіркін, көктем келді пай-пайлатып!  
Сал самал бәйшешекті сүйіп-құшып,  
Барады көркемдікті тәй-тәйлатып.

Аймалап қыз деміндей өбіп өткен,  
Көктемнің жұмсақ еді лебі неткен!  
Көркінен жыр құйылып, күй төгіліп,  
Сұлулық сығалайды төңіректен.

\* \* \*

Тым жуассың десең де,  
Алдымнан ас тартып ап,  
Күнде таяқ жесем де,  
Аңқаулығым артық-ақ.

Адалдық пен аңқаулық  
Бір асылдан жасалған.  
Қараулықты жалтаң ғып  
Жаратқан ғой қашаннан.

Қараңғы өмір жақыннан  
Көз алдыңды булайды.  
Арам бейіл «ақыннан»  
Адал өлең тумайды.

## ТАҢ

Ұйқың қашып, кеудеңде күлкің тасып,  
Жатқаныңда кете алмай шіркін ғашық,  
Түн – жеңгесін жіберіп отауына,  
Таң – сұлу да шығады сылқым басып.

Ай жүзінен құйылып арай көрік,  
Ақ жібектей нұр шашын тарайды өріп.  
Өз дидарын көреді су бетінен,  
Қайта-қайта сылаңдап қарай беріп.

Таң келгенін алдымен құс ұқтырып,  
Өн салады ұйқыдан ұшып тұрып.  
Қарсы алады сағынып Жер ғашығын,  
Самалымен аймалап құшып тұрып.

## ҒАШЫҚ БОЛСАҢ...

Ғашық болсаң, көргенде талатындай,  
Ал көрмесең, дерт қосып алатындай.  
Мен де сені дәл солай сүйер едім,  
Аңыз болып, ән болып қалатындай.

Кең жайлауын кеудеңнің өртке беріп,  
Ғашық болсаң уәде-сертке берік,  
Арманыңдай ақ таңды күтіп алсаң,  
Түн ұйқыңды төсекте төртке бөліп.

Көңілдегі бұлбұлдың жыршы үнімен  
Гүл жарғанда махаббат бүршігінен,  
Ғашық болсаң, айтар бол жаңарыңмен,  
Тулап тұрған жүректің дүрсілімен.

Күй ұқтырып, көңілден күй ұқтырып,  
Жалынына кеуденнің күйіп кіріп,  
Айнымасқа, ақ сәулем, ант етемін  
Ақ тамақтан өзінді сүйіп тұрып.

## ҚОС АҚҚУ

Аясында Ақтаудың,  
Айдынында Дараттың,  
О, табиғат! Осынау  
Қос аққуды жараттың.

Еркелеп наз еткендей  
Айдынның қос сұлуы.  
Толқынменен жеткендей  
Жүректердің жылуы.

Екеуі де толғайды  
Кеудесінің күмбірін.  
Естімесе болмайды  
Қанатының сыңғырын.

Сылаң-сылаң етеді,  
Жұптарын да жазбайды.  
Айырылса екеуі,  
Өліп кете жаздайды.

\* \* \*

Кеудеде күй егілген  
Күйінді жасықтарға.  
Жастықты сүйе білген  
Берсе ғой ғашықтарға.

Кімді кімге үлгі етем?  
Таба алмадым гүлге тең.  
Қыздан қылық жоғалып,  
Болып кетті ұл бөтен.

## ӘКЕ ТІЛЕУІ

Сен мына отты өмірдің маздауысың,  
Жаралған жастық жалын азбауы үшін.  
Ғасырдан-ғасырларға жаңғырығып,  
Естіліп тұрсын сенің қаз дауысың.

Сен өзің тіршіліктің толғауысың,  
Тұлпардың шаң қонбайтын қолдауысың.  
Ей, балам, міндеттісің, міндеттісің  
Апаттар жер бетінде болмауы үшін.

Жасайсың жақсылықты жалғау үшін,  
Сұңқардың биіктерге самғауысың.  
Сен өзің сыйластыққа сүйенесің  
Иығы ағалардың талмауы үшін.

Сен, ұлым, талаптан да талпына бер,  
Алдымен адалдыққа алқына гөр...  
Матросов ерлігін қайталарсың,  
Қажет болса бір кезде халқыңа егер!

## ҚАРТТАР

Қисығыңды айтпайсың мақұлда деп,  
Қарт көп болса ауылда, ақыл да көп.

Кең даланы солардай сүйе білсең,  
Дана да боп кетесің, ақын да боп.

Қуаныш пен күлкіңді бөлісуге,  
Құмартасың күнде бір көрісуге.  
Алшаң басып жүргенде ортаңда олар,  
Жалғыз қозы қалмайды өрісіңде.

Қатты сөйлеп аталар ақырмайды,  
Балаға да ашуын батырмайды.  
Жас келіні ұйқысын қандырсын деп,  
Сәскедегі шайға да шақырмайды.

Жеміс шашып көңілдің бақшасынан,  
Сипап қойып ақ сақал, ақ шашынан,  
Бір әңгіме айтарда тамсанады-ау,  
Құмарта иіскеп қойып шақшасынан.

Мінезінен қарттардың айналасың,  
Сен өзің де бір сәтке ойланасың...  
Жетпістегі қария түлкі соқса,  
Жас та болсаң, жолаушы, байланасың.

Оған да ішік шықпайды, ол – біреуі,  
Алмасаң да бәрібір көндіреді.  
Қинағаны – далада дәстүр солай,  
Сыйлағаны – жанының мөлдіреуі.

\* \* \*

Арманның бірі болмады,  
Ақыңда болар ой қайда?  
Тағдырдың талтақ жолдары  
Тақымға тартып ойнай ма?

Аңыз боп өсем деп едім,  
Айнамай қалдым аңызға.

Нөсер боп өтсем деп едім,  
Шыдамай барам тамызға.

Тағдырға екі дегізбей,  
Тепеңдеп қана еремін.  
Бишікке көнген өгіздей  
Жонымды тоса беремін.

## БАТЫР БОЗДАҚ

*Даңқты бауырымыз Баубек Бұлқышевқа  
арнаймын*

*(толғау)*

– I –

Жанынан жалын, жыр тұтап,  
Арманы қандай ақ еді.  
Алматы жайлы бір кітап  
Жазсам деп жүрген шағы еді.

Іңкәр боп ыстық көңілмен,  
Өрт болып жанып өзегі,  
Бақытын тауып өмірден,  
Бір сұлу сүйген кезі еді.

Ойлана қалса ол ақын,  
Сәкенге ұқсап қалатын.  
Баққа да қыздар толатын,  
Мың сұлу ғашық болатын.

Өлеңге орап бар маңын,  
Кеудесі шалқар жыр еді.

Ағыл да тегіл арманын  
Жаңа айда бастап жүр еді.

Ақ арман онда көп еді,  
(Армансыз жүрген ақын ба?)  
Әсем бір ойлар төгеді  
Адамзат біткен хақында.

Тіледі бақыт адамға,  
Ұлыға ұқсас ойменен.  
Ақынды мынау ғаламға  
Ғашық қып әбден қойды өлең.

Жер беті толы ормандар,  
Жапан түз де оған тым ыстық...  
Айтылмай жатып армандар,  
Бұзылды бір күн тыныштық.

Шілдеде, тұнық ақ таңда  
Дүние қанға боялды.  
Тәтті түс көріп жатқанда  
Соғыстан шошып оянды.

Қанатын қақты қырандар  
Қорғауға шығып ұлы елді.  
Баубек пен топ-топ ұландар  
Майданға өзі тіленді.

Кім көрген мұндай сұрапыл,  
Сәуле жоқ Күннен, Айдан да.  
Өмірге іңкәр бір ақын  
Ұрандап кірді майданға!

Өрт жайлап жатса жеріңді,  
Бұл өмір керек нең үшін?  
Тездету қажет елінің  
Аңсаған Ұлы Жеңісін!

Кеудеде тұнған кек өшпей,  
Жеріңнен мынау жау кетпей,  
Ереуіл ерлер егеспей,  
Жата ма батыр Баубектей.

Бітпесе оған құдірет,  
Бітпесе жырдың бұлағы,  
Анашы неге мың рет  
Тәңірден тілеп сұрады.

Қамыққан кезде жүрегі,  
Қолынан түссе күрегі,  
Ананың әппақ тілеуі  
Өмірден оны тіледі.

Жансын деп Бұлқыш шырағы,  
Қансын деп Бұлқыш құмары,  
Болса деп әке мұрады,  
Тәңірден оны сұрады.

Екеуі бірақ көрмеді  
Ойнақтап өскен құлынын.  
Бұл тағдыр тағы бермеді  
Қызығын жалғыз ұлының.

Қытымыр тағдыр ұланды  
Ата-анадан да тұл етті.  
Алысқа ұшар қыранды  
Отаным өзі түлетті...

– II –

Нөпірі жауды жырлардың  
Соғыстың толас кезінде.  
Мұқанға айтқан сырлардың  
Көп арман жатты өзінде.

Соғыстың толас шақтары  
Қас қағым сәтте өтеді.  
Қапанға жазған хаттары  
Асығыс ұшып кетеді.

Шабыт та тауып шаттанды  
Соғыстың толас сәттері.  
Жауына қарсы аттанды  
Қаламы менен дәптері.

Болашақ – оның дегені,  
Болашақ үшін ынтықты.  
Сөзден де тартты жебені,  
Көздеп те атты мылтықты.

Көңілдің шалқып тасуын  
Окопта оймен өткізіп,  
Арманы менен ашуын  
Әлемге жүрді жеткізіп.

«Жазбасам құмар қанар ма,  
Жауа бер, ойлар – жаңбырым.  
Мен жазған шығармаларда  
Қалады менің тағдырым.

Дүдәмал болам мен неге,  
Болашақ бәрін шешеді»  
Деген бір ойлар кеудеде  
Керуен болып көшеді.

– III –

Үміттен сәтте от алсаң,  
Ұлытауды ойлап сарғайдың.  
Жапырақтай жалғыз хат алсаң,  
Кететін тарап бар қайғың.

Ұйқыда жатып майданда  
Ұлытау жайлы түс көрдің.  
Жарығын көрдің қайдан да  
Болашақ ұлы істердің.

Алауды нұрға айналдың,  
Елім деп күнде егілсең,  
Ұлы өмір жайлы ойландың,  
Өлем деп ойлап па едің сен...

– IV –

Атойлап айтып ұранын  
Соңғы рет жауға ол шүйілді.  
Биікке ұшар қыраным,  
Қанатың қалай қиылды?!

Жаралып жаны нұр-оттан,  
Жая да беріп бүршігін,  
Қаңғырып келген бір оқтан  
Қапыда кетті-ау қыршыным...

«Баубек!» деп сол сәт бар маңай,  
Күркіреп тұрды Күншығыс.  
Әлемді әнмен шарламай,  
Бұлқынып жатты жыршы құс.

– V –

Арманның бәрі болды өзге,  
Баубегің, қайда боздағың?  
Жер Ана, сен де сол кезде  
Солқылдап жылай жаздадың.

Аяқтап бітпей ұлы әнін,  
Атойлап салмай ұранын,  
Сөйлемей жатыр ұланың,  
Ұша алмай жатыр қыраның.

Дариядай көшкен дарыным,  
Білмедім, тасып, қанша ақты?..  
Артында күткен аруын  
Алысқа қарай аңсатты.

Елеңдеп күтіп жүргенде  
Әдеби қауым әлемі,  
Жалғыз-ақ ауыз сөз болды  
Жалғанға айтар сәлемі.

– VI –

«Баубегім қайда айбынды?»  
Деп Отан кешті бір сынды,  
Қабірде Әке қайғырды,  
Қабірде Ана күрсінді...

Сыңғырлап күлмей бұлағы,  
Жайқалмай сол күн құрағы,  
Ұлытауымның шынары  
Шарт сынып, жерге құлады.

Күні-түн жоқтап жылады  
Қазаққа біткен бар ауыл.  
Өкіріп аттан құлады  
Хабарда жүрген қарауыл.

Қариялар басқа айтпады:  
«Ақырын күт, – деп, – ақырын».  
Жортуыл күннен қайтпады  
Жорықта жүрген батырым.

«Тағдырдың осы бұйрығы»  
Деп қазақ біткен өкінді.  
Бәйгеге қосар жүйрігі  
Қолды боп кеткен секілді...

Боталап сонда көздерім,  
Батысқа қарап жылағам.  
«Оқышы, – деп те, – сөздерін!» –  
Анамнан талай сұрағам.

Сұрағам талай әжемнен,  
Ол-дағы ұзақ айтпаған:  
«Қас батыр ұлдар ежелден  
Қан майдандардан қайтпаған...

Сұрама енді, қанатым», –  
Деп қана үнсіз қалатын.  
Сонсоң бір әнге салатын,  
Көз жасын сүртіп алатын.

Содан да бері ылғи мен  
Көңілім елең, ой алаң,  
Шер болып шыққан бір күйден  
«Баубек!» деп айтып, оянам.

«Баубек!» деп көңіл толғаса,  
Жырыңмен жиі тілдесем.  
Өз бейнең онда болмаса,  
Ұлылығыңды да білмес ем.

Даңқыңмен мені жұбатып,  
Арманда кеткен боздағым,  
Күнде сен мені жылатып,  
Қайғымды күнде қозғадың.

Кәрілік келіп бір жақтан,  
Шөгіп те қалды көп ана.  
Құлын боп туған құрсақтан  
Боздақтар ұмыт бола ма?!

Ер болған боздақ әмәнда  
Болмайды екен бір ұмыт.  
Жалғасып жатыр маған да  
Кеудеңде көшкен ұлы үміт.

Елестер алау нұр жүзің,  
Көкірек күйіп, күрсінсем.  
Жарқ етіп сөнген жұлдызым,  
Жиырма сегізде тұрсың сен!

Қалмады артта бір бөбек,  
Баубекті атап атымен,  
Бірақ та халқың жүр бөлеп  
Өзінің махаббатымен!

Мамырда, мына көктемде  
Өзіңдей асқақ ұранмен,  
Жеңістің тойы өткенде  
Сен болып сөйлеп тұрам мен!

## ҒҰЛАМАЛАР КӨП КЕРЕК БІЗДІҢ ЕЛГЕ

(Е.А. Бөкетовке)

Талай биік, алдыңда тұр тағы сын,  
Тағы да тер төгесің шырқау үшін.  
Тұрғаныңмен елуге жаңа келіп,  
Туған елдің біп-биік бір тауысың.

Тау тұлғалар жарасар бейнелі елге,  
Ұқсасам-ау өзіңе кейде мен де.  
Ломоносов секілді ғалым болып,  
Әуезовтей шалқисың сөйлегенде.

Тебіреніп тұрып бір тайпаласың,  
Жан сырыңды бүкпесіз айта аласың.  
Металдардан бастаған мақамыңды  
Физиктердің «елінен» қайтарасың.

Кендік сүйген қасиет қалса қанда,  
Іңкәрсің сен далаға, сал самалға.  
Философша төгіліп дала жайлы,  
Ақын болып кетесің аңсағанда.

Шыңға шығып ынтықсаң күзгі желге,  
Мен сыртыңнан көруге үздігем де.  
Амандығын тілеймін азаматтың,  
Ғұламалар көп керек біздің елге!

## САУМАЛ

Не қырғыздың, не үйі түрікпеннің,  
Аттан түсіп, ән салып кіріп келдім.  
Жолаушылап, шөліркеп, шаршасам да,  
Бір салтанат тағы да құрып келдім.

Жақтырмады қария, жаратпады,  
Бір аяғым есіктен әрі аттады.  
Басыңды деп ойлаған шығар, сірә,  
Қара бұлтын қабақтың таратпады.

Домбырамды қолымнан тастамадым,  
Байқап тұрмын бәрінің қас-қабағын.

«Жоғары шық!» деп кемпір күңкілдеді,  
Жиыстырып үстелдің ас-табағын.

Көз алдынан өткендей нелер елес,  
Әңгімеге ақсақал келер емес.  
Тоймай жүрген жастықтың қызығына  
Ерке көңіл түкті де елер емес.


Ақсақалы сияқты құладындай,  
Бәйбішесі жел сөздің бұлағындай.  
Екеуінің қасында бір қыз отыр  
Екі ай толған еліктің лағындай.

Қысылмады қонақтан, қысылмады,  
Бұл үй маған тамшы су ұсынбады.  
Мен сұлуға қарасам әлсін-әлсін,  
Ол кілемге қарайды тұсындағы.

Ақбоз үйдің ішін бұл сарай дер ем.  
Бұрын тіпті көрмеген арай көрем.  
Пісілмеген торсықтың саумалына  
Қайта-қайта үздігіп қарай берем.



«ЖҰМАҚТЫҢ ЖОЛЫ»  
ЖИНАҒЫНАН





## ӨЛЕҢ

Талай-галай дүлдүлдің  
Табандары тайған жыр.  
Көмейінен бұлбұлдың  
Түскендей боп қайдан жүр?

Алпыс екі тамырым  
Көбең кердей желіккен.  
Өлең бердің, Тәңірім,  
Көген бермей неліктен?

Орны бөлек көгеннің,  
Айтсам егер ал шынын.  
Құнын білмес өлеңнің  
Құлыны едім малшының.

Қозыкөштен ұзамай,  
Көрсөкыр боп жүр едім.  
Патша десек біз Абай,  
Атша тулар жүрегім.

О, Тәңір-ай, сұрасам,  
Өлең беріп қинадың.  
Омақаса құласам,  
Оқылмайды-ау иманым.

## АЛТЫН АДАМ

Шыр бітпей шықтық талай шалқымадан,  
Бағым сол – басым аман, халқым аман.  
Сыр күтпей ескі күннен есің кірмес,  
Есіктен келмесе егер Алтын Адам.

Есі жоқ ел болса егер қорыта ма асыл?  
Жұртынан жоламан бір жорта ма сыр?  
«Алтын күн, алтын заман болған, – дейді, –  
Алаштың маңдайында орта ғасыр».

Қарудың қамшыдан жоқ басқа түрі,  
Заманда адам ірі, мақсат ірі.  
Алланың аянымен туған дейді  
Алаштың осы келген қас батыры.

Аңыздан ақиқатты қалқып алам,  
Жетеді бабалардың даңқы маған.  
Алтай мен Атыраудың арасында  
Алашаңдап жүрген дейді Алтын Адам.

Жауады Жерұйықтың бұлты егінге,  
Ұлтының ұлылығы – ұл тегінде.  
Бабамның атын білмей жаутаңдаймын  
Даламның данышпаны Күлтегінге...

Мұңымның бірін көсіп, бірін кешіп,  
Үңілдім... Үндемейді бүгінгі Есік.  
Қатыгез замандар-ай, адамдар-ай,  
Тастаған туған жердің тілін кесіп!..

Алашқа абырой мен ар секілді  
Асылда ел салтанаты бар секілді.  
Алтыннан қалған ұрпақ келе жатыр  
Күлге аунап тұрып кеткен нар секілді.

## АЛАШАХАН КЕСЕНЕСІНДЕГІ ОЙ

*Тұңғыш ғылыми дәлелдеме жасаған ғалым  
Ғұзыхан Ақпанбекке*

– Нешедемін?  
– Нешедесің?  
Тарих талай қайталады.  
– Алашахан кесенесін  
Салған ұрпақ айта алады.

Өнерлі елдің көзі бірден  
Ойларын да өре білген.  
Дүбірлетіп өзі жүрген  
Дүниені көре білген.

Қалаған ба? Тоқыған ба?  
Сырға тұнған өрім-өрнек.  
Көзі жетіп оқығанға  
Төрт құбыла көрінер деп.

Тағдырының тар жолында  
Сан сұрапыл көрген қазақ.  
Дәулетінің бар-жоғында  
Сәулетін де өрген ғажап.

Білген қауіп төнерін де,  
Қырағы көз қия шалған.  
Даналық пен өнерін де  
Қыш кірпішке құя салған.

Жерді таныр, біліп Көкті  
Тәңір сүйген құлы ғана.  
Фараби мен Ұлықбекті  
Туған осы Ұлы Дала.

Қыдыр қонған құндағына,  
Ең әулие халық қана  
Жер-жаһанның жұмбағына  
Берген ұлы анықтама.

## БАЙДАЛЫ БИ

Мұңы ішінде, заманда меңі ішінде,  
Биік тұрып еңсесі ел ішінде,  
Билік айтқан үш жүзге Байдалының  
Жалғыз құлын жататын желісінде.

Жүзінде – нұр. Жанары толған ұшқын,  
Сөзінде – жыр. Қайрағы сол намыстың.  
Бітпей қалған жері жоқ бәтуәсіз  
Байдалысы басында болған істің.

Жоғын жоқтап жұртының қақсау да игі,  
Жарылқаса Тәңірім жақсы-ау биді.  
Сегіз қанат тікпеді сүйелдей ғып,  
Қаламады халқынан оқшау күйді.

Хан ордасы шырақ қып жақты жақұт,  
Сөзін сөйлеп күштінің жатты уақыт.  
Байдалы би сытылып салтанаттан,  
Қонысынан кедейдің тапты бақыт.

Қуанды ауыл жетпейтін байға күші,  
Алақанға қонғандай Айдағысы.  
Бәрі түгел сияқты – қорған болып  
Ортасында отырса Байдалысы.

Қыдыр келіп алдына есігінің,  
Басын түзеп жатқанда бесігінің.

Ұзағынан жазбады қуанышын,  
Көп көрді ме кедейдің осы күнін.

Құбылмалы ғұмыр-ай сан түстіге,  
Бататын күн, ататын таң күшті ме?  
Тұяғына тұлпардың қан түсті де,  
Бір қара бұлт төніп кеп қалды үстіне.

Елжіретпес жүректі бәрі күйдін,  
Жылытпайды қызуы сары қидың.  
Көтермесе көңілін мына тірлік,  
Көтерілмес еңсесі кәрі бидің.

Күңгірт болып барады көзге аспаны,  
Тірлік тәннен тұрғандай тез қашқалы.  
Жым-жырт болып отырған жәмиғатқа  
Бас көтеріп, би өзі сөз бастады.

«Атар күнде үміт көп, атпай қоймас,  
Батар күнде үміт жоқ, батпай қоймас.  
Бұл пәниден бақиға Байдалының  
Дайындалып жатқанын айтпай болмас.

Сол өседі – әуелде ексе нені,  
Кедейсің деп жек көрмес Бекше мені.  
Ақиқатқа жаралған ақ жүрегім  
Әділдіктен басқаны көксемеді.

Қилы-қилы заманның көшін көрдім,  
Жолын кестім кесапат кесірлердің.  
Қолыңда өстім халқымның баласы боп,  
Көз жасына көміліп жесірлердің.

Селебесі сертке ұстар секілді елдің  
Шуағы жоқ берді өмір өгін желдің.  
Шырағы боп жансын деп жаратқан ба,  
Сұрағы көп көзінде жетімдердің.

Жоқ қуғам жоқ, көңілім барға аспады,  
Жазықсыз қол жағама жармаспады.  
Жаман атаң жүгірді жалаңаяқ  
Жатқан кезде шындықты дарға асқалы.

Жұрт аспаған асудан барам аспай,  
Біреу берген байлық та арам астай.  
Кедейлігі заманның зілдей ауыр  
Жатып алды жолымда қара тастай.

Мен де аспаймын асудан жұрт аспаса,  
Кедей зары бітпес күйі бір басқаша.  
Байдалы бай болсын ба, бұл Тәңірім  
Қалың елін дәулеттен құр тастаса.

Кара терге малыңдым күшім келмей.  
Тілім жебе, сияқты ішім керней,  
Адам құрлы көрмеді әлсіздерді,  
Заман тұрды қолының ұшын бермей.

Майда сөзім халқыма мақта болар,  
Менен жақын мұңдасты таппады олар.  
Хан мен байдың алдында күнәм болса,  
Адалдығым өзімді ақтап алар.

Кеткен кезім бар шығар қызу тіптен,  
Тура жолдан, тайғам жоқ түзуліктен.  
Үмітің боп өссінші ұландарың,  
Қызығың боп келсінші қызың күткен.

Ертеңімде тұрғандай ерен егес,  
Кезіп жүрді кеудемде ерек елес.  
Қамын ойлап халқының күңіренген  
Кәрі биің ханға да керек емес.

Күңіреніп кеудемде кет, арманым,  
Көз алдыма келіп тұр екі ардағым.

Туған жерден топырақ бұйырмады,  
Туысқанның ішіне жете алмадым.

Жанарындай диқанның сауып көкті,  
Жүрегімнен бір жаңбыр жауып та өтті.  
Қызбен бірге көбелек қуған белге –  
Туған жерге аңсарым ауып кетті.

Ау, ағайын, сені емес бөлгендігім,  
Көңіліңнің көрдім ғой мен кеңдігін.  
Ел ісінен шет қалған Байдалының  
Он жыл бұрын санаңдар өлген күнін.

Бірі кетіп, жатады бірі келіп,  
Жол береді осылай тіріге өлік.  
Қайран халқым, тапсырдым сені кімге,  
Күн кешерсің қашанғы күңіреніп?..»

...Сәл тыныстап, дана би жатты ойланып,  
Кенет дүние бұлдырап кетті айналып.  
Соңғы сөзін айтуға сұңғыланың  
Санаулы сағаттары жетпей қалып...

## ДОСТЫҚ

Ту тіктім деп Тұранға,  
Қысқа ғана қайырма.  
Инжіл менен Құранда  
Аз екен-ау айырма.

Шежіремді шектеме  
Шындық керек заманда.  
Жер кіндігі Көктөбе  
Емес шығар ғаламда.

Адамзаттың көктемін  
Ақиқаттан асырма.  
Бабасының өткенін  
Баласынан жасырма.

Әркім жасап жарлығын,  
Алыстатып жүрді ұдай.  
Адамзаттың барлығын  
Жаратушы бір Құдай.

Тілге, дінге айырып,  
Нұсқа болмай ойымыз.  
Қысқа ғана қайырып,  
Қысқа болған бойымыз.

Адам Ата – бабамыз,  
Хауа – ұлы анамыз.  
Сен тұрғанда, Даламыз,  
Саған ғана нанамыз.

Хауа ана әкеп жарыққа,  
Содан тарап қалғанбыз.  
Дарияны арыққа  
Бөліп-бөліп алғанбыз.

Тарих деген неткен шоң,  
Батпайды әлі тісіміз.  
Бөлек-бөлек кеткен соң,  
Бөлек болған түсіміз.

Бірдей сақал-мұртым да,  
Сөйлемейік жалған біз.  
Адам Ата жұртында  
Адам болып қалғанбыз.

Ұлыстарға бөлсек те,  
Ұлтқа бөлме түсін де.

Бірге өлеміз, өлсек те  
Бір кеменің ішінде.

«Елім» десе мекендеп,  
Жүз бір ұлтқа жағайын,  
Түрі бөлек екен деп,  
Түрткілеме, ағайын!

Досқа қазақ борышты,  
Ұмытсақ, ол ұят-ты.  
Құрметтейік орысты  
Ұлы Абай сияқты.

Бүгін біздің Отанға  
Достық керек әрі ізгі.  
Достоевский Шоқанға  
Ғашық болған тәрізді.

### КӨШ

Көштің бетін ешкім жоқ кең түсінген,  
Шықпағанды сезеді ел тісіңнен.  
Көз алдыма келешек елестесе,  
Жылап жатып оянам мен түсімнен.

Қара тасқа заманның хаты түсер,  
Жол үстінде жаманның аты түсер.  
Жалтақ елдің баласы жыпық келсе,  
Жалқау елдің баласы жатыпішер.

Жатыпішер жетеді-ау түбімізге,  
Салқын саумал қалмады күбімізде.  
Еш апаттың алдында болмауы үшін,  
Кесапаттың кіндігін бүгін ізде.

Жылқысы жоқ мінсе де ел есекке,  
Төрт көзіңді түгендеп, кел, есепке.  
Кесапат пен кесірден тазармаған  
Көшін түзей алмайды келешекке.

\* \* \*

Бөлініп қалған аттыдай  
Белсене кірмей додаға.  
Көнбейтін тіске қаттыдай  
Өнбейтін іске жолама.

Қиюы қашқан жұмыстың  
Қиқымы қалмас артында.  
Ұйқыны ашқан ұлы істің  
Қиқуы жетсе, тартынба.

Жәрдемге жарап түледің,  
Кәрденге жазса бір Құдай.  
Үмітін артып тұр елің  
Каспийге салған бұрғыдай.

Бабадан алған бастауын  
Міндеттер биік тұр алда.  
Желкілдеп өскен жас қауым,  
Жебеушің болар бір Алла.

## МЕТАЛЛУРГ

Даласында дабылды даңқ көшкен,  
Жүрген жері жоқ оның қалып көштен.  
Концентрат қайнатып конверторда,  
Балқыманы ағызар алып пештен.

Заңғар бойлы замандай, өткір ойлы,  
Ала мұржа – иығы көк тірейді.  
Конвертордың қақпағын ашып тастап,  
Қолындағы көсеумен от күрейді.

Көрмеп едім алапат күшті мұндай,  
Кім ойлаған алар деп мысты бұлай.  
Мың градус пештің де қызуынан  
Конверторшы қолының ыстығын-ай.

Қызыл жалын, сары жалын, жасыл жалын,  
Көктемдегі гүлдердей ашыл, бәрің.  
Ақтарылсын арманы адамдардың,  
Ақтарылсын осылай асылдарың.

Бұл сурет керемет, мұның бәрі  
Тоғыз түс пе? Қарайсың ұғынғалы.  
Үлпілдеген Үндінің торғынындай,  
Жібегіндей Қытайдың құбылмалы.

Тоғыз түс пе? Әлде оның көп пе саны,  
Торғын дер ем, алайда жоқ шашағы.  
Жан-жағына алып пеш ұшқын бүркіп,  
Айдаһардай аузынан от шашады.

Арманына жеткізіп иықты ерді,  
Ақ жалындар бетке алып биіктерді.  
Алты сағат қайнаған алып пештер  
Аруана секілді иіп берді.

Металлург! Ғажапсың десем сені,  
Жетпес бірақ бағамның осы өлшемі.  
Алтын нұрға айналды алып пештің  
Қызыл толқын құйылған қос емшегі.

Қос емшегі сияқты қос шүмегі,  
Аңғармай да қалмайды ешкім оны.

Алып пешті қотару басталғанда  
Металлургтің күлкісі естіледі.

Күй де шалқып, бұл жерде ән қалықтар,  
Таңғажайып іздесең, таңғалып бар.  
Алып пештің астында жұмыр жердей  
Дөңгелене жылжиды сан қалыштар.

Алынбаған асаудай алқымы әлі,  
Қып-қызыл от құйылды толқымалы.  
Қалып, қалып – сәбидің бесігіндей,  
Тербетіп ап барады балқыманы.

Алтын алау секілді аққан оттар,  
Ақ қанатты бұлт па әлде... ақ қанаттар.  
Металлургтің айтқанын орындайды  
Қолғанаты тәрізді автоматтар.

Қымбат бәрі... металдың қымбат бәрі,  
Қиын жұмыс. Емес ол гүл бақтағы.  
Киіз киім киінген адамдардың  
Балқымадан құйғандай сымбаттары.

Ерен болып туған ғой ер тегінен,  
Қарап тұрып өлең боп мен төгілем.  
Жиырмасыншы ғасырдың ғаламаты  
Асып түсіп барады ертегіден.

Жалт қарасаң, жанына тоқтай қалып,  
Көз алдыңнан бәрі де өтпей ме анық.  
От сапырған жандардың өздері де  
Жанып тұрған сияқты отқа айналып.

## БІШКЕК ПОЕЗЫНДА

Айтайын неге елімнен жалған,  
Түсінсең, тыңда, ақ таңдай жолдас.  
Сары төсек тартып, өлімнен қалған  
Сауыққан жанға сақтанбай болмас.

Қазаққа бауыр екен де қырғыз,  
Содан да сені кеміткен жоқпыз.  
Бабадан мұра мекенде жүрміз,  
Бермесек кертіп, кеңіткен жоқпыз.

Адасып айтсам, берем бе айып,  
Үміті – үзік, арманы – елес,  
Кетем бе деген ереннен ғайып  
Салбөксе елдің сарнауы емес.

Қайтарар жерім көгалын қайтіп,  
Мінгенше ұрпақ таралғы тартып.  
Обалы елдің обалын айтып,  
Мойныма келем Аралды артып.

Төтелей тартып салмаса жолды,  
Шер тарқар жерге жол қашық әлі.  
Шашылып егер қалмаса болды  
Алланың берген болмашы бағы.

## АЗАТТЫҚ ТАҢЫ АТҚАНДА

Жайлы болмас ер төсегі,  
Жамбасымды жер теседі.  
Сары даласын сағынғанның  
Сақал-мұрты ерте өседі.

Қоныс емес көк те қазға,  
Жеңіс емес өкпе-наз да.  
Борбай еті терлемесе,  
Бордай тозып кеткен аз ба?!

Ездің болмас ерге себі,  
Емеурін бермес елі.  
Жайлы жатқан жақының да  
Жай шығармас төрге сені.

Елес қусаң, кел кеңеске,  
Құмар едім мен де елеске.  
Босағадан қарағандар  
Босқа жүрген пенде емес пе?!

Елді елең еткізем деп  
Ұйқысыз түн өткізем көп.  
Өз басымды өзім сүйреп,  
Төрге қалай жеткізем деп.

Сен де сүйре төрге басты,  
Сеніп салар өрге жасты.  
Ұландарын сынағалы  
Ұлы Дала көрмені ашты.

Жерді басып жүрсің бе есен,  
Төрге бетің бұрсын көшең –  
Алашымның алтын басы  
Асқақ қарап тұрсын десең!

\* \* \*

Өмірімнің көгі – бұлт,  
Ойлай-ойлай ми ақты.  
Көздегеннің көбі мүлт  
Кетіп жатқан сияқты.

Алаяқтың арты – өсек,  
Күндегенге күйкі мәз.  
Сарыуайым сары төсек,  
Түн дегенде ұйқым аз.

Саған ғана айтамын,  
Қалғып кетсем, түс көрем.  
Жағалаудан қайтамын,  
Жақындатпай үш терең.

Өмір – түпсіз, тегі де,  
Ғылым – мұхит, ой – терең.  
Жеткізбесе шегіне,  
Ұйқы қашпай қайтер ең?

\* \* \*

Қайда барып, мен қайда паналармын?..  
Қолда рухы Ата мен Аналардың!  
Мұртын күзеп кетіпті бір досымның,  
Жұртын іздеп жүргенде даналардың.

Тыртығымды мен қалай жаба алармын,  
Екі қолмен санымды сабалармын.  
Бейпіл, бұзық ниетті бейбастақтар  
Бейітін бұзып кетіпті бабалардың.

Неміз қалды елдікті етер бекем?  
Әлде мұным пенделік бекер ме екен?  
Мешіттерге барғаннан шіркеудегі  
Шоқындылар көбейіп кетер ме екен?

Қажысы мен молдасын Сібір кемген  
Біздің жаққа ертерек іңір келген.  
Құдайын тез ұмытып кетті қазақ,  
«Құдай жоқ» деп құлаққа сіңіргеннен.

Самсап тұрған сауырда сауыс қанша?  
«Құдай жоқ» деп сайратты сауысқанша.  
Күнәмізді көтеріп кетеміз бе,  
Құдайсыздан Құдайға ауысқанша.

Кесірліге тағдырдың кермесі бар,  
Жауыздарға, ей, өмір, берме сыңар.  
Құдай жоқта төбеде сайтан ойнап,  
Құмай жоқта төбет ит төрге шығар.

## ШЫҒЫС МЕДИЦИНАСЫ

Қатты айтылған сөзден де қан шықпайды,  
Тәтті айтылған сөзден де бал шықпайды.  
Босағаңнан қараған бұралқы иттер  
Шошалаңнан ағыңды шалшықтайды.

Иығымды барады жаншып қайғы,  
Қасіретімді қырдағы малшы ұқпайды.  
Күңіреніп кеудесі тұрғанымен,  
Көмейінен мылқаудың ән шықпайды.

Есті болса жетеді қызға ишара,  
Мәңгүрт қайтер көз жастан мұз құйса да,  
Керең болып кеткен бе кемеңгерлер,  
Мылқау болып жатқанда біз бишара.

«Сауықтырам, болмасты мүмкін етем, –  
Деген еді, – Ертісті күркіретем».  
Тұлпар көрмей, күріш пен бұрыш сатып,  
Мойнағымен ойнаған шіркін екен.

Көрінгеннің бәрін де қылғытады.  
Күншығыста жатқанмен бір бұтағы.

Бір бұтағын төріме жайып тастап,  
Босағаға өзімді сырғытады.

Аңқау елді қаншама жеді жауыз?  
Дән дегеннің екен ғой көбі қауыз.  
Емексіткен емшіге іштен шыққан  
Көпшік қойып сөйлейді көбік ауыз.

Төрімізге шығарды тымырайтып,  
Мен қайтейін, халқым-ау, қыңыр айтып.  
Келешекте көретін жарығымды  
Білте шамдай қоя ма сығырайтып?

Шығыс! Шығыс! Дегенмен, көне тегі,  
Көңілі көл қазақтың кең етегі  
Сыйғызғанмен, қонбайды мисыздарға ем,  
Өз қолыңа, шіркін-ай, не жетеді?!

Қайда кеткен баяғы толған бақсы?  
Елім деген Ер болса, толғанбақшы.  
Азаттығы үшін де азат елдің  
Өз емшісі өзінде болған жақсы.

\* \* \*

Тілегімді күн жұтты,  
Теріс қарап боз айым.  
Жұмыс бермей жүнжітті  
Жаттан болған қожайын.

Екі қолым кісенде,  
Екі аяғым матаулы.  
Ішірткі қып ішем бе  
«Нарық» деген атауды?!

Жарық бар ма түсетін,  
Көлеңкеден бір шығып.

Апыл-ғұпыл ішетін  
Әпіл-тәпіл тіршілік.

Шаш ағарды сасқанда,  
Шай бере алмай досыма.  
Кедейліктен қашқанда,  
Бай болғаным осы ма?

Ащы суға қасарып,  
Асқазанның бүрі жоқ.  
«Нарық» деген бес әріп  
Бес қылатын түрі жоқ.

Қалтасы бос еркекті  
Қалпақтыға санама.  
Айта берсек ертекті,  
Жұлдызымыз жана ма?

Жат құдайдай сезінсе,  
Мені көзге іле ме?  
Ет-жүрегім езілсе,  
Елім оны біле ме?

Көмегім жоқ тигізген  
Босап тұрған бір тістей.  
Брежнев кигізген  
Ескі пальтом жүр түспей.

Жамау жамар қатыным  
Жас инемен тоғытып.  
Тілегенмен тақымым,  
Мәшинеден жоқ үміт.

Жыртылғанын жамайтын  
Жұртта жетер бар ине...  
Қожайындар қамайтын  
Қой емеспіз, әрине.

Елдігіміз сыналар  
Сәт те жақын тұрғандай.  
Жарық жолға шығарар  
Жарқыраған бір маңдай.

## БЕЛГІСІЗ ДІК

Атымды ешкім білмейді сұрамай-ақ,  
Адамдаймын мен жырсыз сыңар аяқ.  
Сұрамай-ақ, сыртынан сыбырласып  
Сыңар аяқ пендені ел тұрады аяп.

Қасіреті аз емес күрсінудің,  
Азабындай бойыма кірсін удың.  
Жерлемедім жырыммен жауыздықты,  
Тербемедім жүрегін бір сұлудың.

«Таза, таза, – дедім мен, – арым», – талай,  
Талай тағдыр жүр әлі барымтадай.  
Жұмыр жердің үстінде, тым болмаса,  
Бір жарлыны келемін жарылқамай.

Уақыттың, қарашы, азабын-ай,  
Неге азаптап қойды екен таза бұлай?  
Өкінгеннің алдында – кінәлімін,  
Жетімдердің алдында – жазалыдай.

Аз емес-ау ғұмырда мұңым кешкен,  
Барады өтіп уақыт кідірместен.  
Алаң едім өмірге, ей, Адамзат,  
Балаң едім кіндігін Қыдыр кескен.

Қонарымды, білмедім ұшарымды,  
Құтқаршы бір басымнан құса күнді.

Өлең деген бейкүнә періштем-ау,  
Неге маған ашпайсың құшағыңды?!

Кеудемде күй, тұрғанда көзімде шық,  
Бесігімде беймаза сезім кешіп  
Жатқанымда, мамырдың ақ таңында,  
Тұсауымды кетіп ең өзің кесіп.

Үлбіреген сезіммен елге ғашық,  
Үлгерем жоқ өлеңге шөл де басып.  
Қыдыр тастап кеткенде құла дүзге,  
Періштем-ау, кеттің бе сен де қашып?

Қаз үні де кеудемде бекер ме еді,  
Нәзігі де мен едім нөкердегі,  
Қалай өлем белгісіз ақын болып,  
Абай-өлең қолдаса екен мені!

Қонбай маған Абайдың ата бағы,  
Шөлде қалып, жүрегім қаталады.  
Жеті ақынмен бір түскен суретімді  
«Белгісіз» деп журналдар атамады.

Бұл өмірдің керемет өз дүрмегі,  
Өз дүрмегі өзгені сездірмеді.  
Ұлы Мұхтар қолынан «Абайды» алып  
Тұрғанымды ешкім де көзге ілмеді.

«Болар ұрпақ батамды құптар», – деді,  
Естімеді ел, меңзеді Мұхтар нені?..  
Белгісіз боп жүруім мүмкін емес,  
Белгісіздік әлемнен құтқар мені.

## КЕДЕЙДІҢ КҮНІ

Көгеріп едік көктемдей,  
Көрмедім мұндай сұсты мен.  
Перілер жүріп өткендей  
Періште қыздың үстінен.

Залымдар заңды елер ме,  
Заманға мынау не дейік?  
Қорғансыз қалсаң егерде,  
Қорлаушы кетер көбейіп.

Залымдар ғана тайтаңдар,  
Алданып жүрме, ағайын.  
Қапыда соққан сайтаңдар  
Періштелердің талайын.

Сен үшін отқа түсетін  
Серкесі қайда жігіттің?  
Алтын аяқпен ішетін  
Еркесі қайда үміттің?

Түлкідей заман түрленген,  
Күлкідей бірақ тар алды.  
Байлардың бағы жүргенмен,  
Кедейдің күні қараңғы.

Түзеліп кетер дегенде,  
Күзеліп жатқан тірлік-ай!..  
Тілеуің кетпей негенге,  
Тілекті берсін бір Құдай!

## КҮНӘМ БОЛСА, КЕШЕ ГӨР

Қасқамыз бен құламыз,  
Қашан тәуба қыламыз?  
Не жемеді бұл ауыз,  
Не демеді бұл ауыз?..

Талғамағаны үшін де  
Түсіп бітті тісім де.  
Жабығумен күн кештік  
«Жабық майдан» ішінде.

Ертеңіміз – елік қыз,  
Еліктіріп келіппіз.  
Ашық майдан жасасақ,  
Аман қалмас едік біз.

Серіппедік тұяқты,  
Серт еттік те ұятты.  
Өзіміздің аузымыз  
Өзгенікі сияқты.

Қызыл сөзді нөпір ғып,  
Қызығына кекірдік.  
Күштілердің бетімен  
Күн батқанша көпірдік.

Тарылғанда тынысым,  
Табылғанда жұмысым,  
Боқтап тұрып ішімнен,  
Мақтап жүрдім күн үшін.

Келер күнге алаңдап,  
Өмір сүрдік амалдап,  
Екі қазақ бір-бірін  
Бір орысқа жамандап.

Арманды асау, қашаған  
Атпасын деп тасадан,  
Аяланып сөйлесек,  
Кешіре гөр, Жасаған!

О, Тәңірім, десең ер,  
Өткенімнен есе бер.  
Күмәні жоқ шындықта  
Күнәм болса, кеше гөр!

## БАЗАРДАҒЫ ҚАЙЫРШЫ ШАЛ

Ақсақ екен аяғы,  
Бір қолында таяғы.  
Ақ сақалы желбіреп,  
Алақанын жаяды.

Бұл тұрысы жай ма еді,  
Асырау ма өз басын?  
Қап-қара көзәйнегі  
Жасырады көз жасын.

Мылқау десем, сөйледі,  
Жан ашиды мүскінге.  
Жамау-жамау көйлегі,  
Жыртық шапан үстінде.

«Көндігесің азапқа,  
Таңданасың кей іске.  
Мені тастап дозаққа,  
Кемпір кеткен пейішке.

Шердің тартып шығырын,  
Екі қолмен жер тіреп.

Жалғыз ұлдың ғұмырын  
Қала бердім мен тілеп.

Менен жұртым сөз күтсе,  
Бәлкім, жаңсақ ойлайды.  
Мүңкір-нәңкір көз тіксе,  
Алмай тынбай қоймайды.

Оттан, судан қорыған  
Алды жалғыз тұяқты...  
...Қайырымдылық қорынан  
Мола жақын сияқты.

Сипап қалдым тақырды,  
Сиқын қара мазақтың.  
Мен болайын ақырғы  
Қайыршысы қазақтың.

Шапағаты тиетін  
Кешір мені, Құдірет!  
Ұрпағымның ниетін  
Білгім келді бір рет.

Тағдыр жолы тар екен  
Қақпасындай базардың.  
Жақсы адамдар бар екен,  
Жаман ойдан тазардым.

Тірі жүрген – басқа сын,  
Болар, – деді, – қыс қатты».  
Қолындағы ақшасын  
Қос жетімге ұстатты.

Әлдеқайда жол тартты,  
Тазарғанын елге айтып.  
Содан кейін сол қартты  
Көре алмадым мен қайтып.

## НАРЫҚ

Күн көреді дейді осы халық қайтіп?  
Қорқытады біреулер нарықты айтып.  
Бәрінен де жан олжа. Аман қалдық,  
Айдаһардың аузына барып қайтып.

Малы түгел деуші еді басы аманның,  
Жақсылығы шығар бұл Жасағанның.  
Әрі-сәрі күй кештім 74 жыл  
Машақаты сияқты мас адамның.

Кешіріндер, әлі бас ауып тұрса,  
Киын ба екен Тәңірге сауықтырса?  
Қосың қыстан шықпайды қасқыр тисе,  
Досың дұшпан болады жауықтырса.

Бірдеңе ғып ілбесер басы аман,  
Жалтақ-жалтақ күн кешер досы жаман.  
«Қарағайдың бастарын шортан шалған» –  
Шортекемнің айтқаны осы заман.

Абыз атам айтқаны айнымады,  
Ақиқаттың алдында ел қаймығады.  
Дауды егерде біреуден сатып алса,  
Саудагерден жүрегі шайлығады.

Аспанымның болғанмен тұнық асты,  
Көзім көрген халқымның мұңы басты.  
Ақылдыдан озды да алыпсатар,  
Кісіліктің бұл күнде құны қашты.

Қымбатшылық барымды жетті жұтып,  
Жолдағысын жойқын сел өтті үгітіп,  
Ақша құған алаяқ ұраншылдар  
Адамшылық дегенді кетті ұмытып.

## ТУРА ЖОЛҒА БАСТАСА...

Сеңдірмеді мені ешкім,  
Мен қаншама қиналдым.  
Келмесіне Кеңестің  
Кеше ғана иландым.

Жүз жыл жүрер жаңғырып  
Ол туралы талас та.  
Жақсылығын қалдырып,  
Жамандығын аласта.

Қалған белгі өлмейді,  
Оқ атады өткенге – өш.  
Қимасаң да келмейді  
Қияметке кеткен кеш.

Мен дауымды доғардым,  
Ел дауылды тілемес.  
Кері кеткен қоғамның  
Кертолғауы бұл емес.

Еркіндіктен басқаша  
Елім менің не тілер?!.  
Тура жолға бастаса,  
Туған Айдай жетілер.

## КӨЛДЕНЕҢ КӨК АТТЫ...

*Жезқазған кен-металлургия комбинаты шетелдік басқаруға берілгенде, мыс қорыту зауытының қымбат металдар цехын ұлттың уысында ұстап қалған инженер Төлеген Бүкіровке*

Қазақтың болмаса да аз қонағы,  
Жанына болмашыдан жаз қонады.  
Көлденең көк аттыға қолын бұлғап,  
Бармақтай алтын тапса, мәз болады...

Байлығын басып тұрған құтым демей,  
Тапқанын, таянғанын бүтін жемей.  
Аузына көрінгеннің тоса берсе,  
Қалады-ау шаңырағы түтіндемей.

Сыңдырып жілігін де, бұғананы,  
Есінен шығып кетті құлағаны.  
Көлденең көк аттының көмегінсіз  
Талпынған тауға өзі де шыға алады.

Қызығы – жолатпаған, жоламаған,  
Сақ жүрсе, Сақтан туған болады аман.  
Көзіме қайдан кетті елес беріп  
Бабамның даңқын жайған қола заман?

Адамы киінбеген алабажақ,  
Кезінде дала сұлу, дала ғажап.  
Көлденең көк аттыны келтірмеген  
Қолына қола ұстаған баба қазақ.

Сақтарға сұқтанған да шығар ғалам,  
Үлгі жол қалу керек ұлы арнадан.  
Құрышын сауыт қылған сақ батырлар  
Ырысын уысынан шығармаған.

## ДАРИЯ-ДӘУЛЕТ СУАЛАР

Жер жарып түр атағы,  
Жатса – жібек сары төсек.  
Сарыарқада сатады  
Самарханның сарты есек.

Жарнамаға қарасаң,  
Мінбей көңіл толады.  
«Алуға егер жарасаң,  
Алдамайтын болады.

Қасиеті жетеді,  
Алла білер бұйрығын.  
Жолға тастап кетеді  
Түркіменнің жүйрігін.

Керек көлік бүгінгі,  
Көршің сойып жемейді.  
Қанша салсаң жүгіңді,  
Тарта алмаймын демейді»

Деп мақтайды сартекең,  
Қайдам, қандай есегі?  
Жылмаңдаған қарт екен  
Жылым құрттай есебі.

Зіл басады иықтан,  
Тап болғандай мазаққа.  
Сарт күледі миықтан  
Сатып алған қазаққа.

Дария-дәулет суалар,  
Суалмайды десек те...  
Тақыр кедей қуанар  
Тақым тисе есекке.

## ЕЛГЕ АЙТАМ ТҮСІМДІ

Адамдарға қас қылма,  
Байығандар, байыңдар.  
Жұмбақтардың астында  
Қалып қойған жайым бар.

Сақалымды тарамдап,  
Ақылымды сауамын.  
Тағдырыңа алаңдап,  
Табар ма екем жауабын?

Ар жағында өзеннің  
Алыстады сан сағым,  
Өтпелі де кезеңнің  
Өтер кезін аңсадым.

Өтер болса... ұятты!  
Тағы бір той жасайық.  
Құтылғаны сияқты  
Мағрубтан машайық.

Жориды ғой шалдарым,  
Түнде көрдім той алдын.  
Абылайдың шалбарын  
Өлшеп жатып ояңдым.

\* \* \*

Ел парызын жалқы өтеп  
Өткендерге сүйінем.  
Сары уайым, салпы етек  
Заманыма күйінем.

Заманыма күйінсем,  
Ақтап алар Ар мені.

Бұлттай болып түйілсем,  
Бұлдайтыным бар ма еді?

...Жаңалық жоқ мен ашқан  
Ұлыс үшін, ұлт үшін.  
Иімейді кең аспан  
Бір жапырақ бұлт үшін.

## КӨҢІЛ – МЫРЗА, ҚОЛ – ҚЫСҚА

«Тәубаға кеп жүргенде,  
Тәрік қылған жиғанын.  
Қара жерге кіргенде,  
Жарық қылар иманын», –

Деген молда сөзіне  
Есті мойын бұрғандай.  
Бір Алланың өзі де  
Мақұл көріп тұрғандай.

Бай болсам ғой мен ерен,  
Салмай банк, сауыққа,  
Жетімдерге берер ем  
Жем шашқандай тауыққа.

«Қайыршы көп» десе де,  
Күніне мың сойдырып,  
Қол жайдырмай көшеде,  
Қояр едім тойдырып.

Әттең, дәулет менде жоқ  
Көңіл – мырза, қол – қысқа.  
Қарсы болған пенде жоқ  
Құдай берген болмысқа.

Жарық қылар бетімді  
Тәрік қылар түгім жоқ,  
Қайыршы мен жетімді  
Қарық қылар түрім жоқ.

Кіжінуі басылмай  
Кедейлікке күйінген,  
Жұмған қолым ашылмай,  
Жұдырықтай түйілген.

Түйілгенмен қолдарым,  
Тілегіңді шештің бе?  
Алғаны көп молланың  
Бергені жоқ ешкімге.

Ар-иманын шашпаған  
Жұмыртқадай аршылар.  
Жұмған қолын ашпаған  
Жұмақта да бар шығар.

## МҰХТАРҒА ТАБЫНУ

*1955 жылы жаз ортасында Сәбит Мұқанов Жаңаарқаға – Сәкен еліне келді. Сәбеңе сәлемшілер көп болды. Солардың ішінде он жеті жасында болыс болған, қызылдың қылышынан қан тамып тұрған кезде айдауына жүрмей, байлауына көнбей, қыңыр тартып, бір бөлмеге екі шымылдық құрғызған Жексенбінің баласы Бірмағанбет ақсақал да бар еді. Осы қария Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының төрт томдығын отыз жыл бойы күнде қайталап оқып, өмірден өтті.*

### I

Арқаның аты әйгілі іргелі елі  
Сәкеннің сәніндей боп түрленеді.

Қай тәуір қашан болсын сәтін тауып,  
Әйтеуір Жаңаарқаға бір келеді.

Жалғасып ой – дәрия, жыр – ағыны,  
Жаңғырып жақсылардың тұрады үні.  
«Келеді. Келе жатыр, – дейді халық, –  
Қазақтың қасқа маңдай бір алыбы».

Қалың жұрт қауышатын сәтті ойлады,  
Құбылып гүлден үкі тақты аймағы.  
Сағынтып Сарыарқаға Сәбең келіп,  
Сарысудың жағасына ат байлады.

Сәбеңе сәлем бермей қалмас құрбы,  
Бір толқын бір толқынды алмастырды.  
Қонақты ортаға алып, кешке қарай  
Көгалға көп ақсақал малдас құрды.

Сәкенді сол кеш Сәбең жырлаған көп,  
Басқаға басын иіп, бұрмаған бет.  
Кенеттен: «Мұхтарымның халі қалай?» –  
Деп сұрақ қойып қалды Бірмағанбет.

«Мен өзім тағдырыма жыламаймын,  
Тәңірден басқа Сәбит сұрамаймын.  
Түймедей болып туған түйедейден  
Әуезов баласы ғой ұлы Абайдың», –

Деп Сәбең теріс тартты сұрағынан,  
Шошыды естіген жан құлағынан.  
Орнынан Бірмағанбет атып тұрды,  
Қылышын суырғандай қынабынан.

Бірекең тумысынан бір бет еді,  
Одағай, оғаш сөзді індетеді.  
Абайды арашалау, осы сәтте  
Мұхтарды қорғап қалу міндеті еді.

«Тәттіні таңдайыңа татқызғандай  
Жақсыға қараған ба жат қызғанбай?!  
Өсекке неге үйір дұшпан шіркін,  
Төсекке өз қолымен жатқызғандай?!»

Ел-жұрттың бөлінбейтін кезде көші,  
Ұлының ұнамайды көзге несі?  
Дұшпандар десе десін... Мұхтар жайлы,  
Әй, Сәбит, сен айтатын сөз бе осы?!

Төрт кітап – төрт әлемге құмартамын,  
Мен қалай қос данаға кінә артамын.  
Абайға иманымды айтқызам да,  
Мұхтарға намазымды шығартамын»

Дегенде, Сәбит күлді сасқалақтап,  
Сол кезде келе жатты ас табақтап.  
Ашулы Бірмағанбет шеттей берді,  
Үстінен құс жастықтың асқақ аттап.

«Әзілдеп айтып едім бұра тартып,  
Мұхтардан бұл пәниде туа ма артық?!»  
Деп Сәбең қарлығыңқы қарқылдады,  
Жанары жақсы сөзбен жарқылдады.

## II

Ел айтқандай Бірекең ірі екен-ау,  
«Туғаны жоқ тура би» тірі екен-ау!  
Абай – Мұхтар әруағы қорған болып,  
Қызыл итке талатпай жүр екен-ау.

Бұл өмірден тапқаны, сүйінгені –  
«Абай жолы» болған соң, күйінгені.  
Бар бақыты – төрт бала, екі әйел,  
Бар байлығы – төрт кітап үйіндегі.

Тірісінде таңғалтса мына елді,  
Өлгенде де оятты ол құба белді.  
Жастығының астынан жарықтықтың  
Төрт кітабы Мұхтардың шыға келді.

## ӘУЕЗОВ ШАПАҒАТЫ

Алла өзі теріске емес, оңға жақ,  
Баба дәстүр салып кеткен жол ғажап.  
Ыстықкөлге барғаныңда ынтығып,  
Шоң Қырғызға қонақ болды Шоң Қазақ.

Қыран-бақтың қонғаны да қолға аз-ақ,  
Таудың тауға табынғаны — сол ғажап!  
Үйде неге үнсіз қалды Шоң Қырғыз,  
Сыртқа шығып кеткенінде Шоң Қазақ?

Алатау тұр ақ самалын саулатып,  
Мұхаң қарап тұрғаныңда тауға тік,  
Ол отырған орындыққа баласын  
Шыңғыс алды екі-үш рет аунатып.

Мұқым елге Мұхтарынан жазған бақ,  
Мұхит ойлар Мұхтар болып мазданбақ.  
Ақ батасын беріп еді әулием,  
Айтматов «Жәмиласын» жазғанда-ақ.

Ырым, ырым, ұлылыққа жол жаса!  
Сәуегейлер не айтар еді болжаса?  
Кіші таулар көріне ме зорайып,  
Көрсететін Ұлы тауы болмаса.

Хан да, қара бір үмітпен алданбақ,  
Ұлылықпен құрлықтар жалғанбақ.

Орбитаға алып шықты Шыңғысты  
Орындықта Әуезовтен қалған бақ.

## ПАРАСАТ

*1970 жылдардың соңына ала Орталық Қазақстанның шалғайдағы бір ауылында біраз елді шулыған қылған күтпеген тосын оқиға болды. Өзі коммунист мал маманы некелі әйелінің үстіне бүлдіршіндей бір қызбен танысып, өліп-өшіп сүйіп, аяғында бір ұлды болады. Бұл әңгіменің насырға шапқаны сондай, жігіттің үстінен арыз жан-жаққа борап, ақыры Мәскеуге барып тоқтайды. Коммунист жігіт сол кездегі КПСС Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі Арвид Янович Пельшенің алдына барады.*

Өмір – сұлу. Әрі сері, әрі сал.  
Сұлулықты сүйгендерден дәріс ал.  
Қырық жаста ғашық болған жігітке  
Қызыққандай қарап отыр кәрі шал.

Қарап отыр «қылмыстарын» парақтап,  
Қаралап та... болар еді әрі ақтап.  
Махаббатқа мас болғанның несі айып,  
Махабатын айтып тұрса ары әппақ.

Көп ойланды ол, кекетпеді, күлмеді,  
Ұрсуды да, ұрыспауды да білмеді.  
Төбесінен түсіргендей кенеттен:  
– Ұл ма? – деді.  
– Ұл! – деді.

– Өсек-өзен тасып, мейлі аз ақсын,  
Отаныңның алдында сен таза, ақсын.  
Отыз екі, отыз жеті кезінде  
Қырылып қап, қайта тұрған қазақсын.

Ел дегенің ұрпағымен өспей ме?  
Өксіміз де, өкінеміз кеш кейде.  
Баласының болашағын ойлаған  
Даласының дәстүрімен шешпей ме.

Қасиетті қайран қазақ даласы,  
Жанарының қарадан көп аласы.  
Орыс шығар облыстың хатшысы,  
Қонаевқа жетпеген-ау шамасы.

Дана да өткен ұрпақ іздеп, ұл аңсап,  
Құлынына болушы еді құлан сақ.  
Жасықтардан жасқанатын несі бар,  
Ғашықтардан туған ұлға қуансақ.

Алла оңғарсын жортқан кезде жолыңды,  
Құттықтаймын, әкел бері қолыңды! –  
Деген кезде, кеудесінде жігіттің  
Қуаныштың қоңырауы соғылды.

Сұрақ-жауап болды осылай қысқа тым,  
Асықты ол байлағандай тысқа атын.  
Айта алмады көбейтем деп ұрпағын  
Атасының алғанын да үш қатын.

Сері жүрек неге бір сәт қалғысын,  
Сексенде де сол қалпында сал мүсін.  
Мейірбанға мерейін де көтеріп  
Айта алмады ағыл-тегіл алғысын.

Жас жүректі қарттар ғана түсінбек,  
Отырды шал сол сұлуды мүсіндеп.  
Партбилетін қайтып берді жігіттің,  
«Ұлыңыздың сүйіншісі үшін!» деп.

Бақта отырған махаббатқа мас кем бе,  
Тақта отырған болмау керек тас кеуде.

Партбилетпен қоштасуға барып ол,  
Парасаттың қолын алды Мәскеуде.

Келісті ұрпақ қалдырыпты Пельшекең,  
Кемел ойдың ұясындай кең шеке.  
Көбелектей көсемдердің орнына  
Дәл осындай кемеңгерлер келсе екен.

Ой-хой, жалған! Ондай күнді кім берсін?  
Берсе егер, көгеріп бір гүлдерсің.  
Бекіредей торға тусіп кеткенше ел,  
Мекіреніп ұрпақ жайып үлгерсін.

Тор дедім бе? Төбе шашым тік тұрды,  
Торы құрысын, бесігіме құт кірді.  
«Аз халықтың арманы бір» дегенді  
Латыштың кемеңгері ұқтырды.

Шаңыраққа болады ғой ұл тірек.  
Ұл туғанға жаны қалды бір түлеп,  
Коммунисті көбейтуді емес ол,  
Қазақтардың көбейгенін тұр тілеп.

...Мәскеу жақтан жылы-жылы жетті леп,  
Қуанды ауыл: «Бақытты бол!» деп тілеп,  
Жатты сәби құндағынан шыққалы,  
Қызыл тудай жаялығын тепкілеп.

## КҮДІК ПЕН КЕЛЕШЕК

Ала таңнан тұрып ап,  
Алақанды жайғанша,  
Ойланайық бір уақ:  
«Асырайды бай қанша?»

АҚШ-та жоқ сүйегім,  
Ақиқат қой бұ нағыз.  
Жапонда жоқ жиенім,  
Қытайда жоқ құдамыз.

Жатта жүрген нағашы,  
Сыртта жатқан жоқ қайын.  
Тайганың да ағашы  
Тегін келмес дап-дайын.

Аузым талай күйген-ді,  
Жатқа сенген емеспін.  
Түйедей ғып түймеңді,  
Жарылқамас сені ешкім.

Долбарына ергендер  
Далбасалап қалады.  
Дорбасымен бергендер  
Тоннасымен алады.

Асыл жұртым, асқағым,  
Мен бәріне алаңмын.  
Жүйрігінен басқаның  
Жабысы артық даламның.

Азат болған кезде бұл  
Азап болар аз-ақ күн.  
Тракторынан өзгенің  
Өгізі артық қазақтың!

Бәрін жеңер Ел деген,  
Жетесіздер ұқпайды.  
Өзіне-өзі сенбеген  
Жолға жалғыз шықпайды.

Асан Қайғы сөзінің  
Мәнін ұқсақ біз неден? —

Жерұйығын өзінің  
Даласынан іздеген!

Қайран жұртым, айбыным,  
Өзіңе-өзің қас қылма?!  
Бақытың мен байлығың —  
Табаныңның астыңда!

## ЖАРЫЛҚАНАМ ДЕП ЖҮР МЕ ЖАТ ҚОЛЫНАН?!.

Сәнді сарай жаққа енді елегізбе,  
Көнбегенде қайтеміз, көнеміз де.  
Он ай салған ордасын ән мен күйдің  
Оңай сатып жіберді-ау он өгізге.

Тері сіңген әкемнің, ағамның да,  
Әр кірпіші ыстық қой маған мұнда.  
Жат қолына бермеспіз деп жүргенде,  
Жыртылып-ақ қалғаны жағамның да.

Пара берген қойныма күштеп кірді,  
Мылжың мініп мойныма, іш кептірді.  
Әулиедей сезінген әулекілер  
Әпенденің жұмысын істеттірді.

Азапқа әкеп өзіңді салған не бұл?  
Ақиқатты айтудан жалған жеңіл.  
Зорайғанға қорланам қарай алмай,  
Қарайғанға қарайып қалған көңіл.

Безе-безе бабаның ат-тонынан,  
Қанша күте береді сәтті оңынан.  
Жарты байлық сатылып жатқан кезде,  
Жарылқанам деп жүр ме жат қолынан?!.

## ТҰҚЫМ

Жігітке де жел беріп, желікті етті,  
Қызылға да қыздарды еліктетті.  
Сыйып жарық дүние жанарына,  
Киіп-жарып бір қоғам келіп кетті.

Көз көргендер басы оның қатты деуде,  
Басы – қатты, аяғы тәттілеу ме?  
Қаһарына ұшырап кеткендер көп,  
Сапарына үлгермей сәт тілеуге.

Құлдан ізін қалдырмай, тектіні атып,  
Уағызы әр тілде жетті жатық.  
Зікір салған бақысдай зымиян хан  
Зым-зия боп толқынға кетті батып.

Қанатынан от шашқан құс секілді  
Ұшты елесі. Құлады, үш секірді.  
Есеңгіреп ес жиып көргені елдің  
Қорқынышы көбірек түс секілді...

Енді уақыт сұрланып сазармайды.  
Егін салды ел, сүйеніп базар – байды.  
Арам шөбі аралас қодыранды  
Құртпаса егер, тұқымы тазармайды.

\* \* \*

Арбамның үзілгені-ай белдігінің!  
Тәуелді болар тағы келді күнім.  
Төлеңгіт болып жүрген төбел жігіт  
Төре боп шыға келді енді бүгін.

– Шаруаны түзеп алу оңай тағы,  
Біреулер дейді:  
– Бізді тоғайтады.  
– Әкесі мешкейліктен мешін жылы  
Ит жеген тұқым еді, – деп айтады.

Бұл күнде қуаныштан қайғы басым,  
Қорқасың қожайыннан, қаймығасың.  
Күн үшін өтірікке күйіп тұрып,  
Көтеріп күн қыласың, ай қыласың.

«Мақта!» деп суайттарды суарады,  
Құлағым талай-талай шыдар әлі.  
Шындықты айтқандарды шырылдатып,  
Шахтадан сүйретіп те шығарады.

Қазақтың күйі болса, таз қалпында,  
Қожайын жеті атасын жазды алтынға.  
«Құмырсқа, өз жолыңмен жүр» дейтұғын  
Тура би табылмады-ау өз халқымда.

Секілді бар жылқысын айдап алар,  
Қазақты қорқытады қайманалар.  
Сұңқардан ауған бағы құзғынға кеп,  
Тұлпардан қашқан бақыт тайға қонар.

Заман-ай, осы болды-ау қиянатың!..  
Бабалар жазған еді қияға атын.  
Арыстан арыстандай ұл тумаса,  
Алашта бет қалмады ұялатын.

Күштісі қожайынның сыртта жатыр,  
Сатқындар сатып-сатып құртқан ақыр.  
Сыпырып асылдарды әкеткенде  
Сипалап қалады ғой жұртта пақыр.

Әруақ! Намысымды қайра менің!  
Төренің төбесінде ойнар едім...  
Қайраңда қалып қойған кемедей боп,  
Қайраның болмай тұр-ау, қайран елім!..

## ЖҰМАҚТЫҢ ЖОЛЫ

Орманның азғанынан,  
Көбісін көктей кестім.  
Алланың жазғанынан  
Айналып өтпейді ешкім.

Уақыт — астан-кестен,  
Ұшырар долы сынды...  
Басқалар бастан кешкен  
Замана жол ұсынды.

Білгенге құлақ асам,  
Жол ауыр, жасырмайды.  
Бағыңды сынамасаң,  
Бақытың ашылмайды.

Алдынан ауық-ауық  
Кайталар долы құйын.  
Тосыннан толы қауіп,  
Жосылған жолы қиын.

Түзуін таңдамасаң,  
Саныңды соқтырады.  
Абайлап, аңдамасаң,  
Ізіңді жоқ қылады.

Көш бастар ер табам ба?  
Көргені көздің – елес.

Кергитін кер табанға  
Сергитін мезгіл емес.

Қолыңда күш тұрғандар  
Тез байып, тез де өседі.  
Жұмыла іс қылғандар  
Жұмаққа кездеседі.

## АЛАМАН БӘЙГЕ

Құлақ пен көзді мезі еткен  
Жарнама жұлып тасталды.  
Қара жарыстың кезі өткен,  
Аламан бәйге басталды.

Қызығын мына жалғанның  
Қыздыра алмаған шерменде.  
Жүйрігін қоспай қалғанның  
Жүруі қиын жермен де.

«Тілегі түгел жатқа айқын:  
Атаның арғы бақтары.  
Айшылық жерді аттайтын  
Алаштың арғымақтары»...

Осындай еді... осындай...  
Тарихтың бетін аш, қара.  
Қазақтан тұлпар қосылмай  
Қалатын болса, масқара!

Қанаты болса, тай деме  
Тұлпарға, бала, осыны ұқ.  
Баласы шапса бәйгеге,  
Даласы кетер қосылып.

Мың жылдық мәре – межеде  
Міндетті, жұртым, сезін де:  
Тұлпардың басын тежеме  
Тізгінің тиген кезіңде.

## БАБАЛАР ЖОЛЫ

### I

Батысқа қарап жалтақтап,  
Шығысқа қарап салпақтап,  
Қарызға батып келеміз,  
Қарнымыз тойса, талтақтап.

Қыз-қыз да қайнап денеміз,  
Күпініп шыға келеміз.  
Қазаққа қарсы болмысқа  
Құмар боп кеттік неге біз?

Әріге жетпей өреміз,  
Көрінген көшке ереміз  
Құлынның құнын сұраса,  
Тұлпарды неге береміз?

– Адалдан болсын асымыз, –  
Деп жүрсек құрғар жасымыз.  
Ноқтаға кіріп кеткенін  
Байқамай қалар басымыз.

### II

Басыңды көтер жоғары!  
Жібермес жұрттың обалы.

Ел болам деген ұрпақтың  
Есінде бәрі болады.

Басыңды көтер жоғары!  
Жібермес елдің обалы.  
Есімнен қалған ескі жол  
Ескіріп кеткен жоқ әлі.

Түңіліп біттім жаршыдан,  
Мен неге текке сарсылам?..  
Қасымнан қалған қасқа жол  
Қасқайып шығар қарсыдан.

Жаңылмас едім көшемнен,  
Қағылмас едім есемнен,  
Бабалар салған сүрлеудің  
Бағасы артық десем мен.

Қамшыдай ғана қысқа сап  
Ғұмырда мынау құс та сақ,  
Сақтансақ, Алла сақтайды,  
Құранды ту ғып ұстасақ!

\* \* \*

Күй кешсем жалғанда ерке,  
Күнәмді бабам кешті.  
Әжіден\* қалған көрпе  
Түсімде маған көшті.

Үміт жоқ ишандықтан,  
Жанымның күншуағы –  
Кеудемде күйсандықтан  
Күдіксіз үн шығады.

---

\* Әжі – тірісінде осылай аталып кеткен Ысқақ қажы әулие

Тақуа қатарында  
Ақынның тірегі – өлең.  
«Алла!» деп жатамын да,  
«Алла!» деп түрегелем.

Кеткенше көрге басым,  
«Әй, кәпір!» дегізбейді.  
Арамның берген асын  
Періште жегізбейді.

Пенделік күлкі алдайды,  
Мен оған түкіргенмін.  
Құмайы түлкі алмайды  
Құдайға күшірлі елдің.

## ДОСЫМА ХАТ

Келгенде кемеліңе,  
Болғанда енді бесін,  
Не берсем мен еліме,  
Көнерсем, сен білесің.

Тумадық егіз болып,  
Жоқ енді оқасы да,  
Өмірдің өгіз болып  
Жегілдік соқасына.

Кеудеде сан ақты арман,  
«Дән деген – ән» дегіздік.  
Біз жыртқан танаптардан  
Қаншама нан жегіздік.

Қайтарам осы арадан,  
Жоғалтты бәрі мәнін.  
Соқадан босамаған  
Өгіздің халі мәлім.

Жоқ екен жалғанда опа,  
Сарғайған сарындаймын.  
Қайда екен қалған соқа  
Қасында Қарынбайдың?

Аңсаймыз сол шақты біз,  
Өткенмен он шақты күз.  
Есімнен бір кетпейді  
Еркелеу, моншақты қыз.

\* \* \*

Көктем де өттің, жаз өттің,  
Баладай мені мәз еттің.  
Отыз жыл салып өртіне,  
Отына жандым газеттің.

Есіл де еңбек еш кетті,  
Күн күтіп тұрмай, кештетті.  
Адастым асау толқында,  
Ауыстырғанмен ескекті.

Күн, түсін мені, Ай, ұқшы,  
Аспан-ау, бұлттан айықшы,  
Айдынға шығып алғанша,  
Адасып жүрген қайықшы.

Алашым аман, хан сауда  
Айдынды көңіл аңсауда.

Өзеннен қорыққан өлімсек  
Өзгеден сұрар жансауға.

Арала, арман, арала.  
Жерде де, суда бар ала.  
Шақырып тұрған айдынға  
Шалқайып жатып қарама.

\* \* \*

Қадамын бір бастаған  
Қатарымның бір демі.  
Қара бастан аспаған  
Қара тартып жүр мені.

Иі жұмсақ иінге  
Иек артып жүр босқа.  
(Өтер адал күйінде  
Шын берілген бір досқа).

Сүйем жақын қарыстан,  
Сүйенемін соларға.  
Шығып қалсам жарыстан,  
Шын батады оларға.

Сақал-шашы да ағарса,  
Тілегін бір үзбейді.  
Бір тауығым жоғалса,  
Менен бұрын іздейді.

Тауық артық, ешкі артық  
Қу тірлікке кірдім де,  
Қоңыр күйді кеш тартып,  
Қуанға алмай жүрмін бе?..

ҰЛЫТАУ

Шіркін, менің қандай далам!  
Жанарымды алмай қалам.  
Келген сайын, көрген сайын  
Қүдірегіңе таңдай қағам.

Биігіңде талып ұшқам,  
Арманымды алып ұшқам.  
Жаным менің жаралған-ау  
Саған деген сағыныштан.

Биігіңде болдырамын,  
Саған жетер жол – бір әнім.  
Басып келем пернелерін  
«Дала» деген домбыраның.

Бір керемет ән шығады,  
Ән шығады – таң шуағы.  
Пернелерден төгіледі  
Сағыныштың тамшылары.

Құмарым да қанар-қанбай,  
Көз жасым да тамар-тамбай,  
Сағыныштан өртенеді  
Жаным менің жанартаудай.

Өткеніңнің мұң әнімін,  
Бұл күнімнің ұланымын.  
Егер саған тартпай тусам,  
Өз алдыңда кінәлімін.

Ерлік – ұран, ән – мұрасың,  
Жүрегімде жаңғырасың.  
Ұлытауым, ұлылықты  
Ұрпағыңа қалдырасың.

Шаттанамын шағыңа әсем,  
Тұра берші тағыңа есен.  
Ұлы болып жаралғансың  
Ұлысыңның бағына сен!

Ғажап Тәңір күші мүлде,  
Мысқал мін жоқ мүсінінде.  
Саған ғана келу керек  
Ұлылықты түсінуге!

## ГЕОЛОГ

Геологтар құрметті болды ісімен,  
Көрсен бірін, тәлім ал ол кісіден.  
Жұмыр жердің жұмбағын сол біледі,  
Жұмбақ болып жаралған болмысымен.

Көңілінде қиқулап жыр – құстары,  
Көктем келсе, тұрады қырға ұшқалы.  
Жүрегінде жазулы жүреді оның  
Темірдің де, титанның бір мысқалы.

Дастан ғұмыр, дәл осы аңыз деген,  
Өмірінен арман мен ән үзбеген.  
Жер астының тәрізді диқаны да  
Өндірістің жемі үшін дән іздеген.

Жатыр қырда іздері, қадамдары,  
Жаңалықтың жар салып бағандары.  
Бізбен бірге аршындап келе жатыр  
Болашақтың тынымсыз адамдары.

Геолог та – өз балаң, жер – бесігі ең,  
Үлгі болар ұрпаққа ер несімен?

Қадам басқан асып тұр рухымен,  
Замандастан биік тұр зердесімен.

Алтынмен де есімі әріптеліп,  
Өлеңмен де өмірі дәріптеліп.  
Жүз жыл бұрын ойлайды ол елдің қамын,  
Болашақтың өзіне барып келіп.

Үй қалада, көресің ұлан шеттен,  
Бұрғыласа, сейілер күмән шөккен.  
Кең даланың төсінде отырады ол  
Келешекті көргендей планшеттен.

Геологтар үйренген түзге мүлде,  
Тағдыры бар шілде мен күз демінде.  
Жаңа алыптар осынау туып жатыр  
Жүріп өткен олардың іздерінде.

Құпиялы қойманың иесіндей,  
Көкірегінде тұрмайды күй есілмей.  
Геологтар ғұмыры секілді өзі –  
Менделеев жасаған жүйесіндей.

## ЖҰЛДЫЗДАР

Өмірдің көп қой қойған сұрақтары,  
Жауапсыз қалар соның бірақ бәрі.  
Аллаға сенсең егер, айсыз түнде  
Аспанның адастырмас шырақтары.

Қосылсаң ар-иманды санатқа ойшаң,  
Адамға қойылатын талап та ойсаң.  
Бағың мен сорың бірдей жазылып тұр,  
Жеті қат жұлдыздарға қарап қойсаң.

Көрінбес имандыға нұрдан басқа,  
Дүрілдеп бақ-дәулетің тұрғанда, аспа.  
Бір жұлдыз сені жақтап жанса егер,  
Бір жұлдыз саған қарсы туған баста.

Бір сөзге Алла деген ерік беріп,  
Кетесің көркем оймен көріктеніп.  
Қорғайды өз жұлдызың аман сақтап,  
Қалғанда қарсы жұлдыз төніп келіп.

Адасып қалсақ та егер біз көшеден,  
Бабалар жүріп өткен ізге сенем.  
Мың сұраққа бір жауап табылмайды,  
Өзіңнің жұлдызыңды іздемесең.

Тіршілік толып тұрған шақта бұлай,  
Таңыма тәубе қылам атқан ұдай.  
Ұл-қыздар аман жүрсін деп тілесек,  
Жұлдыздар соғысынан сақта, Құдай!

## КЕҢГІРГЕ КӨКТЕМ КЕЛГЕНДЕ

Кеудемді сұлулық пен мөлдірге ашып,  
Жан едім табиғатқа мен бір ғашық.  
Астыңда табанымның толқын тулап,  
Жүгірді көз алдымда Кеңгір тасып.

Толқындар бір-бірімен тепкілесіп,  
Додалап сіреу сеңді, кетті үлесіп.  
Қуалап бірін бірі жүрген кезде  
Көпірді қыла мойнынан өтті кесіп.

Екпіні қояр емес жар құлатпай,  
Тыншымай тау тұрса да қарғып ақпай,

Көпірден шыға салып көсілді бір,  
Құрықтан босап кеткен арғымақтай.

Жағада жалт қаратты қой баққанды,  
Орнында жас келіннің оймақ қалды.  
Кетпенші бағбан шал баққа келген  
Ертістің суы екен деп ойлап қалды.

Секілді айбыны сән, айдыны да ән,  
Сезесің таңғажайып жайды бұдан.  
Тағдыры тасымаған өзендердің —  
Тәрізді өмір бойы қайғылы адам.

Қайғысын азайтуға шамаң бар ма?  
Болмайды өлшеуге оны, қадамдауға.  
Жасиды қасіреттен шерлі кеуде,  
Тасиды қуаныштан адамдар да.

Жарандар, жасқанбаңдар, жасқанба түк,  
Жатса да тауды жарып, тастар батып,  
Күркіреп кеудедегі қуанышын  
Айтқандай Кеңгір бүгін аспанға атып.

Талайы көз алдында болса ғайып,  
Толқынсыз тұрып қалды сонша қайық.  
Бағы ұшқан өзендерге жылап тұрып,  
Тасыған өзендерге қол соғайық.

\* \* \*

Күй тыңдатып, толқыны ән тыңдатып,  
Рахатқа өзі де бәлкім батып.  
Шөлдегеннің бұл Кеңгір – анасындай,  
Мөлдір сусын қояды салқындатып.

Жан-жағына бір әсем жиып көрік,  
Елдің қамын өзінен биік көріп.  
Сары саумал сияқты тереңінен  
Өз қолымен тұрады құйып беріп.

Жезқазғаннан көрмеген бөлек те өсіп,  
Толқындары тешпеген көнек тесіп.  
Фабрика мен заводтың жұмысына  
Кеңгір өзі жүреді көмектесіп.

Кербез оның толқындап тұрысы да,  
Берген екен Кеңгірді ырысыма.  
Көлеңкелеп Жезқазған жағасына,  
Осы жерден кетеді жұмысына.

Арқа-басы сіресіп, құрысқанда  
Осы жерге келеді жұмыстан да.  
Ұйықтамайтын еңбеккер қала осылай  
Қолын созып тұрады күміс таңға.

\* \* \*

Кеші қандай, Кеңгірдің кеші қандай!..  
Түсінбейсің сен бастан кешіп алмай.  
Қалытқысын күзетіп, қыз күткендей  
Балықшылар отыр-ау есі қалмай.

Жасық жігіт жалдап тұр балақ түріп,  
Тас лақтырды Кеңгірді жалаттырып.  
Судан шыққан сазандай ақ келіншек  
Керіледі жігітке қарап тұрып.

Дәл ортада бір қайық қозғалмайды,  
Жағада жұрт ерітер сөзден майды.  
Сүйісе алмай үздіккен сүйген жүрек,  
Ескен болып, аңдыған көзді алдайды.

Құшақты да болады алса жайып,  
Тамсансақ, біз мынаған тамсанайық.  
Арманының ақ туын көтергендей,  
Желкендетіп барады қанша қайық?!

Кеш көркейіп, оранды гүлге маңай,  
Жерге түсті аспанда жүрген арай.  
Орман-отау ішінде қызойнақты  
Кеңгір өзі бастайды түнге қарай.

\* \* \*

Кеңгір тасып, жойқын сең көпір бұзды,  
Халық – толқын құйылған нөпір қызды.  
Сенбілікке шыққан ел бір-ақ күнде  
Бір орманның бұтасын отырғызды.

Керемет-ақ болды оның көктегені,  
Жалт қарамай жанның жоқ өтпегені.  
Май майысқан, сол шеру, жер қайысқан –  
Жетпіс төрттің жұмыскер көктемі еді.

Өрге біткен өрмелеп тасқа қарай,  
Жасыл орман жайқалды – жас қарағай.  
Жерде аялап адамның алақаны,  
Төбесінен төгеді аспан арай.

Өспесіне қоя ма мына халық,  
Бір қамқорлық көресің бұдан анық.  
Сойқан біреу сындырса бір бұтасын,  
Айыпкерді іздейді шырақ алып.

Жезқазғанның бұл өзі жұртына сын,  
Кешірімнен келешек ырқы басым.  
Өз қолымен өсірген орманының  
Өртемейді ешкім де бір бұтасын.

Өсірмесе, орман боп өсер ме еді,  
Жерде Кеңгір, көкте бұлт нөсерледі.  
Өзені мен орманын еркелеткен  
Айналайын дәстүрден осы елдегі.

Күнге қарай құшағын жайған далам,  
Құмартпасын өзіңе қайдан ғалам!  
Құла дүзді гүлге орап тастаған бұл –  
Қүдіретіне қолдардың қайран қалам.

Жағадағы ғажап-ау орман іші,  
Кеңгірдің де секілді ол қорғанысы.  
Өзені мен орманын сақтамаған  
Туған жердің болмайды қорғанышы!

## ЖАҢБЫР МЕН ШӨЛ

Қызғалдақ өсуші еді бақ нұры боп,  
Атқандай аспан өзі тағдырына оқ,  
Қаңтарда қар жаумады кырсыққанда,  
Сәуірдің сіркіреген жаңбыры жоқ.

Көп болды қырдың ерні кезергелі,  
Бар суды бере алмадық өзендегі.  
Айналып тамбай кеткен ақша бұлттар  
Шөлдеген күйін сонда сезер ме еді.

Табиғат тағдырына берген мұны,  
Өзегін өртеп жатыр өлген гүлі.  
Қасындағы Кеңгірге жете алмаған  
Шөлдердің құрып кетсін көрген күні.

Гүл теріп, қыздар қашан күлер еді,  
Қара жон енді қашан түлер еді?

Ал, өзі не тілесе, ең бірінші  
Тек қана жаңбыр ғана тілер еді.

Апыр-ау, неге жаумай бұлт ығады?  
Жауса егер, мына шөлге гүл тұнады.  
Қозыдай ақ Баянға ғашық болған,  
Шөлдер де суға сондай ынтығады.

Ынтығып, түк тамбаған ыңдынына,  
Кезеріп күтті талай күнді мына.  
Кенеттен кіріп келген Мамыр сұлу  
Көтеріп қойды қырға гүл-құмыра.

Биылғы мамыр тіпті – басқа мамыр,  
Бергендей бұлттарына аспан әмір.  
Қызғалдақ жауып кетті қырдың үстін,  
Торғайдай қонақтады тасқа да нұр.

Кенгірге енді қара, мамырдағы,  
Көктен бұлт жерге үздігіп бауырлады.  
Жабысып кеуіп қалған Жер-Ананың  
Исініп қоя берді тамырлары.

\* \* \*

Диқандардың дидары нұрланғанда,  
Жаңалық боп жетемін қырмандарға.  
Қуанамыз ақ теңіз арасында  
Көк туымды көтеріп тұрғандарға.

Өлеңдетсін бар ғалам бүгін мейлі,  
Самал жел де бір күймен күбірлейді.  
Азаттығы Алаштың ұран болып,  
Еркіндікте ен дала дүбірлейді.

Тау-тау астық толады биыл қамба,  
Дастарханы даланың жиылған ба?

Бақыт көрем малшының жүзінен де,  
Маржан тері моншақтап құйылғанда.

Сен білесің, туған ел, сырымды анық.  
Менің әнім – бүгінгі, бұрынғы алып.  
Очерк боп оралсам малды ауылдан,  
Ойын-тойға барамын жырымды алып.

Тақырыптар шақырып шартараптан,  
Бақыт болып келгендей ақ таң атқан.  
Рекордтар туғанда шалқып тұрып,  
Репортаж жүргізем салтанаттан.

«Жарыс – табыс» деп ойлап жар салған ел,  
Озатыңды мен бұрын қарсы алған ем.  
Уақыттың тынысын қалт жібермей,  
Қысы-жазы бір болам баршаңменен.

Таси берсін тарландар қуат-күшің,  
Молшылыққа жеткізсін мұратты ісің.  
Ел дәулетін көтерген алақанмен  
Жердің даңқын көтерген сияқтысың.

## АРТҚЫ КӨШКЕ МЕН ЕРДІМ

Іздеп жүр ме мені елім?  
Жүрген жолым мардымсыз.  
Талай жылдар өлеңім  
Сөйлемей де қалды үнсіз.

Мәз болдым да бергенге,  
Айта алмадым азға дау.  
Өлең маған келгенде,  
Өлшеп қана жазған-ау.

Сол болса егер ырзығым,  
Жоғын жолдан терермін.  
Арқалап ап жыр жүгін,  
Артқы көшке мен ердім.

Үлкен жоддың бойында  
Аз болмайды азабы.  
Көтерген соң мойынға,  
Ала берем мазаны.

Сабыр кетті. Ой көп-ті  
Өміріме өлшенген.  
Қара нардай бейнетті  
Кешіп келем белшемнен.

Естімеген, білмеген  
Күйдің келем ішінде.  
Бұл өмірді күнде мен  
Сүйдім өлең үшін де.

## ЖЕР ДАУЫ

*(кейбір депутаттарға)*

Жемсауында жебірдің  
Жүрмейін деп мен өстім.  
Ойнамалы өмірдің  
Ойыншығы емеспін.

Қарашаға қарсылар  
Бұталақтай білесің.  
Ұлтым үшін бар шығар  
Ұлтарақтай үлесім.

Сатпа мені сыртымнан  
Саған дауыс бергем жоқ.  
Бөлінбейтін жұртымнан  
Бөлектеніп көргем жоқ.

Бермей келген жауға да  
Ел ғой оның иесі.  
Жерді салсаң саудаға,  
Жібермейді киесі.

Жұғын көрмес жегенін  
Зордан қорқып ықты ма?  
Қорған болар дегенім  
Зорман болып шықты ма?

Сатқын болып жаралсаң,  
Сен бәрін де сатарсың.  
Қара кебін орансаң,  
Қайда барып жатарсың?..

## АРТЫҢ БАҚТЫМ ӘЛІПТІҢ

Жел өтінде желбегей  
Жалғыз тұрмын. Ел – кедей.  
Саясаткер самсады  
Санын соққан делбедей.

Ойпаң-тойпаң заманда  
Тойтаңдаған адам ба?  
Оңай болып жүрген жоқ  
Ой таңдаған маған да.

Өспейді екен сөзге гүл,  
Қыз – қыдырма, кезбе – ұл.

Өз ақылым өзіме  
Жетпей жүрген кезде бұл.

Айналайын, Сыр аға,  
Менен түк те сұрама.  
Кінәлілер мойындап  
Көріп пе екен, сірә да?

Ауызға тимес піспеген,  
Айырылмас тістеген.  
Өз мойнымен көтерер  
Өз қолымен істеген.

Желбуаздан жалықтым,  
Артын бақтым әліптің.  
Артық жаза болмайды  
Қарғысынан халықтың.

## КӨКТЕМ

Қарашы бүгінге, өткенге,  
Дүние құбылып кеткен бе?!  
Арманын аңсаған арулар  
Жүрегін жайып тұр көктемге.

Тоғайлар, тып-тыныш тұрмаңдар,  
Бұлбұлдар, жарыса жырлаңдар!  
Тек қана махаббат тілімен  
Жырлайды ғашық боп туғандар.

Ғашық боп өртеніп, күйгендер,  
Көктемнің көркіне тимеңдер!  
Көктемнен басталар тіршілік,  
Көктемде қосылар сүйгендер.

Ата бер, арайлы ақ таңдар,  
Құмарын өзіңнен тапқан бар,  
Сұрағың болмасын өмірге,  
Шырағын көктемде жаққандар.

Аңсаймын алаулы таңды мен,  
Таңдарға шөлдеген тағдыр ем.  
Өткенін сағынған адамдар  
Көктемін сағынар алдымен.

## ҚЫРКҮЙЕК АЯҒЫНДАҒЫ АМАЛ

Дауыл соқты құтыра,  
Найзағай да ойнады.  
Қошқарлардың бұтына  
Күйек байлап қойғалы.

Сап қылған соң самалын,  
Аспан – күңгірт, жер – сұрғылт.  
Қыркүйектің амалын  
Қырға шығып көрсін жұрт.

Жерді әбден суарды  
Үш күн төккен сол жауын.  
Өтірікке шығарды  
Синоптиктер болжамын.

Іздегендер осында  
«Протоннан» бар дауды.  
Қарымбайдың басында  
Қарға бойы қар жауды.

Соқпай кетті жауын да,  
Қара бұлттар жүр шолып.

Қасқақошқар тауында  
Қара дауыл тұр соғып.

Аман өтсе той шығар,  
Өлмей тоқты, торпағы.  
Қыстан бұрын қойшылар  
Арамзадан қорқады.

...Балқытқандай сүйегін  
Тоқты жанап өткенде.  
Кәрі қошқар күйегін  
Қотанға іліп кеткен бе?

Бір тойғаны аш көңіл –  
Қошқар үшін бір ұшпақ.  
Жаңа түскен жас келін:  
«Не пәле?» деп тұр ұстап.

## ҚОЙШЫ ҚЫЗҒА

Құмдай сусып көйлегің,  
Көлге түскен бейненің  
Көлеңкесі сияқты  
Күлімсіреп сөйледің.

Асылым-ау, әппағым,  
Ойларыңды таппадым.  
Етке алуға келгендей  
Қойларыңды мақтадың.

Мен жүргендей қой көрмей,  
Кете бердің ойды өрлей.  
Сел соққандай бір сезім  
Бара жатыр бой бермей.

Сабырым да жетпеді,  
Барады өртеп от мені.  
Байқаусызда бетіңе  
Бетім тиіп кеткені.

Сол-ақ екен, бетке ұрдың,  
Бір кешірім ет, құрбым!..  
Сонсоң үнсіз қалдың да,  
Көлге қарап көп тұрдың.

Ет қызуы суымай,  
Бірақ қайтып жуымай,  
Жерге қарай беремін:  
«Мына көлдің тұнығы-ай!..»

Тұнығына түсер ме ем,  
Құныға бір ішер ме ем?..  
Жолымдағы тосқауыл –  
Қолыңдағы үш өрмең.

Текке бекіп алдыңда,  
«Көпке» кетіп қалдым ба?  
Өмірлік дос санаушы ем,  
Өкпелетіп алдым ба?

## ОРТАУ

Ол осылай тұрғалы  
Қанша ғасыр, қай заман?..  
Шыңның сүйір қырлары  
Айнымайды найзадан.

Бұжыр-бұжыр желкесі,  
Қызыл шақа иегі.

Өзге таудан өркеші  
Бұлтқа бұрын тиеді.

Тәкаппарлық артады,  
Таңырқаса ел дүйім.  
Қозып-созып тартады  
Лекілдеген жел күйін.

Шығара алмай есінен  
Тыңдағандар тамсаңды.  
Ерке таудың төсінен  
Сері бұлақ ән салды.

Өзгермейді әманда  
Осы күйі, осы әні.  
Сипай соққан самалға  
Түк кеудесін тосады.

Көріп едім бір рет,  
Шөлді басып, шын қанып.  
Мына көркем құдырет  
Шықты мені шыңға алып.

Осы тауға бұйырған,  
Сұлулыққа іңкәрмін.  
Құлағыма қиырдан  
Жетеді үні сұңқардың.

Қырандар да ұялы  
Болмаған-ау бой қашты.  
Ортекенің тұяғы  
Опырады қой тасты.

Көркемдіктің бәріне  
Өзің сәлем бер келіп.  
Аққулардың әніне  
Қосылады ерке елік.

Сұлулықтың алаңы,  
Кете алмайсың көз қиып.  
Дүбірлетіп даланы,  
Жүгірді өтіп жезкиік.

## АППАҚ ТАҢДАР, АСЫҚПА

Бұлбұлының жалға әнін,  
Өзен қандай, тау қандай!  
Аппақ нұры Алланың  
Осы жерге жауғандай.

Өтерінде қасынан,  
Аппақ таңдар – арай шал,  
Маңғадырдың басынан  
Біздің үйге қарай сал.

Мені күтіп зарықса,  
Кідірсең де жолай сәл,  
Ақ шашты анам жолықса,  
Ақ шуаққа орай сал.

Шымылдыңтың шетінен  
Ашып кір де жай ғана,  
Бір сұлудың бетінен  
Мен үшін сен аймала.

Тәтті түстен оятпа,  
Ақ тамақтан иіске.  
Ақ төсіне тоятта,  
Аш беліне тиіспе.

Ақ таңдарға ғашыққа  
Сепкендей-ақ бір әтір,

Басқа жаққа асықпа,  
Маңғадырда тұра тұр.

## ОРМАНДАҒЫ ОЙ

*Ғалым-агроном Арыстанғали Балтабаев Қарағаш орман шаруашылығын отыз жылдай басқарып, оның көлемін орасан ұлғайтып және тұқымдық питомник ашып, жылына 1 млн. түп өскіндерді өсіріп, көршілес облыстардың жерін көркейтуге зор үлес қосты.*

Не үшін даусын көтереді?  
Түсінбеу де бекер еді.  
Ол болмаса, осы орман  
Отқа түсіп кетер еді.

Айбарынан жел еседі,  
Мұның қате демес елі,  
Шыңғысханға айналмаса,  
Шыбық қалар емес еді.

Орманды ойлап күн кешеді,  
Терекпен де тілдеседі.  
Қарағаш пен қайыңды да  
Ондай ешкім білмес еді.

Шірігені кесіледі,  
Балапанын өсіреді.  
Ормандардың болашағы  
Осы жерде шешіледі.

Еміп ескен бал-шырынын  
Қарағаштан алсын ырым.  
Қыз Жібектің көшіндей ғып  
Ұзатады тал-шыбығын.

– Шыққың келер шыңға қайсың?  
Бірің қызыл құмға сайсың.  
Барған жерің құтты болса,  
Барлығың да мың жасайсың! –

Деп, сүйсініп ол тұратын,  
Көш сапарын, жол мұратын  
Жырмен толғап, кең даланы  
Қуанышқа толтыратын...

Елдігіңді Ерден таныр,  
Тірлік тартар Жерден тамыр.  
Ормандарды өлтірмейді  
Осындай ұл берген Тәңір.

## АҚ БАЯН

Ішкенімнің бәрі у ма?  
Тегіс жол жоқ, Тайғанақ.  
Алла берген аруға  
«Ақ Баян» деп қойғам ат.

Кешірмеді Құдірет  
Не табар деп жалғанда.  
Ақ Баянды бір рет  
Өкпелетіп алғанда...

Қара терге малыңды  
Бір қолым мен бір аяқ.  
Менің көріп халімді  
Ақ Баяным жүр аяп.

Ерке жырым мені іздеп  
Емханадан тауыпты.

Бөлінбейтін егізге  
Бөлек жүру қауіпті.

Мойныма кеп асылып  
Ақ Баяным – ақық жыр,  
Қайғы-мұңын жасырып,  
Қойныма кеп жатып жүр.

Ақ Баяным қасымда,  
Шомыламыз екеуміз.  
Жалғыз жүрсек, жасынға  
Соғылады екенбіз.

## АҚИҚАТ ӨЛГЕНДЕ

Өлшеп келіп өмірін,  
Қонақ болған бес күнге.  
Ақиқаттың өлімін  
Жоқтамады ешкім де.

Ақпараттар қинады...  
Қазанама бермеді.  
Алматының имамы  
Жаназаға келмеді.

Жалғыз туған жиені –  
Іздеп едік Әділді.  
Ол байғұстың сүйегі  
Боралдайдан табылды.

Ақиқатты көмерде  
Кебіндеп те алған жоқ...  
Тірілмесе егерде...  
Тірі ұрпақ қалған жоқ.

## БИІКТІК

Табаныңда тұрғанда Жер – тірегі,  
Тәуекелге тағдырын ер тігеді.  
Асқар шыңның басынан арман іздеп,  
Қол созымдай қалғанда мертiгеді.

Биіктіктің жеткізбей қалғаны шын,  
Адамдар бар дәл солай, арманы – шың.  
Өкінбейді бірақта өжеттілер  
Оны таңдап тағдырдан алғаны үшін.

Жігерімді ала алмай жиып мүтте,  
Айта алмаймын ауыз барып қиып тіпте.  
Биік болып жаралған бір жан еді,  
Денесі де қалды ғой биіктікте.

Көрсете алмай адамдар қолғабысын,  
Жазмыш дейді тағдырдың болған ісін.  
Қара бұлтты жамылған қара шыңның  
Кім біледі қайғылы толғанысын.

Таусылмаған даусында мұң-жыр әні,  
Еңсе түсіп Эверест тұнжырады.  
Бұлт бүркеніп, көрсетпей көздің жасын,  
Өз-өзімен оңаша бір жылады.

Баба-биік, жеткізбей баба-биік,  
Өз басына салғанда бала күйік.  
Кеудесінен құйылған өкініші  
Ақ мұнар боп төсінде қалады ұйып.

Тас тағандап бір жерде біз байланып,  
Қара бұлтты қараймыз күзге ойланып.  
Өр кеуделі Эверест осындайда  
Жылай-жылай кеткен бе мұзға айналып?

## ҚҰМКӨЛ

Жалғыз да өлер, дем бітсе мың да өледі,  
Жаным жүдеп, кеудеме мұң келеді.  
Өз көзіме мен өзім сенбей тұрмын,  
«Құс базары» атанған Құмкөл еді.

Лақтырғанның жағаға бөркі жетіп,  
Кәрі қыздай қалыпты көркі кетіп,  
Балықшықұс жағада кекірейіп,  
Сәйгел қуған сиырлар еркін өтіп.

Көлдің құсқа қалыпты сиреп үсті...  
Көріп, көңіл бей-жай бір күйге түсті.  
Сарыала қаз көрейін деп келгенде,  
Сусыл қағып үш сұқсыр үйрек ұшты.

Іздеп келген жоқ едім балама ойын,  
Жазып жатқан секілді дала бойын,  
Ат пысқырып қалғанда, есі кетіп,  
Безіп ұшты бес-алты аламойын.

Жерден қашып, таба ма айдан тұрақ,  
Қайда ұшып барады, қайдам, бірақ.  
Қамыстар да қалтырап тұрғандай-ау,  
Дір-дір етті жапырақ жайған құрақ.

Неге үркеді, япыр-ау, неге үркеді?  
Осы бір ой өңменнен мені іркеді.  
Сағынамын санамда қалған көлді,  
Сағынышым соны іздеп шөліркеді.

Құмкөл күйге бөлейтін даланы ұдай,  
Көкте құспен жарысқан қара құмай.  
Жар жағалап жұмыртқа іздеп жүрген  
Біздің сол бір оралмас балалық-ай!..

Қорғануға масадан сасыр алып,  
Бойымызды көрсетпей жасыра ағып,  
Ұясынан тоңар деп балапаңды,  
Үйге әкеліп, тымақта асырадық.

Қашан бұлар шығарған жатсырауды?  
Көзімде жас. Жан шошып, жақ суалды.  
Жауап таппай жалтақтап тұрған кезде,  
Бір қария Құмкөлге ат суарды.

Мұны біліп жүруі елдің мәлім,  
Құс түгілі, сүйеді желдің де әнін.  
Аққуы жоқ, қаз құрып кеткен мынау,  
Қариядан сұрадым көлдің халін.

Табанымен тұрғандай шоқ басқалы,  
Бұл сауалға қария көп саспады.  
Көлге ұмсына көз салып қарап тұрып:  
– Тыңда, балам, айтайың, – деп бастады. –

Санасыздық, байқасаң, дерт пе күлер?  
Ойламаған ошағын өрт те білер.  
Құмкөлімнің көргенде осы халін,  
Өзімнің де түн ұйқым төрт бөлінер.

Әкең айтқан әңгіме есінде ме,  
Жүрсін деп ек уақыт көшінде де.  
Атпағанбыз, құс егін татпағанбыз,  
Аштан өліп жатсақ та, мешінде де.

Сұра, балам, сенбесең, мың кісіден.  
Ұл өспеді атаның үлгісімен.  
Үрейі ұшып қорқады сорлы құстар  
Қан сасыған мылтықтың үңгісінен.

Сорлы жүрек сезікті секемденген,  
Үзген де көп үмітін мекен көлден.

Көктем сайын сонда да оралады,  
Оқ таусылған шығар-ау екен деумен.

Тастамадық жат істі бойдан алып,  
Бойыңды алып содан соң қойғаны анық.  
Аққу-қазды жайратып жатқан кезде,  
Болашақты біз неге ойламадық?

Айтатұғын дайын түр сөз де алқымда,  
Көретұғын бар еді көз халқымда.  
Бұлай тегі жібермес деп ойлаймын,  
Сақтау керек бұл жерді өз қалпында.

Ешкім құсты құрметке байланбаса...  
Мергендікті індет деп ойланбаса,  
Бұл бетінде құстарды қорғау қиын,  
Азаматтық міндетке айналмаса.

Солай-солай батырды ол тереңдерге,  
Тереңдігін түсінен көрем мен де.  
Ұран тастап уақыттың мінбесінен,  
Айтып тұрған секілді ол кереңдерге.

Ып-рас-ау, мерген жүр қыр сабылтып,  
Қанға неге болды екен мұнша ынтық?  
Жер бетінде тыныштық бола алмайды,  
Адамдардың мойнында тұрса мылтық.

## ТОРЫ ТАЙ

Қойшы ұлы екі келіп, келесіде  
Сұқтанған мұның сұлу денесіне.  
Бұлқынып бұғалықтан босаймын деп,  
Бір қарап үлгермеген енесіне.

Ұстаған мына мығым өзге күштей,  
Құрықтың жібермесін сезген іштей,  
Көргеннен тай-құнанның тағдырларын,  
Жүретін жасырынып көзге түспей.

Екен ғой еркіндігі – қысқа, жалған,  
Түспеген бауыр жүні қыста қалған.  
Түсінен тұлпар көріп тұрғандай-ақ,  
Ішінен мың жылқының ұстап алған.

Басқа емес, басын таңған бала мінді,  
Торы тай бұл қорлықты жаңа білді.  
Жалтарып, жанай шауып жал-адырды,  
Алты рет айналдырды ала қырды.

Түспеді туласа да, тұрмаса да,  
Бала емес, қонып алған бір маса ма?  
Жез қамшы дегеніне көндіргендей  
Келеді бетін бұрып Бұрмашаға.

Басқа ұрған қамшыдан да қорғалады,  
Ми – мең-зең. Көзінен жас сорғалады.  
Торы тай тобылғыдан аласа боп,  
Бетінде бетегенің жорғалады.

Бақытын енді берсе аздан сынар,  
Алдағы көктемдер мен жаздан сұрар.  
Кім білсін, еркелігін ерте үзуге  
Тағдыры талайына жазған шығар.

Осы ма қалған бұған ата бағы,  
Ендігі тірлік қалай аталады?  
Өмірге алғаш рет өкпеледі,  
Өмірде алғаш рет қаталады.

Бір шелек су болар ма ішетіндей,  
Бір тамшы табылса да құс өтіндей.

Түбінен тебінгінің тепкілеген  
Өкпесі суырылып түсетіндей.

Көзінен бір-бір ұшты Айнабұлақ,  
Жататын Айнабұлақ сайға құлап.  
Бауырын төсеп өскен майда құрақ –  
Бәрі де арман болды тайға бірақ.

Сағыныш сағым болып көлбейді алдан,  
Тепкіден тай өлмесе, өлмейді арман.  
Шабынып шабдар айғыр шалт келгенде,  
Енесі ерке тайын көрмей қалған.

Біліп тұр ертеңінің көркін бүгін,  
Түртіп ол табанымен жер кіндігін.  
Тамсайды тілде қалған сүттің дәмін,  
Аңсайды ен далада еркіндігін.

Төрт таған түбі айналып, тұяқ талды,  
Езуге ілініп бір қияқ қалды.  
Кермеде тұрған мұның күйін көріп,  
Жауыр ат жылап тұрған сияқтанды.

Желігі көрмесе де жілік құрлы,  
Жіліктей бала жынын ұмыттырды.  
Желқомын жел көтерген торы тайға  
Желіде жирен құлын күліп тұрды.

## ҚАТЕР

Білмедім қайтерімді, не етерімді,  
Елім-ау, қымтай көрші етегіңді.  
Ұшырып әкелердей ұшқынымен  
Батыстан қара дауыл көтерілді.

Керемет қатерлідей мына қауіп,  
Өзендер өксігендей жылап ағып.  
Бағынан бұлбұл безіп басқа жаққа,  
Қағынан бара жатыр құлан ауып.

Адамзат алаңдады бұл күнге ерген,  
Соры ма соңғы рет мүмкін көрген.  
Қара жер қара терге малшынып тұр  
Асты мен үстіндегі дүмпулерден.

Қондырмай, ұшырмай да көкте құсын,  
Күштінің құдіреті жеткені шын.  
Балқантау жылап жатты жер бауырлап,  
Жойылып жер бетінен кетпеу үшін.

## СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ АЙМАҒЫНДА

Қозыдаймын көгендегі,  
Қайғым қалың неге лайым?  
Патшалардың дегендері  
Болып тұрса не қылайын!

«Жасалды, – деп, – ғылымда ерлік», –  
Тасыдық-ау тасымасқа.  
Құлағы жоқ құлын көрдік,  
Бала туды басы басқа.

Шарасызбын, мен не дермін?  
Шаранаңнан шошыма, елім.  
Көзі тірі пенделердің  
Көретіні осы ма еді?

Сәбиге ұқсап үн қатпаған,  
Ит сияқты ырылдайды.

Шаранасын құндақтаған  
Шіркін ана шырылдайды.

Өтгі ұзамай бір күн бала,  
Ерте үзіп еркек ізді.  
Ауасы у шіркін дала  
Дауасы жоқ дерт емізді.

Қорладық-ау даламызды,  
Қоң егін де ойып көріп.  
Қарап тұрдық,  
Баламызды  
Қарауылға қойып беріп.

Мәссаған-ай, қара да тұр,  
Жайпап кетер өрт ілгенін.  
Жегідей жеп бара жатыр  
Жазылмайтын дертім менің.

Ақырғы көр қазылмайды,  
Ақырзаман қағынғанша.  
Ердің дерті жазылмайды,  
Жердің емі табылғанша.

## ҚАЙҒЫ

Кеңеліктен кеш егілгем,  
Өртенді жер, өртенді аспан.  
Үміт емес,  
Төсегімнен  
Үрей келіп көрпемді ашқан.

Галактика!  
Ой шыңысың.  
Керек емес егес енді.

Байқоңырдың қойшысының  
Қос жанары неге сөнді?

Жарған бомба, атқан қару  
Тіршілікті жояр да әлі.  
Шымылдықта жатқан ару  
Шырт ұйқыдан оянбады.

Шала-жансар ыңыранған  
Шалқар көлім, қыр-шыңдарым.  
Зуылдаған зымыраннан  
Запы болды қыршыңдарым.

«Ғылым» деп мен ұға алам ба,  
Үміт іріп, қылғынса арман?  
Ғалым ба екен бұ ғаламға  
Қып-қызыл бір қырғын салған?

Адамдықтан аулағы анық,  
Өйтпес еді болса азаны.  
Жерді түгел жаулап алып,  
Енді көкке қол созады.

Қара жүрек ғалымдардың  
Өгей болды өскен жұрты.  
Атақ екен залымдардың  
Көмекейін тескен құрты.

Болмаған соң ақыл көсем,  
Адамдарды салды аузына.  
Галактика, жақында сен  
Жерден шыққан жалмауызға!

Адам түгіл масаны аяп,  
Кемелердің көшін бұрғыз.  
Ақырзаман жасамай-ақ,  
Есуастың есін кіргіз!

## БІР БОЙДАҚТЫҢ МҰҢЫ

Аштырсам да, әйтеуір жүз құмалақ,  
– Қойған, – дейді, – басыңды қыз дуалап.  
Сондадағы мен әлі бойдақ жүрмін,  
Жаз артынан келеді күз қуалап.

Күз келеді, әнеки, күз келеді,  
Табылмай жүр көңілдің іздегені.  
Маған, қайдам, кәп-кәрі көрінеді  
Біреулердің «бүлдіршін қыз» дегені.

Бір күдіктің кеудеден ұшқаны анық,  
– Жүресің бе, тағы да қысқа қалып? –  
Дейді шешем, – ауылдың көп қызынан  
Түсірем деп біреуін ұстап алып.

Көнбеген соң, сырттан жүр атастырып,  
Құлақ ій боп бітті әбден, шатастырып.  
Құдағи боп барады ол күніге  
Бойжеткені бар үйге ет астырып.

Бір күн келер деп және: «Құданы идік,  
Қатынын қой, айта ма бұ да билік».  
Елшісіндей екі елдің бір тыным жоқ,  
Жарасады анама құдағилық.

Құданы исін, мен бірақ иілмедім,  
Айттым алдап, «Үйленем биыл», – дедім.  
Қайран анам, қайтпайды өз бетінен  
Жағдайым шынында қиын менің!

Мен көнбеймін. Салады анам бүлік,  
Баяғыдай алады табанда ұрып.  
Алма мойын, қалам қас қай қыздардың  
Жүрер екен жүрегі маған бұрып?!

Күн осылай болғанда, қарашада-ақ,  
Алар екен қай ару арашалап?  
Әлде қыздар жүре ме біздің үйдің  
Келін жайлы «соғысын» тамашалап.

## АҚ ШЫМЫЛДЫҚ

Көңілдері кейде күн, кейде ән болып,  
Отыр екен жапанда бейғам қонып.  
Жап-жарықта адасқан жолаушыдай,  
Келіп қалдым құдайы мейман болып.

Жалғыз үйдің ішінде төртеу едік,  
Ортамызда отырды көркем елік.  
Бүгін егер арманым айтылмаса,  
Қалатындай секілді ертең өліп.

Сезікті ме, ағасы қарады үстем,  
Қыз шығармай тынысын алады іштен.  
Қарамаған өмірге қара түспен,  
Ашық екен жеңгесі жаңа түскен.

Ерте ішті отау үй бүгінгі асты,  
Қотандағы қой жатып, қыбыр қашты.  
Жаңа түскен жас келін жатпай жатып  
Күйеуімен екеуі сыбырласты.

Отқа түскен жас жілік қоңырсыды,  
Көңілімде көп қиял қобырсыды.  
Тас үстінде жатқандай дөңбекшідім  
Таңдай құрғап, тамағым кебірсіді.

Талай-талай бұлт ойлар өтті қаңғып,  
Күткеніме мен-дағы жеттім аңдып.

Өз қызығы өзінде ол екеуі  
Күбірлесіп жатты да, кетті қалғып.

Жан емес ем жұмсаған жатқа қару,  
Жаман деген жараспас атқа бару.  
Жақыным да, жатым боп көрінеді  
Ақ шымылдық ішінде жатқан ару.

Бозбала боп көзге де жақсы іліндік,  
Тәтті дәмін бірақта тапшы білдік.  
Ай сәулесі түскенде байқап қалам,  
Дірілдейтін секілді ақ шымылдық.

Көрмеген ем мұндайды бұрын бағып,  
Шығып жатқан аңғардым бұрымды анық.  
Ақ шымылдық дір етіп қалған кезде,  
Қыздың өзі жатқандай діріл қағып.

Мұндай түндер болмайды даламда көп,  
Демі жатыр арудың маған да кеп.  
Ақ шымылдық ішіне бара алмадым,  
Ерке елікті үркітіп алам ба деп.

## ОРАМАЛ

Көз алдымда – көп күндер, көктем кеші,  
Дүбірлетіп сал дәурен өткен кеші.  
Баяғыда сұлулар сирек еді,  
Қызғалдақ-қыз көбейіп кеткен бе осы?!

Ұшар деуші ем, ұшпады құсым биік,  
Қайран жастық, кеттің не үшін қиып?  
Қыз көрінсе, қарауға бізге ерінсе,  
От тигендей қалады ішім күйіп.

Қырық деген жастан да жасып-жүдеп,  
Қыз көрінсе, айналып қашып жүр ек.  
Кездеспейді десем де, қапелімде  
Кезіктірмей қоймайды-ау ғашық жүрек.

Бұлбұл бақтар сайрайтын таңда бұлай,  
Қансонарда қосылар аңға құмай.  
Ерте маған көрінбей, ерке сұлу,  
Өліарада кездесіп қалғаның-ай!..

Кітаптаймын – мен бүгін ерте оқылған,  
Тастап кетті жыл – жүйрік ертоқымнан.  
Айнам көздер, ағанды аясаңдар,  
Бір орамал қолыңнан бер тоқылған.

Айналайын, түсінсең, мұны, айым.  
Жанарыңнан жаныңды ұғынайын.  
Күн қонбаса кеудеме, тым болмаса,  
Орамалыңа оранып жылынайын.

\* \* \*

Мәдениет жылы әбден мильқты,  
Коррупция өнерге де килікті.  
Хас таланттар жайбарақат жүргенде,  
Ашқарақтар талап алды сыйлықты.

Шенеуніктер шығарды көп шатақты,  
Санаттан да сызып тастап жатақты.  
Уысына теңге толтырғандар мен  
Туысына бөліп берді атақты.

Жә, жә! Дұрыс. Жылды солай атапты.  
Сонда одан мәдениет не тапты?  
Сорын сопақ астаудай ғып шіркіндер  
Қорын қолы жеткенінше отапты.

Көрмегендер «Не ғажайып екен?» дер,  
Кесірлілер айтуға да кекеңдер.  
Жыл атынан қалды осылай хабарсыз  
Мәдениет соқпай кеткен мекендер.

\* \* \*

Өмірімде білмеймін немен бітем?  
Өлгенімше, тәңірден өлең күтем.  
Төрге шығып көрмеген төбесі өсіп,  
Төре ақынға ілескен төлеңгіті ем.

Сақшысы едім сапарда үш төренің,  
(Сақ төрелер сездірмес іш тереңін).  
Олар – төрде, мен болсам босағада  
Отырып-ақ ғажайып түс көремін.

«Қыдыр, – дейді, – аңшыға ерген құмай»,  
Жаратпаған ешқашан мергенді бай.  
Төлеңгітті төредей күтпесе де,  
Өкініштің өтеуін берген Құдай.

Төрелердің төменгі ел даңқына таң,  
Даңқ дегеннің болады салты қатаң...  
Төрелерді сабылтып жүрген сұлу  
Төлеңгітпен тебеді алтыбақан.

Көзін сүзіп, қол созып көктегі айға,  
Көңілдің де келеді көктемі ойға.  
Топты қыздың ішінен топы киген  
Тоты қызбен кетсең-ау көк тоғайға.

Үзілмейді үзілтіп үміт әні,  
Түн ұйқысын төлеңгіт ұмытады.  
Топы киген тоты қыз – тотай өлең  
Тоңған кезде жүректі жылытады.

Ойнақтаған біле ме бота айыбын,  
Ақ ботадай еркесі-ай тотайының.  
Шыңға шығып, лақтырды шыңырауға  
Біреуін де қалдырмай шоқайының.

Армансыз-ақ аралап гүлді қырды  
Қол ұстасып екеуі зыр жүгірді.  
Сары қымызға балқыған төрелердің  
Естіген жоқ біреуі бұл дүбірді...

Самалымен салқындап сары күздің  
Қызыл алма, көк алма... бәрін үзді.  
Кермегіне мәз болып төрелер жүр  
Кәрденіне жазылған кәрі қыздың.

Қатал заңы заманның бұлжымаса,  
Бермегенін бере ме мың жыласа.  
Төрге ұмтылып төлеңгіт көрген емес,  
Төлеңгітке төр өзі жылжымаса.

## ИМАН ҰСТА

Қайта құру. Түсті ауыл қиналысқа.  
Талқылады тағдырын жиналыста.  
Сеңсең бөркін лақтырып топ алдына,  
Сексендегі сөйледі Иман ұста.

– Обал болар, жер жайын ойламасақ,  
Қырда – гүлдер, қалмады ойда масақ,  
Алқаптарға тезірек беру керек,  
Аңызакта шөл басар қойма жасап!

Құшағыңа тартпасаң, жат – бауырың,  
Жат бауырың бермейді ат тәуірін.

Сондай күйді кешіп тұр туған жерім,  
Тулақ болып табанда таптаурын.

Мансұқ етіп дақылдың танабын ен,  
Тракторлар таптады табанымен.  
Туған жерді тоздырып бітіргенше,  
Сырқатының іздейік амалына ем.

Апат деген төнеді айтып келмей,  
Жердің зарын жүрсе де тәйтiк көрмей.  
Табиғаттың болмысын бұзамыз-ау  
Алғаныңның есесін қайтып бермей.

Сыйламасаң, болады ана да жат,  
Сәулесіздер бұл күнде санаға қат.  
Жер-Ананың тағдырын ойлағандар,  
Ұрпағыңның алдында ал аманат! –

Деді ұста. Қол соқты дуылдатып,  
Қателігі өткеннің бүгін батып.  
Қос тіккенде, малаға ол алып келді  
Қос биенің біреуін құлындатып.

## ҰЛЫТАУДЫҢ БАСЫНАН ҰРАН ТАСТАП

Аңсап келіп, бола ма сөз арнамау,  
Өзің жаққан алаудан озар ма алау?!  
Қасиетіңнен айналдым, Қарағандым,  
Ассалаумағәлейкум, боз ордам-ау!

Жиырма жыл – өзіңнен енші алғалы,  
Енші алғалы – іргемді кең салғалы.  
Жиырма жылда сапырып мыс мұхитын,  
Бір керемет биікке ел самғады.

Екі нарға мол жүкті бөлсек аяп,  
Ұшса – қанат, жетпейді желсе – аяқ,  
Ұлытау мен Балқаштың арасына  
Берекені беріпті-ау өлшемей-ақ.

Талайынан мен бүгін өттім белдің,  
Атақ-даңқын көтеріп кеттім де елдің.  
Болашағы ғаламат Қайрақтының,  
Келешегі керемет Көктіңкөлдің.

Барланбаған байлығым бағаланар,  
Тұлпарларым тағы да тағаланар.  
Шашбау тағып электр оттарынан  
Құла дүзге жүгірді бағаналар.

Тұлпар болар жібермес тай намысты,  
Қазынасын жер асты, жайған үсті.  
Жезқазғанның бүгінгі атақ-даңқы,  
Қарағандым, өзіңмен байланысты.

Сенен бірақ демеймін озады үнім,  
Ақ көңілім, адал сыр – таза мұным.  
Ықыластың күйлері – сенің күйің,  
Сәкен елі еді ғой өз ауылың.

Әлі алда биіктер мен аңсаған,  
Көп күй шертіп, мен әлі мол ән салам.  
Ұлытаудың басынан ұран тастап,  
Мың қайтара жолдаймын сәлем саған!

## ЖЕР ТАМЫРЫ

Тыңда мені, құлыным,  
Мен – даланың ұлымын.

Жер тамыры сияқты  
Желкемдегі жұлыным.

Сөйлер едім Бұқарша,  
Көзім болса қырағы.  
Жер тамыры жұқарса,  
Желкеме кеп ұрады.

Көріп жүрсің өзің де,  
Шахталар мен бұрғылар  
Жерді тескен кезінде  
Желкемде ойнап жүр бұлар.

Қаза-қаза құнықты,  
Жерге тыным бермеді.  
Риддерді ұмытты,  
Қарсақбайды жерледі.

Қолдан қолға өтеді  
Байлық шіркін баянсыз.  
Жер түбіне жетеді  
Ашқарақтар аяусыз.

Су – жұғымсыз, оты – арық,  
Жер – мыңқ етпес алыптай.  
«Иқрасын» қотарып,  
Ішін жарған балықтай.

Есті жоқ па ойланған,  
Ойламайды неге олар?  
Қара үңгірге айналған  
Қайран жерім не болар?

Білмедік-ау қадірің,  
Көріп жүріп көзіміз.  
Аралдың да тамырын  
Қиып алған өзіміз.

Ес жиярмыз кешігіп,  
Орны толмас ортаның.  
Жер тамыры кесіліп  
Кете ме деп қорқамын.

## ЖҮЗ ҚҰБЫЛҒАН ДҮНИЕ

Жердің кетгі тынышы,  
Не күтіп тұр мені алдан?  
Сырқат жандай тынысы  
Бір өкпемен дем алған.

Айға қарап сұраймын:  
«Көктер ме екен көп өртең?»  
Күнге қарап жылаймын,  
Бүгінгі бар – жоқ ертең...

## СӘКЕН ТУРАЛЫ ЖЫР

### Түрмеде

Кесігімнен босайтын кезім келді,  
Бесігімнен бауырым езілген-ді.  
Текке тартып кетпеген бабам менің,  
Кекке артып кетіпті «Бозінгенді».

Шындық жұмбақ болатын мына бізге,  
Неге салған ұрпақты ылаң ізге.  
Арысымның, апыр-ау, өзі екен ғой  
Ақсақ киік, ақ бөкен құла дүзде.

Сотқа түскен кезеңдер олжа ма, дау?  
Отқа түскен өзендер – қан жағалау.  
Ерікті елін елжіреп сүйіп тұрып,  
Көріпкелім тағдырын болжаған-ау.

Бұлдыр сағым, өткенім – елес күнім,  
Қайғысы жоқ ешкім де демес мұның.  
Түрмеде де дәлелдеп тұрды Сәкен  
«Халық жауы» өзінің еместігін.

Сенбеді ғой. Сенбейді қасақана,  
Бір түскен соң тұтқынды босата ма?  
Ал, әйтпесе, ел үшін еңіреген  
Хас батыры халқына тас ата ма?.

Зар еңіреп Сәкенге аумағы, елі  
Сұңқарының басына «сауға» деді.  
Сенбеді сот, көнбеді прокурор,  
Екеуі де ең зұлым жаулар еді.

Тергеушілер атуға ынтығады,  
Қанға тойып біткен жоқ құлқын әлі.  
Ауыздығын шайнаған арғымақтай  
Құлагер-жыр қамауда бұлқынады.

Құлагер-жыр қамаудан бұлқынады,  
Тор темірді үзуге жұлқынады.  
Жауап алам деп келген тергеушіге  
Жұдырығын ала кеп ұмтылады.

Шіркін, біреу қайғысын ұғар ма еді?!  
Сарыарқаның сағынтты құмар желі.  
Туған елдің дидарын бір көруге  
Тым болмаса бір сағат шығар ма еді?..

Бұл не сұмдық еліме кесел келген?  
Армансыз ел – ерлерін есен көрген.

Думан көлді кете ме тулақ етіп,  
Туған жерді тұл қылып көсемдерден?

Жатыр оған жабылып сөз қарасы:  
«Отанына қарсы, – деп, – көзқарасы».  
– Оу, не дейді жалақор? Сейфуллин –  
Октябрьдің емес пе өз баласы!

Бәрің бәрін – ақтығын білесіңдер,  
Білмеген боп, жауыздар, жүресіңдер.  
Баяғыдай отар ғып ұстауыңа  
Бөгет болып отыр ма Ұлы есімдер?!.

Содан ба екен асығып жатқандарың?  
Содан ба екен асығып атқандарың?  
Торкөздерде торығып отыр қанша  
Дариядай дүбірлеп аққан дарын!

Үйіп-төктің нәубетін тағдырдың да,  
Салдың солай халықты қан қырғынға.  
«Басқаруға оңай» деп басын кестің,  
Шалажансар денесін қалдырдың да.

Жауыздар-ай, қарғадай қиға қонар,  
Бір сағаттық жарықты қимады олар.  
«Октябрьдің ұраны рас болса,  
Сол үшін де шыбын жан пида болар».

«Кім аңсады? Бірлікті мен аңсамай,  
«Бостандық!» – деп туып ем, өлем солай!»  
Дауылпаздың дауылды жан дауысын  
Естімеді Кремль – керек Сарай.

«Енді кімге ақталып, мен шағынам?  
Бір көруге өртеніп, ел сағынам.

Тап қазір-ақ дайынмын атылуға,  
Жүрегінде халқымның болса күмән».

Сәкен сөзін ешкім де естімеді,  
Естісе де, ел шындықты кеш біледі.  
Тор әйнектен соңғы рет сүйіп тұрды  
Алатаудың жұп-жұмсақ кешкі лебі.

### Қайта келді

Мақпал еді маған қысың,  
Жетпей ұшып саған құсым,  
Сағындырған, табындырған  
Ерке Есенім, аманбысың?!

Еркелеткен көкке күнді  
Ерте жеткен көктемнің  
Көрейін деп келіп едім,  
Естиін деп өткеніңді.

Ойға қалам өкініп кеп,  
Мен жағаңда отырып көп.  
«Сәкен өлді» деген сөздер  
Шықты бүгін өтірік боп.

Дәуірлердің белесінде,  
Келер күннің кемесінде  
Ұмыт болып қалмақ емес,  
Ұлы ерліктер Ел есінде!

Ақиқатты айтам енді,  
Қуантайық байтақ елді.  
Алатауды асқақтатып,  
Ақсұңқары қайта келді.

Келді Сәкен жетпісінде,  
Жалын жігер, от күшінде,  
Қияғы да қиылмастан  
Анненковтың тепкісінде.

Шың көтеріп иығымен,  
Өтіп тар жол қиынымен,  
Өлең оқып тұрды Сәкен  
Уақыттың биігінен.

Мәңгілікке сенетіні,  
Өміріңе енетіні,  
Ұлылықтың бар осындай  
Сағындырып келетіні.

Қуанбайсың сен қалайша,  
Қуанбаймын мен қалайша?!  
Толқындарың тыным таппай,  
Той боларын елге жайса.

Мен де оныңды мақұлдадым,  
Сенде екен ғой ақыл-дарын.  
Жаңаарқаға, Иманаққа  
Жер-жаһанның шақыр бәрін.

Ордаларым, отауларым,  
Қасиетті атауларым,  
Шақырыңдар бүгінгінің  
Ықылас пен Тотаңдарын.

Қарт шаһар мен жас қаланың  
Шақыр күйін, асқақ әнін.  
Төрге шықсын ұлы Сәкен,  
Өлең болсын бас қонағың.

Ай арулар, жас келіндер,  
Үлбіреңдер, қас керіңдер.  
Сұлулықтың құрметіне  
Соңғы рет ас беріңдер.

Хас серілер – нағыз дарын,  
Қасіреттің ал ызғарын.  
Қыран ақын әруағына  
Құран оқы, абыздарым!

Келді Сәкен, келді қайтып,  
Ел тыңайтып, ерлік айтып.  
Өртемейік өлеңдерін,  
Өкінбейік енді қайтып.

Заман жүрмес даңғыл ізбен,  
Адам жүрмес даңғыл ізбен.  
Жақсыларым, жайсаңдарым  
Жасай берсін мәңгі бізбен!

### **Жалғыз аққу**

*Сұңқар Сәкеннің аққудай адал жары  
Гүлбаһрамға арнаймын*

Бұдан асқан жоқ азап,  
Кеудесі зар төгіп жүр.  
Жалғыз аққу, о ғажап,  
Жаңаарқада не ғып жүр?

Түнжыраса ақ аспан,  
Жыр жыласа – бірге өлдім.  
Сұңқарынан адасқан  
Сұлуы ма бір көлдің.

Келді ме екен өлгелі,  
Әлде мынау таңсық таң?  
Көлден емес, шөлдегі  
Не іздеп жүр шалшықтан?

Қашан жаны тыншиды?  
Қорқау әлем, қор қылма!  
Жалғыз аққу сыңсиды  
Көктіңкөлдiң орнында.

Күн суытып, бір ысып,  
Жылан жалап маңайды.  
Жапырақтар бүрісіп,  
Жаутаң-жаутаң қарайды.

Зар боп тұрып тасқынға,  
Кешіп тұрып ылайды.  
Салындының астында  
Сарыгүлдер жылайды.

Сонша неге қарыстың,  
О, қатыгез тіршілік?!  
Жұлым-жұлым қамыстың  
Жұлындары тұр шығып.

Өлексесі көрінген,  
Не іздейді бұл өңірден?  
Кездесе ме өліммен,  
Қоштаса ма өмірмен?!

...Еміс-еміс есінде  
Есі ауған ғашықтың  
Қыркүйектің кешінде  
Күркіреді ашық күн.

Қанаттары көп талған  
Сұңқар еді – ынтығы.

Соған қарай оқталған  
Сұр мергеннің мылтығы.

Не болғанын көрмеді,  
Талып қалды сәтте сол.  
Өлді ме, әлде өлмеді  
Білмей қалды, әттең, ол.

Қанды қолдар атқанда,  
Кетпеуші еді бірі сау.  
Есі ауып жатқанда,  
Көрмегені дұрыс-ау.

Аққу іздеп барады  
Сұңқарының елесін.  
Шыңға соғып алады  
Шырылдаған денесін.

Сезімі жоқ мергенді  
Сезген дүние дір еткен.  
Жоламайды ол жерге енді,  
Жараланса жүректен.

Түк білмейді баба шың,  
Оу, мұңлығым, бізге сен.  
Жерден емес, табасың  
Жұлдыздардан іздесең.

## ҚОРЫҚШЫ

*(Сталин тұсындағы сұрқылтай)*

Ұсқынынан қорықтым,  
Көрсеткенде түйеші.  
Ұлан-байтақ қорықтың  
Жалғыз көзді иесі.

Тандайында тапқаны,  
Маңдайында тыртығы.  
Қапқыш екен қақпаны,  
Атқыш екен мылтығы.

Күні-түні аулады,  
Аққу-қазды қоймады.  
Қырандардың таудағы  
Тағдырымен ойнады.

Қара бұлтты төндірді,  
Тып-типыл ғып тұқымын.  
Қанға малып сөндірді  
Темекінің тұқылын.

Көрсен аман жібермей  
Тажалындай үш құстың.  
Біреу бәйге тігердей  
Қыра берді үсті-үстің.

Қара мұрты қияқты  
Тікірейер атқанда.  
Қара аю сияқты  
Жоламайды жатқанға.

Тырып етпейтін «шөк» десе,  
Түйелерге тиіспеді.  
Темекісін шекпесе,  
Тегін қанды иіскеді.

Соңғы атқаны баспалап,  
Сұңқар ма еді киелі.  
Атқан оғы тас жалап,  
Өзіне кеп тиеді.

Оқ тиген сол мезетте  
Кетпеді ме жан шығып.

Үш күн жатты өзекте  
Өз қанына малшынып.

Шыбын жанын сақтаған  
Шыбыннан да шықты ызыл.  
Ешкім әлі жаппаған  
Екі көзі қып-қызыл.

Қанталаған көздері  
Қатер еді бар құсқа.  
Ұшындырған өзгені  
Ұшырайды қарғысқа.

Қарға-құзғын қансоқта  
Өлексе жеп терледі.  
Ал, Москва сол шақта  
Сталинді жерледі.

Сәт келді бір нұр шығып,  
Тар заманды кең еткен.  
Бой-бой болған тіршілік  
Бой түзеді кенеттен.

## ЗАМАНЗАР

### Тор ішіндегі торығу

*(1986 жылғы желтоқсандағы толқу)*

Миллион тұяқ тигендей дүбір кеудем,  
Дүбірлетер елінің мұңын көрген.  
Ақтанберді айғайлап айтқан сөзді  
Аса алмадық қайталап күбірлеуден.

Үн шығармай үш ғасыр өмір өтті,  
Тілімізге түскендей теміреткі.  
Буыңдырып, өмірден суыңдырып,  
Торлап қойған заман-ай төңіректі.

Көл – сасыған, келмейді сор ішуге,  
Қайттым қалың қайғылы Жер үшін де.  
Қылқынады арманын шығара алмай,  
Бұлқынады жүрегім тор ішінде.

Арғымақ та көргенде түзден күйік,  
Ауыздығын азумен үзген қиып.  
Жерұйықты іздеген желмаямен  
Асан қайғы түр әлі бізден биік.

Сырттан қорлық, көрмесе іштен мазак,  
Еркін ердің басына түскен бе азап?!.  
Менен гөрі бақытты мың жыл бұрын  
Қойын бағып, қойыртпақ ішкен қазақ.

### Ел арманын іздесе

Қалам алдым қолыма,  
Қуә болсын осы өлең.  
Қайраттардың жолына  
Жүрегімді төсегем.

Түсінесің дүбірден,  
Жүрегімді сөйлетсең.  
Желтоқсанда жүгіргем  
Жалаң аяқ, көйлекшең.

Ата жауды аңдыған  
Алдап өтіп айламен,  
Арулардың алдынан  
Арманымды жайған ем.

Жалау етіп жан-тінін  
Көтерілді Арым – Ел.  
Салмағынан танкінің  
Солқылдады сары бел.

Ерім қалай тоқтасын,  
Ел арманын іздесе.  
Бодандықтың ноқтасын  
Боздап жүріп үзбесе...

### **Манеж алаңында**

*(1989 жыл)*

Қара бояу ағарды да,  
Ақтың жүзі қабарды ма?  
Газеттерден күнде оқимыз  
Қауіптірек хабарды да.

Зердең болса байыптауға,  
Шықпайды ғой қайық тауға.  
Құмар болдық шындықты да  
Шімірікпей айыптауға.

Тындамадық шәйірді асқақ,  
Топ бастады тәйір баспақ.  
Жүйрікті де жатырмыз-ау  
Жабыларға айырбастап.

Тұр ғасырды ойландырып.  
Бұл не? Күнде ойран-бүлік.  
Демократия желеуімен  
Тонын киген айналдырып.

Құлқынының күйтін тілер,  
Сатқынның ел сиқын білер.

Қайда апара жатыр сені  
Ереуіл мен митингілер?

Бір керемет қызықты ашпақ,  
Ақырғы «өкіл» бұзық бастап,  
Жетпіс жылғы тарихымның  
Жатыр бәрін сызып тастап.

Бермей тіпті елге төрді,  
Оңға төнді, солға төнді.  
Данамызға тіл тигізді,  
Анамызға қол көтерді.

Алыс қалды ұран күндер...  
Дуылдаған ұғар ма үндер?  
Ел арасын ашып тұрған  
Есі кеткен бұлар кімдер?

Бірі қашқын ақын еді,  
Бірі елшінің қатыны еді.  
Тілеп алған аурудың  
Табыла ма ақыр емі?

Ұлан десем, осы ел сүйді,  
Азамат па десем сыйлы,  
Деникиннің делбешісі  
Демін алмай көсемсиді.

Төбемізден түйіп келді,  
Неге бұлар биіктеді?..  
Теңдік күткен Россиясын,  
Айтыңдаршы, сүйіп пе еді?

Көксегенін байқа да біл,  
Төгіп-төгіп қайта нақыл.  
Отанына оқ атқандар  
Енді бүгін айтады ақыл.

Митингіге толы алаңдар,  
Сақтаң, абай бол, адамдар!  
Көшеде жүр кебін киіп  
Кеше елін тонағандар.

## ЕЛ АЙЫРЫЛҒАНДА

Кетпен кескен күректің  
Көргендер мәз қарасын.  
Қозғамаңдар жүректің  
Қатып қалған жарасын.

Қиянаты батпан боп,  
Ердің құны кеткенмен,  
Ешкім алып жатқан жоқ  
Есе даулап өткеннен.

Ерте туып, кеш күліп,  
Емексітем несін мен?  
Ескі дауың ескіріп,  
Шығып кетсін есіңнен.

Ашу апса арасын,  
Ағайын да азады.  
Жанға батқан жарасын  
Ит те жалап жазады.

Құрты шыққан қордадан  
Қыран жемін ауламас.  
Құлап қалған ордадан  
Құрым киіз дауламас.

Үзбей өтсе тамырын,  
Үрей қуып әкеңді.

Бодан қылған Тәңірім  
Бостандығын әкелді.

Келдім шаңқай түсіңе,  
Шаң-тозаңнан аршылып.  
Жасағанның ісіне  
Жасамаңдар қарсылық!

\* \* \*

Жадырамай бір күліп,  
Жылап жүріп жыр жазам.  
Дүние тұр дүрлігіп,  
Бей-берекет бір заман.

Жетім менен жесірдің  
Көз жасымен жыр жазам.  
Қисық ауыз кесірдің  
Сөзін сөйлеп тұр заман.

Көлгірсиді келбеті,  
Алабажақ безеніп.  
Мықтылардың жендеті  
Мылтығын тұр кезеніп.

Әлемге сап қойды лаң,  
Атыс-шабыс жер үсті.  
Арғымақтың мойнынан  
Аңдаусызда ері ұшты.

Сұрапылдан тайғақтап,  
Су жұқтырмай өтем бе?  
Арғымақты жайдақтап,  
Арманыма жетем бе?

Қайтпай қара қосына  
Кетер ме екен шіркін бақ?

Бура заман осы ма  
Келе жатқан бұрқылдап?

Бозарып тұр дала да,  
Су көтермей сіркесі...  
Тыныш еді-ау балама  
Адам Ата күркесі.

## АҢСАУ

Ертiске кеп көсiлдi,  
Ен жайлады Есiлдi.  
Құлы болған қазақтың  
Құлақтары кесiлдi.

Сары сақалдар есiрдi,  
Сары жайлаудан көшiрдi.  
Бүтiнiмдi сындырды,  
Түтiнiмдi өшiрдi.

Шындығын да жасырды,  
Сұмдығын да асырды.  
Мерекемдi басынды,  
Берекемдi қашырды.

Еркінсiдi, есiрдi,  
Ел биледi кесiрлi.  
Дiлiмiзге түкiрiп,  
Тiлiмiзге тесiлдi.

Айта келдi не сырды?  
Қайтем еңдi өшiмдi?  
Байтақ елдi боздатып,  
Бәйтерегiм кесiлдi.

Сары далаға саңғыды,  
Қаламызға қаңғыды.  
Азаттықтың ақ жолын  
Алабөтен аңдыды.

Батырымды байлады,  
Ақынымды айдады.  
Кемеңгердің орнына  
Кереңдер кеп сайрады.

Ұрғашыны азғырды,  
Ұрпағымды аздырды.  
Ұлағаттың орнына  
Ұраңдарын жаздырды.

Жанды жеді мұң, шырақ,  
Отырғам жоқ күн сұрап.  
Оңала ма елдігім?  
Ойлантады мың сұрақ.

Аңсамадық бекер біз,  
Азат елміз, жеке елміз!  
Құрып бара жатып та,  
Тұрып кетер ме екенбіз?!

## ҚАЙТА СОЛЫҚТАУ

Біреулер: «Біздің достық – аңыз» дейді,  
«Шөлдесем, аузыма су тамыз» дейді.  
Қағынып саясаты тұрған кезде,  
Сағынып сары орыстан ән іздейді.

Қабағым ашылмаған кірбең еді,  
Ток соғып кеткендей боп тұр денені.

«Күлдіріп қояйық» деп келген артист  
Бүлдіріп жүрмесе екен бірдеңені...

«Қыздары қазық аяқ, күміс білек,  
Жігіті екі қолға жұмыс тілеп  
Келген жоқ» дегеніңмен, ән салса да,  
Тұрады төрт бұрышты тіміскілеп.

Ешкімді тұрғызбайды жолына әлді,  
Қып-қызыл. Тазарған жоқ қолы қанды.  
Тағына жалпыштанып жалтақ қазақ,  
Тағы да ресейшіл болып алды.

Тәңірім талаптыны өлтірмеген,  
Жігерді жүрегіңе толтыр деген,  
Қамаудан әзер шыққан текті тентек  
Қайтадан нан жемейді сол түрмеден.

\* \* \*

Заман зары ойландырды,  
Сары қидай маздайын көп.  
Жиырма жыл қойғам жырды,  
Жасық өлең жазбайын деп.

Ойран заман ойландырды,  
Өзегім – өрт, алау – ішім.  
Қайта жаздым қойған жырды  
Қам көңілді жамау үшін.

Жел толқытып жібек жалын  
Салайын да атқа құрық.  
Жүрген кезде жүдеп жаным  
Жарқылдайын сапқа тұрып.

Көрінейін дүр шоғырдан,  
Дүлдүл мініп жүргенімен,  
Қызғаншақтың қыр соңымнан  
Қызыл иті үргенімен.

Қалмаса егер тартынып бақ,  
Уыз өлең еміземін.  
Аралдай боп тартылып қап,  
Қайта толар теңіз едім.

## КОСОВО ҚАСИРЕТІ

### I

Дүбірлеген дүние,  
Сен додаға түстің бе?  
Күңіренді Күн ие  
Косовоның үстінде.

Бомбалайтын ұшақтар  
Көтерілсе-ақ гүрілдеп,  
Косовоны құшақтар  
Жердің қолы дірілдеп.

Жылу қашты қойнынан,  
Жер-анаға обал-ақ.  
Баласының мойнынан  
Басы жатыр домалап.

Көрсен қалай шыдайды  
Зұлымдықтың ең шегін?!  
Көк Тәңірге жылайды,  
Көкке сауып емшегін.

II

Жиылар ма қайта есің,  
Босқындар-ай, мұңлығым?!  
Үзіп алып қайтесің  
Ұрпағыңның кіндігін?

Айналмаңдар қашқынға,  
Ақылыңды алдырып.  
От пен оқтың астында  
Отаныңды қалдырып.

Бағың тайса басыңнан,  
Ағың кетсе ауыздан,  
Ат сұрама қасыңнан,  
Дат сұрама жауыздан.

Ала алмайсың анығы  
Басқа жақтан бақ сұрап.  
Туған жердің тамұғы —  
Жат жұмақтан жақсырақ.

III

Астыңа сап илесен,  
Ата құтың ұшады.  
Ақымақтар билесе,  
Ақыл бұтын қысады.

Періштеге беттейді  
Перілердің ұшағы.  
Парықсызға жетпейді  
Парасаттың құшағы.

Құлға берген сәлемнің  
Құнын даулар атшабар.

Қызығын да әлемнің  
Қызғанады патшалар.

Патша деген ұққанға —  
Уын жайған жыландай.  
Жата берер жыққанға  
Халық сорлы бұландай.

Күңіренсе Күн — ие,  
Күйінудің арты емес.  
Бөлшектенбес дүние —  
Бөліп ішер жарты емес.

\* \* \*

Көп еді көрген зорлығым,  
Көп еді көрген қорлығым.  
Сайтандар салған ойраннан  
Сандалып қалған сорлымын.

Қайғылы өткен жолдарым,  
Таза емес және қолдарым,  
Құранды өртеп жібердік,  
Қойнынан алып молданың.

«Көкмойын» көріп Кеңестен,  
Айырылып қалғам мен естен.  
Жын-сайтан келіп оп-оңай  
Өткізіп берген өңештен.

Шіркін де шіркін, қандайсың?  
Шындығын айтсам, нанбайсың.  
Санаға кірген сайтанды  
Сабалап қуа алмайсың.

Тауықтың күні — тарымен,  
Ал, менің күнім — дәрімен.

Қапталдан қосқан жат ғұрып  
Қатерлі екен бәрінен.

Аңырап талай қалды жыл,  
Шығармай қойды мәңгі жым.  
Мешітке мені бұрмай жүр  
Мойныма мінген әлгі жын.

Тағдырын теліп шегірге,  
Айта алмай көрген қорлығын,  
Таңғалып келіп өмірге,  
Саңдалып қалған сорлымын.

Таланып сан мың кенеге,  
Жүзе алмай қалғам құлаштап.  
Саңдалған емей немене,  
Санамды кетсе ыластап?!

Көрінсем көзге күйіктей,  
Сөкпеңдер, меңде әл қанша?  
Есірік болған киіктей  
Есімді жиып алғанша.

### ҚАУІП

Бесіктен де, көгеннен  
Береке-құт қашып тұр.  
Балабақша дегеннен  
Жетімхана асып тұр.

Арулардың ауы ашық,  
Қызды алдайды қу ақша.  
Тасып-тасып тау асып,  
Із қалмайды су ақса.

Мынау заман не дейді,  
Өз бағытын болжамай?  
Күл-қоқыстан көбейді  
Тауып алған Олжабай.

Иесі жоқ бесіктің  
Құт ұясы болмайды.  
Құлпы ашылған есіктің  
Құпиясы болмайды.

Арсыз заман тарылып,  
Азу тісін батырған.  
Қағанағы жарылып,  
Қағынып тұр жатырдан.

Періштенің нұр тағын  
Сайтан алды мойны асқан.  
Ту ұстайтын ұрпағым  
Тумаса екен ойнастан!

## ЖЕТІМХАНА

Өмірде көп қой мына, ана сұрақ,  
Жауап іздеп жатамыз таласып-ақ,  
Бөбегінен біреулер безіп жүрсе,  
Алып жатыр біреулер бала асырап.

Жетімхана. Келіп ем күзде сонау.  
Деп тіледім жүздерден үзбесе алау.  
Талай бала зар болып бір көруге  
Қалай ғана анасын іздемес-ау.

Еш адрес таппайсың мұнан сұрап,  
Бұған, сірә, төзім жоқ тұрар шыдап.  
Іші түгіл осынау сұп-сұр үйдің  
Тұрады екен сырты да жыламсырап.

Терезені аш. Көктен күн нұры кірсін.  
Нұрды сүйіп, сәбидің мұңы күрсін!  
«Ұят...» – дейді арсыздар тастай қашқан,  
Мұндай, сірә, ұяттың құны құрсын!

Күлкісіне куә боп кей бақ талай,  
Қырын қарап кеттің-ау, ей, бақталай.  
Ойнақтаған ботадай отты басып,  
Безіп жүрген бөбектен бейбақтар-ай!

Ойлағандар сөйте ме ұятты көп,  
Біреулер зар, жап-жалғыз тұяқ тілеп.  
Бала іздеген байғұстар бөбектерге  
Көрінеді анасы сияқты боп.

Жан көрмейсің бұл үйге жаңсақ келер,  
Тас кеудеге ол таусылмас ән сап берер.  
Анасыздар жүреді жаутаңдаумен,  
Баласыздар осы үйді аңсап көрер.

Көріп тұрып жасиды жігер мынау,  
Қара бұлттай, Тәңірім, түнердің-ау.  
Ызғарыңды төктің де бедеулерге,  
Қыздарыңды есіртіп жібердің-ау!

## ӨКІНІШ

«...изм»-дерге таңылды,  
Сана болды тәуелді.

Бодан ұрпақ жаңылды  
Болмысынан әуелгі.

Бодауына бергенін  
Болмысы да айта алар.  
Көкесінен көргенін  
Көкөрімдер қайталар.

Әдемі де ананың  
Әдебі де жетпеді,  
Төңкерісі сананың  
Төрге шығып кеткелі.

Әй-керімдер еріккен  
«Ән салады» әнтектеу.  
Боза ішіп желіккен  
Бозбала да тентектеу.

Бүгін және кеше де  
Шықпай қалдық үйден біз.  
Шолтаңдайды көшеде  
Шолақ дамбал киген қыз.

Бақыт құсы қалай сақ,  
Қонар-қонбай құбылар?  
Бұттарына қарай сап,  
Бұталарға тығылар.

## КҮЗЕТЕМІЗ БЕСІКТІ

Тақастыққа салғанда,  
Бақастыққа көшкенде,  
Мынау күйкі жалғанда  
Не істемейді өш пенде?!

Мүләймсір өтірік,  
Жаным талай күйінді.  
Асыңды ішіп отырып,  
Өртеп кетер үйінді.

Кесетіндей жолыңды,  
Не болды екен соншама?  
Сипап тұрып жоныңды  
Атып кетер моншада.

Тас қып қойып темірмен  
Ашық тұрған есікті,  
Күтері көп өмірден  
Күзетеміз бесікті.

\* \* \*

Азаматтық туының  
Астыңда аз – аты игі.  
Бүгінгінің қуының  
Бірі мыңға татиды.

Соңында жүр мысығы,  
Иномарка – тақымда.  
Бүгінгінің пысығы  
Пысқырмайды ақынға.

Жақындатпас жақыңды  
Бүгінгінің байы да.  
Кіргізбейді ақыңды  
Салқын саяжайына.

Бай амалды асырып,  
Тауып алды жоқ айла.  
Жұмыртқасын жасырып  
Салған құстай тоғайға.

Ешкімнің жоқ білгісі,  
Жігіттерді қыз атты.  
Батыс жақтың үлгісі  
Салып жатыр тұзақты.

Иіс алмас жаман да  
Итін қоспай қалмайды.  
Жүз құбылған заманға  
Жүзім шыдай алмайды.

Тентегі мен нағанды  
Абай түзей алмаса,  
Жүз жылдан соң, заманды  
Түзетем деу – далбаса.

\* \* \*

Кесірлі кекжиеді бергенді ішпей,  
Көк мылжың көсемсиді терден түспей,  
Желікпен желге ұшқан уақыт-ай,  
Жақсымен аз отырдым көрген түстей.

Түбіме талай менің жеткен кезбе,  
Кей-кейде елестейді өткен көзге.  
Ақ тілек аман сақтап қалған еді  
Алаяқ адастырып кеткен кезде.

Адамның көрдім ала-құласын да,  
Ұқсады қарғаға да, лашынға...  
Он сегіз мың ғаламның ішіндегі  
Жұмбақ бұл жаратылыс расында.

Айтқаным – ақиқаттай куәға тең,  
Жан бауыр, түсін мені, уа, көкем.

Ойпыр-ай, бір қалыптан шыққанымен,  
Он балаң он түрлі боп туады екен.

Ойласаң, қайғылы да күлкілі еді,  
Бірі – қор, бірі – зор боп дүркіреді...  
Жан білмес жаратылыс құпиясын,  
Көк аспан көктем шықпай күркіреді.

## ШЕКАРАДА

Ала шапан жамылған,  
Ала таяқ ұстаған,  
Аласынан жаңылған  
Алабөтен сұсты адам.

Қосауызын көргенде  
Күңіренді құс біткен.  
Күдікті де өркеуде  
Келе жатыр түстіктен.

Жөн бермейді жандыға,  
Кімге мылтық оқтайды?  
Қарамайды алдына,  
Қайда барып тоқтайды?

Ызғарынан гүл семер,  
Бетте – жалған бояма.  
Толағайым жүрсе егер,  
Тойтаңдатып қоя ма?!

Есігімді қақпады,  
Теуіп кірді. Жоқ па есі?  
Көсіліп бір жатқалы  
Кеуіп тұрды өкпесі.

Көрінгендей есіктен  
Көрешегім көзіме.  
«Өзағам» деп есірткен  
Өз обалым өзіме.

\* \* \*

Қай сөзіне нанайын,  
Қайсыбірін санайын.  
Отырмайды тып-тыныш,  
Өртемесе маңайын.

Қылығы жоқ төзетін,  
Құлығын ел сезетін.  
Жұлқысатын жан жоқта  
Жұлып жейді өз етін.

Сайтанмен де тілдескен,  
Сайқалға да мінгескен.  
Құбылаға қарамай,  
Құбылмалы күн кешкен.

Сыртқа шықпай іштегі,  
Сірне болған тістегі.  
Алақұйын неменің  
Аты аузыма түспеді.

Адам болса – бойында ар,  
Ақиқатты мойындар.  
Есте қалмас есімді  
Естімей-ақ қойындар.

\* \* \*

Ауды талай есім де,  
Аурудан айықпай.  
Асау теңіз төсінде  
Аласұрған қайықтай.

Дала ма, әлде үйім бе...  
Қара дауыл қатты ұрды.  
Шалажансар күйімде  
Жар басынан лақтырды.

Қайда барып сығылғам,  
Қара дауыл қатты ұрды.  
Шығайын деп шыбын жан,  
Жылайын деп бақ тұрды.

Оқыларда жыр – Құран,  
Найзағайдай көк тіліп,  
Құйылып кеп бір қыран,  
Қанатымен кетті іліп.

Ес кіргенде аздаған  
Көзімді ашсам, ала таң...  
Қош айтыса жаздаған,  
Қош бол, менің палатам.

\* \* \*

Күз келіп, күн суыған,  
Қуып жүр ем асауды.  
Қарғалардың шуынан  
Қара жердің басы ауды.

Қойдым мен де қууды,  
Құр далбаса еңдігі.  
Қалтыратып буынды,  
Қара құйқам зеңгіді.

Қара терге түстім мен,  
Құм толғандай құлағым.  
Қарагердің үстінен  
Қапылыста құладым.

– Ел болады күйікте,  
Тумаса егер ерден ұл.  
Қарға ұшады биікте  
Қыраны жоқ жерде бұл.  
Жүрегіңде жүрсін, ұқ, –  
Деді біреу күрсініп.

От па, денем жалын ба?  
Жатқан жерім боз екен.  
Жалт қарасам, жанымда  
Отыр екен өз әкем.

\* \* \*

Жұрт айтады әрқилы,  
Бақытты ма бақтағы ұл?  
Шарап ішіп шалқиды  
Шаңда қалған шақта бұл.

Қарап ырду-дырдуға,  
Қара терге малшынам.  
Құриды ма құрдымға  
Құрағандар тамшыдан.

Әулекі боп әулетім,  
Айнала ма наданға?  
Бабасының дәулетін  
Бала шашқан заманда.

## ЖЕҢІС КҮНІ ОЙНАҒАН НАЙЗАҒАЙ

Тарих! Тарих! Сен мені, кешір, абыз!  
Естен кетсе, ерліктің несі аңыз?!  
Ұлы ерлікті ешқашан ұмытпаса,  
Ұрпақтардың міндеті — осы нағыз!

Әкелердің аузынан бұрын естіп,  
Кітаптан да, кинодан біліп өстік.  
Қан майданда құрыштан құйылғандай  
Ұмытпаймыз біз сені, ұлы достық!

«Соғыс!» десе, ет жүрек сескене ме,  
Еске алмаймыз азаңда, кешке неге?  
Ұлы ерлік ұрпаққа ұран болар,  
Ұмытылмайды ешкім де, ештеңе де!

Жазылған жоқ Жер-Ана жарасынан,  
Боздақтардың сұра сен баласынан.  
Кинокадрдан іздейді әкелерін,  
Бейіттердің іздейді арасынан.

Аналардың жан даусы құлақта әлі,  
Сөніп қалды үміттің шырақтары.  
Жампоздарын сағынған жесірлердің  
Жанарында тұрады сұрақтары.

Жауап таппай, дүние жасқанады,  
Жұбататын жоқ оның басқа амалы.  
Ашылып та кеткен жоқ аспан әлі,  
Кірпігінен бұлттардың жас тамады.

Сыңсиды ма?.. Өксиді, өкіреді,  
Жылап жатқан жесір мен жетім еді.  
Қайғысына қара жер шыдаса да,  
Қарс айрылды ғарыштың көкірегі.

## ЗАМАН – ҚЫМБАТ, ЗАҢ – АРЗАН

*(Сот залынан репортаж)*

– Жалғыз соның мойнында  
Төрт жігіттің қазасы.  
– Алтын болса қойнында,  
Ауырламас жазасы.

– Толтырам деп қотанын,  
Тонна тартқан қылмысы.  
Тонап кеткен Отанын  
Тон жамылған бұл кісі.

– Талай-талай пысығың  
Талтаңдап жүр ән сала.  
Ұстатпаған ұшығын  
Ұрылар да қаншама?

Сырттан кірген кісіге  
Жұрт айтады білгендей.  
Бар қылмыстың ішіне  
Араласып жүргендей.

Қорғанына қоятын  
Кодекстің көзінше,  
Орғанына тоятын  
Сот шешеді өзінше.

Шаршамады екеуі  
Шатастырып, шатудан.  
Түрме болды мекені,  
Аман қалды атудан.

Түзетуге толғанмен,  
Туғызбайды бар заң дау.

Заман қымбат болғанмен,  
Заңы бірақ арзандау.

ҚАРТТАРЫМ, ҚАЖЫП  
ЖҮРСІҢ-АУ...

Әке сөзі баласына дарымай,  
Бірін-бірі түсінбейді, бәрі дай.  
Тағылымы жерде қалған тарыдай  
Күні өткен, құны кеткен кәрім-ай!

Ой, кәрім-ай, өзіңде де кінә көп,  
Дауыл көрмей, жауын көрді бұла көк.  
Арзан әнге еліктіріп жібердің,  
Бар заманда бетін қағу күнә деп.

Қалай туып, қалай бұлар оттықты?  
Ата-ана, үлкен сыйлау жоқ тіпті.  
Қиындықты көрмей өскен көкөрім  
Көтере алмай бара жатыр тоқтықты.

Шүлдір-шүлдір шырқап жатыр жоқ тілде,  
Билейді кеп бейуақыт от-түнде.  
Қасиетті қайран жастық қор болып,  
Желіккеннің жетегінде кеттің бе?

Тұрдым көріп, кірбің келіп, айта алмай,  
Құр сұлдерім. Кейін қарай қайта алмай.  
Маған елес, адам емес сияқты –  
От ішінде ойнап жүрген сайтаңдай.

Ойланғанға оң де қайғы, түс қайғы.  
Бір пәленің көлеңкесін нұсқайды.

Бөтелкені бөтегеге басқандар  
Құмырадан шыққан жынға ұқсайды.

Алабажак, үрпе-сүрпе, о тоба,  
Түк самайлы ұқсамайды ботаңа.  
Қажып жүрсің, қарттарым-ай, қайтейін,  
Үлгісізді ұрпағым деп атама!

Кимей өсті кең саптама, кең шекпен,  
Жаралғанмен жаныңдағы бөлшектен.  
Адал болып өсе алмайды, салтыңа  
Ата дәстүр дарымаса емшекпен.

Оу, ағайын, жаласы жоқ сөзім — шын,  
Жастар бүгін болып кетті өзімшіл.  
Бас иетін білмей баба дәстүрін,  
Қасиетін қалай ғана сезінсін!

\* \* \*

Жеңіл жүріс, СПИД-тің себебі не?  
Арсыздардың көндік пе дегеніне?  
Сайтандарға ұқсаған бөкселері  
Сайқалдарға соқпаймыз неге дүре?!

Сауықсыздан қайтеміз сауық тілеп,  
Таба ма адам арынан ауып тірек.  
Маңғадырдың бір маңғаз дәрігері:  
– Барлық дерттен бұл, – дейді, – қауіптірек.

Газеттер де, журналдар жанды жейді,  
Өліп жатыр азғынның алды, мейлі...  
Кәрі молла Құранын ашып қойып:  
– Ақырзаман таянып қалды, – дейді.

– Садаға кет, сайқалдар, Ана атынан, –  
Дейді естіген бір әже заматынан...  
Қайда кеткен киелі аруларым,  
Періштенің жаралған қанатынан?!

Жарлы едік, арлы едік кеше біздер,  
Жеңіл жүріс, көбейді өсек іздер.  
Сақтаныңдар ғасырдың індетінен,  
Ұрпағымыз азбасын десеңіздер!

\* \* \*

Жерден биік үшқандар –  
Жетесізге бөгеттей.  
Табалайтын дұшпаңдар –  
Абалайтын төбеттей.

Арам қанды жоятын  
Пайдасы бар биттің де.  
Үріп-үріп қоятын  
Міндеті ғой иттің де.

\* \* \*

Айыр тіл алдағанда, алмас тыным,  
Ашылса, сейфтен де қалмас түгің.  
Аузынан алады ол арыстанның,  
Алады қолынан да албастының.

Өмірден отырғам жоқ орын аяп,  
Кезбе ғып беріпті ғой сорына аяқ.  
Өңімде көргеніме өкінемін,  
Түс болса, қояр едім жорымай-ақ.

\* \* \*

Өмір кешіп, ой кездің бе?  
Заман-зәлім, қиын тәртіп.  
Балбыратпас беймезгілде  
«Балбырауын» күйін тартып.

Толғанайлар дауыс қылған,  
Тастай салып өрмектерін,  
Сахнасын ауыстырған  
Театрды көрмеп пе едің?..

Заман солай желгеннен соң,  
Қара басқа ойла қауіп.  
Театрға келгеннен соң,  
Рөліңді ойна тауып.


Армандарың ірі ме еді,  
Қыңырланба мұртты алғанға.  
Артист өліп-тіріледі,  
Сахнадан сырт қалғанда.

Жылайсың да, күлесің де,  
Көңілді оның әуені аз.  
Келмейтінін білесің бе  
Қыстан бұрын әуелі жаз.

Етек-жеңді жидыратын  
Қилы заман. Қилы қосы.  
Уысына сыйдыратын  
Уақыттың билігі осы!



«БОЗТОРҒАЙЫ ЖАНЫМНЫҢ»  
ЖИНАҒЫНАН





## АЗАТТЫҚ

Сыналап кіріп ертеден,  
Сығалап қарап саусақтан,  
Ормандарымды өртеген,  
Армандарымды қаусатқан.

Өзендерімді ортайтып,  
Жасылдарымды қуратқан.  
«Халыққа жау» деп жорта айтып,  
Асылдарымды тура атқан.

Өзгенің құлдық мазағы  
Бермеді азат сөзге дем.  
Аз халықтардың азабы  
Артықтау екен өзгеден.

Кемсітулерге кектенбей,  
Қашанға жүрсін ет өліп?!  
Желтоқсан, міне, жеткендей  
Рухын ұлттың көтеріп!

Жанарын жаспен суарған,  
Қуанған далам қуарған.

«Азаттық» деген ұлы арман  
Алаштың атын шығарған.

Шығарған даусын шындықтың,  
Ақырын тілеп Алладан.  
Мың жылдық жолын мұңлықтың  
Мұнарсыз күнге жалғаған.

Жібіген шығар Жаратқан,  
Көл-көсір төккен көз-жасқа.  
Әлемді түгел қаратқан  
Азаттыққа айттым бозқасқа!

\* \* \*

Дей алмаймын маған дарын қонбаған,  
Кеудем менің толған өлең, толған ән.  
Құдайменде құйып берген толқынын,  
Өлеңді де өзі берген сол маған.

Мен толқымай тұра алам ба, тербесең,  
Төбіренбей өлең жазсам, сенбе сен.  
Егер өзің, туған далам, болмасаң,  
Онда мен де дүниеге келмес ем.

Қыранына қарап тұрып қомданам,  
Жырауына қарап тұрып толғанам.  
Егер сенің мың бояуың бар болса,  
Соның бірін өлеңіме қолданам.

Шіркін өлең, туар дейсің қай тәуір,  
Сары деймін, қызыл деймін әйтеуір...  
Бір бояуы жетпей қалса егер де,  
Туған жерге жалт қараймын қайта бір!

## АБАЙ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

Жаралды ма бағына,  
Жыр-жетімдер жыламай,  
Өлең-патша тағына  
Өзі отырды Ұлы Абай.

Ентелеген ағыны  
Ерке сезім – бұланай.  
Еркелердің бәрінің  
Есін алған Ұлы Абай.

Сылқым өлең – Әйгерім,  
Сұлу өлең – Құралай.  
Аруларды әй, керім  
Сүйіп қойған ұлы Абай.

Тусақ тірі кезінде  
Күн кешер ек қалайша?  
Сұлулардың өзін де  
Сүйе алмаймыз Абайша.

Абай – патша қалпында,  
Алданбады арзанға.  
Кезікті де алтынға,  
Жолықты да маржанға.

Еске алмаса, еленіп,  
Айта алмайсың елге наз.  
Кенен ойға кенеліп,  
Кемеңгер боп келген аз.

Қияметке жол шегер  
Қия беттің лебі – ызғар.  
Абай тірі болса егер,  
Ақын болып неміз бар?!

\* \* \*

*Мыңмен жалғыз алыстым...*

*Абай*

Баяғының байы да  
Белдесуге тұратын.  
Бүгін саяжайына  
Беттемейді бір ақын.

Алатаудан асырып,  
Бай тықпайды оңайға.  
Жұмыртқасын жасырып  
Салған құстай тоғайға.

Жоқтан барды жасаған  
Жарылқамас жақыңды.  
Атып кетер тасадан  
Алысатын ақыңды.

Азаматтық туының  
Астыңда аз — аты игі.  
Бүгінгінің қуының  
Бірі мыңға татиды.

Иіс алмас жаман да  
Итін қоспай қалмайды.  
Жүз құбылған заманға  
Жүзім шыдай алмайды.

Тентегі мен наданды  
Абай түзей алмаса,  
Жүз жылдан соң заманды  
Түзетем деу — далбаса.

## БАЛАМА

Үстінде жүрген кеменің  
Қадірін жердің ұғады.  
Думанды күндер дегенің  
Дүбірлеп өте шығады.

Көңілге арман толса да,  
Өмірге жүрмес өкпе-наз.  
Қыс шіркін ұзақ болса да,  
Көгеріп келген көктем аз.

Күйдіре білер, тоңдыра,  
Тіршілік – күй ғой мың қақпай,  
Шертүі қиын домбыра,  
Шешуі қиын жұмбақтай.

Бос тұрған үйдей қаңырап,  
Өмірге неге суықсың?  
Бабадан қалған шаңырақ,  
Әкеден қалған уықсың.

Тірлігі жақын-жуықтың  
Бірлігі болса, қашам ба?!  
Шаңырақтың да, уықтың  
Міндеті ауыр қашанда!

## МЕНИҢ РЕСПУБЛИКАМ

Кен мұхиты – қойнауы,  
Аймағы – өмір алауы.  
Жақсылықтың жайлауы,  
Жарқын істің жалауы.

Шарықтаған көгіне  
Бір-бір жарық жұлдызы.  
Ерлікпен де еліне  
Аян болған ұл-қызы.

Ұлы заман үшін де  
Қанат болған қос тілі.  
Өңінде де, түсінде  
Ұран болған достығы!

## ҚЫЗЫЛДЫҢ ҚАЛДЫҒЫ

Күміс деуге бола ма қалайыны?  
Алтын-жезді айырмас талай іні.  
«Қызылдардың қызыл көз қалдығы», – деп,  
Сықпыртады сыртынан ағайыны.

Ел ішінде естиміз сыбыстан да,  
«Қыңыр, – дейді, – қайырсыз туысқанға.  
Шыбын жаны шырылдап, қорқады екен  
Қатты шыққан дауыс пен дыбыстан да».

Жүк артады ағайын тайға атандай,  
Қалғымайтын қырандай ойға талмай,  
Көре алмайтын күншілдер: «Бір қу», – дейді,  
Құлығына құрығын бойлата алмай.

Дүрліктіріп аудан мен аймағымды,  
Аттан құлап, тағы да тайға мінді.  
Желбуаздар ішінде отыр екен,  
Жеткенімде желдіртіп тайлағымды.

Кінәлайды сыртынан несіне елі,  
Көптен жақсы көретін досым еді.

Туралықтан таймаған азаматқа  
Айтылатын бағасы осы ма еді?

Туған жерге көп көмек істеді анық,  
Сөйлесе ғой бөлінбей үшке халық.  
Көкездулер көрмейді ештеңені,  
Тұра қаштым тілімді тістеп алып.

\* \* \*

Қазақстан – айбарлым,  
Орта шаруа ел едік.  
Бәсекесі байлардың  
Енді қызып келеді.

Шыдай алмай тұр ма атың,  
Қалай екен басқа жақ?  
Қала сайын бір қатын  
Қойып алды жас қазақ.

Жастар неткен жігерлі,  
Қайда жүрген жасырып?  
Саудасын да жіберді  
Самарқандтан асырып.

Салтанатын қарашы,  
Байлар салды Кремль.  
Өң мен түстің арасы  
Сияқтанды бұл өмір.

Қыздырмалар қонғанда,  
Береді екен байға леп:  
– Кремлің болғанда,  
Мавзолейің қайда? – деп.

Өткенімен аз-ақ күн,  
Кремль көп қалада.

Мавзолейі қазақтың  
Болады ғой далада.

\* \* \*

Көрсетпей жазыпты  
Жауына жарасын.  
Далама жазықты  
Тауыма қарасын.

Киелі жер деген  
Жуытпас жат-жасын.  
Жеткізбей жерлеген  
Парсының патшасын.

Маңына түспеді  
Ескендір құрығы.  
Тілін де тістеді,  
Діңкесі құрыды.

Ой-қырға үлгерді  
Оң-солды орған сақ.  
Шығыста күн көрді  
Шүршіттер қорған сап.

25.01.2006

## ІНІГЕ ХАТ

Көшесінде ақынның,  
Ханның әрі батырдың.  
Жартастары қоршаған  
Жарты аралда жатырмын.

– Жарты аралда хал қалай? –  
Деп сұрапсың Алмағай.  
– Орыс-қазақ сол қалпы,  
Орақ пенен балғадай.

«Күлдір-күлдір, күлдір» деп,  
Күн де жетер бір-бірлеп.  
Балабақша сөйлейді  
Баяғыдай шүлдірлеп.

Тас деменіз тас қалпың,  
Үсті – тақыр, асты – алтын.  
Асырайды Жезқазған  
Азияның аш халқын.

Өкініш те өтті көп,  
Қабыл болсын көп тілек.  
Сөге көрме, құлыным,  
Семіз сөйлеп кетті деп.

Сөйлесек те бұлай біз,  
Күліп тұрып жылаймыз.  
Байдың аузы қисайса,  
Солай қарай құлаймыз.

Көршілерге сәлем де,  
Бізде нағыз Егемен.  
Бай мақтанса әлемге,  
Мақтанбайын неге мен?!

\* \* \*

Өмірдің бар болмысын болмас ұқпай,  
Қайран дос, қиындықта қолдас, ықпай.  
Сағынып Сарыарқамды сарғаям көп,  
Сақтанып жүрмін ұзақ жолға шықпай.

Дүниеде басқа тірлік жоқтай мынау,  
Аял аз. Адам көпте тоқтай ма лау.  
Адасып түсіп кетсем алыс жолға,  
Қайран ел, қайтып саған соқпаймын-ау.

Батыстың бақытты ма мұнарлы елі,  
Тартпайды-ау сары далаға құмар мені.  
Адасып АҚШ барсам, ағатайлап  
Алдымнан Әкежаным шығар ма еді?

Шығады, шықпағанда қайда кетер,  
Арыстың бірі еді ғой айнам егер.  
Тағы жоқ тай соятын елдегідей,  
Қайтеді шығындалып шайға бекер.

Отанда сай таппаса сая қылар,  
Кезбеге айналмай ма аяғы бар.  
«Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ»  
Дегенді қалай айтқан баяғылар.

Бақыт қой – елдің жүгін бірлесе артып,  
Қажымай қара нардай жүрсе тартып.  
Жат жердің жұмағында шалқығанша,  
Ту тіккен туған елдің түрмесі артық.

## ДУБІРЛІ ЕЛ

Шежіресін шертеді,  
Тыңдай білсең сен егер.  
Сан мың дастан, ертегі —  
Сеңсең бөрік көне жер.

Қарттарының сөздерін  
Гибрат қып алғандай.

Қыздарының көздерін  
Қарақаттан салғандай.

Арманыңдай шың басы  
Биікке үміт артқандай.  
Жігітінің тұлғасы  
Копетдағқа тартқандай.

Тәуелсіздік ұраны —  
Жаңа бір таң атқандай.  
Түрікменнің ұланы  
Бәйге алғалы жатқандай.

## ЕКІ ДҮНИЕ ЖҰМАҒЫ

Өз жадына разы  
Таба алмайсыз елді сіз.  
Баяғының біразы —  
Бүгін бізге белгісіз.

Баяғының көшін де  
Ешкім көріп қайтпайды.  
Ұлытаудың есінде  
Болғанымен айтпайды.

«Ең алғашқы атты адам  
Білген», — дейді өз дана,  
Тотықұстай жаттаған  
Сөз білеміз аз ғана.

Шалқар жерді шаң қылған  
Он ғасырдан аспаймыз.  
Кесенесін қалдырған  
Алашадан бастаймыз.

Ұлтқа төнсе ұлы сын,  
Қамал еді тас қорған.  
Жошы хан да ұлысын  
Ұлытаудан басқарған.

Елдің мұңын жоқтаған  
Едігенің ұлы ісі,  
Ұлытауда тоқтаған  
Тоқтамыстың тынысы.

Аңыз айттық мың кісі.  
Мейлің, қосыл, қосылма.  
Адам Ата тұңғышы  
Туған дейді осында.

Басталатын көгінде  
Адамзаттың самғауы.  
Тәңірінің тегін бе  
Ұлытауды таңдауы?!

Бір қорытынды шығады,  
Мүмкін емес қолдамау.  
Екі дүние жұмағы  
Ұлытауда болған-ау!

\* \* \*

Жайықтан көрген кемелер  
Зәремді зәттем ұшырды.  
Ғайыптан келген немелер  
Қайықтан мені түсірді.

Елпеңбайларым не білді?!  
Өтем бе мінбей қайыққа,  
Еркіне беріп Еділді,  
Жаутаңдап қарап Жайыққа?!.

Сақалы түскен қуарып  
Мүйізсіз серкедей күнім.  
Жайыққа тұлпар суарып,  
Еділге еркелемеймін...

## ДАЛА

Еркіндеп те кетіпті, ержетіп ел,  
Қандай ұлы күшпенен тербетіп ең?!  
Мыс мұхиты толқыса жер астымен,  
Дариялар тулапты жер бетімен.

Бір қиырдан бірге ұшсам сұңқарға еріп,  
Келеді ол да өзіңді іңкәр көріп.  
Есек мінген төсімді теппесін деп,  
Қойшыға да қойыпсың тұлпар беріп.

Бар өзінде батырлық, қайсар қылық,  
Бар жомарттық, өзінде байсалдылық.  
Дұшпандарың у салған сырлы аяқты  
Қайтарыпсың әдейі май салдырып.

Бәз қалпыңнан айнамай тұршы, дала,  
Ағыл-тегіл жыр бердің жыршыға да.  
Ән мен күйге толсын деп бар өмірі,  
Әр адамға беріпсің бір сыбаға.

Алыс кетсем, өзіңе асықтырып,  
Сен келесің ғұмырлық ғашық қылып.  
Ғасырлардың оқимын шежіресін,  
«Дала» деген дастанды ашып тұрып.

\* \* \*

Қайдан түсті ойыма?..  
Қоңыр еді күзгі күй.  
Қоңырөлең бойына  
Көшіп келген біздің үй...

Соқпақ жолдай бұралаң,  
Хал бар дейсің қай тәуір?..  
Жоқтан, бардан құраған  
Өмір еді әйтеуір.

Ортақ еді несібі,  
Бір адамдай — бар адам,  
Барлық үйдің есігі  
Күншығысқа қараған.

## ҰЛЫТАУ. ТАҢБАЛЫ ТАС

Даланың тектілері  
Шетінен жатқан үлгі.  
Бәрі де: «Көп тілегі  
Үшін», — деп атқа мінді.

Сынбастай жаудан сағы,  
Түсірер таққа да арай.  
Үміттің ауған шағы  
Ұлытау жаққа қарай.

Себеді желегі әтір  
Ел қонған етегінде.  
Алатау келе жатыр  
Жеті өзен жетегінде.

Жақындау сияқты арман,  
Суытпай ыстық ізді,  
Үшқынды тұяқтардан  
Үстірттің үсті қызды.

Айбаты асқан аймақ  
Аямас елге төрді.  
Намысын тасқа қайрап,  
Жігерін жел көтерді.

Тәңірден тілеп тұрып,  
Тілегін тыңдаса алған.  
«Бірлік!» деп білек түріп,  
Ант етіп таңба салған.

Аманат жолдаса елі,  
Көрінбес қия шалғай.  
«Ұлы тау» болмас еді —  
Ұранға ұя салмай.

Көкшедей тауы көрік,  
Алтайым — маңдайға құт...  
Үріккен жауы көріп,  
Біріккен қандай бақыт?!

## АЛҒАШҚЫ АЛАМАН

*(Жездем Түйте Ысқақұлы рухына)*

### I

Ашылардай бақыты алдан,  
Әр бәйгеде аты қалған.  
Құлынында көрген жездем  
Құнанында сатып алған.

Арман еді қасқа ат маған,  
Атқа мінсем, асқақтағам.  
Балаң едім басы шикі,  
Табанына тас батпаған.

Бір кеңшілік сол заманда  
Қанат берді ол маған да.  
Күнде тойды көрер ме едік,  
Брежнев болмағанда?..

Қызық еді көрген көзге,  
Қуанған көп менен де өзге:  
«Үйсінбайдың ауылында  
Той болады», — деген кезде.

«Бәйге!» десе, ел тік тұрады,  
Жүйріктердің шықты бәрі.  
Қалада да ат жаратқан  
Қаражалдың мықтылары.

Сәні бөлек, сәтті айдағы,  
Жалаулатып жатты аймағы.  
Жиырма бес шақырымға  
Жиырма бес атты айдады.

...Жетті арманға көп күндегі,  
Кілең жүйрік екпіндеді.  
Тауға атылған тасқындай боп,  
Таудан асып кетті ілгері.

## II

Шапқан бетте оз демеді,  
Өзге атты «сөз» демеді.

«Көк дөненді көзден таса  
Қылма!» — деген жездем еді.  
Аруағы қолдаса аттың,  
Керегі не сол «қосақтың?»  
Екі қолым қарысқан соң,  
Тізгінімді сәл босаттым.

Беделі зор бұл елдегі,  
Жездем менің жігерлі еді.  
Жарты жолдан тосып алып:  
— Аттың басын жібер! — деді...

Көк дөненге «қосақтаған»  
Жездемнен де кеш ақталам.  
Бас бәйгені алар едім,  
Жетпей қалды бес-ақ қадам.

Екпінімен қамыс қозғап,  
Жүйрік еді шабыста озбақ.  
Жалыны жоқ жанарыңда  
Жылап тұрды намыс боздап.

Атқа шапқан атым дардай  
Болғанымен, батылданбай,  
Жалт бұрылдым, жанарына  
Жақындауға дәтім бармай...

Бәйге алдым деп көкімедім,  
Жанарымнан оқы менің.  
Аттың басын кеш жіберіп,  
Әлі күнге өкінемін.

## БІЗДІҢ АУЫЛ

### *1. Қырық жыл бұрын*

Талай аңыз тауысқам,  
Күндіз де естіп, түнде естіп.  
Ұрпақтарға ауысқан  
Үзілмейтін үндестік.

Бабасына еліктеп  
Бала өскен заманда,  
Маңғадырға келіп кет,  
Маңғаздарым аманда.

Көрінеді кезеңнен  
Қасиетті екені.  
Маңғадырым – ежелден  
Маңғаздардың мекені.

Бөгде ойдан бөеген  
Ар-ұятқа қарауыл.  
Бақытты еді не деген  
Алпыс шалы бар ауыл?!

Жол табатын қиыннан,  
Ақылға олар қат па еді?  
Өңкей жайсаң жиылған  
Тату тірлік тәтті еді.

Ауыл өзі танытын  
Ақылы асқан көсемін.  
Жігеріңді жанитын  
«Маршал» дейді бесеуін.

– Шен-шекпені бірдей ме, –  
Десең, – қалған бар шалдың?..

Генералдар жүрмей ме  
Маңайыңда маршалдың.

Ақыл-ойды маздатар  
Генштабтан бір кем бе?!  
Алпыс шалым қаз-қатар  
Қаздай қалқып жүргенде.

Ұйқасы емес өлеңнің,  
Айттым нақыл мен ескі:  
«Кемеңгері жоқ елдің  
Келешегі көмескі».

## 2. Он жыл өткен соң

Орындалмай тілеуі...  
Жарығанша біз аққа,  
Бірінен соң біреуі  
Түсіп жатты тұзаққа.

Көретін көп немере,  
Алда болар той қанша!  
Түсті оларға жеребе,  
Мұртымызды қойғанша.

Аттатпаған Алдарды  
Ажал, шіркін, бола ма?  
Алдына сап шалдарды  
Айдап кетті молаға.

Кеткендерін қош көрмей,  
Маңғадыр да тұнжырап,  
Шұбатылған көштердей  
Шығарып сап тұр жылап.

## БІЗДІҢ АУЫЛДА

Тоқығанның құны кеміп,  
Оқығанның білімі өліп,  
Жайлы жерде шалқып отыр  
Жағымпаздар тілін еміп.

Бұл кезеңнің ең ғажабы:  
Көріпкелге көр қазады.  
Ақылдыны аттап өтіп,  
Ақымақтар төрге озады.

Жартас неге жаңғырады?  
Көктен қарға саңғырады.  
Жаңалықтай көрінеді  
Жамандардың сандырағы.

Ашып бітті сұм араны,  
Ауылым тұр құлағалы.  
Ақиқаттың жаназасын  
Өтірікші шығарады.

Жауып тастап сазды алтынға,  
Алалаған аз халқын да  
Әкімдер жүр әкіреңдеп  
Тайға мінген таз қалпында.

1997

## ҚАРАЖАЛ

Бұл жерде бірге өскен досым көп-ті,  
Бал дәурен балалығым осында өтті.  
Кәрістің мәстегінде келешегім,  
Орыстың тәштегінде өшім кетті.

Сортаңға сорымыз ғой қала салған,  
Қай қазақ «Бұл қате!» деп таласа алған?!  
Бойынан жоғарыға қараса да,  
Биікке шығармайды аласа арман.

Көзі көк, сөзі көптер былшылдаған,  
Қызылдың кезеңі еді қылшылдаған.  
Ойланбай қала салған орыстардың  
Оңдырмай кеткенін де білсін далам...

...Білмедік пайдасын да, зиянын да,  
Заманды тап баспады зиялым да.  
«Керемет» көрінбеген келешегі  
Халықтың қалып қойды қиялында.

Қалды ма жүре алмаған қарты ғана,  
Бір көштің бір көш кетті артын ала.  
Аз ғана күнкөріске алданғандай  
Қаңырап, қалтырап тұр жарты қала.

...Қаражал, шыдамымды тауыстым де...  
Жетеді жер астынан дауыс кімге?!  
Шалқайып сен аспанға қарағанда,  
Қалқайып тұрушы едік тау үстінде.

## ШӘМШІ ҚАЙДА БАРАДЫ?

*(Түсімде туған өлең)*

Арулардың аралы  
Армандарың — біз дей ме?  
Ақсұңқарым жаралы  
Аққуларын іздей ме?

Күйге бөлеп бар маңын,  
Жетер, бәлкім, қанша айда?  
Ақсұңқарын – арманын  
Аққулар да аңсай ма?

Қаратаудың қаздары  
Қызғанышпен қарады.  
Сағыныштың саздары  
Мұңға айналып барады.

Самал соқса Жайықтан,  
Алатауға жетеді.  
Ақсұңқарым ғайыптан  
Әнге айналып кетеді.

Енді қайда асығам?  
Жүректегі жыр емес.  
Кетті үзіліп ғашық ән –  
Ақсұңқар боп жүр елес.

Бұлт биіктеп бір елі,  
Тіл бітірсін тасқа да.  
Аққулардың жүрегі  
Дір етпейді басқаға.

...Махаббаттың аралы,  
Сені іздеген айып па?  
Шәмші қайда барады,  
Жалғыз мініп қайыққа?

## ӨЗЕНДЕРІМ – ӨР МІНЕЗ

Абыр-сабыр бар адам,  
Гүрілдейді өр өзен.

Өзен жаққа қараған  
Менің жалғыз терезем.

Қарасам-ау, ал ойлап,  
Одан бір күй сезем де,  
Өз денемде қан ойнап,  
Өзеуреймін өзенге.

Байқамашпын мен оны,  
Бір-бір тасқын –бір ақын.  
Өзен болып өлеңі  
Ағады екен сұрапыл.

Өр мінезді Қасым жүр  
Жауды өлтіріп, өзі өлмей,  
Жарқылдайды жасын жыр  
Өртке асыққан өзендей.

Сұрапылда дүбірлі  
Толқынынан сез оны.  
Жүректерге жүгірді  
Мұқағали өзені.

Сұрапылда әр ізді  
Сұрамайды кемедең.  
Айсберг тәрізді  
Айбергенов Төлеген.

Өзенге сел –қауіп құр,  
Керек нөсер, таң нұры.  
Жып-жылы боп жауып тұр  
Жүмекеннің жаңбыры.

Қуаныңдар! Көр, міне, ез!  
Көбейеді тасқындар.  
Өзендерім –өр мінез,  
Өмірбаянымды аштыңдар.

Артым – тақыр, алдым – жар,  
Сексеуіл ем шағылда.  
Аман сақтап қалдыңдар  
Сусап жүрген шағымда.

Мен де нұрға шомылам,  
Тентек толқын ұрғылап...  
Өзендердің соңынан  
Жүгіреді бір бұлақ.

## ҰЛЫТАУ

О, Ұлытау, қазақтың бас тауысың,  
Ерлігім, елдігімнің бастауысың.  
Ұлы депті алты алаш ұран салып,  
Өзге таулар өзіңнен аспау үшін.

Ұлылықты мен сенен енді көрдім,  
Ұраны боп бүгінге келдің ердің.  
Шежіреңді – шеріңді оқып тұрмын  
Арасынан таңба мен белгілердің.

Не көрмедің, қолбасшым, не көрмедің?!  
Не көрмедің, жолбасшым, не көрмедің?!  
Қалың қазақ, япырмай, қайтер еді,  
Ұлытауым болмаса егер менің?!.

Қорғасын деп қазақтың ар-намысын,  
Қойған сені қамал ғып қорған үшін,  
Жошыға да атылдың жолбарыс боп,  
«Азаттық» деген ұлы арман үшін.

Сен ежелден даламның ырысындай,  
Тынысындай бір жер ең, гүлі сынбай,

Шұғыламен шыңдарың жарқырайды  
Бабалардың ақ алмас қылышыңдай.

Аруаналы, тұлпарлы атаңдың жер,  
Шыңдарыңа қайраған атам жігер.  
Үлкен жолға жүретін бір ұлың ем,  
О, Ұлытау, сен маған батаңды бер!

## АЯН

### I

Геологтар дағдысы –  
Дала кезіп, қостайды.  
Көзбен көрген бар кісі  
Дерегімді қоштайды.

Күңгірттенді күзгі аспан,  
Күн түспеді қасына.  
«Ұлым жоқ, – деп, – із басқан», –  
Шер тарқатты ол досына.

Ұлытаудың бар маңы  
Қасиетті мекен ғой.  
Ұлының да арманы  
Ұлды болу екен ғой.

Киелі жер киесін  
Көрсетуге бөгелді.  
Қызыр баба түйесін  
Қызыл үйге шөгерді.

Жалғыз еді данышпан,  
Жалғыз еді қосында.

Бір үн жетті алыстан:  
«Қос қанатың осында.

Жарағанда сәлемге  
Жариялап даңқыңды.  
Таныстырып әлемге,  
Танығады халқыңды», –

Деді біреу ғарыштан  
Хабар алып жеткендей.  
Жалғыз еді данышпан,  
Үшеу болып кеткендей.

## II

Киелі жер киесін  
Көрсетеді екі ерге.  
Қызыр баба түйесін  
Шөгерген жоқ бекерге.

\* \* \*

Қыз-өмірдің қыздырып қылығы тым,  
Ерте жабар есті елдің ұлы бұтын.  
Ұшпағына жетпеген ата-баба  
Ұрпағына жалғаған ұлы үмітін.

Ұзақ жолға қырда өскен ұлан шыдар,  
Ұлы күнге шығады ұраншылар.  
Ақыл-ойын әлемнің ізгілікке,  
Бірлікке де бастайтын Құран шығар.

«Құран – Ұран» тұрғанда қолда мына,  
Алла аяны айтады мол мағына.  
Мақтанатын дәуірің келе жатыр  
Мұхаммедтің үмбеті болғаныңа.

Кемелденіп кетер ел кие қонса,  
(Кесірілінің қышымас иегі онша).  
Ақ жолынан Алланың айнымайтын  
Ұлы күшке рухың ие болса!

## АБАЙ

Қалың елі – қазағы  
Тәңіріден сұрамай,  
Даналардың ғажабы  
Туар ма еді Ұлы Абай?!

Туар ма еді, ананың  
Басына бақ қонбаса,  
Құлан мінез даланың  
Құнанбайы болмаса!

Кең даланың көгіне  
Көтерілді нұр-арай.  
Тартпаса егер тегіне,  
Туар ма еді Ұлы Абай?!

Көзден жасым аз ақты  
Кемеңгерлер аманда.  
Абайымыз қазақты  
Алып шықты ғаламға.

Батысым мен Шығысқа  
Жақындасам қалай мен?  
Тілдесем де туысқа,  
Ақылдасам Абаймен.

Орнамайды ғажап күн,  
Елдің басын құрамай.

Жолын сілтеп қазақтың  
Қолын созып тұр Абай.

## СӘКЕН ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫҢДА

### I

Шындықты жасырдым,  
Өкініп өтермін.  
Қантөгіс ғасырдың  
Қайғысын көтердім.

Менің де қатам көп...  
Қарамай далама,  
«Ленин – атаң», – деп,  
Үйреттім балама.

Әкем де, анам да  
Миыма тоқытқан.  
Мұғалім маған да  
Осылай оқытқан.

Қиямет кештім мен,  
Мылқау боп мен өстім.  
Шындықты ешкімнен  
Естіген емеспін.

Араққа азғанда,  
Байғұс қып бай тілді,  
Архивті қазғанда  
Ақиқат айтылды.

Келді де ғайыптан  
Қамқоршы болғысы.  
Еділ мен Жайықтан  
Қуған да – сол кісі.

Ормандай орыстар  
Қысты ғой өкпені.  
Басы артық қоныстар  
Қазақта көп пе еді?..

Алаштың ақыны,  
Білгірі дауласты.  
Сталин ақыры  
Солармен жауласты.

II

Жасын да, кәрісін  
Жауға да жатқызды.  
Алаштың арысын  
Арбалап атқызды.

Араша түскізбей,  
Алаштан ес кетті.  
Қымызын ішкізбей,  
Қызығын кештетті.

Біз бүгін именбей  
Күредік көшкінді.  
Отанды сүйгендей  
Сүймейміз ешкімді.

Азаттық әкелген  
Күнге жыр құраймыз.  
Кешігіп, Сәкеннен  
Кешірім сұраймыз.

## КЕҢГІР

Шек жоқ шығар Кеңгірдің бағасында,  
Жезқазғанның даңқы – жез, бағы – осында.  
У-шуынан қаланың қашып шығып,  
Жалғыз келіп отырам жағасында.

Өкпе тұстан Кеңгірге үй салғыздым,  
Толқынында тулаған күй шалғыздым.  
Жағасында жайнаған қызғалдақтар  
Жасауындай көрінер жисаң қыздың.

Қанаттының ішінде жеңіл құсы,  
Көк тербеткен бозторғай көңілдісі.  
Сандуғаштың сұлуы ән бастайды,  
Бұлбұлдың да осында ең үндісі.

Келгенге ерек, қарасаң өткенге елеп,  
Келешегі Кеңгірдің көптен бөлек.  
Жайсаң жандар жаныңа жаннат жасап,  
Жас тоғайға Кеңгірді кеткен бөлеп.

Жеті қаттан жентектеу тасты оңай ма,  
Заводқа кеп басқа өмір басталмай ма?!  
Шынықтырып бұл Кеңгір Жезқазғанды,  
Толықтырып тұрады жас тоғайды.

Лаस्ताмай дұшпаны, досы келгір,  
Ақ таңы – алау, мейірлі кеші – мөлдір.  
Өкпесі өшіп, қанаты талған құсқа  
Көк теңіздей көрінер осы Кеңгір.

20.05. 2007

## НЕГЕ СОЛАЙ?

Байқап тұрсақ, ағайындар, хал жаман,  
Жаралғандай тек пайда мен олжадан.  
Адам деген ауа райы секілді  
Тез өзгеріп бара жатыр жалма-жан.

Тосын мінез пайда болды – құбылма,  
Арзандаттық кісіліктің құнын да.  
Шай бермейді осы күні оспақтап  
Қойын сойып беретіндер бұрында.

Ыдыс-аяқ алған сайын алтындап,  
Ынтымақ та бара жатыр салқындап.  
Өмір қызу, көңіл түзу еді ғой  
Қоңыр күйін тартып тұрған қалпында-ақ.

Неге солай? Бүлдірді ме бай мүлік?  
Люстра емес, қойғандай-ақ айды іліп,  
Қуанса да дүниеге қуанар,  
Қайғырса да дүние үшін қайғырып.

Неге солай? Көрген кезде жоқ жазық,  
Табылады қалталары тоққа азық.  
Жанталасып жарысқаннан көп жігіт  
Адам болмай, надан болып кетті азып.

1998

## ЖАРЫҒЫҢДЫ, ЖАРАТҚАН, ЖЕРГЕ ТҮСІР!

Бар қайғыдан басымдау мына қайғы:  
Қайта-қайта тыңдасам Ұлы Абайды,  
Даналық жоқ, сөзінде шалалық көп  
Өз өлеңім өзіме ұнамайды.

Қарай-қарай жанары талған елім,  
Сырым еді ашпаған жанға менің,  
Абай алып келген соң осы өлеңге,  
Абайсызда байланып қалған едім.

Бойламапшын ол жүзген мен тереңге,  
Ойламапшын не айтам деп ертең елге.  
Айға айналып кеткенде Абай дана,  
Қалай ғана қалмайды жер төменде?!

Берген Тәңір бұйрығын екі етпейді,  
Қара жерде қара өлең жетектейді.  
Осы жердің тұсаулы тұрғынымын,  
Жұлдыз келіп көтеріп әкетпейді.

Ақындарға Тәңір сый – ортақ өлең,  
Талантсыздар болады жорта керең.  
Алдында Ұлы Абай аруағының  
Обалынан өлеңнің қорқа берем.

## САЙЛАУХАНМЕН СЫРЛАСУ

### I

Ұяласып қанымыз дінімізбен,  
Байқалғанмен туыстық үнімізден,  
Араласа қоймаппыз ағайынша  
Әлі күнге біріміз бірімізбен.

Бұл жағдайдың бар шығар бір себебі,  
Мынаны да, бауырым, білсең еді:  
Бір дастархан басында біз екеуміз  
Дәм татпадық дегенге кім сенеді?

Көрмей кейде ғұмырдың жазын анық,  
Екі жақта екеуміз азынадық.  
Бірер мәрте жүзестік бар болғаны,  
Сәлемдесіп, асығыс ажырадық.

Қапелімде осыған қарамастан,  
Біздер үшін биіктеп барады аспан.  
Біз де бара жатырмыз өмір бойы  
Үзеңгі достай болып араласқан.

Пейілін сезінбеген кезім жоқтай  
Адамның достық қолын созып жатқан.  
Саған менен емес тек, анығында,  
Көрегендік көрінген өзің жақтан.

Салмақтап Арқа жақтың бар асылың,  
Сияқтанып ең жақын жанашырым,  
Бір кез мені еткен ең тілге тиек  
Нақ төрінен Жезқазған қаласының:

«Ақ жаныңды әр кез-ақ жүдетті зіл,  
Мұңайма, өзің қара түнекті тіл.  
Бабың келмей жүргені, тумаса әлі  
Баһадүрге лайық білекті жыр».

Сендік адал сөз сонда жыр-әнім боп,  
Кеткен-ді күліп тұрып жылағым кеп.  
Жүнжи түскен сол мезет, жүрген кей жан  
Намысымды оп-оңай жығамын деп.

## II

Әйтеуір, әділ бише жеңіс тілер,  
Мәртебемді көтеріп келістіре,  
Жалғандықты астыма салып беріп,  
Жауыздықтың шығардың мені үстіне.

– Қоры емессің ақынның, зорысың, – деп,  
Дер кезінде берген ең қол ұшын кеп.  
Әділ биім, ендеше, өз алдыңда  
Өтелмеген әлі де борышым көп.

Борышым қалай, қашан өтеледі?  
Бұл сұрақ қинайтындай өте мені.  
Қалмасам сендей жанға борыштар боп,  
Өмірім өкінішсіз өтер еді.

Ойламай онсыз алға көшем ғой деп,  
Бойды тәлтек етпей бір кесел – бейнет,  
Өтелгенше жартысы парызымның,  
Өте шықпай өткінші нәсердей боп!

## ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ЖҰРТЫНДА

Жесірден басқа қалмаған.  
Айттым ба, бәлкім, сәл жалған?  
Кеткенін сезген ебінің,  
Өлмелі кемпір-шал қалған  
Дайындап алып кебінін.

Аз ба екен берсе жақсылық,  
Жанады қайта өшкендер.  
Аллаға ғана тапсырып  
Кеткен-ау, сірә, көшкендер.

Шапағат, қайыр, әр ісің –  
Алладан түскен тапсырма.  
Бөлтірігі мен кәрісін  
Тастамайды екен қасқыр да.

Мұныңның білмей мәнісін,  
Мұңымды кімге шағайын?  
Қарақан бастың қамы үшін  
Қайырылмай кеткен ағайын.

Жылап та тұрып, тез күлдім,  
Арсыз күлкімен жұбатам.  
Салмағын мынау мезгілдің  
Салдыра қоймас мың атан.

Басқасын табам, ал қайдан?  
Табандап алсам да етікті.  
Шұғыла көріп шалғайдан,  
Шұбыра көшіп кетіпті.

Жаба да тоқып жауырды,  
Жолаушым, сен де кете бер.  
Атандар тартпас ауырды  
Ботасы қалай көтерер?

Көріп пе ең кеткен, қайтқанды?  
Түзелер дейсің тұрмысың.  
Он әкім келіп айтқанды  
Қайталап сен де тұрмысың?

Байып та тайып үлгерер  
Ойлаған әкім өз басын.  
Құдайдан басқа кім көрер  
Жесірдің аққан көз жасын?!

14.01.2002

## АНА ТІЛІМ ӘЛ ҮСТІНДЕ

Табанында таптағаннан  
Түсіп жатыр табыс кімге?  
Аман қалған ақтабаннан  
Ана тілім әл үстінде.

Жүз жыл! Науқас қажымай ма,  
Бастығың бар, пақырың бар:  
Аттандаған қажы қайда,  
Амантайды шақырыңдар.

Қалған екен қара танып,  
Терещенко тілгіледі.  
Дербісәлі дәрет алып,  
Дереу жетсе, кім біледі.

Министрді қарсы алыңдар,  
Ажалменен алыстым де.  
Алты алашқа жар салыңдар,  
Ана тілі әл үстінде!

Бірғаным да білген шығар  
Енгізгенде тестіні де.  
Басы қатып жүрген шығар,  
Бас дәрігер естіді ме?

...Қызуы әлі қайтпаған ба?  
Қайтар, бәлкім, кемді күнде,  
Ақ патшаға айтпағанда,  
Айтасыңдар енді кімге?!

## ДАНА ШАЛ

### I

Сарқылмайтын дариям,  
Тартылмайтын теңізім,  
Қайта туған қариям –  
Абайменен егізім.

Дариядай тулатып,  
Жаратқанмен теңіздей,  
Көкбастауды шулатып,  
Көк есекті дегізбей.

Өткенінше лай күн,  
Жеткенінше бата алып,  
Жарылқап та Құдайдың  
Қоймағаны ап-анық.

Жон арқама сал дырау,  
Жалған егер сөйлесем.  
Жамбылды да, тағдыр-ау,  
Жараладың кейде сен.

Сүйгендерге сап қырғын,  
Көрінесің бүгін ақ.  
Жалғыз гүлін лақтырдың,  
Жүрегінен жұлып ап.

«Бұрымды алып кетті», – деп,  
Бай алдына келтірдің.  
Махаббатын тепкілеп,  
Мазақ етіп өлтірдің.

Елуінде ортайтып,  
Үні аспай үйінен.  
Алпысында қартайтып  
Қойғаныңа күйінем.

Көкке қолы жетер ме,  
Күн астынан сермесе?!.  
Көк есекпен өтер ме,  
Кеңес келіп көрмесе?!.

## II

Бір заманды бір заман  
Салған кезде табытқа,  
Жаңа күнді жырлаған  
Жамбыл мінді шабытқа.

Желден бе еді пырағы,  
Жерден бе еді тұрағы?!  
Сөнбейтіндей шырағы,  
Өлмейтіндей тұрады.

Жапырылып жүргенде  
Көңілімнің құрағы.  
Өкініш кеп бүргенде  
Осы сауал тұрады.

## СӘКЕН

Қайғысын қосып ішкен қара суға,  
Тұрғанда тайғақ кешу, тар асуда.  
Суырылып алға шығып, сөз сөйледі ол  
Жақсы мен жайсаңдардың арасында.

– Көшені тазартайын десем күреп,  
Көш бастар керек екен көсем жүрек.  
Еліме есе даулап атқа міндім,  
Ресей жатқан кезде есеңгіреп.

Алашым, ат тізгінін ірікпе енді,  
Алла да қолдайды екен біріккенді, –  
Дегенде, сұңқар даусын естігендей,  
Асығыс Ахмет те кіріп келді.

– Ұлтының рухымен тербетілмей,  
Есесін алмайды ел, ер жетілмей.  
Сұрланып отыр едік, кіріп келдің –  
Нұрланып келер күннің келбетіндей.

Алаштың түгендеуге айналасың,  
Сардардай сарбаз жиып сайланасың.  
«Ұлымды ұлы күнге бастаймын!» – деп,  
Үмітін ұстап туған қай баласың?

– «Сары бала, сары уайым – сақалға азап...»  
Абыздар айтқан осы мақал ғажап,

Сарғайған сағыныштан жаралып ем,  
Әлеке, атым – Сәкен, атам – Қазақ.

– Қарадай қара басы – ханға тұрған  
Бір өзі артық екен сан батырдан.  
Алаштың арманы еді осындай ұл,  
Үш ғасыр ұйқы көрмей таңды атырған.

Жоғалмай таудан қыран, жерден бөкен,  
Тәңірім тілеуіңді берген де екен.  
Өртеңге өніп-өскен ұрпақ үшін  
Ертеңге сеніп өлген Ер Кенекем!

Қол жайды жылап тұрып Ахаң көпке:  
– Айтайын ақ тілек деп, батам деп те.  
Сайланып атқа мінген бүкіл қазақ  
Айналып кету керек Махамбетке...

Періште таңғалғандай көріп көктен,  
Тәңір ғой кемеңгер де, көрікті еткен.  
Сәкені сақтап жүрген көтерілді  
Көк туы Кенекемнің беріп кеткен.

## АБАЙ АЛАҢЫНДА. ҚАСЫНДА ҚАҒЫБАНЫҢ

Оздырған есегі мен кебенегін  
Заманға көзқарасым көне менің.  
Есіне сақтамаса Ұлы Дала,  
Несіне ақын болам деген едім?!

Тұрғандай маңғаз таудың сыңсып талы,  
Түн келіп тұншықтырды. Күн шықпады.

Өшірмек болған едім өз отымды,  
Сонда да өлең мені тыншытпады.

Тамызық салып қоям байқап, аздап,  
Жанатын секілді отым қайта маздап.  
Асығам анда-санда Тұмағаңа,  
Ертерек алғысымды айта жаздап.

Тұмағаң тұншыққанда түрткіледі...  
Бұл өмір күрт жылайды, күрт күледі.  
Мінезін бұл фәнидің періштедей  
Өлеңді жазып жүрген жұрт біледі.

Күндерім күлкі көрмей кетті менің,  
Мен осы аламанды көп тіледім.  
Қазақы қара өлеңнің Қағыбасы –  
Абайдың тұрған жері деп білемін.

Ұшып ем Ұлытауға жыр тыңдатып,  
Алатау, сенде екен ғой, шіркін, бақыт!  
Абайға түнегелі келіп едім,  
Қасында Қағыбаның бір күн жатып.

### КӨЛЕҢКЕСІ ЖЕТЕДІ...

Мәз болдым да бергенге,  
Айта алмадым азға дау.  
Өлең маған келгенде,  
Өлшеп қана жазған-ау.

Келсе шамам даламның  
Дәл бейнесін жасауға...  
Өлеңі бар адамның  
Өлгені жоқ қашанда.

Іздеп жүр ме мені, елім,  
Жүрген жолым мардымсыз.  
Талай жылдар өлеңім  
Сөйлемей де қалды үнсіз.

Кете алмасам мен ұзап,  
Кінәлама бұл үшін.  
Жамбыл – дария, жолы ұзақ,  
Абай – аспас ұлы шың!

Көз алдымнан даламның  
Кең өлкесі өтеді.  
Ал, маған қос бабамның  
Көлеңкесі жетеді.

\* \* \*

Бағзы заман бір елінде  
Кедей жүрді жүрегінде.  
Теке сақал ерткен кедей  
Көтерілді Кремльге.

Шыққан шыңы, белестері,  
Ескі күндер елестеді...  
Шахтаға атын қойған қазақ  
Күзембаев емес пе еді!

Мінгізгенде атқа алыпты  
Жеңісіне жат қанықты.  
Қажымұқан көкеме сол  
Қоймай жүріп хат танытты.

Тасқа түсті тайдың да ізі,  
Қосқа түсті айдың жүзі.  
Кедей жігіт құшағында  
Керіледі байдың қызы.

Еті тірі атқа мінді,  
Есіткенін жатқа білді.  
Құл болмайсың деп өсірді  
Бесігінде жатқан ұлды.

\* \* \*

Ұйытқиды уақыт соғып өтер құйындай,  
Ұлы үмітім үзілмейді, қиылмай.  
Жұмағали алып берген Бақ жолы  
Кетер ме екен енді саған бұйырмай?

Ақындар жоқ өлең жазып байыған,  
Біздердікі – өзің айтқан дайын ән.  
Рас болса, ханда – қырық, әкімде –  
Он адамның ақылы бар жайынан.

Қалталылар құйрығынан ұстатпай,  
Бай болады ақын қалай түк сатпай?  
Әй, жүгірмек, Әйнекеңнің баласы  
Ескерткішті қойды өзіңе ұқсатпай.

Ыстық жүрек, берген Тәңір салқын қан,  
Ұлы Сәкен, өзгермейсің қалпыңнан.  
Кешелердің қателігін түзетіп,  
Келер ұрпақ белгі қояр алтыннан.

Аруақпен жүргендер көп таласып,  
Бай болғанның кететіндей бәрі асып.  
Қос қанаттай Тайжаның мен Баубегің  
Қатар тұрса, кетер еді жарасып.

Ақындардың айналатын қазығы – ар,  
Адалдыққа «Тарих» деген қазы бар.  
Ұлылардан ұшқан бақыт әрқашан  
Ұрпағының маңдайына жазылар.

Ұлытаудың ұлан-байтақ етегі  
Сол бақытты көтере алса жетеді!  
Тектілерін танымаса ұрпағы  
Тезек теріп кетеді.

## ҚҰДАЙМЕНДЕ

Құдайменде!  
Кімнің аузы барды екен бұлай деуге?  
Дәл осылай дегені ұнайды елге.  
Өзені бар болған соң өзегі тоқ  
Мына жұрттың ісі жоқ Құдаймен де.

Емін-еркін емген соң алыбын ен,  
Адамының мөп-мөддір жаны кілең.  
Құдайменде қазанға бірге түсер  
Дәу бұқаның басындай балығымен.

Ай жылаған кезде де, күн жылаған,  
Қозғалмаған қалың ел, жылжымаған.  
Бір үйлі жан ішінен жалғыз шортан  
Артылып та қалатын бір жұмадан.

Түсіп жатыр жыландар ордасымен,  
Ішіп жатыр жүйрік те жорғасымен.  
Тіршілігі өзеннен табылған соң,  
Қозғалмайды жағадан қорғасын ел.

Бірнеше ауыл – бұтағы бір бабаның,  
Егін салып, шығарып қырға малың,  
Бүгін, міне, ерке ел, егемен ел  
Құдайы да өзі боп жүр даланың.

## САҚТА, ҚҰДАЙ!

Сендірмеді мені ешкім,  
Мен қаншама қиналдым.  
Келмесіне Кеңестің  
Кеше ғана иландым.

Жүз жыл жүрер жаңғырып  
Ол туралы талас та.  
Жақсылығын қалдырып,  
Жамандығын аласта.

Қалған белгі өлмейді.  
Оқ атады өткенге өш.  
Қимасаң да келмейді  
Қияметке кеткен көш.

Мен дауымды доғардым,  
Ел дауылды тілемес.  
Кері кеткен қоғамның  
Кертолғауы бұл емес.

Еркіндіктен басқаша  
Елім менің не тілер?  
Тура жолға бастаса,  
Туған айдай жетілер.

Сақта, Құдай! Қанынан  
Қасиеті жоғалған,  
Ізгіліктің санынан  
Итгігі асқан қоғамнан!

## МЕНИҢ ДОСТАРЫМ

Қалмады ел жетімдердің көз жасына,  
Ант еттім атқа мінсем озбасыма.  
Мысқалдап бөліп берсем дейтін едім,  
Бармақтай бақыт тисе өз басыма.

Балалық осы болды бар амалым,  
Төбеден асып, тауға қарамадым...  
Екеуі осы күні подполковник,  
Мен болсам.. әскерге де жарамадым.

Үш тілек қосылғаны жетер дедік,  
Жалауды жеке-жеке көтермедік.  
Жаратқан адал жүрек бермесе егер,  
Жалғанда жалған сөйлеп өтер ме едік?

Қараңдар, менің екі досым қандай?!  
Төбесі көрінгеннен есім қалмай,  
Қуанам Құдайменде өзеніне  
Есіл мен Нұра келіп қосылғандай.

## ІНІГЕ СЫР

– Ким деген мықты тұрғанда  
Киімің бүтін болады...  
Төбеден Құдай ұрғанда,  
Билейді үйді қонағы.

– Аузынан жүрген қағынып,  
Адал да аңқау ағам-ай.  
Жақсы мен жайсаң жағынып,  
Жан бағып жатыр жағалай.

– Тамыры жатыр тереңде,  
Кірмеймін ондай ойынға.  
Мылқаулар менен кереңге  
Керегі осы, мойында.

Қатардан шығып қалмаспын  
Мақтамай жүрсем сол мысты.  
Өзгерте, сірә, алмаспын  
Өзіме біткен болмысты.

Итінгендерге теліме,  
Итерме мені қылмысқа.  
Именбей қарап еліме,  
Иілмей өтем тұрмысқа.

## АҒАЙЫН АМАН БОЛСЫН!

Туған тапшы. Көп те емес жамағайын,  
Бізге ет-май секілді – дала дайын.  
Ал, далаға күн-түні түтін жұтқан  
Қорқынышты көрінер қала дәйім.

Баспайды олар қалаға бір-ақ аттар,  
Жеке-жеке жанады жырақ оттар.  
Бөлек аққан бір таудың бұлағындай,  
Бірін-бірі білмейді жұрағаттар.

Тірлігіне тойғанның талайы мәз,  
Жақын ұшпас секілді жабайы қаз.  
Жан-тәнімен қоғадай жапырылып,  
Амандықты сұрайтын ағайын аз.

Көңіл деген сабынша өзгеруде,  
Бергенінің бәрі түр безбенінде.

Жақсыларды табасың, бірақ қайдан,  
Жақыныңның бәрінен безгеніңде?..

Кішінің де бұл күнде хаты тапшы,  
Сағынғанда қуырар ақыл апшы...  
Сәлеміне сарғайтып жүргенімен,  
«Ағайыны бар» деген аты жақсы.

Біреу бұған өзінше өң береді,  
Бірақ бәрін жүрегім тең көреді.  
Алуда емес, мәселе беруде емес,  
Ағайынға амаңдық – ең керегі!

Өркімнің бар өзінше түтіндігі,  
Керек және өмірден күту мұны.  
Ағайынға алалық жараспайды,  
Жарасады тек қана бүтіндігі!

## ҚОРҚАҚ КӨСЕМДЕРГЕ

*(Қайрат Рысқұлбеков қамалғанда)*

### I

Ел басына күн туған  
Ереуілді заманда,  
Еркіндікке ұмтылған  
Ерді салмас табанға.

Ежірейіп көзіміз  
Ел бетіне таңба сап,  
Ерімізді өзіміз  
Еркін қорғай алмасақ,

Қайтсін сені қаймана,  
Қарғыбауын салады.  
Азаттығың жай ғана  
Арман болып қалады.

Өссін деген өркені  
Табанына салмайды.  
Қой бастайтын серкені  
Құрбандыққа шалмайды.

II

Қос өкпеден қысқанда  
Қосақталып кетпедің.  
Күштеп келген дұшпанға  
Түстеп берген неткенің?

Елдің мұңын жоқтаған  
Ердің құны осы ма?!  
Туға ғана тоқтаған  
Туғаныңнан шошыма!

Жасымыз да, кәріміз  
Жоқ іздесек жалғанда,  
Тапталамыз бәріміз  
Таққа жақпай қалғанда.

Керегіңе жарайтын  
Келешегім кесілді.  
Тақтан биік қарайтын  
Таппадым-ау есімді.

## ЕЛГЕ

Заңы қызық Сарайдың да,  
Шетке неге шашыламын?  
Аш қабаққа қараймын да,  
Ақ Сарайға ашынамын.

Күңіренген сезем үнді,  
Күйін көріп көп кедейдің.  
Өртеп қойған өзегімді  
Өз еліме өкпелеймін.

Арманыма қара менің,  
Тілеуімін Тақырбайдың.  
Ертеңіне алаң едім,  
Ереуілге шақырмаймын.

Епті берсе екі ерінге,  
Шақырамын ақылға елді.  
Жалау болып көтеріл де,  
Алау болып лапылда енді.

Бақ кетпесін бесігіңнен,  
Балаң өссін көк тіреген.  
Бес уақыт есігіңнен  
Бақыт кірсін деп тілегем.

Сәні басқа, әні басқа  
Болмысыңмен ерекше едің.  
Танытуға – танымасқа  
Бүтіндігің керек сенің.

\* \* \*

Ойланыңдар! Береді өткен елес.  
Қарулану жарыса – тектен емес.  
Басқа түгіл, бір оғы тапаншаның  
Жұмыр жерге қадалмай кеткен емес.

Болмаса егер адамның еркі күшті,  
Тымық күнде тыншымай бөркім ұшты.  
Химиялық қарудың өзінен де,  
Аты қандай десеңші қорқынышты!

Бомба деген емес қой мақтаныш бір,  
Ақша шашып, от басып жатқан іс құр.  
Парасатқа толы едің, планета,  
Ракеталар орнына ат жарыстыр!

Адамзатты осылай бір ой бөліп,  
Сұлулығын өзінің тілейді елік.  
Зәттә болған замандар зауалынан  
Планета түр бүгін үрейленіп.

## ЖЕЗҚАЗҒАН

Қатер тұрды әуелден басқа төніп,  
Тазалықтан жібердік бас қателік.  
Бүйрегімен, қуықпен, бауырымен  
Жарты қала келеді тас көтеріп.

Қатал заман қайырылмас аз ашуға,  
Жезқазғанның халқының жазасы – у ма?  
Миллиардты алатын алпауыттар  
Миллиондар таппайды таза суға.

Бастағандай Байқоңыр ерлік істі,  
Зымыранға жол салып берді күшті.  
Жезқазғанның көбейтіп қасіретін,  
Қу тақыр боп барады жердің үсті.

Ошағынан ойнасын оқшау бала!  
Уыз ұрпақ! Ертерек көк сауғала!  
Күкірт жұтып, түтінге тұншыққанда,  
Күркілдейді күні-түн көксау қала.

Шындықтың да шығарсақ былай шуын,  
Қойма ұстаған қоймайды Құдай суын.  
Кемерінен көп кейін кетіп қалған  
Кеңгірдің де бұлдайды лай суын.

Байлығынан не тапты ел көз жазғанда,  
Ағзасы мен ауасы сезді азғанда.  
Тірі болса Сәтбаев, баяғыда-ақ  
Жасар еді жұмақты Жезқазғанда.

1999

## ЕСЕНІМ – ЕРКЕ СӘКЕНІМ

Жағаны жуып жөргемдей,  
Толқынды толқын өргендей,  
Өзіңді көрсем, Есенім,  
Сәкенді болам көргендей.

Есенім, ерке елім сен,  
Төгілем бүгін, төгілсем.  
Армандай болған адамның  
Арманды шағы едің сен.

Құдіретті жырдың күшінен  
Түсінем... бәрін түсінем.  
Сөйлейсің маған Сәкен боп  
Мөп-мөддір толқын ішінен.

Айта бер, Есен, ойлан да.  
Аққулар қанат жайғанда,  
Жарқылдап жүрген ақынның  
Жалыны қалып қойған ба?!

Айтпадың маған ашылып,  
Атғанды ма елден асығып?  
Дауылды жыры қалған ба  
Толқынға келіп шашылып?

Түсінем бәрін, түсінем...  
Жаланың жалған күшімен  
Құлатып қызыл сұңқарды,  
Құмары қанды күшіген...

Тіліңнен бірақ май тамбай,  
Сонда да көңіл қайтармай,  
Шындықты шым-шым жеткізіп,  
Сұмдықты тұрсың айта алмай...

## АҚЫН

Бұл тірлік – толассыз бір қара жарыс,  
Шабандоз шабандардан барады алыс.

Жаңғыртып жапан дүзді, айдаланы  
Құлағы озып кеткен бәйге алады.

Мейлің сен бір басыңа бақ үйіп бар,  
Дәл солай, ақындар да – ақиықтар.

Қолыңда қауырсыны сүйріктей боп,  
Жүреді жыл жараған жүйріктей боп.

Сенбесең, ей, уақыт, көр қамшылап,  
Жөнелсін тебінгіден тер тамшылап.

Көрсең сен сол сәттегі жыр ұшқынын  
Аумайды алауынан қыр үстінің.

Сол кезде кемерінен ағын да асып.  
Қаламы жататындай лағыл шашып.

Аққудың қанатындай судыраған,  
Керемет, таңғажайып тудырады ән.

Кеудеге көбік шашқан ағыс түнеп,  
Ол тағы тыпыршиды жарыс тілеп.

Шақырса «Өлең» деген мүсін елі,  
Ақындар аузыменен құс іледі.

## ҚАРАҒАШТА

Толықсып жатыр тал-ағаштары,  
Орманды отқа ала қашқалы.  
Ақыр да ақыр не болар екен  
Тақыр да пақыр... жалаңаш бәрі.

Жоғалтып алған бір түгін таппай,  
Жылайды дала жырттығын жаппай.  
Үкілі қыздай үрке қарайды  
Балауса гүлдер кірпігін қақпай.

Әлсiздiң талай қырқылды басы,  
Мiскiнге арман бiр күнгi асы.  
Иманы қашқан әлемге қарап,  
Имамның көзге iркiлдi жасы.

Жанары сол ма суланған ғана,  
Уһiлейдi үнсiз уланған дала.  
Жолдарды жуар еңiреп жүрiп,  
Долларды көрiп қуланған бала.

Зәмзәмiн тегiн далам жұтқызбай,  
Қалам ба аман қаламды ұтқызбай?..  
Ақшаға арын айырбастаған  
Жабайы қоғам жалаңбұт қыздай.

1996

\* \* \*

«Бетпақ» деген не еткенiң?  
Сiрә, қатты кеткенiң.  
Елестетер тұлдыр жоқ  
Көз алдыма өткенiн.

Әлдекiмнiң атындай,  
Туған емес, жатыңдай.  
Ұяты жоқ бетiнде  
Тыр жалаңаш қатындай.

Шөлдеп ернi кезерiп,  
Жатқан кезде безерiп,  
Ауыр сөздi айттың ба,  
Алмас тiлдi безенiп?

Ой, бабам-ай, от мынау,  
Сенен бiзге жеттi дау.  
Өзгелердiң алдында  
Өзiңдi өртеп кеттiң-ау.

Жасырмайды тау ізін,  
Дән жарады қауызын.  
Туған жерді осылай  
Қалай айтты ауызың?..

27.05.2000

## ОҚ ТИГЕН АЙҒЫР

Аспай-саспай сайланып,  
Сайранды бір салғалы,  
Ұлытауды айналып,  
Ұры шықты алғалы...

Машинасын тоқтатып,  
Артып төрт-бес биесін,  
Асығыста кетті атып,  
Айбат қылған иесін.

Қан басқан соң бүйірін,  
Өзін-өзі қайрайды.  
Аман қалған үйірін  
Ауыл жаққа айдайды.

Алла қуат бергенде,  
Ауылға аман келді алып.  
Ноқтаағасын көргенде,  
Өлмейтіні енді анық.

Ем жасады әр қилы,  
Қойды айғырды шідерлеп.  
Үй іргесін тарпиды,  
Үйіріме жібер деп.

Кеше көрген түсі көп,  
Қорқыныштан күздейгі.

Күлдір-күлдір кісінеп,  
Қимастарын іздейді.

Қартайса да өр кеуде,  
Кеудеде көп сан арман.  
Жас айғырды көргенде  
Жас ағады жанардан.

Шипа берсе бүйірге,  
Шіркін, туса қайта күн.  
Қосып алар үйірге  
Көршілердің байталын.

## ЕСІҢДІ ЖИ

Ерте туып, кеш түледің,  
Есіңді жи, есті елім!  
Майқы биден қалған сөзді  
Машайықтан естіп едім.

Қасіретің таусылмай ма,  
Даңқың қайда дүркіреген?  
Дауылпаздай даусың қайда  
Күн астыңда күркіреген?

Айырмайсың боқты илесе,  
Мақтанғанда еренсіңдер.  
Құр секілді, оқ тимесе,  
Естімейтін кереңсіңдер.

Есіңді жи самғау үшін,  
Басың түгел, аманыңда.  
Басы бүтін қалмау үшін  
Басқыншының табаныңда.

## ҚҰЛАҒЫҢ САЛ, ПЕНДЕЛЕР!

Қайыңның көркі – жапырақ,  
Адамның тегі – топырақ.  
Құлағың сал, пенделер,  
Өлеңді жаздым азырақ.

Қыдыр кеп қонса, кетпейді,  
Жауынмен жерің көктейді.  
Алланың берген нәсібін  
Тәубесі барлар төкпейді.

Нәсібі бөлек әркімнің,  
Қызығы бөлек бар күннің.  
Бақида орны жәннатта  
Фәниде жүзі жарқынның.

Қарасаң кейбір пендеге,  
Жақсылық, сірә, кенде ме?  
Жағасын жыртқан ағайын  
Таласып жатыр теңгеге.

Таңғалам көріп күнде мен.  
Түсінер қайтіп білмеген?  
Мұратқа әсте жетпейді  
Жақынын жаудай күндеген.

Ақ жолдан неге шеттейді,  
Жұмыр жер кімге жетпейді?  
Ұмытқан адам тәубесін  
Тым ұзап және кетпейді.

## КӨГЕРШІНІ ДОСТЫҚТЫҢ

*(Украиналық бауырларға)*

Кел, бауырым, кемел елім, кең құшак,  
Ұлытауда кездесетін келді шақ.  
Ұмытар ма бірін-бірі туғандар,  
Еркелейміз егіз туған елге ұсап.

Кел, бауырым, асыл ағам, жан құрбым,  
Бір кемесін жазған бізге тағдырдың.  
Қарсы алайын дәстүрімен даламның,  
Жар салайын дауысымен Жамбылдың.

Кел, бауырым, сен керемет күй бердің,  
Қатар жүріп қазақпен тың игердің.  
Бағаны боп жеттің жаңа ГЭС-тердің,  
Тағаны боп тұрдың тұңғыш үйлердің.

Біз өмірді ән мен күйге бөледік,  
Ортақ арман – жүрді арада тел елік.  
Қырандар мен аққулары бірге ұшқан  
Ұлы Абай мен ұлы Тарас елі едік.

Сен бері астың, мен Карпаттан әрі астым,  
Сен де озуға, мен де озуға таластым.  
Сырларындай төгілесің Лесяның,  
Жырларындай көрінесің Тарастың.

Сен де үстем, болып тұрдым мен үстем,  
Шықтық біздер шайқастардан жеңіспен.  
Бір соғыстық екеуміз де моңғолмен,  
Бір соғыстық екеуміз де неміспен.

Сен де әлемге, мен де әлемге – мақтанбыз,  
Жаралғанбыз шындық пенен ақтан біз.

Абай, Тарас армандаған ақ таңды  
Азаттықтың ақ жолынан тапқанбыз!

Бұдан биік, бұдан шырқап өс, мықтым,  
Кемел заман, кенел далам, өсті күн.  
Адалдықпен алдыңа кеп ант етем,  
Көгершіні ұшып келген достықтың.

## «ҰЛЫТАУ ҮНІ» ФЕСТИВАЛІ ҚОНАҚТАРЫМЕН ҚОШТАСУ КЕШІНДЕ

Ұлытауда үзілмеген ұлы ән бар,  
Тілін білсең, тас мүсіннен сұраңдар.  
Бізге алғашқы бабалардан қалыпты  
Бірлік үшін айтып кеткен ұрандар.

Тарихынан жазылмаған тірліктің,  
Өр тасынан сыр оқыдым, жыр күттім.  
Тас дәуірі – бас дәуірі қазақтың,  
Тас дәуірі – бас дәуірі бірліктің.

Кимей тұрып дулығасын, сауытын,  
Кимей тұрып торғыны мен мәуітін,  
Бабаларым «Жезқазған» деп ат қойып,  
Кеніші мен салып кеткен зауытын.

Ұлылықты, сірә, сұрап ала ма?  
Жалт қарасам жасыл жайсаң далама,  
Төрт тауымда төрт құбылам болғанмен,  
Ұлытауға таба алмаймын балама.

Осы сөзді айтқан жоқпын мен тегін,  
Осы жерде түзеген ел тентегін

Ұлытауда бірлік үшін ұран сап,  
Белгілеген бүгіні мен ертеңін.

Тарихымнан тентек өскен тектімін,  
Өтті заман өкінумен, өтті күн.  
Алты алашқа айбын болған абызым –  
Шыңғыс ханға шындықты айтқан Кетбұғым.

Жыраулардың таңдайынан жыр борап,  
Тарихымды тасқа жазғам нұрға орап.  
Ұлытаудың етегінен ұйқысыз  
Алашына Алаша хан тұр қарап.

## САҚТАЙ АЛМАДЫҚ...

*(Композитор Жақсыгелді Сейілов  
рухы алдында)*

Құлының қалды желіде,  
Үстінен бұлттар көшті ауыр.  
Өкініп қалған еліңе  
Өксігің болса, кеш, бауыр!..

Талантты салмай саудаға,  
Тәңірден ғана тіледің.  
Сүйініп Ұлытауға да,  
Сыйынып өскен ұл едің.

Қонбайды әсте бақ қуға,  
Ақ бата алдың жоралғы.  
Кеңгірден қайтқан аққу да  
Әніңді айтып оралды.

Жүйрік ең ұшар алқынбай,  
Тұлпардай баптай алмадық.  
Сандыққа салған алтындай,  
Біз сені сақтай алмадық...

\* \* \*

Үш қабаттан тұрғызған  
Ақ сарайы айшықты.  
Жаралғандай нұр қыздан  
Нұр жігіттей бай шықты.

Сырттан қарап ырзамын  
Жүрісі мен тұрысын.  
Қызғанбаймын мырзаның  
Құдай берген ырысын.

Ақ көңілі шалқыған –  
Ағайынға самалдай.  
Қысылмаса халқынан  
Құстың сүтін таба алмай.

Иманды жол бұйырған  
Кезіктірмес кесірге.  
Қол созады қиырдан  
Жетім менен жесірге.

Тонымды да тастармын,  
Жадыраса жаз-қоғам.  
Періштедей жастардың  
Пейіліне мәз болам.

Тигізбеген салқынын,  
Тірелмеген жерге дау.  
Мұңын ойлап халқының  
Мыңға балап берген-ау!

АБАЙ

Алла райы түсті ме,  
Қараңғылықты ысырды.  
Қарауылдың үстіне  
Ай жарығын түсірді.

Алтын құйма мүсін бе?  
Шыңғыстауда шу тынды.  
Тобықтының ішінде  
Торсық шеке ұл туды.

Кеудесіне сәбидің  
Кең дүние сыйып тұр.  
Есігінен ақ үйдің  
Ай сәулесі сүйіп тұр.

Сүйіншілеп шыңға шың,  
Жер кеудесі дертіп жыр,  
Сәбиінің інгәсін  
Самалымен ертіп жүр.

Жөргегінен өлеңді  
Жер көтеріп, иіді.  
Шуағына бөленді  
Шыңғыстаудың биігі...

Біреу күлер мұртынан  
Болса-дағы алғаны аз.  
Ұлы Абайдың жұртынан  
Жұғып қалған балға мәз.

Басқа ақын, шыны бұл,  
Тасқа қадап тұяқты,

Алтынының сынығын  
Жинап жүрген сияқты...

Нәресте жыр талайдан  
Бүлкілдейді бүйірде.  
Үйренбесек Абайдан  
Қосылмас ек үйірге.

Жақұт жырлар, жарқылда!  
Жасағаннан сұрайын.  
Абайымның артын да  
Аман қылсын Құдайым!

\* \* \*

Аллаға, әулиеге, күнге сенгем,  
Бабам-ай, ұрпағыңмен, тілдес елмен.  
Кеше гөр, тасбауыр боп тастан сұрап,  
Тап басып тарихымды білмесем мен.

Белгісіз бізге, баба, есімің де,  
Бейітің жоқ туған далаң – бесігіңде.  
Аузына елдің түспей қалған шығар,  
Ауысып кеткен кезде есі мүлде.

Көкейде сауалдар көп атой салған,  
Сұрадым Шағыр шалдан, Матай шалдан.  
Басыңда терек өсіп тұрғаннан соң,  
«Теректі Әулие» деп атай салған.

Ұмытшақ сырқатымнан емделем бе,  
Қанатым жетер ме екен кең көлемге?  
Жұртыңды жинап-теріп алу үшін  
Бір ғасыр керек шығар кем дегенде.

Үш жүзден үш жүз кісі жиналғанда,  
Тарта алмай тұрамын-ау иманды алға.  
Құранды қас қағымда өртеген ел  
Құдайды ауызға алады қиналғанда.

## ҚОШТАСУ

Есілім-ай!  
Жата алмадым жағаңда көсіліп-ай!..  
Кешкен ғұмыр менікі кешіп лай.  
Перілерден жасадық періштені,  
Несібі зор болғанның несі Құдай?

Құлағымда зарлап тұр бесік үні,  
Еңіреді-ау елімнің есіл ұлы.  
Жайсаңдарды жағалай қырып жатса,  
Ұлы Сталин дегеннің несі ұлы?!

Оралмаспын ортаңа, өлем анық.  
Өлмеші тек, аман бол, көне халық!  
Қоштаспайық, бірақ та келешек күн  
Рухымды өзіңе келеді алып.

Мен көргенді, қызым да, ұлым, көрме!  
Мүмкін емес тарихқа жүгінбеуге.  
Ақбозы едім – адамзат арманынан  
Шындық үшін жаралған жұмыр жерге!

Алғашқысы емеспін қыраныңның,  
Соңғысы да емеспін ұланыңның.  
Қайран халқым, сен болдың қайырмасы  
Арман толы күресте ұранымның.

## ҰРПАҚҚА СӨЗ

Салықовтың тану деген таланты мен тұлғасын –  
Елдің көркі есті қызға, ұлтын сүйген ұлға сын.  
Орыстармен тең отырды Кремльдің төрінде  
Бейбарыстай бес әлемге асқақтатқан құл басын.

Теңіз толып кететіндей тебіреніп толғанса,  
Арал үшін арпалысты, буырқанды ол қанша?!  
Кемеріне келер еді-ау қашқан теңіз жағадан,  
Кемеңгерім жасап берген жобаларды қолданса.

Керең дүние тыңдамаса, одан асқан бар ма азап,  
Болмау үшін далам менің, данам менің, ар мазақ –  
Намыстарын – ағыстарын сұлу өлең тіріліп,  
Аққу әнмен тербетсе ғой Кәкімбектей әр қазақ.

Күннен құсты ілмейді ешкім, мінбейді ешкім айдан ат,  
Өмір жолы құздай қатер және мұздай тайғанақ.  
Қас қағымдай ғұмырыңда тұғырыңда тұрғанда,  
Ұш биікке! Ұлтымызға Ұлытаудай жай қанат!

Келешегім көкжиектен құлын болып кісінер,  
Ғұмыр кешер туған жер мен ұрпақтары үшін ер.  
Қадірі мен қасиетін біз қадірлей білмесек,  
Бізден кейін келер заман, келер ұрпақ түсінер.

## АКАДЕМИК БАЙҚОҢЫРОВ

Келгені де көрінбеген,  
Кеткені де байқалмайды.  
Рухы тұр «Елім» деген,  
Сағынышын айта алмайды.

Оқығанда мұрағатын,  
Ойды кейде ой демейді.  
Жебегенмен жұрағатын,  
Аруағы сөйлемейді.

Ұл-қыздарын көрікті етіп,  
Қанат беріп озатынға.  
Жүреді ол келіп-кетіп,  
Оқу орны – өз атында.

Дәрістері – дәру әлі,  
Бал қосқандай тортамызға.  
Өмекеңнің аруағы  
Отыр біздің ортамызда.

## СЕРІККЕ

Заманының білді ыңғайын,  
Ағызады тілдің майын.  
Ерке өсіп, еркін сөйлер  
Әдеті ғой ұлдың дәйім.

Екпінінен бұлт ығады,  
Айтқызбай-ақ ұлт ұғады.  
Ақсұңқардай әкелерден  
Ақиықтай ұл туады.

Нарманбеттей нар тұлғалы  
Ақындар жыр артынғалы,  
Шабанбайдай шешеннің де  
Сарқыты көп артындағы.

Жайсаңдардың жүзін көрем,  
Ұлылардың ізін көрем.

Қызыларай тауларының  
Қырандары үзілмеген.

Тұспал айтсам: «Не екен?» – дейді,  
Біреу: «Менің көкем», – дейді.  
Ақсұңқардың ақиығы  
Ақтоғайды мекендейді.

Тоқырауын баққа орап,  
Қоңыртөбе таққа жарап,  
Әлекеңдер отыратын  
Қызыларай жаққа қарап...

20.03.06

\* \* \*

«Өзінде бар кісілік не тегінде»  
Деп ойлағам жүргенде жетегімде.  
Ұлытауға шығады ұлы ғана,  
Езбалдақтар қалады етегінде.

Жетелеу де, жеткізу міндет еді,  
Парықсыздар парызын кімге өтеді?  
Өрлеген боп өзінше бір биікке,  
Көрмеген боп қасымнан күнде өтеді.

Тиер десем тілінің сөзге себі,  
Өзім десем, бар екен өзге есебі.  
Білетіндей сияқты сан қулықты,  
Летіндей түрі жоқ көзге сені.

Алсын барлық атақты таласа артып,  
Болсын дәйім қазақтың баласы артық.  
Өкіректер Даланы асқақтатса,  
Көкіректер кете ме аласартып?..

Кісілік те – киелі, тозбас ұғым,  
Абыз баба қалдырған сөзге асылын.  
Ұлы болып тумаса Ұлытаудың,  
Құлы болып жүреді өз басының.

25.09.2007

## БОРАННАН КЕЙІН

Мұнартасың, сыңғыр тау, мұнартасың,  
Саған сүйеп қойған ба күн арқасын?  
Жапалақтап ақ ұлпа түскен сайын,  
Ақ боранды көргенше құмартасың...

Бір құлайсың, адасып, бір тұрасың,  
Бұрқырасын ақ боран, бұрқырасын.  
Содан кейін, ақ далам, аңсаттырған  
Он алтыдағы арудай құлпырасың...

Жауған қардан жаңа ырыс таттық дер ем,  
Пәктік көрем ақ қардан, ақтық көрем.  
Көкірекке күй болып құйылатын  
Жатыр сонда шадыман шаттық та ерен.

Қандай әсем асқар тау, қияқты қыр,  
Қыран көрсе тілейді тұяқ дүбір.  
Ақ бораннан кейінгі сонар дала –  
Жап-жаңа, қайта туған сияқты бір.

\* \* \*

Солтүстік. Қалың орман. Жолы – құрақ.  
Мұхиттан мәлімет жоқ толығырақ.  
Топан су ауық-ауық ескертеді,  
Топастар түсінбейді оны бірақ.

Ежелден түймесе де тұмарға алтын,  
Құндының бәріне де құмар халқым.  
Шыңы жоқ жерде асылды қалай сақтар,  
Шынарды су баспайтын шығар, бәлкім.

Біздерге шынар түгіл, шыбық арман,  
Шиқылдап жүргізбейді сынық арбам...  
Тұм-ағам Хантәңірдің басында тұр,  
Қад-ағам Қазығұртқа шығып алған.

Жанардан жер-жаһанда жоқты ішкендей,  
Кетіп ем қызды ауылға көп түстенбей.  
Таулардың қаперінде қорқыныш жоқ,  
Шоқының табанына шоқ түскендей.

Ақжолтай адам едім жолға сенер,  
Ақылға өлең шіркін ол да шебер.  
Несіне топан суды салды есіме,  
Ұлытау – ұлы үміті болмаса егер?..

\* \* \*

Бір қара бұлт төнеді  
Күйеусайды көмкеріп.  
Тыныш жатқан ел еді  
Қазандарын төңкеріп.

Күйеусайдың осы елі  
Қалды астыңда дауылдың.  
Керегесі бос еді  
Кеше қонған ауылдың.

Сәйгүлігі жараған  
Сайыпқыран осы маң.  
Қара аспанның қараған  
Қабағынан шошынам.

\* \* \*

Жер-жаһаннан жиылғандай жел біткен,  
Күркілдейді көксау шалдар ентіккен.  
Қарға-құзғын атасына ас берді  
Қасқырлардан қалып қойған жемтіктен.

Көрінбейді Сырдан Қырға өткен құс,  
Ішегін тартып жел сарнайды шектен тыс.  
Көшін бұрып жіберген бе көктемнің  
Көк қоянды көтерем ғып кеткен қыс?

Көкегі жоқ. Көкек айы келгенмен,  
Қара суық. Қара бұлттар сенделген.  
Жезқазғанның жұтаң-жадау жұртына  
Сәлем-сауқат азаяды-ау енді елден...

\* \* \*

Күлкім қайда күмбірлеген?  
Даусым жетпес міңгірлеген.  
Кеңістікті көрмей өстім  
Кені алынған үңгірде мен.

Маңайымды түтін басты,  
Күкірт шашты, құтым қашты.  
Туған жері толғандырған  
Көре алмадым бүтін басты.

Туған жерім – құтым, бағым.  
Уақытқа ұтылғаның –  
Сенің де көп, менің де көп,  
Мылқаулықтан құтылмадым.

Елім, менің жоқшым едің,  
Өз балаңның өксігенін,  
Сұрақ қойып жыласа да,  
Құлақ қойып, естімедің.

Зарымды көр, мұңымды көр,  
Жарылды жер, тілінді жер,  
Өкінемін – туғаным,  
Өтінемін – тілімді бер!

Қасіретім аз ба мына,  
Жібермедің жаз – бағыңа.  
Мылқаулықты біздің елдің  
Маңдайына жазғаны ма?

\* \* \*

Бүйрегің бұрып жүрсін «Бешіктасқа»,  
Түркіден басқа жұртқа есікті ашпа.  
Дүбірін жүйрігімнің естімесем,  
Түбінен құлағымды кесіп таста.

Асқардан аласұрған көрем бұлақ,  
Несі бар тау тасынан терең құлап?  
Өкіріп жатқаныңда елемесе,  
Қазаққа керек енді керең құлақ.

Құранның хадистерін естіп өскен  
Шындықты шығармасын ешкім естен.  
«Алла» деп айтқанымен, айналада  
Қан майдан жүріп жатыр кескілескен.

Бұл, сірә, әзәзілдің ақтық ісі,  
Тез ұғар жаяудан да атты кісі.  
Ақырдың көзі аса сияқты ма  
Ирак пен Америка қақтығысы?..

Тілегін Адамзаттың берген бе Аспан?!  
Үміт аз әзәзілге ерген жастан...  
Жүрегім жұмыр жерден шошынады,  
Қорқыттай қазып қойған көрден қашқан.

Иса мен Мұхаммедтің үмбеттері  
Ешқашан жауласпауға міндетті еді.  
Құдайды емес, мұнайды ұлық тұтып,  
Айныса адалдықтан, бұл неткені?

*(аяқталмаған)*

## СІЛКІНІС

### I

Бала жолдас, бауырым, жүрсің бе есен?  
Өткеніңе өксімен күрсінбе сен.  
Сілкіп-сілкіп санаңды алу керек,  
Туған елім толысып тұрсын десең.

Ұлы істердің басында болсын көсем!  
Келешекке сенің де қонсын көшең.  
Ал сол үшін аппақ нан керек бүгін,  
Туған елдің табағы толсын десең.

Керек бүгін ерекше ер екпінің,  
Ер екпінің болсыншы еректігің.  
Көмір, темір, алтын, жез Отаныма  
Бұрынғыдан бес есе керек бүгін.

Сен, замандас, Отанның ай-күнісің,  
Ай-күнісің, ең басты байлығысың.  
Маңдай терің мөлтілдеп тұрсын сенің,  
Туған елдің қорғаныс айбыны үшін.

Ерке қыздар, ән қуған аңғырт ұлдар,  
Барлығыңда арманға албырту бар.

Тәуелсіздік тұғырлы болу үшін  
Жасау керек санада жаңғыртулар.

Жақсы мұны алдымен біліп алған,  
Тәуелсіздік – жүректе ұлық арман.  
Тұнық арман айтылған Желтоқсанда  
Ұрпақтарға аманат ұлылардан!

Шақырып тұр алдынан самғау сілем,  
Үні шықпай қалғанда марғаусып ел,  
Әділдіктің күні де қараң болар,  
Айтпаса егер адамдар бар даусымен.

## II

Тәуелсіздік – ұрпаққа, ұланға арман,  
Шырқауларды үйрендік қырандардан.  
Мына сенің өмірің тұрады өзі  
Ата-баба көксеген ұрандардан!

Әділетті оралтып, алдық ерлеп,  
Таңдайдағы ұмыт боп қалды кермек.  
Мына жойқын бетбұрыс болашаққа  
Бағыт алып барады барлық еңбек.

Талай-талай сұрапыл өтті ұрыстан,  
Ен дарияны кең далам төкті ырыстан.  
Тәуелсіздік бастауы Желтоқсанда  
Басталған-ды халықтық бетбұрыстан.

Біз ұрпақпыз – келешек – нұрға сенер,  
Ақындық та еліммен сырлас өнер...  
Ұлы жерде іркіліс болар еді,  
Елдік арман жаңғырып тұрмаса егер.

## ӨТТІ ДӘУРЕН

Алтай, Тоқа – алтын тақ,  
Өуелден берген Құдай бақ,  
Бұл Қуандық ішінде  
Талайдан туды арғымақ.

Жас балаға ауыз сап,  
Патшамыз болды сұғанақ.  
Үш жүзден шыққан алаяқ,  
Айласын мұның тауып бақ.

Жеті пірге қол берген,  
Жеті өлікке жан берген,  
Пәлегердей пәледен,  
Келді ғой пәле енді хақ.

## АСҚА АРНАУ

### I

Тарихтың тас емшегін саусын Далам,  
Армандар бес ғасырда таусылмаған.  
Сағымды самал ескен Сарыарқада  
Саңқылдап естіледі даусың маған.

Беу, Баба! Алсай деген – ұран атың!  
Тарих қайта жазды мұрағатын.  
Ұлыстың ұлы сәті осы болар –  
Еске алған ұрпағың мен жұрағатың.

Өткенді көз алдымнан өткізем көп,  
Кеңестен кейін қоғам көп түзелмек.

Ентігін баса алмай жүр еркін ұрпақ:  
«Алсайды миллионға жеткізем», – деп.

Жүрген көп жердің бетін құр мекендеп,  
Кесірлі көзге түсер бір кекеңдеп.  
Жалтақтап жан-жағыма қарай берем:  
«Жаймадай жайсаң жандар жүр ме екен?» – деп.

«Ізбасар, Мұғал – менің құтым», – деген,  
Жаймекең бөлінгенді бүтіндеген.  
Жаңаарқа құрметтеген Жәмкеңдердің  
Артында іс қалмаған бітірмеген.

Азамат атқа мінбей бақ сынай ма,  
Жайсаңды тізе берсем, жақ шыдай ма?  
Қунақтың Жәкейі мен Ермекбайдай,  
Бәйеш пен Тұңғышбайдай жақсы қайда?!

Алтайдың ішіндегі маңдай елі,  
Бұлбұлдың бағын ашқан таңдайы еді.  
Салдық пен серіліктің сарқытындай  
Омардың Игілігі қандай еді?!

## II

Керуен кеткен ізін кеш жасырды,  
Аманат айтып, көштен-көшке асырды.  
Кеше гөр, Алсай ата аруағы,  
Айтуға бес жыл керек бес ғасырды.

Мен шертіп болдым білем бас пернені,  
Ән салып, ат жараттық жасқа ергелі.  
Кеше гөр, Алсай ата аруағы,  
Асығып жатыр жұртың ас бергелі.

21.08.2007

\* \* \*

Маңадыр – құт мекені бақса малдың,  
Көзіндей – қырық бұлақ ақса, балдың.  
Кенжебай мен Сүйіндік күйлеріндей  
Ақсудан есуін-ай ақ самалдың!

Рахат! Рахатқа сусағанда,  
Толған ай жайлы болып туса жанға.  
Ақсудың айдынында аққу қалғып,  
Мың жылқы Маңадырға жусағанда.

Маңадыр маңайына болған айбын,  
Ырысы артық шығар сол маңайдың.  
Қонбады қос дүлдүлдің домбырасы,  
Толғар ем суретін толған айдың.

\* \* \*

Асып кетсем мен бірде,  
Көре алмайды тырсиып.  
Бұта ексем Кеңгірге,  
Бұттарына жүр сиіп.

Қорқаулардың кеш білдім  
Қордаланған қайғысын.  
Озып келген бестімің,  
Бермей қойды бәйгісін.

Жылытпайды түсін де,  
Мен жегендей ырысын.  
Күншілдердің ішінде  
Күн кешкенің құрысын.

Жаңбыр иісін сезгенде,  
Жел тербетсе, майса мәз.  
Жамандардан безгенде,  
Жаны жайлау жайсаң аз.

Битке өкпелеп тонымды  
Отқа салсам, не бітер?  
Тауға берсем жонымды  
Тынысымды кеңітер.

Таудан самал ескенде  
Райымнан мен қайтам.  
Ұлытаудан көшкенде  
Ұрпағыма немді айтам?..

## АДАМДАР

Жете алмай жүрмін бәріңе,  
Жеткізбей жүрген алыс жол.  
Құлағың сал да әніме,  
Үніме менің таныс бол.

Алдымда тұрған нұрлы өмір,  
Ағыл да тегі жырға ұқсап.  
Бәріңе арнап бір көңіл,  
Бәріңе жайдым бір құшақ.

Бәріңді көріп алыстан,  
Тауға да бардым, мен ойға.  
Жаңғырып шыққан дауыстан  
Сайлаухан шығар деп ойла.

Түсінбес деп те дауласпа,  
Болса да тілдер әр алуан.  
Адамның жаны әу баста  
Тілден де бұрын жаралған.

## ТІЛЕК

Өртегендей өсекке  
Қылкөпірде бір күздей.  
Таңып тастап төсекке,  
Тағдыр қойды жүргізбей.

Басым ойдан мәңгіріп,  
Өмірін тілеп ішімнен.  
Өлеңімнің мәңгілік  
Еместігін түсінгем.

Шалағайлар қайтеді  
Шалғайдағы ақынды.  
Төрде отырып тайтері,  
Торқаға айтса ақылды.

Кедей – қысқа, бай – ұзын,  
Белдесуге бекігем.  
Аламанда айызым  
Қанбағанға өкінем.

Беу, Тәңір-ай, бұлтармай  
Жанып-жанып жыр – жігер,  
Аунап тұрған тұлпардай  
Аламанға бір жібер

## КӨКТЕМ

Толқындар толғап жатса наз қылығың,  
Бұлбұл құс мың құбылтар нәзік үнін.  
Тіршілік дүниесіне мүше болған  
Көз тоймас сымбатына жаз гүлінің.

Далаға жаңа рең, сән әперген,  
Өзгеше көңіл күйін, ән әкелген,  
Адам мен жер қырмызын туыс еткен  
Аумайды осы көктем дәнекерден.

Қайтадан жапырақтап өседі емен,  
Жанымды мен де нұрға төсеп өнем.  
Ертіс те ілгері ағып аялдамас,  
Елімнің қарқынындай еселенген.

Арындап артта Еділ, алда Жайық,  
Күн тұрар кербездікті таңда жайып.  
Табиғат сұлулығын жетектеген  
Көктемнің көркі қандай таңғажайып?!

\* \* \*

Мен сені желге, күнге тигізбес ем,  
Сенбейсің, жүрегіңе сыйғыз десем.  
Өртеніп өмір бойы өтемін бе,  
Сүйіп тұрып, егер де сүйгізбесең.

Ұстатшы арманымның ұштығынан,  
Дауа жоқ дәл мен үшін күшті бұдан.  
Самалдан дірілдеген қызыл гүлдей  
Ерніңнің шөл басайын ыстығынан.

Көзіме көрінесің сен түрлі әсем,  
Әйтпесе, қырық рет келтірмес ең.  
Қаталап келіп тұрмын, ерке гүлім,  
Өбейін ерініңнен, өлтірмесең!..

ҰЯТ

Бой тасалап кетуге  
Бетке басып ұятты,  
Сүйгеніңе жетуге  
Жер таппаған сияқты.

Моншақтаған теріміз –  
Жақсылықтың жорасы.  
Кездесетін жеріміз –  
Мәртекеңнің қорасы.

Орын емес сайлаған  
Қыз бен жігіт шақырып.  
Күндіз бие байлаған  
Қора еді қапырық.

Өсектен де қауіп бар,  
Өсіреді байқаған.  
Шиқылдайды тауықтар  
Жұмыртқасын шайқаған.

Қойып бәрін басқаның,  
Аңдығандай көктегі ай.  
Сәтті түнгі қас-қағым  
Тәтті болып кеткені-ай!..

14.09.2000

\* \* \*

Жиырмасыншы көктемде  
Қатар түстік көзге біз.  
Көшеден сен өткенде,  
Көрінбейтін өзге қыз.

Тағдырымды иілтiп  
Қара қызға қаратқан.  
Қара қасын қиылтып  
Қандай шебер Жаратқан?!

Тiрелсек те бiз жарға,  
Махаббат қой қоймаған.  
Сенен басқа қыздарда  
Жүрек жоқ деп ойлағам.

Нұрға бөлеп күзiңдi,  
Күткен құтты мекен ғой.  
Қара десе ел жүзiңдi,  
Жаның аппақ екен ғой!

## ӨМІРЛЕСКЕ

Тұрсаң егер сертiңде,  
Босаңдығың болмасын.  
Махаббаттың өртiңде  
Жалғыз әнтек қалмасын.

Жалғыздықты ұғарсың,  
Тiлегiме сене көр.  
Шаңқай түсте шығарсың,  
Сүйiп тұрсаң сен егер!

«Сыртқа шығам» десең, кiм  
Шығарады шатағын?  
Жамыла сал шешеңнiң  
Жамау түскен шапанын.

Тура тартып төтеле,  
Күтiп тұрам сайда мен.

Алып қашсам, жете ме  
Жайбарақат, жайдақ ел?..

\* \* \*

Пай-пай-пай! Сыңғырлаған сөзі қандай?!  
Көркіне қарайтын ел көзі қанбай.  
Қасында қызғалдақтың қорланады  
Өзге гүл гүл екенін сезіне алмай.

Көз салып талай-талай жетті пысық,  
Сөз салып, еңселері кетті түсіп.  
Күйгенін қанатының байқамайды  
Көбелек ынтыққанда, отты құшып.

Жылтыңдап сөз айтқанмен, құр бұлары,  
Жалғыз сол – жас біткеннің жыр қылары.  
Ботасы ай жүзіне жарасқанда,  
Қызғанып қарайтындай құрбылары.

Жүргенде үлгілі қып дана қыз деп,  
Кетті ол білімі көп қаланы іздеп.  
Түн күлген күлкісінен сол сұлудың  
Кім білген орнын сипап қаламыз деп.

\* \* \*

Күміс күлкің шашылып,  
Ақ балтырың ашылып,  
Арманымдай ақырғы  
Аппақ төсің жасырып...

Қайдан келдің, арайлым,  
Қай қалада мекендеп?  
Құшағыңа қараймын  
Құлап түссем бе екен деп.

Құшағыңды аш сен енді  
Гүл жайнаған көктемдей.  
Толқыттың-ау денемді  
Толқын соғып өткендей.

## КӨҢІЛДЕСКЕ

Үздіксең де желіктен,  
Үзілсе де емешең,  
Күнде түнде неліктен  
Жібермейді жеңешең?

Тағы келдік, танып қал  
Ақбоз үйдің тұсынан.  
Қолыңды соз жабықтан,  
Жалғыз өлең ұсынам.

Мейлі, тағы жаныңда  
Жеңгең аңдып отырсын.  
Жаздың жаңа таңында  
Ақ сәулемен оқырсын.

Қырық жасқа келгеннің  
«Қызғышы» көп, сірә да.  
Олай болса, жеңгеннің  
Рұқсатын сұрама.

## ТҰМА

Күн сүзіліп қарайды, үңіліп ай,  
Тереңсайда тұманың тұнығын-ай!

Тірі пенде көзіне түспесін деп,  
Тығып қойған сияқты мұны Құдай.

Ертек те емес, басы емес бұл аңыздың,  
Құпия мен қызығы құла дүздің.  
Демің тиіп кеткенде, дірілдейді  
Денесіндей дір еткен бұла қыздың.

Пендеміз ғой сезімнен сөзіміз көп,  
Өзеурейміз: «Иесі өзіміз», – деп.  
Басылмаған құмарым, тапқанымша  
Ашылмаған тұманың көзін іздеп.

Сақтаса екен тұнығын қыл-қыбырдан,  
Күнә арқалап қайтемін бұл ғұмырдан?..  
Қапелімде қара айғыр жұлқа тартып,  
Айырылып қалғаным шылбырымнан.

2004

## ҚАДИША

Асырдым ба, сірә, тым,  
Құрбым еді қымбатты.  
Асқақтатып тұратын  
Алла берген сымбатты.

Қарағанда қырынан,  
Сымбат қандай, бап қандай?!  
Жанарының нұрынан  
Жан рахат тапқандай.

«Бір міндеті бұл күздің  
Сапарына сәт тілеу.

Достығынан ұл-қыздың  
Махаббаты тәттілеу», –

Деп айтады тасада  
Көргендер мен білгендер.  
«Сырымызды» аша ма  
Сыртымыздан күлгендер?

Екі достың тілегін  
Махаббатқа көр теліп.  
Соны ойласам, жүремін  
Ұятыма өртеніп.

Көңіліме қос тіктім,  
Жан құрбымнан жасырып.  
Ақ тілеулі достықтың  
Абыройын асырып.

Қуә болсын күзгі нұр,  
Достық еді асқағым.  
Қызғалдақтай қыз-ғұмыр  
Өтеді ғой қас қағым.

1961

## БІР ҚЫЗ КӨРДІМ КЕҢГІР ДЕН

Бір қыз көрдім Кеңгірден,  
Кереметтің өзі екен.  
Сұлулардан мен білген  
Ең ерекше – көзі екен.

Көктемнен де көрікті,  
Жүзіндегі нұр қандай?!

Аттан құлап бөрікті,  
Аң-таң болып тұрғандай.

Кетіп қалды бұрылып,  
Есім ауып тұр едім.  
Сезімдерім тіріліп,  
Сөйлегенше жүрегім.

Өн бойымды аралап  
Өртегендей шоқ көзі.  
Жанарымен жаралап,  
Атып кеткен жоқ па өзі?..

\* \* \*

Жанымның ырғақтары  
Ашылмай қалды ма, әттең?!  
Сұлу қыз сырғақтады  
Тілінен бал дәметкен.

Бөлейтін нұр сезімге,  
Бөрте қыз мүсінді еді.  
Өлеңнің бір сөзін де,  
Обал-ай, түсінбеді.

Жырына желі керіп,  
Жайқалмас ақын бағы.  
Жанат қыз мені көріп  
Жаныма жақындады.

...Жанары жүгірмейді,  
Жаныма қарасы өзге.  
«Өлең», – деп күбірлейді  
Күмбірлеп қара сөзге.

Шығарды шыңға мені,  
Оқып ем астамшылап.

Бұла қыз тыңдап еді  
Жанардан жас тамшылап...

Өзім де ақымақпын,  
Өзеуреп тым арзанға,  
Өлеңді оқымаппын  
Өмірге құмар жанға.

09.01.03

\* \* \*

Балапандай жасқанған  
Бөтегесі бүлкілдеп,  
Мамыр туа басталған  
Мамық жүні үлпілдеп,

Тотықұстай түрленіп,  
Түлеп тұрды маусымда.  
Сол сұлуды бір көріп,  
Дірілдеді даусым да.

Кер маралдай керіліп,  
Бала қаздай ерке еді.  
Қас қағымдай көрініп,  
Ала жаздай өртеді.

Жұрттан сұрап жатпадым,  
Өзім қойып атын да,  
Жүрегімде сақтадым,  
Таза махаббатымда.

Үйден шықпай арайлым,  
Үнсіз жүріп жабықтым.  
Түңде келіп қараймын  
Тесігінен жабықтың.

ҚАЙРАН, БІЗДІҢ БАЛАЛЫҚ!..

I

Ұлы асыр сап, боз аймақ –  
Қуыршақтай толған қыз.  
Құлын мінің, қозы айдап,  
Біз де бала болғанбыз.

Үстінен түс әнінің,  
Қайбір үйге мойын сұқ.  
Ортасында бәрінің  
Болатын бір ойыншық.

Жабысқан бір желімдей,  
Жалғыз допты қуысып.  
«Ұл» деп, «қыз» деп бөлінбей,  
Кеттік біздер туысып.

Ажырамай бір елі,  
Ешкімде жоқ алалық.  
Осылай боп жүр еді,  
Қайран, біздің балалық!..

II

Келді де бір көктемім,  
Кетті өзгеріп қырық қыз.  
Бойжетіп те кеткенін  
Байқамай-ақ жүріпсіз.

Бірте-бірте өздері  
Тұлымдары желбіреп,  
Шыға келді көздері  
Құралайдай мөлдіреп.

## ПЕРІШТЕ ҚЫЗ

Тентектікпен еш үйдің  
Терезесін қақпаған  
Жүрегімнен шошимын,  
Ел жатса да жатпаған.

Он сегізге келгенде  
Салып алды бір әнді.  
Сұлуларды көргенде  
Сөйлеймін деп сұранды.

Соған ерсең, құшатын  
Сағыныштан сазасыз.  
Балапандай ұшатын  
Бұлқынады мазасыз.

Сұлулар-ау, келіп кет,  
Тақсаңдар да кей кінә.  
Періштеге еліктеп,  
Өмір кештім бейкүнә.

Он екіде бір гүлің  
Ашылмаса үлбіреп,  
Құрбаны боп құрбының  
Сені іздейді бұл жүрек.

\* \* \*

Менің бақыт құсымның  
Балақбауын шештің де,  
Ақ нұрыңды түсірдің  
Түсірмеген ешкімге.

Қара қыздың құшағы  
Жұмақ екен ең жайлы.

Зырылдауық ұшады  
Сырнай тартып мен жайлы.

Мәнсіз бе, әлде мәнді ме,  
Айтушының ісі жоқ.  
Көл-көсір көп әңгіме,  
Кемпірге де түсер жоқ.

Махаббаттың бал айы  
Кешігуді кешпеген.  
Тасқа тисе талайы,  
Кімнен бақыт көшпеген?..

Білсе құнын уақыттың  
Бізден кейін туатын,  
Қас қағымдық бақыттың  
Ғасырға тең қуатын.

08.04.06

*Қарағанды ауруханасы*

\* \* \*

Көңіліңмен көл едің,  
Құтты болсын бөбегің!  
Ұрпағыңа үздіккен  
Үзілмесін өлеңің.

Кемесінде үміттің  
Қиындықты да ұмыттың.  
Қара нары екенсің  
Қара қайыс жігіттің.

Тәңір тілден сақтасын,  
Еңбегіңді ұл ақтасын.  
Тағы да онын таптырып,  
Қара сирақ қаптасын!

Айтқан бата еліңнен  
Айтылмайды тегіннен.  
Айналайық, ағайын,  
Үш ұл тапқан келіннен!

## ӘН

Жаныма медеу егердей  
Жұбаныш іздеп келем мен.  
Дүние жайнап кетердей  
Сен айтқан жаңа өлеңнен.

Айтылмай жүрген әуенмен  
Жаңа бір әнді сал, сәулем!  
Осынау үнді келем мен  
Жиырма жыл бойы аңсаумен.

Самал жел мені өпсін де,  
Жүрегім қайта жырласын.  
Көңілдің кірі кетсін де,  
Көзіңнің жасы құрғасын.

\* \* \*

Қарасында көзінің  
Құбылыс бар болмаған.  
Сүйгенімен, сезімін  
Сездірмейді ол маған.

Жас құлындай желі мен  
Көргені тек енесі.  
Ұстап едім белінен,  
Үркіп кетті денесі...

## КӨКТЕМ

### I

Асау арман – нарт туым,  
Еркің білсін, еліктір.  
Сегізінші март бүгін  
Көктем болып келіп тұр.

Осы күнді асығып  
Күтіп едік біз көптен.  
Тереземе асылып  
Күлімдейді қыз-көктем.

Жоғымды іздеп жүр едім,  
Жауып-жауып жыр өтті.  
Толқымаған жүрегім  
Тұңғыш рет дір етті.

### II

Гүліңді жолға төсеген  
Табиғат, неткен әсем ең?!  
Таңданып жүріп келемін  
Бақ жолы болған көшемен.

Үкілеп, өріп бұрымды,  
Теректер қалай түрінді?!  
Тыңдай да бергім келеді  
Бәрінен әсем бір үнді.

Дала да кетті құлпырып,  
Қырлар да кетті гүл тұнып.  
Алдынан шықтым көктемнің,  
Көруге тағы ынтығып.

## ЖЫЛҚЫ КЕЛГЕНДЕ

Биыл қысты ел мақтады,  
Түскенімен қар қалың.  
Сары аяздан сақтады  
Сарыарқаның бар малын.

Жақсы көрем қысты мен,  
Жомарт жазға жоралғы!  
Ақ қар, көк мұз үстінен  
Жылқышылар оралды.

Көз көргенше сенбеді  
Көңілдері күпті ел.  
Өскелі тұр, өнгелі,  
Тай-құлын да түп-түгел.

Өріс – малдың төріндей,  
Қайда жайса, елде ерік.  
Бір жылылық көрінбей  
Жылқыларға келді еріп.

Жылқышы еді кіші інім,  
Келген беті хал біліп.  
Алты ай киген ішігін  
Ауладағы талға іліп.

Құрт көжені Малдыбек  
Бола берген енді ішіп...  
«Көктем келіп қалды», – деп,  
Ала қарға келді ұшып.

## КЕР ҚҰЛЫНЫМ

Айналдым кекіліңнен, кер құлыным,  
Өзіндей сүйкімдісің жер гүлінің.  
Мен саған сақтап жүрмін бір үзігін  
Тұлпардың тері сіңген терлігінің.

Сырт көзге сұлу етіп көріндіріп,  
Тақпаймын бірақ саған өмілдірік.  
Ақ жолын арғымақтың тілеймін мен  
Анаңның ақ сүтімен шомылдырып.

Бірақ сен қорықпай өс құрықтан да,  
Жүгенді көрген жерде тұрып қалма.  
Аттан да шоқтығыңды асырып жүр,  
Тайбурыл сияқты тұрықтан да.

Білмейтін келгенімше мұншаға мен,  
Алдыңда бір жарыс бар, бусана бер.  
Төрт тұяқ аман болса, топ жарарсың,  
Шынымен бағым болып тусаң егер.

## БАҚҚА БАРҒАНДА

Көлге айналып қақтар да,  
Көктем келді айтып жыр.  
Мен баратын бақтарға  
Басқа барып қайтып жүр.

Көрінбейді бұл жерден  
Құрдасым да, құрбым да.  
Құшақ-құшақ гүлдермен  
Басқа қыздар жүр мұнда.

Қалай тауып алармын,  
Қызғалдақ жоқ былтырғы.  
Орынында олардың  
Жаңа гүлдер құлпырды.

Сылаң сылқым, кіл керім,  
Іңкәр жүрек айтады ән.  
Шіркін, сол бір күндерім  
Келер ме екен қайтадан?!

\* \* \*

Жалғыз қалған айдында ізі  
Аққу ару осы ғана.  
Кербез керім байдың қызы  
Шоқпытымнан шошына ма?

Күттім тәтті шақтарымды,  
Өн бойымнан маза кетіп.  
Оқымады ол хаттарымды,  
Отқа жақты мазақ етіп.

Бар үмітім мана менің  
Жоғалды, оңға баспағаны...  
Жақын барып жанап едім,  
Жанарын да тастамады.

Әлде жұрттың жаласы ма:  
«Қыз қызығын жойған», – дейді.  
«Прокурор баласына  
Атастырып қойған», – дейді.

\* \* \*

Қиянға қиял көтермек,  
Маймылдай оған жет өрлеп,  
Кекіріп кірген ауру  
Секіріп шығып кетер деп.

Шырынды зорлап емізіп,  
Ырым да болар дегізіп,  
Маймылға мазақ қылғандай  
Бананды қойды жегізіп.

Ішкенге және жегенге  
Ғажап қой бәрі ғаламда.  
Сексеннен ассам дегенде,  
Жетпіске жетпей қалам ба?

Өкпелеп, өмір, қалдың ба?  
Әлі де сауық құрармын.  
Сексенді көрсем, алдында  
Бөркімді алып тұрармын.

Рас та болса қалайда  
Абыздың берген аяны.  
Созылар әлі талайға  
Ақынның өмірбаяны.

27.04.06

*Қараганды ауруханасы*

## АҚ СӨЙЛЕСЕМ...

Жүрсе жақсы құшаққа еніп  
Адамдардың адал, ағы.  
Тура айтсам, пышақ келіп  
Ту сыртымнан қадалады.

Ойдан-қырдан ойсаң өнер  
Іздегенім бекер ме еді?  
Дауласпай-ақ қойсам егер,  
Жауласпай-ақ кетер ме еді?

Аузын ашып үргендерім  
Ақиқаттан ыққаны ма?  
Жырын жөндеп жүргендерім  
Жырынды боп шыққаны ма?

Түзетем деп қайта емдесем,  
Тезден талай қайтты ызалы.  
Ақ-қарасын қайтем десем,  
Адалдық кеп айтқызады.

Бермесе де бақ келіскен,  
Көлеңке емес, күнгейде өстім.  
Ақ сөйлесем, ақ періштем  
Қорғайтынын білмейді ешкім.

## ПЕРІШТЕ КҮҢДЕР, ҚАЙДАСЫҢ?

Қоңырау үнмен тербедік,  
Құлындай ойнап құрақта.  
Бұланай болып көрмедік,  
Жыламай өстік бірақ та.

«Сен» демей және «мен» демей,  
Өмірге өстік ғашықтай:  
Күлкісі – күміс теңгедей,  
Арманы – алтын асықтай.

Тапқандай жаңа ретін,  
Басымды неге кеш идім?

Таласа еміп жүретін  
Баласы едік бес үйдің.

Білмейтін еді кесірді  
Бірлігі берік босаға.  
Тербетіп бізді өсірді  
Тірлігі көрік бес ана.

Өмірдей сұлу өлеңі,  
Өн бойы толған Ар еді.  
«Менікі» деген жоқ еді,  
«Біздікі» ғана бар еді.

Көңілге көркем сыр үйе,  
Күлімдеп жүрді бар адам.  
Пернесі түгел дүние  
Періште көзбен қараған.

Пеңделік жолға ермеген,  
Білмеген бастың пайдасың,  
Перінің қызын көрмеген  
Періште күнім, қайдасың?

\* \* \*

Анамның шағала  
Түсіне кіріпті.  
Толқынды жағада  
Толғатып жүріпті...

Мені ұзақ күтті ме ел,  
Туыппын ақ таңда –  
Тіршілік түп-түгел  
Оянып жатқанда.

Анамнан шағала  
Жайында сөз қалмай,  
Жалғыз үй жағада  
Әлі тұр қозғалмай.

## АНАМ АЙТҚАН

Үзіліп кетті бас перне,  
Домбыра қалды шалқымай.  
Әкелер кетті әскерге,  
Тұтылып тұрды алтын ай...

Аналар кетті шығарып,  
Қозы көш жерге қол бұлғап.  
Кеудені кекке суарып,  
Шешілмей жүрді сол жұмбақ.

Желбіреп жардың желегі,  
Соғысқа бәрі тас атқан...  
Қараңғы түнде келеді  
Қаңқасын сүйреп масақтан.

Шаршады-ау демей сормаңдай,  
Қараймыз алақанына.  
Жем әкеп тұрған торғайдай  
Сарыауыз балапанына...

Пошташы айтты бір күн кеп  
Хабарын қызыл әскердің.  
Жазыпты: «Аман жүрмін, – деп, –  
Қамалын соғып Мәскеудің».

Ошаққа барып от үріп,  
Тастамай хатын көкемнің,

Диірменге қарап отырып,  
Ұйықтап қалады екенмін.

\* \* \*

Қызойнақты қыздырып  
Жүргенімде «сал» деді.  
Үмітімді үздіріп,  
Енді бүгін «шал» деді.

Жүрек шіркін сөйлесе,  
Жігіт жолды бөгейді.  
Алпысымда сөйдесе,  
Жетпісімде не дейді?

Ішім кепті үмітке,  
Көңіл – көктем.  
Басқа – атым.  
Санамайды жігітке,  
Жанамайды жас қатын.

Бойламайды өмірге,  
Ойламайды надандар.  
Қарамайды көңілге  
Ат қоятын адамдар.

Жүректі отқа саламын,  
Сезім түсіп сарсаңға.  
Шетке шығып қаламын,  
Шекер алып барсам да.

Жүрегімді суырды  
Кеткен кербез қарамай.  
Сілекейім шұбырды  
Бал дәметкен баладай.

## МЕЗГІЛСІЗ КІСІНЕГЕН АЙҒЫР

*(Қасымға)*

Таңғаласың, қарасаң ісі, кейпін,  
Элементі көп оның кісі дейтін.  
Алда-жалда көрінсе ұзын етек,  
Мінезі бар айғырдай кісінейтін.

Сол жұмбағы жүректе жүрді мұның,  
Талай түстім үстінен ұрлығының.  
Қайғырды екен қатындар құр кетті деп,  
Айғыр ма екен ертпесе бір құлынын.

Қу қатындар келеді аса мыстан,  
Кәрі айғырлар кісінер маса қысқан.  
Қасымнан не шығады деп жүрсіңдер,  
Жартысын да күтпеңдер жасамыстан.

Ер жігіттің секілді құс түлеуі,  
Махаббат. Жастық. Қуат – үш тірегі.  
Мезгілсіз кісінеген айғырды да  
Қазекем ұстап алып піштіреді.

## ЖЕСІР

Көтерілді етегі  
Желікті көріп, жел үріп.  
Еркек көрсе кетеді  
Ессіз сезім еліріп.

Ымыртты ілді иінге,  
Қу нәпсінің көзі ойнап.

Бала жылап үйінде,  
Жерде қалды жез оймақ.

Ұялатын жерінде  
Ұмытқандай ұятты.  
Еріндері ерінге  
Ұмтылатын сияқты.

Еркек көрсе, о несі?..  
Жанарлары шоқтанса-ақ,  
Жалбарынар денесі  
Жалғыз ғана жоқты аңсап.

Қарғыс айтып қуады  
От сезімін өзінің.  
Жұмсақ тәнін жуады  
Жасыменен көзінің.

Кімге айтады иіліп,  
Қай есікті қағады?  
Қайтып келіп, үйінің  
Қайта отын жағады...

\* \* \*

Көрсетпесін көлгірсуді,  
Жағымпаздық жоқ есепте.  
Ластайды мөлдір суды  
Лыпасы жоқ көк есек те.

Саналыны жақтаймын деп,  
Сарп еттім сан ойымды.  
Тұнығымды сақтаймын деп,  
Тұмшаладым маңайымды.

Батпағына мәз органың  
Бақаларын неге ертемін?..

Көктем сайын тазартамын,  
Көктем сайын көгертемін.

Көктем қарап оңға-солға,  
Күнге жайды су етегін.  
Таза мықты болмасам да,  
Тазалықты ту етемін!

### ӨРМЕКШІ

Қос қанатта қос өрмек,  
Таяған шақ екінді.  
Өмірімді осы өрнек  
Өзгертетін секілді.

Қайдан біткен бұл дарын,  
Өрмектерін қорыдым.  
Бойдақ еді ұлдарым,  
Жақсылыққа жорыдым.

Тұрса да әлі түрленбей,  
Ғажап екен! Жақсы ырым.  
Бірі тоқып жүргендей  
Жас отаудың басқұрын.

Қызығына батқандай,  
Қызу істі білемін.  
Бірі тоқып жатқандай  
Алаша мен кілемін.

Неткен асқан шеберлік?!  
Жібі қандай жіңішке?!  
Өзіне өзі сенерлік  
Талант керек бұл іске.

Дүрбісі бар көзінің  
Білімпаздар кешегі:  
«Тоқымасы – өзінің  
Сілекейі», – деседі.

Күнімен де түнімен  
Өрмегін бір қалдырмас.  
Бал ағызған тілінен  
Ақындармен тағдырлас.

Қолыңда жоқ құралы,  
Өрмегінде көз ілмей  
Оратылып тұрады  
Ойға батқан өзімдей.

Тіліңменен тоқымай,  
Тіл бітпейді бұл іске.  
Өрмекшіден оқымай  
Өлеңге де кіріспе!

## ТАЛАНТ

Байқайсың ба, еменге  
Қыран, бұлбұл қатар келіп қонбайды.  
Қона қалса бірі биік, төменде,  
Қадірі де болмайды.

Сол секілді, адамға  
Бір таланттан таратса да жарайды.  
Екеу болса, нән мықтысы табанда  
Әлсізіне жалшысындай қарайды.

Аристотель енді жоқ,  
Тимеген ғой дарыны оның әр жанға.

Төрттен-бестен талант берсе белгілеп,  
Ұлылық та түсер еді арзанға.

\* \* \*

Табиғат сырын терең ұққан біліп,  
Қояды ол өзіне сұқтандырып.  
Қара бұлт, қара түннің алдын кесіп,  
Барады сәлделі үйге құптан кіріп.

Тамаша іздер, табанын отқа басып,  
Бұл адамдар болады жатқа ғашық.  
Адам түгіл, өмірдің бір сәтіне  
Тұрды осылай күн мен түн көп таласып.

Жер ортаға тастады жеткен лау.  
Шіркеу болып ар-ұят бетке мынау,  
Қызыл қырман деген де қыздырмайды,  
Алтыбақан тебе алмай кеткенім-ау.

Дүниені көруге күн де құмар.  
Дүниені көруге түн де құмар.  
Тіршілікке құштар ғып адамзатты,  
Діңкелетіп барады мүлде бұлар.

## ҰҚСАСТЫҚ

Өрт-ғаламның сауалынан бұлтардым,  
Бес баламның көн етігін ұлтардым.  
Ерлігіне қарамадым құрбымның,  
Терлігіне жарамдым тұлпардың.

Өмір мені, өлең мені өксітті,  
Жылай-жылай жыр жанарын көп сықты.  
Уызына жарытпаған бұл өмір  
Қымызына қосып берді көк сүтті.

Жасырынған тереңдегі байлықтай  
Жан сырымды аша алмадым қаймықпай.  
Кетті кеңес кеңкелес қып жұртына,  
Қолын сүртің, тастап кеткен майлықтай.

Білем елді... Күледі енді... Кеш бәрі,  
Өкінгенмен, өзгертпейді еш дәрі...  
Шер-мұңының ішірткісін іздеген  
Көлеңкеде отырамыз бес кәрі...

Қызықтырмас биігіне шықпас тау,  
Маңдайдағы Маңғадырдан құт қашты-ау.  
Арманы көп, орғаны жоқ диқандай  
Екеуміздің тағдырымыз ұқсастау.

\* \* \*

Бері қарай келіңдер,  
Баба ғұрып ескірді.  
Ерке-готай келіңдер  
Ерте жатып, кеш тұрды.

Кемпір бала бағады,  
Баяғыдай бай күтпей.  
Пенсиясын қағады,  
Аяқталып ай бітпей.

Мейірім жоқ көзінде  
Мезгіл шіркін тым ұста.  
Жетпісіңнің өзін де  
Жегіп алды жұмысқа.

Өтті өмірі балқаймақ,  
Қартаймаған ұқпайды.  
Малды айдап, мал жайғап,  
Шал қорадан шықпайды.

Кеудесінде шымшылап,  
Көп сұрақтар жүреді.  
Кәрі қаншық қыңсылап,  
Кәрі төбет үреді.

\* \* \*

Алды – амалсыз, арты – мазақ,  
Күнкөрістен тартып азап.  
Азаттыққа жеткенімен,  
Жалданып жүр жарты қазақ.

Сол шығады – ексе нені,  
Сөге берсін, сөксе мені.  
Азаттықты аңсағанда,  
Осы ма еді көкसेгені?!

Арылмай ма қоғам құлдан?  
Опасыздар обал қылған.  
Тауға тартқан тәкаппарлық,  
Тектілігі жоғалды ұлдан.

## ӨМІРГЕ ӨКПЕ

Жазық жоқ өлеңнен,  
Келмейді күй күштеп.  
Күн сайын төбемнен  
Тұрасың түйгіштеп.

Өлеңім келмесе,  
Өткізбей бекер күн;  
Көзіңе еңдеше,  
Көрінбей кетермін.

Күйігі жоқ жырдың  
Кетпейді түстен де.  
Іздей ме деп жүрмін  
Ізіме түскенде.

Жоғалып кететін,  
Оралып келетін,  
Сағымдай жететін,  
Сағынтып келетін.

Кешікті. Таба алса-ау...  
Кеше түс көргем мен.  
Киіктей аман-сау  
Құтылса мергеннен.

\* \* \*

Тұнығыңнан маза қашып,  
Бола алмадың айдынға еге.  
Жалған досқа жаза басып,  
Жан сырымды жайдым неге?

Бұрды түзу жолды көкем.  
Алла, оған салма қайтып.  
Не үшін керек болды екен  
Жамағатқа жалған айтып?

Ары таза жанға жаям,  
Тұнығымды түрткіледі.  
Адалдығым Аллаға аян,  
Жалған сөзге жұрт күледі.

09.07.2007

\* \* \*

Қорғандар мені, тау елі,  
Өтіріктер мен өсектен.  
«Алла!» – деп жатам әуелі,  
«Алла!» – деп тұрам төсектен.

Тілім де келмей, шатасам,  
Мақамын таппай он тұрам...  
Алланың атын атасам,  
Намаздың орнын толтырам.

Бүлдіріп айтса ұлы әнді,  
Өншіге қарар негүмән.  
Көбіктей ғана күнәмді  
Көбейте беріп не қылам?

01.06.2005

\* \* \*

Несібең бар бөлінген,  
Көйлегің де көк шығар.  
Немере мен келіннен  
Басқа арман жоқ шығар.

Болсаң да жай разы,  
Көп жүк жатыр жолымда.  
Менің емес, біразы  
Бір Алланың қолында.

Үмітіңе есе бер,  
Күдіктенбе қарадай.  
Жарылқайын десе егер,  
Жаратқанға бәрі оңай.

08.04.06

Қарағанды ауруханасы

\* \* \*

Қайғы деген қарақұрт жанға уын бүркеді,  
Қылтанақтай қуаныш кіріп келсе, үркеді.  
Түз жалаған тағдырым сортаң болған кеудемнің  
Сорғаласа көз жасы, сорын жалап сүртеді.

Тағдырым-ай, тағы да нені ойланып тұр, тегі,  
Шемен болған шерім бар шешілмеген жыр-теңі.  
Дөрекілеу заманда дүлей қуып жүргендей,  
Үрей келіп үйімнің терезесін түртеді.

Қара түндер қысқарып, тамылжыған таң ұзар,  
Таланты бар ақынның тәтті иіске тәні зар.  
Зая кеткен жылдардың запыраны шықсын деп,  
Зәуде келіп періште зәмзәм суын тамызар.

25.04. 1999

\* \* \*

Шырқым кетті. Мен қашан шырайланам?  
Ырқым кетті. Бір жерде шыр айналам.  
Сенімімнің тұнығын ылайлаған  
Мың құбыжық көремін бір айнадан.

Көл етем бе көңілді, семіз жесем,  
Шөлге айналды айналам, теңіз десем.  
Қас қағымда сарқылды социализм,  
Коммунизм үшін мен кен іздесем.

Күн тымырсық.  
Жел де жоқ жеткен есіп.  
Жаңбыр жаумай, шықпайды еккен өсіп.  
Өз ауламды суармай, нем бар енді  
Өткен көштің соңында өкпем өшіп.

\* \* \*

Тойғанға мәз жарандар,  
Тойсыз өтті қаншама ай?!  
Жақсы күнін адамдар  
Жүре алмайды аңсамай.

Қайта келмес заман да,  
Қайта тумас адам да.  
Оңай болып жүрген жоқ  
Ойды қуған маған да.

Бағың – басқа, өзге – гүл,  
Қыз – қыдырма, кезбе – ұл.  
Өз ақылым өзіме  
Жетпей жүрген кезде бұл.

Сырым бар ма үш елі,  
Неткен дүлей күш еді?..  
Қолды жайып жатсам да,  
Қалтама кеп түседі.

\* \* \*

Көзіңнен өмірімді өткіз менің,  
Мен сені арманыңа жеткізбедім.  
Оңалып кетер-ау деп жүргенімде,  
Жоғалып, құмға сіңіп кетті іздерім.

«Бақытты етемін» деп қайталадым,  
Бақытсыз боларыңды байқамадың.  
Пышақтың астыңда өткен өміріңді  
Қалайша бақытты деп айта аламын?..

Арманы алданғандар біз ғана ма,  
Алла да бізден бақыт қызғана ма?  
Ұмытты кеткеннен соң қыз далаға,  
Үмітті ұлдарымнан із қала ма?

Жанар мен жүрегімде жылу қалмай,  
Көңілім көп қызықтан суынғандай.  
Тал қармап, тайғақ кешкен бір пендемін,  
Тағдырдың тәлкегі үшін туылғандай.

## ПІСПЕК

(Өзіл)

Түсі таныс. Қарады.  
Білмеуші едім атын мен.  
Қасым кетіп барады  
Қымыз сатқан қатынмен.

Шөлдегенге күніге  
Кеңгір – жайлы бір мекен.  
Пісілмеген күбіге  
Піспек іздеп жүр ме екен?

Осы өлеңді жазарда  
Бірге жүрген бір ақын.  
Ол да барып базарға,  
Шөлін басып тұратын.

– Дұрыс, – деді ол, – бұл ісі,  
Піспегі жоқ піспейді.  
Ій татыса күбісі,  
Ит те келіп ішпейді.

Тауып айтты оны дос,  
Күдікті де күлмеді.  
– Пенсионер қолы бос,  
Сауап іздеп жүр, – деді.

Түсініңіз мұны шын,  
Сатушыға ол қайғы.  
Ауық-ауық күбісін  
Пісіп тұрмай болмайды.

– Ондай болса, газетке,  
Жарнамаға қосайық.  
Қара шалдар қажетке  
Жарап жатса, несі айып?..

## АРАМТАМАҚ

Қарны тойса мәз болады,  
Бұрын тойып көрмегендей.  
Бірақ ол да аз болады,  
Өз маңдайы терлегендей.

Мың құбылтар күнде «өрісін»,  
Асын ішіп, жата қонар.  
Біреулердің күнкөрісін  
Бөліп алып жатады олар.

Жата алмайды тақырында,  
Тағы да олар «аңсырайды»,  
Арам қолдар ақырында  
Ар алдында қансырайды.

## ЕСЕК МІНГЕН ЕСЕР

Қырық жылғы үйінді,  
Кеудесі оның неткен шом?!

Қызылкөзің шүйілді,  
Қызметтен кеткен соң.

Ішке бүгіп есебін,  
Жаяулығымды аңдатып,  
Желдіреді есегін,  
Жел жағымнан шаңдатып.

Митыңмен күн өткізер,  
Жүрген жері – толы өсек.  
Жерұйыққа жеткізер  
Деп жүр ме екен сол есек?..

Беті – Кішітау болса,  
Есек мінген есердің,  
Екі аяғым сау болса,  
Жолын талай кесермін.

## ОЙЛАР

Ішкен ас тарамайды.  
Сырымды айтам, бала.  
Кәрі айғыр қарамайды  
Қасынған байталға да.

Кемпірлер шалдан қашқыр  
Шапанын түзетеді.  
Әл кеткен арлан қасқыр  
Апанын күзетеді.

Уақыт мойындатып,  
Қолымен бергенді алдық.  
Жоқ еді ойымда түк,  
Аңдамай ерден қалдық.

Жорғаға мінгенменен,  
Тақымды қыса алмайсың.  
Ұшуды білгенменен,  
Үстінде ұша алмайсың.

## ЖАҢА ЗАМАН КЕЛГЕНДЕ

Еркелерін сүйсе де,  
Ел сыйлайды естисін.  
Жаңа киім кесе де,  
Өртемейді ескісін.

Сөндірмесең, өрт болар  
Жел көтерген көздей шоқ.  
Екі көзің төрт болар,  
Ештеңе жоқ кездейсоқ.

Тайынбайық судан да,  
Шешінсе егер несі бар?  
Ай жаңадан туғанда,  
Қуанбай ма есі бар.

## АДАЛДЫҚ

Ей, азамат, әй, адам,  
Не десең де көнер ек...  
Туған елден аяған  
Шыбын жаның не керек?!

Бірің солып, бірің кеміп  
Қалдыңдар-ау, қарашығым.

Қос жанарым іріңденіп,  
Қонып жатыр қара шыбын.

Жігіттіктің жұртын көріп,  
Шыр айналған шіркін көрік.  
Абайға да аялдадым,  
Сұлу кетті сыртын беріп.

### БҰЛБҰЛ БАҒЫ ЕДІ...

Көйлегін киді гүлден,  
Жұрт гүлмен қарсы алатын.  
Бұлбұлдар Бибігүлден  
Үйреніп, ән салатын.

Көкектер көбейгеннен  
Көктем де етті қауіп.  
Бұл баққа өгейленген  
Бұлбұлдар кетті ме ауып?

Бұлбұлсыз бақ тарылып  
Қалғандай, нанасыз ба?  
Сырымды ақтарылып,  
Сарықтым санасызға.

Алматы халқы құшып  
Жүретін бақтағы арай  
Кеткен бе қалқып ұшып  
Алатау жаққа қарай?

Өмірге бір азық – ән  
Іздесем, айтам кімге?  
Бақтардан құлазыған  
Құлазып қайтам күнде...

У-шудан азаптанам,  
Мазасыз маусым екен.  
Бұлбұлды мазақтаған  
Қарғаның даусы ма екен?

07.09.2003

\* \* \*

Күншілдердің басына қан шабады,  
Қанша ақшасы, кетті екен қанша малы?  
Қоғамыңа қызмет қылсаң-дағы,  
Обалыңа қарайтын жан шамалы.

Алаяқтар мәз болар бізді алдаса,  
Адалдығың не керек із қалмаса?!  
Өлеңі үшін өртенем інілердің,  
Қызығын да бөлісем қызғанбаса.

Құлын білмес салмағын бүгін ердің,  
Тайларға да таянды мінілер күн.  
Ағалардың көкейін көру оңай,  
Жанып тұрса жанары інілердің.

Ай қарауға келгем жоқ бай ғаламға  
Тән рахат тапқанмен, жайланам ба?..  
Алпысында алды-артың түгенделмес,  
Алты ақын жүрмесе айналаңда.

\* \* \*

Өтірікті сірескен  
Айта алады жын атқан.  
Жалғандықпен күрескен  
Жай табады жұмақтан.

Жасаған не сұмдықты  
Алаяқ көп о жақта.

Кім жасырса шындықты,  
Шырылдайды тозақта.

Айта алғанды ұлы әнін  
Алла өзі жақтасын.  
Өсер елдің ұланын  
Өтіріктен сақтасын.

\* \* \*

Көшеде есім ауып келе жатам...  
Қайғыға қара түнде неге батам?..  
Керемет көріпкелдің өзі екен ғой  
«Көн қатса – қалыбына» деген атам.

Кедейдің зарлағанын бар ұқпайды,  
Ақымақ ақыл іздеп тарықпайды.  
Елтайдың ел билеген заманы өткен,  
Жұмысшы таққа отырып жарытпайды.

Жарлығы құлатты ғой жарлы – лақты,  
Адамды ит секілді қарғылатты.  
Тулақтар аламанға қосылғанда,  
Қораға қамап қойды арғымақты.

Түсіну қиын шығар бұл әкімді,  
Көзіне көрсеткем жоқ құла атымды.  
Қорқамын қойға салып қоя ма деп  
Құрметтеп көрмегендер ұлы ақынды.

23.09.2004

Алматы

\* \* \*

Сатып алды сатылмайтын беделді.  
Аты қалды. Байлыққа да бөленді...  
Тәп-тәуір-ақ бар деуші еді таланты,  
Басқаша айтып отырады ел енді.

Адам шіркін абыройы азарда,  
Өз үкімін өз қолымен жазар ма?!  
Тәп-тәуір-ақ бар деуші еді дәулеті,  
Осы күні ол отырады базарда.

Төсегінен су шыққандай азаңда,  
Есегімен тартады ол базарға.  
Қалап та алған әйел кетті басқамен,  
Қарап қалған бала да жоқ қазанға.

Ақшаға да, басқаға да кенде ме?  
Не жетпейді жалғыз басты пендеге?  
Теріс қарап кетті неге таланты,  
Теріс қарап тұрады оған ел неге?..

\* \* \*

Байға айтардай базына,  
Үйір-үйір жылқым жоқ.  
Ұрлап алған қазына,  
Үйіп қойған мүлкім жоқ.

Алшаң басып кіретін  
Болмаған соң өтемі,  
Базынасы жүретін  
Байдың кедей не теңі?

Қарап жүрсем мен байқап,  
Келген дәулет кетеді.  
Көңілімді кең-байтақ  
Жаратқаны жетеді.

Кім келсе де үйіме,  
Көңілімді көл етем.  
Тарылмайтын дүние,  
Таусылмайтын сол екен.

\* \* \*

Өмір! Сені түсінеді бұл қатпаң,  
Қабағыңа қарай-қарай күн батқан.  
Қосуың мен көбейтуге келгенде,  
Күлтегінің құлпытасы үн қатқан.

Өмір! Сені түсінемін қабақтан,  
Қабағыңа қарай-қарай таң атқан.  
Алу, бөлу амалдарын өткенде,  
Мен ауырып қалған едім сабақтан.

Ұстаз сүймес шәкіртінің шорқағын,  
Тоным болса, керегі не торқаның?  
Жүзден жүзді алып, бөліп жатқанда,  
Қорытындысын естуге де қорқамын.

\* \* \*

Адалдыққа ант ішкен  
Адам қалай құбылар?!  
Тонап кетті-ау тал түсте  
Тон жамылған ұрылар.

Шырқын бұзды халықтың  
Шіріген бір жұмыртқа.  
Ұрығын да балықтың  
Ұрлап кетті ымыртта.

Зарын күнде меңдеткен  
Заман қалай оңалар?!  
Ұлттық намыс – келбеттен  
Айырылсақ не болар?!

Лайықсыз құрметке  
Ар-ұяты тоналған.  
Талай халық дүрмекте  
Жер бетінен жоғалған.

Есіргенін қоймайтын  
Ешкілерін айдасын.  
Елдің қамын ойлайтын  
Естілерім, қайдасың?!

\* \* \*

Мешіт жаққа жетелер  
Ит қуалап имам жүр.  
Күнәм болса көтерер,  
Көкірегіме құйған жыр.

Ит күзетсе есікті,  
Иесіне бақ санар.  
Сатылмайтын мешітті  
Сатып та жүр ақшаға.

Жетпесе егер жиғаным,  
Салар едім сақина.  
Сатып алған иманым  
Қажет болса бақиға.

## ТАЗАРТУ

Атыңды атағанға  
Болам ба мен кінәлі?  
Шындықты матағанда,  
Қалмайды енді мәні.

Өкпеңді артпа маған,  
Кемеңгер кексінбейді.  
Тегіне тартқан адам  
Теңге үшін тепсінбейді.

Айнадай қолындағы  
Сырды ашқан біз ұқпаған.  
Алланың жолындағы  
Алтынға қызықпаған.

«Асылды тот баспайды», –  
Деуші еді бұрынғылар.  
Араға от тастайды  
Бүгінгі жырындылар.

Адалдық жолы нұсқап  
Тұрғандай қайталадым.  
Құранды қолыма ұстап,  
Хақ сөзді айта аламын.

Түсінер заманды ұққан,  
Ішкізген қара шалап!  
Жайлаған надандықтан  
Алмайды арашалап.

Салмақты сөз арнаса,  
Тыңдайық тақымдамай...  
Жүрегің тазармаса,  
Жүре бер жақындамай.

\* \* \*

Жалақыға алданып,  
Жалаңаяқ қалам ба?  
Байға барып жалданып,  
Байпақ сатып алам ба?

«Қылығы» жоқ сүйетін  
Қу кедейлік жүр өтіп.  
Көшеге де киетін  
Керек еді бір етік.

02.03.2006

\* \* \*

Көйлек кимей жылтырдан,  
Етке толмай табағы,  
Қатынның да былтырдан  
Ашылмай жүр қабағы.

Іздегенге керекті –  
Ердің құны сияқты.  
Жаяуларға Теректі –  
Жердің түбі сияқты.

1995

\* \* \*

Тағы, тағы жылауық айтам әнді,  
Болар ма екен бұл өмір қайта мәнді?  
Алла жазған бұйырмай алашыма,  
Періштенің бергенін сайтан алды.

Жаға алмайсың қайтадан сенімді өшкен,  
Ортайтты ғой уақыт көңілді өскен.  
Ағылшынға жалданған әкелерім  
Ит пен мысық сияқты өмір кешкен.

Боданда елі болған соң, боданда ері,  
Орыс алдап ұстады одан гөрі.  
Кәріс келіп байыды бұл заманда,  
Кеткендей ме айналып қоғам кері?..

Қазтуғандай зарлап кім айта алады?  
Тасырқап тұр қазақтың майтабаны.  
Ұмыттырып жіберіп Ұлы Уақыт,  
Қателігін өзінің қайталады.

Замананың адамға сай ма заңы,  
Тіршіліктің тола ма тайқазаны?

Өз жерінде өзгеге жалшы болса,  
Тарихтың тағы бұл қай мазағы?

### ЕГЕР...

*«Табиғатта басы артық  
ештеңе жоқ».*

*Ауданбай молданың айтқаны*

Тіршілікке ендеше  
Келтірмеймін шығынды.  
Дастарханға келмесе,  
Өлтірмеймін шыбынды.

Қоржын ала қаша ма,  
Шошалама түспесе.  
Нем бар еді масада,  
Қанымды егер ішпесе.

Ақиқатқа сай шығып,  
Айтсам егер қырнамай.  
Қарсылық пен қайшылық  
Тізіледі тырнадай.

Бәрін тауысып болар ма,  
Бірді-екілі дерек қой.  
Өлмеу үшін олар да  
Өмір сүру керек қой.

Бармағын да тістеген  
Отыздағы от өрен.  
Өз қолыммен істеген  
Өз күнәмді көтерем.

Отаныма тиіспесе  
Жауды неге ел басқа ұрды?..  
Қотаныма түспесе  
Қонақ қылам қасқырды.

## ИМАНСЫЗДАР

Садаға кет әрі атыңнан,  
Қозғадың-ау қатқан шерді.  
Иван үшін жаратылған  
Имансыздар сатқан жерді.

– Ұмытқан ба ұлт екенін? –  
Деп көршілер тырқылдайды.  
Қол көтерген құлтекенің  
Қолы неге қырқылмайды?!.

Әмбеге аян күнім мынау,  
Күнге жылап, айға өтінем.  
Сатқындардан түңілдім-ау,  
Қарайды елге қай бетімен?!.

Бозым – біткен, қара – қалған,  
Көзін тіккен далама көп.  
Ойламайды арам алған  
От ортайып қала ма деп.

Қаздай еркін қазақ едік,  
Қазақ едік қарға тамыр.  
Көп те емес, аз-ақ едік,  
Береке бер барға, Тәңір!

Иә, Алла, нұрың жаусын,  
Қаһарыңа ала көрме!

Жетсе егер құлын даусым,  
Қаражүрек бала берме!

\* \* \*

Қатыгезден мейір мен қайыр қашпақ,  
Қарамайды құрметпен шайырға асқақ.  
Ақ-қараны айырмас мына уақыт,  
Ар-ұятты ақшаға айырбастап.

Қу қызмет болды екен неден күшті,  
Сырты суық, бергенмен өлеңге ішті.  
Орыңдығы үш саты көтерілсе,  
Ақындығы төрт саты төмен түсті.

Түгендеген ешкім жоқ түсінігін,  
Бастығының басып жүр мысы бүгін.  
Өресімен өлшенсе ақындығы,  
Төресімен таниды кісілігін.

Кісілігін қайтеміз кесіп айтып,  
Тұрады ғой төрі мен есігі айтып.  
Біздің ауыл сан саққа жүгіртеді:  
«Өсіп кетті, – дегендей, – осы қайтіп?...»

02.01.2006

\* \* \*

Мақтанбайды өткенін сұрағанда,  
Ақталмайды, қате көп тірі адамда.  
Еңбегі де бар екен ерге лайық,  
Жұлдызындай жарқырап тұр алаңда.

Заманыңда бұл кісі – болған кісі.  
Ұшып кеткен беймезгіл қолдан құсы.  
Алматыны аралап жүреді екен  
Армандар мен аңсауға толғанда іші.

Ағайынның сәлемін арқалаған  
Әр ауылдан келеді, әр қаладан.  
Бұл шаһарда осындай үй шамалы  
Есігі ашық, қонағы тарқамаған.

Мол пішілсе тұлғасы, мосқал деме,  
Жағалауда жоқ оны тосқан кеме.  
Самал ескен секілді сөйлейді екен  
Салмақты да сүйкімді қосқан дене.

Бірің – кедей, пенделер, бірің – байсың,  
Бірің – шөлсің, біреуің – Қырымдайсың.  
Ақ жолынан Құранның адаспасаң,  
Қаһарына Құдайдың ұрынбайсың.

Ей, пенделер, бірің – құл, бірің – «Құдай»,  
Жақсыларға қарама жырындыдай.  
Төре болған күндерін сағына ма,  
Төрге шығып кетеді бұрынғыдай.

## ЕГЕР ӘКІМ...

Орыс «Егор», қазақтар «Егер» дейді,  
Бокстан да, боктаудан шебер дейді.  
Жетпіс жеті әкеңнен жібереді,  
Жалынсаң да, біреуін шегермейді.

Мәз болады маңайы, көтереді,  
Көтереді төбеге бекер елі.  
Сталиннің ысқырған кезі болса,  
Итжеккенге айдалып кетер еді.

Жырта берсін жыртысын жұрт  
Егердің, Ізгілікке иіліп жыр төгермін.

Ақымақты танымай, бақ қараса,  
Бақ дегеннің басынан бір тебермін.

\* \* \*

Талай-талай басымнан көшіпті арман,  
Келер деген күндерім кешікті алдан.  
Қиқы-жиқы жолдарым жүріп өткен  
Ұйқы-тұйқы заманда өшіп қалған.

Өшпегені – көрінер көмескілеу,  
Ел үйірсек нәрсеге ең ескілеу.  
Жеткен жерін бағамдап отыру да –  
Өткендерін қайтадан емес тілеу.

Қарттарымның бәрі де менен дана,  
Ерте есейер ел қамын жеген бала.  
Ескі айдың тілесе есіркеуін,  
«Жаңа Айда жарылқа!» деген дала.

Отырғам жоқ өткеннен ізімді аңсап,  
Ата салты сол еді бұзылған шақ.  
Қыз-қатынды жіберді желіктіріп  
Қызығына қыздырған қызыл мансап.

Сәукелелі сұлулар кәде қылып,  
Сәлделіге иілген сәлемі ғып.  
Әспеттеумен келе ме қалыбына  
Әдебінен айырылған әдемілік?

\* \* \*

Құмды күйсеп, тасты жеп,  
Дүкенді де ашты көп.  
Айтады оны әжелер:  
«Әкемізбен жасты», – деп.

Осы біздің прораб,  
Екі қызыл, бір арақ  
Тығып алып қойынға,  
Алдымызды жүр орап.

«Өлем», – дейді, өлмейді,  
Өлгісі де келмейді.  
«Есі ауысқан бір шал», – деп,  
Ешкім көңіл бөлмейді.

Шайырды отап шөлдегі,  
Аққуды атты көлдегі.  
Былыр тамын көтеріп,  
Биыл тағы өлмеді.

Теңге жиып, тіленді,  
Кім екенін біл енді.  
Сабын сатып жүр еді,  
Тамын сатып жіберді.

\* \* \*

Жүйрік еді ел есепке,  
Сақтаймыз ба аман ұлды?  
Біздің қоғам келешекке  
Жасап жатыр жаман үлгі.

Зәмзәм емес, зәр ұсындық,  
Өспегендей ата көріп.  
Ақын біткен бәрі сұмдық,  
Арақ ішіп, бата беріп.

Жарытпаған қора қорып,  
Үрген иттей үй ішінде.  
Ауызымен орақ орып,  
Не ақысы бар би ісінде?

## ТӘУІП ПЕН ТӘБӘРІК

Алла аян еткендей,  
Арыз түсіп бұл елден.  
Желге мініп жеткендей  
Жедел көмек жіберген.

Жастардың да кәрінің  
Құрбан болар жолында  
Аурудың бәрінің  
Кілті бардай қолында.

Дауа болған жарама,  
Адал сөзге елші еді.  
Тулағына қарама,  
Туа біткен емші еді.

Кереметін сыйғызып  
Айта алам ба өлеңмен,  
Тілдің ұшын тигізіп  
Қан алғанда денемнен.

Жаны таза не деген,  
Мал жимаған олжадан.  
Қызыл түлкім жебеген  
Тағдырымды болжаған...

Сөйткен тәуіп жөнелді  
Алды-артына қарамай.  
Тәбәрікті ел енді  
Тұрды күтіп, тарамай.

Тәспісіне таласып,  
Кебісіне келісіп,

Жалғызына жаны ашып,  
Алды барын бөлісіп.

Кейін қайта жалғасты  
Тәбәріктің бұл дауы.  
Алғандардан алғашқы  
Аман екен шұлғауы.

Демесе екен «бұлдауын»,  
Түсінсе ғой бұл қауым.  
Тәбәрікке берер ем  
Тәуіптердің шұлғауын.

1977

\* \* \*

Қатар жүрген құрбылардың ішінен  
Құрық бойы қулығын да сезген ем.  
Жамағайын жерлесінің күшімен  
Жедел жетті мақсатына көздеген.

Қайда барса, амал-айла, салды епке,  
Қара ниет, қара мысық тілеулі.  
Бір сатыға шыққан сайын, әлбетте,  
Құрбандыққа шалып жүрді біреуді.

Бір орында істеген жоқ тұрақтап,  
Иісі шыға бастағанда өседі.  
Ал артында тонна-тонна сұрақ қап,  
Бір қаладан бір қалаға көшеді.

Көзі ойнақшып, құбылғанда мінезі,  
Таптырмайды, көңілінің күйті не?  
Төредей боп төрде жатқан бір өзі –  
Иесіне ұқсайды екен иті де.

Ағаттығы болса егер ақтайды,  
Бай баласы секілді ол бақта өсті.  
«Адамнан да ақылды», – деп мақтайды  
Түлкіге де күлкі болған Ақтөсті.

Болашақты айта алмайды нақты ешкім,  
Басшыларға ішің қалай жылиды?  
Екі басы болмаса да Ақтөстің,  
Екі жаққа кезек қарап ұлиды...

\* \* \*

«Ауа райы» бұзылып,  
Ерте солған өз гүлім.  
Кіжініп те мүжіліп  
Сөйлейтін бұл мезгілім.

Замананың бетімен  
Үркек болсам мен неден –  
Түсінуді өтінем  
Түйсігі бар пендеден.

Шыбын-шіркей талаған  
Шындықтан да шетте бір.  
Жапа шегіп жаладан,  
Жалтақтаумен өтті өмір.

Зәрем ұшып күні-түн  
Қандыауыз мылтықтан,  
Үзілмеген үмітім  
Азаттыққа ынтыққан.

\* \* \*

Ұстай алмасаң ұяңды,  
Жайыңа отыр, тәйт, арық!

Он жылда көрген зиянды  
Отыз жыл бермес қайтарып.

Өткелсіз жерден өтпейді,  
Өзіңе өзің жауықпа.  
Ұясын тастап кетпейді  
Тарыны көрген тауық та.

Көршіге сеніп алданып,  
Бетіне елдің түкірме.  
Азаттығыңа жадданып,  
Аллаға енді шүкір де.

Аш емес халқым, сезем мен,  
Аштықтың болсын беті аулақ.  
Өзегің талса, өзеннен,  
Балқаштан балық кет аулап!

04.07.2004

\* \* \*

Ескі сырнай тұратын бас жағында,  
Жын қуғандай жүретін жас шағында.  
Алыпқашпа алқаштың біреуі еді,  
Шыға келді молда боп қас қағымда.

Қайда барса, қашанда нарқы берік,  
Алады ғой жатқанда халқы беріп.  
Үзіп жейді жүзімді сабағынан,  
Сүзіп жейді астаудан салқын өрік.

Жақсы болды Кеңестің құлағаны,  
Босаға емес, төр күтті бұл «ағаны».  
Керең болып барады күн-күн сайын,  
Естілмейді жетімнің жылағаны.

Енді айырды базардың жалған шайын,  
Жақсылыққа жориды жалғанса айын.  
Көрген сайын өлімді қаталданып,  
Құнығып та барады алған сайын.

Сатты бірде ол базарға бір қап ішік,  
Жалғыз қыран жеткендей қырдан ұшып,  
Қарқылдады қаланың қарғалары  
Көріп қалып тұрғанын ұрлап ішіп.

Тоқ қылады жоқтықта жиған масақ,  
Аштықта да болған ел иманға сақ.  
Масақ терген маскүнем малшынбай ма,  
Имансыздан жатқанда имам жасап?!

\* \* \*

Көрмегенді бұл өңір  
Көрсетіп тұр «Кремль».  
Өң мен түстің арасы  
Сияқтанған бір өмір.  
Мен тілемей жүрмін бе,  
Қабыл болса тілегім.

Естімейді еш құлақ,  
Жасағанға кеш жылап,  
Жүргеніме өкінем  
Қараөткелге көш құлап,  
Қайта айналып соғар деп  
Елден кеткен ескі бақ.

Өмір сүру дегенің  
Оңайланды ептіге.  
Ойда-қырда жегенің  
Бойға сіңсін деп тіле.

Мүләймсір өтірік,  
Жаным талай күйінді.  
Асыңды ішіп отырып,  
Өртеп кетер үйінді.

Кесетіндей жолыңды,  
Не болды екен соншама?  
Сипап тұрып жоныңды  
Атып кетер моншада.

Тас қып қойып темірмен  
Ашық тұрған есікті,  
Күтері көп өмірден  
Күзетеміз бесікті.

\* \* \*

Домбырадай күмбірледі,  
Бүлдірсе де білдірмеді.  
Әкімдердің есі ауып,  
Министрлер міңгірледі.

Байқады жұрт бақылап та,  
Құмар екен тақымы атқа.  
Нақыл айтты надандарға,  
Ақыл айтты ақымаққа.

Зәру ме ел құрметіне,  
Ұят шықпай тұр бетіне.  
Оза шауып араласты  
Оғыланның міндетіне.

Салқын самал, сая белі,  
Елім менің бай ел еді.  
Ойпырмау, ол от басында  
Отыратын әйел еді.

Қаймағын жеп, майын алмай,  
Бес ешкімді қайыра алмай,  
Мен отырмын аң-таң болып...  
Өң бе? Түс пе? Айыра алмай.

06.05.2004

\* \* \*

Шыға алмасаң далаға,  
Жей алмасаң тойғанша,  
Басқаға емес, балаға  
Кіріптар ғып қойғанша...

Жүз дегенді көздеме,  
Сексен салмақ салғанда,  
Өз пікірің өзгеге  
Керек болмай қалғанда.

Түншықты де бір тұма,  
Ел алдында ерсі етпе.  
Жақсы көрген жұртыма  
Жығылғанды көрсетпе!

Күш қалмаса беліңде,  
Мейлің егіл, мың күрсін.  
Тақақтаған келінге  
Жапақтаған күн құрсын!

\* \* \*

Басына киген тәжі жоқ,  
Билейміз енді бекке де.  
Екінің бірі қажы боп,  
Арзандап кетті-ау Мекке де.

Даңқымен жерді жарғандар  
Жұмбақтау үнмен айтады ән.

Алланы алдап барғандар  
Арағын ішті қайтадан.

«Раббым» шықпай тісінен,  
Райдан бәрі қайта алмай.  
Періштелердің ішінен  
Бөлініп қалған сайтандай.

Көңілін жұрттың қалдырған  
Бектердің алды бажыды.  
Медресе, мешіт салдырған  
Көрмеді көзім қажыны.

## ҚАРАҚШЫ

Сес болсын деп дұшпанға,  
Семсер-сөзді жалатты.  
Талмасын деп ұшқанда,  
Талант берді қанатты...

Ес болсын деп еліне,  
Арманын да әрі айтып,  
Қойды Тәңір мені де  
Қарақшыдай қарайтып.

Қарақшыға жараған  
Қарттың жоқ қой арманы.  
Елім десе әр адам  
Өмірінің бар мәні.

## ӨМІРІ ҰЗАҚ ӨТІРІК

Сарнай-сарнай сарғайдым,  
Суловты қарғаймын.  
Шыңырауда шыңғырған  
Шындық еді – бар қайғым.

Еренге де беренге,  
Көрінбестей кереңге,  
Шыға алмастай шындықты  
Салып қойды тереңге.

Шімірікпей көпіріп,  
Тескентауға кетіріп,  
Шындық жоқта мінбеге  
Шығып алды өтірік.

Қас әкенің қояны,  
Мас әкенің нояны –  
Өтіріктің алдына  
Бас әкеліп қояды.

Неткен білгір бұл деген,  
Таңданамын күнде мен.  
Жүз жыл сөйлей бере ме,  
Түсірмесе мінбеден?!

Өтірікке жандайшап  
Жағымпаз да қандай сақ?  
Шындық шыға келсе ғой,  
Шыңыраудан айғай сап!

1975

\* \* \*

Батыстың басын мәңгіртіп,  
Төріне шығып, малдас құр.  
Жаһанды қайта жаңғыртып,  
Даланың жолын жалғастыр.

Білімді ғана ұға алар,  
Білеме білек білмеске.  
Атаның атын шығарар  
Атаңдар керек бұл көшке.

Шәлкестер кеткен құлатып,  
Көмескі тартса кей мүсін,  
Ұмытшақ мына Уақыт  
Орнына қояр деймісің?

12.03.2002

## АРМАН

Дәуірдің дауылында алған сынап,  
Өшпейді, өшірмесен, жанған шырақ.  
Молайып бара жатыр ел ішінде  
Қонаев заманынан қалған сұрақ.

Талайлар сол сұрақты қойған маған,  
Тұлға көп туған күні тойланбаған.  
Ордаға отыруға лайық па  
Орнында Отырардың ойланбаған?

Тұлпар да танылмайды желісінен,  
Әулие көрінбейді кебісінен.  
Алаштан алтын сақа үзілген жоқ,  
Өзіміз іздемейтін ел ішінен.

Шомылып жатқан кезде қыс Қырымда,  
Көктем жүр шыр айналып Құсмұрында.  
Көшелі кемеңгері келешектің  
Үш жүздің жүрген шығар үш қырында.

Қыранның қырандығы – ұстауында,  
Қызыр жүр құсбегінің қыстауында.  
Ұлтымның ұлы үміті ұя басып,  
Үш жүздің жатқан шығар үш тауында.

Естісе ақиқатты жат күледі,  
Ойран боп ғылымның да бақтың елі.  
Қақпасын Отырардың ашып берген  
Алтынға басы айналған сатқын еді.

Қайтейін тарихты терең қазып,  
Он қайта оқимын деп келем қажып.  
Жаппады демесеңдер сол қақпаны,  
Таппады демессіңдер өлеңге азық!

Қырандай қайран халқым құрама сап,  
Құрандай болар ма екен мұраға сақ –  
Аладан алты Алашқа адал ұлды  
Алақан жайып жүріп сұрамасақ.

13.09.2004

## ҰЗЫН СӨЗДІҢ ҚЫСҚАСЫ

Мінбесіне кеншілердің  
Мінген дөкей сөз біледі.  
«Ұзын тұсау, кең шідердің»  
Келіп тұрған мезгілі еді.

Балғасы да, қалды да орақ,  
Қырына алды куә мені.  
Қырық жылдың алдын орап,  
Қырып салды уәдені.

– Жоғарының жарлығы да  
Қаламайды дау-дамайды.  
Жер жүзінің барлығы да  
Жер байлығын саудалайды.

«Елі мен Жер, – деген, – егіз, –  
Тауып айтқан атамыз да.  
Кең қалтаға кенелеміз,  
Кеніштерді сатамыз да.

«Боингтер» жан-жағыңнан  
Аспаныңда арқырайды.  
Қара нанға бал жағылған  
Келешегің жарқырайды.

Тойға бапта ақтаңкерді,  
Қатын табар түгел егіз.  
Жұтап бара жатқан жерді  
Жұмақ етіп жібереміз.

Елдің ерек ырысы да,  
Байлық барда қолда ғажап.  
Жатты жегіп жұмысына,  
Жатып ішер сонда қазақ...»

Қарыс майы қабырғалық  
Жас дөкейдің біреуі еді.  
Өз сөзіне мағұрланып,  
Шырт түкіріп, шіренеді.

Кеңгірдің де куә кеші,  
Құдай қостап, күйім кірсін.  
Ұзақ екен уәдесі,  
Ұзағынан сүйіндірсін.

Дөкейді біз тергейміз бе,  
Жұмақ болар қоғам кейін.  
Көреміз бе, көрмейміз бе,  
Кім бар, кім жоқ оған дейін?..

Кезең еді ол – ел арыған,  
Естігенге сенді бәрі...  
Дөкей келсе жоғарыдан,  
Сенбейді ешкім ендігәрі.

Қалталы бай – аты Пұшық,  
Күнге тауып бір мазақты,  
Жаттан келіп, жатып ішіп,  
Жалдап қойып жүр қазақты.

\* \* \*

Ортайып бара жатқаның  
Ойына келмей ешкімнің,  
Күріштік пен мақтаның  
Құрбанындай естідің.

Кешір сен, айтсам өтірік,  
Аралым – шалқар айдыным.  
Аспанға қарап отырып,  
Астыңда қаппыз қайғының.

Тобыл саған тартылмай,  
Енисей де бұрылмай,  
Аруымның артында  
Қалып қойдың бұрымдай.

\* \* \*

Теріс демедік терісті,  
Қарадық неге атүсті?  
Келешек деген келісті  
Кестенің жібі шатысты.

Өтірік, өсек, сыбыстан  
Қақырап жолы қатыстың,  
Шамасы шарқы Шығыстан  
Шоқпары түспей Батыстың.

Батыстың ойы жымысқы,  
Қонар ма екен қайта бақ?  
Шыңғыртып жатыр Шығысты,  
Шыңғыс хандарды қайталап.

Алашым, алтын айдарлым,  
Бұлдармын кімге ұятты?  
Сойылын соққан байлардың,  
Кедейдің соры сияқты...

– Уа, уақыт! Менің нояным!  
Жиғанша жалпақ Дешті есін,  
Кеудеме сақтап қоямын  
Келешек-қыздың кестесін.

\* \* \*

Жаза алмадым тыртығымды,  
Жаба алмадым жыртығымды.  
Жұмақ жақын еместігін  
Жаңа-жаңа жұрт ұғынды.

Алдап жатыр Қыр қазағын,  
Көтеріп-ақ жүр мазағын.  
Ебіл-дебіл елім мынау,  
Жылап жүріп жыр жазамын.

Үкіметтің уысында  
Көрген күнің құрысын да!  
Туған елін тонағандар  
Туған жерге жуысын ба?!

Назаланса назалансын,  
Тақтан бастап тазалансын.  
Ең алдымен, ел тонаған  
Жалмауыздар жазалансын.

\* \* \*

Біледі ел: айғай тегі  
Мұнайынан басталғанын.  
Жалаңдаған бай қайтеді  
Жалшылардың аш қалғанын?!

Қумаса егер күшпен Құдай,  
Жүрер мәңгі жалға жауға.  
Талапайға түскен мұнай  
Жетер ме екен талғажауға?

Көлеңкелер көз алдаған –  
Елден бөлек... басқа расы.  
Өз байлығын өзі алмаған –  
Масқараның масқарасы.

Халқын көзге ілмегенді  
«Кесапатты кесір» дейді.  
Қателігін білмегенді  
Құдай өзі кешірмейді.

## БЕС ӘРІП

Көп сұраған заманда  
Бала алдырмас кекілді.  
Ақшасы жоқ адам да  
Тұсаулы ат секілді.

Тілегімді күн жұтты,  
Теріс қарап боз айым.  
Жұмыс бермей жүнжітті  
Жаттан болған қожайын.

Екі қолым кісенде,  
Екі аяғым матаулы.  
Ішірткі қып ішем бе  
«Нарық» деген атауды?

Жарық бар ма түсетін  
Көлеңкеден бір шығып?  
Апыл-ғұпыл ішетін  
Әпіл-тәпіл тіршілік.

Шаш ағарды сасқанда,  
Шай бере алмай досыма.  
Кедейліктен қашқанда,  
Бай болғаным осы ма?

Ащы суға қасарып,  
Асқазанның бүрі жоқ.  
«Нарық» деген – бес әріп  
«5» қылатын түрі жоқ.

Қалтасы бос еркекті  
Қалпақтыға санама.  
Айта берсек ертекті,  
Жұлдызымыз жана ма?

Жат құдайдай сезінсе,  
Мені көзге іле ме?  
Ет жүрегім езілсе,  
Елім оны біле ме?!

Көмегім жоқ тигізген  
Босап тұрған бір тістей.  
Брежнев кигізген  
Ескі пальтом жүр түспей.

Жамау жамар қатыным  
Жас инемен тоғытып.  
Тілегенмен тақымым,  
Мәшинеден жоқ үміт.

Жыртылғанын жамайтын  
Жұртта жетер бар ине...  
Қожайындар қамайтын  
Қой емеспіз, әрине.

Елдігіміз сыналар  
Сәт те жақын тұрғандай.  
Жарық жолға шығарар  
Жарқыраған бір маңдай.

\* \* \*

Қасіретті қазаққа қала бастап  
Жатқан кезде, қарай ма далам асқақ,  
Талағынан қағынған тасыр заман  
Балағынан барады бала тастап.

Не керемет? Көрмеген, көксемеген,  
Ел бола ма міндетін екшемеген?  
Ойнақтайды от шашып жанарынан,  
Құйын болып соғады бөксеменен.

Имамға айтып, зарымды попқа асырдым.  
Құлағына тигіздім көп тасырдың.  
Жазалыны жазғырар беті бар ма,  
Тазалығы бойында жоқ ғасырдың?

Бұрып кетті жетімнен бетін Кеңес,  
Көкжиектің кезіп жүр шетінде елес.  
Жетімдікі – көз жасы жер жүзінің,  
Жер жүзінің күнәсі жетімде емес.

Иітсем деп еліме бұл аспанды,  
Соза-соза қолымды құлаш талды...  
Перғауындар ойына келгенді істеп,  
Періштенің бойы да ластанды.

\* \* \*

Жаза бассам, жалаға ұрынармын,  
Ел үстінде ырысы ұрылардың.  
Екі көршім бар еді, сырын алдым,  
Бірі – ақшаның ұрысы, бірі – малдың.

Мал ұрлаған ұрының құса бірі,  
Түйеден де емес пе ұшақ ірі?  
Ұсталмайды ұшақты ұрлағандар,  
Толтырады түрмені ұсақ ұры.

Өзгерістің сан алуан түрі келді,  
Екеу болып жатыр ғой бірім енді.  
Ірі-ірі сөйлесе байығандар,  
Ұрысы да заманының іріленді.

Шекпендінің ішінде дені арамдар.  
Шақырмайды олардай мені адамдар.  
Полковникке кінәні қалай қоям,  
Баскесердің басшысы – генералдар.

## АЛТЫН ҚАЗҒАНДА

Еркіндік алған егемен елі  
«Есіңнен шығар» демеген еді.  
Халқын азғанда көрмесе көзі,  
Алтын қазғанда неге келеді?

...Дулыға киген байтақ ел еді,  
Өткенін аңсап айта береді.  
Туғаны келіп тағына мінсе,  
Бақытты шағы қайта келеді,

Алтынның буы алыстан тартып,  
Өзгерген адам. Ауысқан тәртіп.  
Бір шоқып қойып, екі қараған  
Қара қарғадан сауысқан артық.

Қарауға елге бір беті қалмай,  
Қарау қоғамның міндеті қандай?  
Періштелердің күні тумайды  
Ібілістерді індетіп алмай.

\* \* \*

Жалған сөйлер мен емес,  
Айтпай кетсем арға азап.  
Ауыруын елемес  
Сырқат шығар бар қазақ.

Қайғым менің – көдедей:  
Қарап жүрмей алға сақ,  
Ауыруды елемей,  
Асқындырып алмасақ.

## МҰХИТТЫҢ АР ЖАҒЫҢДА

Қызыл гүлдер қап-қара тасқа өсер ме,  
Тасжүреkte болмайды таспа шер де.  
Мына дүние мүлгиді неге тыныш,  
Қарғыс айтпай қандықол баскесерге?

Бір күні оның атпады арайлана,  
(Өр күніне үреймен қарайды ана).  
Көніп-көніп келгенмен талайға ана,  
Зұлымдыққа шыдайды қалай ғана?

Есіркеген сияқты мұны тағы,  
Американың бітпейді үміт әні.  
Әділеттік ұранын айтып тұрып,  
Әділеттік дегенді ұмытады.

\* \* \*

Бар пәле – жоғарыда,  
Көп сөзі – жалған еді.  
Кеңестің обалына  
Горбачев қалған еді.

Түгел тіл безеді елі –  
Азабы бұл жылдардың.  
Қайнаған кезеңі еді  
Қазаны мылжыңдардың.

Жақпайды Хаққа өтірік,  
Суайттар оңған емес.  
Ақымақ таққа отырып,  
Ақылды болған емес.

\* \* \*

Жеткізбей жетер ұлды,  
Ұрпақтан кетер үлгі.  
Биліктің бүгініне  
Білімсіз көтерілді.

Жеген жоқ жеңісінен,  
Демеді: «Неге ісінем?»  
БҰҰ-ның мінбесін де  
Пергілеп кебісімен.

Тұрғанмен тақта күші,  
Алмады ақтап ісі.  
Дағдысын тастамады  
Шошқаның бақташысы.

1992

\* \* \*

Іңкәр қылған өмірге сөз дерті еді,  
Көрінгендей алдымнан көзге ертегі.  
Сағат сайын құбылған мына заман  
Санаңды да сан саққа өзгертеді.

Жұмыр жердің тыншу жоқ жанжалына  
Маза бермей бір сәт те мал-жаныма.  
Жау тығылып жатқандай жар астында,  
Жалтаң-жалтаң қараймын жан-жағыма.

Келешектен келмейді түңілдіргім,  
Көтере алмас бұл ғасыр жүгін жырдың.  
Отқа оранған Бағдад қан құсады,  
Кеше бейбіт Бейрутта бүгін қырғын.

Үмітке емес, үрейге үңілдірдім,  
Жұмыр жердің үстінде бүгін сүргін.

Түсім жақсы, иншалла, түсім жақсы –  
Джорж Буштың мысығын буындырдым...

\* \* \*

Көз салмайды өтірік  
Мөлдіреген маржанға.  
Алдап-сулап отырып  
Алып жатыр арзанға.

Мол ғой дедік мысты да,  
Темекі үшін берсек те.  
Басынан бақ ұшты ма,  
Темір кетті терсекке.

Қоян алдық – қой сұрап,  
Отыз берген – он алды.  
Қазынамыз ойсырап,  
Қазанымыз тоналды.

Қазақ ұстап қауғасын,  
Ұрласа да көнеміз.  
Шикізаттың саудасын  
Школьникке сенеміз.

Білмейді ме, көрмей ме  
Тақта отырған тоқ көкем?  
Иванға да, Сергейге  
Сеніп алған жоқ па екен?

Той тойладық есіріп,  
Ерке бақтай гүлдедік.  
Заводтарды көшіріп  
Жібергенін білмедік.

Көрмеді ме Астанам?  
Жасырды ізін құм бүгін.  
Сосковоц бастаған  
Сатқындардың сұмдығын.

### ҚЫЗДАР...

Өзбектің қыздары  
Лінбейді өсекке.  
Түрікменнің қыздары  
Сүрінбейді төсекке.

Ал қазақтың қызында  
Қанша мін бар, есепте.  
Етек-жеңі ұзын ба,  
Шашы қысқа десек те.

Ең әуелгі басты мін –  
Жалын толы жүрегі.  
Көрпесі мен жастығын  
Көбі өзгертіп жүреді.

Босатса егер шідерден,  
Айта алмайды ана дау.  
Шолжаңдатып жіберген  
Шолақ ақыл заман-ау.

Кінәлі тек деме сол,  
Сөздің болса атасы.  
Өзгертетін емес ол  
Өзбектің матасы.

Сездірмейміз жатқа көп,  
Жасырамыз қайта біз.  
Ашылғаннан сақта деп,  
Ашынғаннан айтамыз.

## АТ

Молда берді бата талғап,  
Бақ қонбайды ата таңдап.  
Жеткізсе егер жалғыз Алла,  
Жетімнің де аты аталмақ.

Бай баласын: «Сұлтан», – деді.  
Құлтан ұлын: «Ұлтан», – деді  
Кәрі кедей тұңғышын да  
Соған таяу: «Құлтан», – деді.

Өтті уақыт көп қайғы алып,  
Жетімнен сор өтті айналып.  
Кәмпескеге ілінген бай  
Итжеккенге кетті айдалып...

Есіміне ұл таң ба екен?  
Жігіт болды Ұлтан бекем.  
Ғылым қуып кетсе алысқа,  
Құл болған жоқ Құлтан көкем.

Теңейміз де бейне арысқа,  
Қарамаймыз кейде алысқа.  
Атын Сұлтан қойғандардың  
Бәрі Сұлтан Бейбарыс па?..

05.08.2003

## АДАМ ПРАВОСЫ

### I

Тыңдай ма бұл байғұсты мына ғалам,  
Өз қайғысы болмаса, ұға ма адам?  
Біреудің көзін сүрте алады ма,  
Өзінің жүрегімен жыламаған?

Қайғысы о дүниеге бірге аттайды,  
Көрмейді сенаторлар, сырғақтайды.  
Алтынға қолын малған Америка  
Көз жасын қайыршының құрғатпайды.

Бұл сөздің мәнісіне жетіп ұғын,  
Мүмкін сонсоң бір ойға бекінуің.  
Бірі – бай, екіншісі – аш-жалаңаш,  
Америка – екі ел, екі ұғым.

Бір үзім қара нанға жету үшін  
Ромель жүр қасына ертіп екі інісін.  
Жетпейді жұмыссыздар арманына,  
Байлықтың бұзбаса егер бекінісін.

Кеткен жоқ үрей көзден айығып бір,  
Жұмыс іздеу, нан табу – жай үміт құр.  
Адамның правосын Америка  
Жұмыс іздеу құқынан айырып тұр.

### II

Өмір қандай қатыгез, зұлым еді,  
Тұмай жатып бүлдірді ұлы нені?  
Басқыншылық дегенге қарсы шыққан  
Анасының жалғыз-ақ құлыны еді.

Баскесерлер бұл жұртты жүр басынып,  
Қолшатыр мен мылтықты бірге асынып...  
Ұлын асқан теректің бұтағына  
Анасы да сол күні тұрды асылып.

Жермен қоса басқандай тайфун көкті,  
Өшіреді кеудеден қайтіп кекті?!  
Өмірінен түңіліп, зұлымдыққа  
Өлімімен лағынет айтып кетті.

\* \* \*

Орысшыл болсаң, досым, кері істеме,  
Өзеуреп, өзге жерге өрістеме.  
Ер дауын неменеге айта берем,  
Перғауын жол бермейді періштеге.

Қайран дос, бір пайдаң жоқ үйге сенің,  
Сағынсаң, сартап болған сүй көсемін.  
Лениннен баяғыда безе қашқан  
Бөкейхан баласындай күй кешемін.

Ішінде қопалар мен қорыстардың,  
Неміз бар орманыңда орыстардың?..  
Әуелі Алла берсе ақ тілекті,  
Ельцинге расында борыштардың.

## УРАН КЕНІШІНДЕ

### I

Шайқап төгіп, үріп ішіп,  
Жатқан жерді шолып тұрдым.  
Бірі көксау, бірі ісік,  
Екі жігіт жолықтырдым.

Алып астау. Ала бас тау –  
Көргендері көзді ашқалы.  
Екі жігіт шала мастау,  
Ең үлкені сөз бастады:

– Кейін біліп ызаланғам,  
Әуелгіде айтпайды екен.  
Уран қазған жүз адамнан  
Тең жартысы қайтпайды екен.

Деп жүргенде: «Айтар ән көп»,  
Күн-күн сайын түстім кеміп.  
Уды умен қайтарам деп,  
Ұйқы көрмей іштім келіп.

Таяныш жоқ қу даладан,  
Қалар менің неңдей үлгім?  
Уран қазып, у жалаған  
Ұрпағы жоқ мендей ұлдың...

Жетілмеген жетім едім,  
Жетесіздік түпке жетер.  
Енді келсең, өтінемін,  
Кездесер деп күтпе бекер.

Мейлі, кейін мақтар ұлық,  
Жетесізді жер тартады.  
Өмірде бір ақтарылып, –  
Деді жігіт, – шер тарқады!

Күнә жуар кез келер күн,  
Адасқандар аз ба, көкем?..  
Өзімнің де, өзгелердің  
Қабірлерін қазған екем.

II

– Үйлендің бе? – дегенімде,  
Еске түсіп бал дәурені:  
– Кіндік кескен Кегенімде  
Керім қыздар қалды-ау! – деді.

– Ерте үміт үзбе, – дедім, –  
Жасың жетер жүзге, – дедім.  
– Жоқ, – деді ол, – мұз дененің  
Жылығанын іздеп едім...

Кетіп қалған сүреңіне  
Қарап тұрып, амалдадым.  
Жүдеп жүрген жүрегіне  
Бір жұбаныш таба алмадым.

Айтты кейін имам бәрін,  
Алды-артын ол аңғарыпты.  
Азын-аулақ жиғандарын  
Жетімханаға аударыпты.

Дәлелдепті ел ішіне  
Дәлдүң, даңғой еместігін.  
«Қолмен қазған кенішіне  
Құлап өлді», – деп естідім.

## ЖАҢААРҚА

Қолыма қалам алдым, құрықты алмай.  
...Мәңгірдім, мәңгілікке тұрып қалмай.  
Мен саған жер түбінен жалт қараймын,  
Жалындап жанбағанда рухтанбай.

Серіңнің қалған маған серті кілең,  
Ақтабан тұлпарыңның бер түгінен!  
Сақтаған ақсұңқардың қияғын бер,  
Жетейін сағынғанда жер түбінен!

## ТАМЫЗДА

Болмады ма сел-сезімге бой қалқан,  
Қонбады ма жұмыр басқа ой дарқан?  
Тамызда да табаныма сыз өтіп,  
Қызыл күнге қызбай менің қойды арқам.

Жетпейтіндей сылқым самал, ен ауа,  
Көп ойланып кеттім бе екен мен ауа?..  
Сараң өмір неге берсін алғанын,  
Өтіп кеткен уақытқа не дауа?

## ШАЛАП

Татпас едім, қу шөлдің қыстағаны,  
Көп болған-ау күбісін ыстағалы.  
Шалапқа емес, өзіне қарай бердім,  
Ақ білектен тағы да ұстағалы.

– У-шуы көп ауылдың, у-шуы көп,  
Көріп қойса, жаяды қу Шыныбек, –  
Деді-дағы ол күбісін қымтай берді:  
– Қойда жүрген ағаңның сусыны, – деп.

## БАЙҚОҢЫР ДАЛАСЫ

*(Кәкімбек Салықовқа арнаймын)*

Бар ғаламға бұл дала әнін жайды,  
Ой үстінде ән салып дамылдайды.  
Байқоңырдан ұшырған қырандарын  
Той үстінде өзіне қабылдайды.

Той үстінде өлең де өріледі,  
Байқоңырым әлемнің төрі ме еді?!  
Алып таудың бәрінен шоқтығы асып,  
Жер шарына түп-түгел көрінеді.

Алған адам сырының бәрін біліп,  
Асау желден сезеді арындылық.  
Бұл даладан қонады кемеңгерлік,  
Бұл даладан дариды дарындылық.

Құшағыңды көркіне жайсаң бүгін,  
Ақтарасың ақ ару – май сандығын.  
Сұлулыққа бұл дала құштар етіп,  
Сыйлар еді тағы да жайсаңдығын.

Ең алдымен сен оның ұланы бол,  
Ұланына шапағы, шырағы мол.  
Шахтасының өзінен осы жердің  
Кремльге түп-тура шығады жол.

Әсемдігі бар оның киіктерде,  
Атақ-даңқы біткендей иықты ерге.  
Өзі сүйген ұланын қыран етіп,  
Сынап-сынап алады биіктерде.

## ҰЛЫТАУДЫҢ ЖЫРШЫСЫ

*(Қуаныш Ахметовке)*

Құланы дүбірлетсе құба белді,  
Төбеге көтереді ұланы елді.  
Арқырап жер астында жүріп-жүріп,  
Жарқырап бір-ақ күнде шыға келді.

Keң қолтық, кең қонышты Қыр қазағы,  
Ұмсынып ұшар шыңға, жыр жазады.  
Өзіне қанша мадақ айтылса да,  
Ұлытау үндемейді бір ғажабы.

Ақын ғой аңқылдаған ер денелі,  
Есепсіз еркелетті Ерден елі.  
Осында, Ұлы Дала аян беріп,  
Отыз жыл бұрын іздеп келген еді.

Шындыққа түспегенде шырақ мүлде,  
Білмеймін қоярымды сұрақ кімге.  
Ойланып ұзақ жүріп, көшіп кетті ол,  
Кітаптарын арқалап бір-ақ күнде.

Айтады Астанадаң нені еліне,  
Бір кітап келгені ме кемеліне?  
Басынан Бәйтеректің Ұлытауға  
Алыстан бір қарайын дегені ме?

## ҒАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЕВҚА

(Өзіл құттықтау)

Құт жырың мен құт әнің –  
Жапырағың мен бұтағың.  
Жаныңнан бір жаутаңдап,  
Жалт қарады-ау кітабың.

«Ойды өріп бесіктен,  
Қойды көріп есіктен,  
Өлең жазған еді», – деп,  
Өз апаңнан есіткем.

Сен жүргенде жөргектен  
Әуен іздеп жер-көктен,  
Тоқтап еді тұсыңа  
Тебінгісі тер көктем.

Өкси-өкси өткенге,  
Қойды тастап бөктерге,  
Он сегізде қиқулап,  
Еріп кеттің көктемге.

Көктем – көркі ол елдің,  
Көктемдерге бөлендің,  
Жерге түспей ұша бер,  
Қанатыңда өлеңнің.

09.02.1989

## САҒЫНЫШ

Арманның ұшағында  
Бірге ұштық, қалмай ұштық.  
Гүл толған құшағында  
Гүл дәурен қандай ыстық?!

Тұрғандай алда тұман,  
Бір ойға бекіп те алдым.  
Сен сүйген Алматыдан  
Ауылға кетіп қалдым.

Сен жүрген бақ-нулардың  
Лебінен ем іздедім.  
Оралған аққулардың  
Легінен сені іздедім.

Айтылмай арманым – ән,  
Мұңына қосып жырдың.  
Жанаарқа жолдарынан  
Мен сені тосып жүрмін.

## АЛТЫН ОРДАМ

*М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық  
драма театрының 70 жылдығына арналған*

Бабалардың болады даңқы қорған,  
Баталы елдің болады халқы орман.  
Армысың, шат шаңырақ, құтты қоныс –  
Әуезов атындағы алтын ордам!

Өнеріңмен келесің елді аялай,  
Шапағатын елің де келді аямай.  
Төрткүл әлем таныған екпінінен  
Жетпіс жасқа кеп тұрған желмаям-ай!

Қадіріңді біз жүрміз ұға біліп,  
Қарсы аласың келгенде құба күліп.  
Аналардың атынан келіп тұрмын,  
Даналардың бәріне дұға қылып.

Сахнаңның төріне Қыдыр түнеп,  
Тұлпарларың тұрғандай дүбір тілеп.  
Жезқазғаннан тойыңа келіп тұрмын,  
Тірілердің бәріне ғұмыр тілеп.

Ынтық қылып сен бізді қойғаныңда,  
Айтылатын көп еді ойларым да.  
«Халық банкі» екі рет демеп еді,  
Абай менен Жамбылдың тойларыңда.

Сахнада аз емес көргеніміз,  
Зиялы елміз, біз бүгін зерделіміз.  
Жетпісіңе байғазы алып келсем,  
Саған берсек – өнерге бергеніміз.

Жетпіс жылда бір мысқал жұқармадың,  
Көтеріп ап халқымның құт-арманын.  
Аман болсың, азаттық алып келген  
Абылай хан, әулие Бұқарларың!

## ЖҮРЕГІМНІҢ БІР ГҮЛІ

Иткөйлекті бір кесе,  
Соныменен құрдаспын.  
Сұлулықты кім сүйсе,  
Соныменен сырласпын.

Дос пейілі оңар ма  
Жаны жайсаң құрбының?  
Үзіп берем соларға  
Жүрегімнің бір гүлін.

\* \* \*

Айтылмаса «әттеңі»  
Ақталғандай ат тері.  
Емексітіп, емінтіп  
Ернін тосқан сәттері.

\* \* \*

Қасіреттің қоламтасын қоздатып,  
Қорамсақта қалған оқты бозға атып,  
Бесігімнен бебеулеткен, беу, өмір,  
Ботадайын келесің-ау боздатып.

Есігімнің алдына өсіп-өнсе егін,  
Есігін де ашпай ешбір кеңсенің,  
Жұмғанымды жыбырлатпай өтер ем,  
Жұмбағыңды таба алмадым мен сенің.

\* \* \*

Әуенімді ескі десең,  
Кінә қойма кеш түлесем.  
Бес жыл соғыс...  
Бесік жырын естімесем.

\* \* \*

Меңдей, сірә, жан аз ба –  
Бар тағдыры қағазда.  
Жайнамазы сияқты  
Жайылатын намазға.

\* \* \*

Сағынамын, сарнаймын,  
Одан өзге не қызық?..  
Аруға жыр арнаймын:  
«Ахау, арман!» – дегізіп.

\* \* \*

Үздіктіріп жыр қысқалы,  
Іздеп келем ішкі әлемін.  
Олжас – ойдың бір мысқалы,  
Үш ай азық. Үш бөлемін.

Торғай тояр шоқығанға,  
Қадырға да ұяттымын.  
Үзіп-үзіп оқығанда  
Ұзақ жасар сияқтымын.

\* \* \*

Өтті... кетті – қас қағым,  
Көктем деген – үш-ақ ай.  
Отқа оранған жас шағым,  
Он сегіздің құшағы-ай!

\* \* \*

Көз жазып кетерімді  
Күлім көз, күн бейнеден,  
Өкініп өтерімді  
Қалдым ба білмей де мен?..

\* \* \*

Мен сенен шалғай кетем  
Деп, сірә, ойладым ба?  
Армандар алдай ма екен  
Аңсатып қойғаныңда?

\* \* \*

Басымдағы шашымнан көп менде мін,  
Кемеңгердің кеңесіне кеңдемін.  
Дүниенің олқы-толқы кезінде  
Олпы-солпы жаратылған пендемін,

Жететіндей түбіме де «ой-қамау»,  
Жете алмадым таяқ тастам тойға анау.  
Денсаулықтың өзін өлшеп Тәңірім,  
Мен туғанша үлестіріп қойған-ау.

\* \* \*

Уақыт тұрмас кідіріп,  
Ұрып тұрған ызғарды-ай!..  
Көктем келер қыдырып  
Қайтып келген қыздардай.

\* \* \*

Тәңір берсе маған дарын,  
Ақын болған қызық екен.  
Бір ғасырдың қамалдарын  
Қалам алып бұзып өтем.

\* \* \*

Тазартып сүртіп кетті қар күйені,  
Көрші шал күл-қоқысты жерге үйеді.  
Сары айғыр оқыранып жанай берді  
Сауыны келіп тұрған сары биені.

\* \* \*

Шалқып-тасып жүретін  
Шақтарым-ай шүбәсіз!  
Күнге қарап күлетін  
Күндерім-ай күнәсіз!

Ақсүйектен қайтатын  
Арулардың сақтығы-ай.  
Айға қарап айтатын  
Армандардың ақтығы-ай!..

\* \* \*

Тасалап тұрып теректі  
Қарадым тоймай мың рет.  
Осындай болса керек-ті  
Сұлулық деген құдірет!

\* \* \*

Кемпірлер көйлек киді күлте салмай,  
Шалдар да жер шұқыды, күл тесе алмай.  
Сығырдаң тірлігіме сығырайып  
Қараймын майы азайған білте шамдай.

\* \* \*

Тауға тиіп желіні,  
Маңайды бұлт орады.  
Бүркіттінің еріні  
Бүлкілдетіп сорады.

Аққу да көл дегенде  
Жаймай ма жер түбінен қос қанатын.  
Өлеңге шөлдегенде  
Ақын да жыр-бәйгеге қосқан атын.

Жыр – менің жан серігім,  
Ал, жырмен қоштаспаған қырқында ешкім.

Ән-думан сал-серінің,  
Ақиық ақындардың жұртында өстім.

\* \* \*

Ақиқатпын жетпеген даусым әлі,  
Таулар жоқта төбелер таусынады.  
Сұмдықтардың бетіне қарағанда  
Шындықтардың шыдамы таусылады.

\* \* \*

Тұлпармен таласады шабанымыз,  
Білмейміз әлімізді, шаманы біз.  
Сондықтан көп ойылған алақан да,  
Сондықтан көп тесілген табанымыз.

\* \* \*

Керімдер де көп еді, көрімдер де,  
Бірақ көзін салмайды көрінгенге.  
Жанарына жазылып жан сезімі,  
Еркелігі тұрады еріндерде.

\* \* \*

Кенелгем жоқ көмбесін жырдың жазып,  
Жалықпай, жампоз жырлар жүрмін қазып.  
Құмарымды қуамын жететіндей,  
Көз алдында көлбеңдеп бір гүл нәзік.

Арман, арман – асылдан тыс қаптайды,  
Жазда – арман, күзде – бұлт, қыста – ақ қайғы.  
Ақ маралдай керіліп келіп тұрып,  
Ақ сәулеге айналып, ұстатпайды.

\* \* \*

Жанарлары шоқтанады,  
Періште де бір көргенше,  
Жалт етеді, жоқ болады,  
Қайта қарап үлгергенше.

\* \* \*

Кіре алмадым өлеңнің құлпын ашып,  
Қолымда емес сияқты кілті қашық.  
Көтертпейді еңсені сілкінсем де,  
Көтертпей тұр күдіктің бұлты басып.

\* \* \*

Дауыл соғып, сірә да, өткен бейне,  
Бір тамшы да тамбайды көктен кейде.  
Пенделердің пейілі тарылған соң,  
Табиғат та сараңсып кеткендей ме?

Жанымда менің талай да талай дерт өткен,  
Сонда да бір сәт мұнаймау үшін серт еткем.  
Дәуірді мынау оздыру үшін ертектен  
Маңдайым менің күндіз де түнде тер төккен.

Үнімді менің жүргендер болса ұнатпай,  
Мөлдіреп шығам таулардан аққан бұлақтай.  
Жырымды шақтап, өзімді сақтап келем мен,  
Келер күндерге жеткізу үшін құлатпай.

\* \* \*

Көбікауыз көп жырық  
Көз алдырмай тоқпақтан,  
Жылдам жетем деп жүріп,  
Шығып кеттім соқпақтан.

\* \* \*

Жүргенімнен не пайда?  
Қабағыңды бағайын.  
Бір жақсылық жасайын,  
Айтып жүрер ағайын.

\* \* \*

Қармақ іздеп, ау таңдап,  
Қыбыр-жыбыр бітпейді.

Бота көздер жауаңдап,  
Боз үстінде күтпейді.

\* \* \*

Дарияға жатқан кезде тастар батып,  
Дариға-ай, қарай алмай асқарға тік,  
Ішімде бір сұлуды өлтіріп ап,  
Түсімде жылап жатам жас парлатып.

Оятса отауымнан Азан Ғалам,  
Өзімнің сонда өзім мазамды алам.  
Сол сұлу өлең шығар өлі туған,  
Мәңгілік өлмейтіндей жаза алмаған.

\* \* \*

Қонар болса, табар еді бақ сені,  
Бақ қонбаса, керек емес бақсы емі!  
Сан сұраққа сандырақтап жүргенше,  
Саптыаяққа сыйып өлген жақсы еді.

\* \* \*

Бетіңнің әрі қашып,  
Бейнетпен күнде өнерсің.  
Азырақ арып-ашып,  
Көбірек гүлденерсің.

\* \* \*

Алматыға асығам,  
Алпыс бірдің көктемі!  
Алатаудың басынан  
Ақ жауын тұр төккелі.

\* \* \*

Қырларға қашып кеткен жыр қайтардым.  
Сұлуға сыр айтпасам, кімге айтармын?

Жүгіріп тыржалаңаш шыққан қыздай  
Сәуірік соңында жүр сұр байталдың.

Көзі көрген пенденің есі кеткен  
Көк болмаса, көктемнің несі көктем?..  
Көктемге ерген кешегі армандарым  
Керуендей көз алдымнан көшіп өткен...

\* \* \*

Кемшілікке көріндік біз осалдау,  
Көрінгенге жазып жүрдік бос арнау.  
Түзетіліп кете алмаған тірлікте  
Түбімізге жетер біздің осы алдау.

\* \* \*

Келдік біздер мақтаулардан босамай,  
Даңқ дегенге бола қалдық мас оңай.  
Біреулерге Тәңірідей табындық,  
Тәңірі деп нағыз адам жасамай.

\* \* \*

Болған кезде шабытқа, арынға сын,  
Бөлек едің, басқадан бағың басым.  
Бағың басым болса да, дәмің «ауып»,  
Қарай-қарай кеттің-ау, қарындасым.

Амал нешік, қайтейін қараларсың,  
Қара сөздің көшінде қара нарсың.  
Қауға тартар қараөзек кез болғанда,  
Құтты ұяңа қайтадан ораларсың.

\* \* \*

Жандырғандай үмітті  
Жердің ернін жібітті.  
Көктем-қыздар мақтаса  
Көкпар алған жігітті.

\* \* \*

Өтірікті өлтіріп  
Өшімді бір қайтардым.  
Аузымды енді толтырып  
Ақиқатты айта алдым.

\* \* \*

Мен өмірге арыммен қоса аттаймын,  
Өтірік пен өсекті қосақтаймын.  
Шындық көрсе кетер деп қайта үріп,  
Мәңгі-бақи байлаудан босатпаймын.

Көз алмаймын көкжиек – күткенімнен,  
Әрі тартам бәрібір біткеніңмен.  
Арамдықтың барлығын қуып келем,  
Қарау үшін өмірге сүт-көңілмен.

\* \* \*

Қайбір мінін қазайын,  
Ел есерге не дейді?  
Маңғаздарым азайып,  
Мақтаншақтар көбейді.

\* \* \*

Алла деген, тәубе деген  
Кереметін келді асырғым,  
Жарағы жоқ жауға деген,  
Арағы жоқ сол ғасырдың.

\* \* \*

Өкпелеген кезде де  
Өзіңді-өзің көздеме.  
Қызықпаңдар, ағайын,  
Алтын түгіл, бөзге де.

\* \* \*

Тар жолдарда тайғанақ дос алдайды.  
Дос алдаса, болмайды осал қайғы.  
Қарауылға жүрегін тоса алмаған  
Бар ауылға тілегін қоса алмайды.

\* \* \*

Арман болған жақындар күн,  
Ақыл айтса, қолда, халқым.  
Толағайдай ақындардың  
Кеудесі де толған алтын.

Мың жасамас сол ағайлар,  
Кейін қапа болма, халқым.  
Туа бермес Толағайлар,  
Тұра бермес қолдағы алтын.

\* \* \*

Күйі кеткен күйшіден,  
Күлкі болған күй тартып  
Ізге түсіп, иісімен  
Түлкі алған ит артық.

\* \* \*

Өтірікті сірескен  
Айта алады жын атқан.  
Жалғандықпен күрескен  
Жай табады жұмақтан.

Жасаған не сұмдықты  
Алаяқ көп о жақта.  
Кім жасырса шындықты,  
Шырылдайды тозақта.

\* \* \*

Айқайлаған бір мен бе,  
Тыңдамайды сөзді ешкім.

Кемеңгер деп жүргенде,  
Кем ақылға кездестім.

\* \* \*

Жазылғанмен хатқа ойып,  
Басылғанмен сәл дауыл.  
«Өркендеу» деп ат қойып,  
Өркендемей қалды ауыл.

\* \* \*

Саптан кетті саналым,  
Көмейіне от тықты...  
Зымыраған заманым  
Зымыранға соқтықты.

\* \* \*

Қызық қалар қыздан да,  
Қызықпаңдар алтынға.  
Қымыз ішіп қызғанда,  
Суға түсіп салқында.

Соқтықпаңдар қотырға,  
Соқтасы бар күйінде.  
Отқа жақын отырма  
Опасыздың үйінде.

\* \* \*

Тербетемін бесігімді  
Жүрек жиі дүрсілдеп.  
Ашып қойдым есігімді,  
Қыдыр келсе, кірсін деп.

\* \* \*

Жыртылмаған жағасы, тоны аманның,  
Оқшау жүрген бірі едің он ағамның,  
Ешбір елден озғанын естігем жоқ  
Қазынасын халқының тонағанның.

\* \* \*

Жетесізді жерлеме –  
Оқығанда аз қонған.  
Шоқындыны ер деме,  
Шоқығанға мәз болған.

\* \* \*

Тағдырыңа бағынып,  
Табынуға кеш қалып,  
Сәтбаевты сағынып,  
Сарғайып ең еске алып.

Кешіп барып қияқты,  
Сәлем бердім мен сізге.  
Жалғыз шырақ сияқты  
Жанып тұрған елсізде.

\* \* \*

«Сері» деппіз ән салса,  
Киіз үйге жақын кеп.  
Тақпақ айтып тамсанса,  
Атаппыз ғой «ақын» деп.

\* \* \*

Жаңылмас едім көшемнен,  
Қағылмас едім есемнен,  
Бабадан қалған сүрлеудің  
Бағасы артық десем мен.

\* \* \*

Толмай тұр Алатаудың гүлге етегі:  
Сонда да Қаратауға үлгі етеді.  
Көлдердің көмегі жоқ шөлге тегі:  
Еріні кезерген соң, ел кетеді.

\* \* \*

Бақ кетпесін бесігіңнен,  
Балаң өссін көк тіреген.  
Бес уақыт есігіңнен  
Бақыт кірсін деп тілегем.

Сәні басқа, әні басқа  
Болмысыңмен ерекше едің.  
Танытуға танымасқа  
Бүтіндігің керек сенің.

\* \* \*

Сезіп тұрып жалғанына,  
Беттеріне түкірмедік.  
Мәз болдық та алғанына,  
Қалғанына шүкір дедік.

\* \* \*

Көбінен не еншілермін  
Ұзын тұсау, кең шідердің?  
Көріпкелдер көбейгенде,  
Күні туды емшілердің.

\* \* \*

Алатау аппақ басымен,  
Талғары менен Тастағы,  
Алматы кәрі-жасымен  
Алла деп айта бастады.

\* \* \*

Өрт қойған кесір ме еді?  
Жұрт жабылды өшіргелі.  
Алқалы топ дайындалды  
Алтын тақты көшіргелі.

Мінгізді ұшақ он ағаны,  
Ұшақ аман қона алады.

Қарақшылар қаптап кетті  
Қазынаны тонағалы.

\* \* \*

Қара нөсер селдеткен,  
Қара дауыл күй тартып.  
Еш кететін еңбектен  
Ерте жатқан ұйқы артық.

\* \* \*

Өзін-өзі тонаған  
Өзен болып ақпайды.  
Қолқайыры жоқ адам  
Құдайға да жақпайды.

\* \* \*

Жәрдемге жарар түлегім,  
Кәрденге жазса бір Құдай.  
Тілеуіңді мен де тіледім  
Каспийге салған бұрғыдай.

\* \* \*

Көштің бетін ешкім жоқ кең түсінген,  
Шықпағанды сезеді ел тісіңнен.  
Көз алдыма келешек елестесе,  
Жылап жатып оянам мен түсімнен.

Қара тасқа заманның хаты түсер,  
Жол үстінде жаманның аты тісер.  
Жалтақ елдің баласы жыпық болса,  
Жалқау елдің баласы жатыпшісер.

\* \* \*

Ойхой, суайт, барасыңдар қайда алып,  
Табағыңда тулағандай тай балық.

Жер бетінде болса егер бір шындық,  
Сені ғана табатындай айналып.

\* \* \*

Тұлпарды көзге ілмеген,  
Ерлерді ез тұл деген,  
Бұлыңғыр бұл заманда  
Сөйлейді сөз білмеген.

\* \* \*

Шөгіп жатқан кәрі інген  
Танауынан бу шашып.  
Тұлыбына көрінген  
Мөңіреді қу сасық.

\* \* \*

Дауыл соғып, сірә да, өткен бейне,  
Бір тамшы да тамбайды көктен кейде.  
Пенделердің пейілі тарылған соң,  
Табиғат та сараңсып кеткендей ме?

Жыр ғашықтың талайы жолдан қалды,  
Дөңгелексіз дүние болған ба әлді?  
Қайда қуып жіберген бұла күнде  
Толағайың торсып толған малды?..

\* \* \*

Дос елден де, жау елден  
Аттамаған зиятты,  
Төр дегенің әуелден  
Төренікі сияқты.

\* \* \*

Жемісі жоқ елге терген  
Депутаттай жайланбаймын.  
Мызғып алып қол көтерген  
Мәжіліске сайланбаймын.

\* \* \*

Сағыныштан сел ме денем,  
Іңкәр болдым елге неден?  
Туын ұстап тұра алмайды  
Туған жерге шөлдемеген!

\* \* \*

Өзіңсің бе, Тәңірім, медет берген,  
Өтіп келем айналып бөгеттерден.  
Қасқыр көрсе, құйрығын үйге тыққан  
Қайыр күтіп көргем жоқ төбеттерден.

Шыға алмаймын шырғалаң ой торынан,  
Арамтамақ өріп жүр той торыған.  
Қара үзіп кетпесе қосқан атың,  
Несі артық көрінер қойторыдан?

\* \* \*

Жазғыратын таппадым,  
Азғыратын сайтан көп.  
Әкімдерге жақпадым  
Әділдікті айтам деп.

\* \* \*

Кетсін бәле! Өкінбеймін өткенге,  
Өртенген жер көгереді көктемде.  
Тәубесіне түсіреді Тәңірім  
Сайтанға еріп, сайқал қуып кеткенде.

\* \* \*

Мен білмедім көлгірсуді,  
Жағымпаздық жоқ есепте.  
Ластайды мөлдір суды  
Лыпасы жоқ көк есек те.

\* \* \*

Көретін түсім жаман, қайғым жаман,  
Сайтан басып барады ай-күнде аман,  
Екі санын шапақтап, бұтын ашып,  
Бізге қарап күліп тұр маймыл заман.

Көрмедім ертегідей елді аңсаған,  
Бұл неткен бейберекет, дел-сал қоғам?!  
Артына керуенбасы қарамаса,  
Бәрібір көштен түсіп қалсаң да оған.

\* \* \*

Қайтып келме, баяғым,  
Өзгергені мақұл-ақ:  
Ақылдының аяғын  
Сүйреп жатса ақымақ.

\* \* \*

Көп екен-ау іштей қауіп,  
Мен қалайша байқамағам?  
Бауыр жүні түспей тауық  
Жұмыртқасын шайқамаған.

\* \* \*

Алла, өзіңнің құлыңмын,  
Береке бер саны азға.  
Жылап тұрып жығылдым  
Бес уақыт намазға.

\* \* \*

Мақтануды, мастануды қоймаған,  
Туған күнін дүркіретіп тойлаған.  
Қара халық тумағандай анадан,  
Ханға сенбе қара басын ойлаған.

Қара халық тумағандай анадан,  
Саңлақ елін санасызға санаған.  
Арбасы көп арт жағында сүйреткен.  
Тәубесі жоқ. Таңғаламын мен оған.

\* \* \*

Таудан самал ескенде,  
Райымнан мен қайтам.  
Ұлытаудан көшкенде,  
Ұрпағыма немді айтам?!

\* \* \*

Отырғызып дөңге мені,  
Әрі ойланып, бері ойланып,  
Тарихтың дөңгелегі  
Кеткендей ме кері айналып?..

\* \* \*

Ешкім аспас деп жүргенде гректен,  
Естігенде құлақпен, өткізгенде жүректен  
Дімарларын Даланың бірінен де бірі өткен,  
Геродоттың тізесі де дір еткен.

\* \* \*

Ұлықтар жүр көрсетіп «ірі күшін»,  
Қиқымдар көп қырқысқан құрым үшін.  
Періштеге еліктеу керек шығар  
Пеңделіктен жоғары тұру үшін.

Теріс жерін тақтың да теріс дедім,  
Ар алдында ант суын мен ішкемін.  
Ұятымды кіршіксіз кірге тартса,  
Ұялмаспын алдында періштенің.

\* \* \*

Үміт – тұтам. Пара көп.  
Жұртым жұтаң. Бай қарық.  
Ұрынарға қара жоқ,  
Ұрыларға ай жарық.

\* \* \*

Босағаңнан кіретін  
Мүсәпір мен міскін көп...  
Әкіреңдеп жүретін  
Әкімдерде ұсқын жоқ.

\* \* \*

Аққу-қазды алдар құзғын,  
Көркі ме екен шалбар қыздың?..  
Ет асатқан депутатқа  
Дауыс береді шалдар біздің.

\* \* \*

Ақшатаудың қашқынын  
Айтайын ба мен сізге?..  
Жалындаған жастығын  
Жасырыпты елсізге.

«Жалғыз жортқан Кебек» деп,  
Қайда барса, панадай,  
Тұрушы еді өбектеп  
Туған жері анадай.

\* \* \*

Заман келді қойы қасқа,  
Иілмейді мойын асқа.  
Тұлпар сенсе тұяғына,  
Тулақтардың ойы басқа.

\* \* \*

Іздемейміз ізгіні  
Алланың ақ жолында,  
Тіршіліктің тізгіні  
Болса өзінің жолында.

\* \* \*

Ата жолын сақтайды әр ел есте,  
Ақиқаттың айналмас бәрі елеске.  
Есім салған Ескі жол өшіп кетсе,  
Қасым салған Қасқа жол бар емес пе?!

\* \* \*

Ағарып атқан азаным,  
Пірлерім салған қазаным,  
Сапырулы сары қымыз,  
Меймандос болған қазағым  
Болар ма екен, Құдай-ай,  
Бұрынғыдай тағы да?!

Өтіп бір кеткен заман-ай!  
Өркеш-өркеш тауларым,  
Кәпірден болды жауларым,  
Партия болып, мал шашқан  
Құрысын, халқым, дауларың!..

\* \* \*

Өзімен кеткір өзімен,  
Ата-анаң азат болса да,  
Келген байлардың көзімен  
Қарайсың неге соншама?!.

\* \* \*

Жете алмайтын қуғанына  
Таласып па тулағына?

Әкім болмай, тәубе дегін  
Ақын болып туғаныңа.

\* \* \*

Халқым жуас – «қой» демеген,  
Ақыл күтер кейде менен.  
Қасқаларға қарсы қарап  
Ақын ба екен сөйлемеген?!

\* \* \*

Сарысудың бойымен  
Аға көшіп, жайладық,  
Қымыз ішіп қызулап,  
Желіге бие байладық.  
Айдарлары желкілдеп,  
Атамыз өскен Сарысу

Тасаттық беріп зарладық.  
Қалмады жастан жан басқа,  
Амалсыз болдық бармасқа,  
Бұл Қуандық ішінде  
Аруақ қонған үйлерде  
Жылқыдай айттық бозқасқа.

\* \* \*

Бақ тілеп бұлбұл – қызға, аршын – ұлға.  
Жағына маза берме жаршының да.  
Жұлдызды жұлдыздарға жауластырып,  
Адамды адамдарға қарсы қылма!

\* \* \*

Мен де сені мақтайын – мақтау аздай,  
Жүрегіммен айтайын, хатқа жазбай.  
Арманым да, жаным да мөлдіреп тұр –  
Жалғыз жазу түспеген ақ қағаздай.

\* \* \*

Біреуге бір кем емес сауық тойдан,  
Өмірде шығармаңдар қауіпті ойдан.  
Ит қосып ұшырған соң, ителгінің  
Тұғырда түлер жолын жауып қойған.

## МАЗМҰНЫ

### «Жас керуен» жинағынан

Өң мен түс.....	7
Туған жер .....	7
«Сияқты кейде анығым – елес...» .....	8
Ақ арман – арғымақ .....	8
«Бәйге ме?..» .....	9
Кексе ақынмен әңгіме .....	9

### «Қүдіретті қолдар» жинағынан

Жез даңқы .....	13
«Өнерге зергер хас адам...» .....	14
«Саяткер, сәнді еру ел...» .....	14
«Құтты қоныс кез болып...» .....	15
Ғасырлардың архиві.....	16
Қарт жыраудың ғақлиясы.....	17
Жезқазған туралы жыр.....	18
Данышпан дала .....	23
Қазақстан.....	24
Таудағы көрме.....	25
Шежіре шал.....	26
Аңшы ата.....	27
Өткен өмір термесі .....	28
Аташаддың ақырғы батасы .....	29
Есен әуендері .....	32
Каспий .....	34
Өнерлі өлке.....	35
Арқаның ақ бораны.....	36
Күй.....	36
Кеудемде бір дыбыс бар.....	37
Өлең.....	38
Көлдегі түнгі сурет.....	38
Көрімдік .....	39
Асығып жүр жайлауға.....	40
Сарыарқаның сары гүлі.....	41
Жүгірейін .....	42
Даңқ аспаны .....	42
Жайлауда .....	43
Хат .....	43
«Суға емес...» .....	44
Алыстаған сайын сен.....	45
Қызыл гүл.....	45

«Ән салмай жүрсе...» .....	46
Арман сапары .....	46
Коммунизм ұрпағымен сырласу.....	47
«Қиындықты осы бастан жеңе бер...».....	48
Егерде.....	48
«Өз жүрегім өз кеудемді ұрғылап...» .....	48
Ақ білектер .....	49
«Гүл қоймасаң...».....	49
Бақта.....	50
Думан дала.....	50
«Дала, жырдың көркі едің...».....	51
«Анау шыққан көп атты...» .....	52
«Әнші болсаң , шыдаңдар...».....	53
Тағы аңсадым.....	54
«Қалауынан жүректің қайта алмадым...» .....	55
Қыздарға.....	56
Сарысу.....	56
Ақсу .....	57
Сен туғанда .....	58
Жолаушы .....	58
Бұлдыр да бұлдыр қия-шың .....	59
Өзіме.....	60
Құрдасыма .....	61
Әрбір үйі ауылдың .....	61
Көктем.....	62
«Тым жуассың десең де...» .....	62
Таң.....	63
Ғашық болсаң... .....	63
Қос аққу .....	64
«Кеудеде күй егілген...» .....	64
Әке тілеуі.....	65
Қарттар .....	65
«Арманның бірі болмады...» .....	66
Батыр боздақ .....	67
Ғұламалар көп керек біздің елге .....	74
Саумал .....	75

### **«Жұмақтың жолы» жинағынан**

Өлең.....	79
Алтын Адам.....	80
Алашахан кесенесіндегі ой .....	81
Байдалы би .....	82
Достық.....	85
Көш.....	87

«Бөлініп қалған аттыдай...».....	88
Металлург .....	88
Бішкек поезыңда .....	91
Азаттық таңы атқанда .....	91
«Өмірімнің көгі – бұлт...» .....	92
«Қайда барып, мен қайда паналармын?..» .....	93
Шығыс медицинасы .....	94
«Тілегімді күн жұтты...».....	95
Белгісіздік .....	97
Кедейдің күні .....	99
Күнәм болса, кеше гөр.....	100
Базардағы қайыршы шал.....	101
Нарық.....	103
Тура жолға бастаса... ..	104
Көлденең көк атты... ..	105
Дария-дәулет суалар .....	106
Елге айтам түсімді .....	107
«Ел парызын жалқы өтеп...».....	107
Көңіл – мырза, қол – қысқа.....	108
Мұхтарға табыну .....	109
Әуезов шапағаты.....	112
Парасат .....	113
Күдік пен келешек .....	115
Жарылқанам деп жүр ме жат қолынан?! .....	117
Тұқым.....	118
«Арбамның үзілгені-ай белдігінің...» .....	118
Жұмақтың жолы .....	120
Аламан бәйге.....	121
Бабалар жолы .....	122
«Күй кешсем жалғанда ерке...» .....	123
Досыма хат.....	124
«Көктем де өттің, жаз өттің...» .....	125
«Қадамын бір бастаған...».....	126
Ұлытау.....	127
Геолог .....	128
Жұлдыздар .....	129
Кенгірге көктем келгенде .....	130
Жаңбыр мен шөл .....	134
«Дикандардың дидары нұрланғанда...» .....	135
Артқы көшке мен ердім .....	136
Жер дауы .....	137
Аргын бақтым әліптің .....	138
Көктем.....	139
Қыркүйек аяғындағы амал .....	140
Қойшы қызға.....	141

Ортау .....	142
Аппақ таңдар, асықпа .....	144
Ормандағы ой .....	145
Ақ баян .....	146
Ақиқат өлгенде .....	147
Биіктік .....	148
Құмкөл .....	149
Торы тай .....	151
Қатер .....	153
Семей полигоны аймағында .....	154
Қайғы .....	155
Бір бойдақтың мұңы .....	157
Ақ шымылдық .....	158
Орамал .....	159
«Мәдениет жылы әбден милықты...» .....	160
«Өмірімде білмеймін немен бітем...» .....	161
Иман ұста .....	162
Ұлытаудың басынан ұран тастап .....	163
Жер тамыры .....	164
Жүз құбылған дүние .....	166
Сәкен туралы жыр .....	166
Қорықшы .....	173
Заманзар .....	175
Ел айырылғанда .....	179
«Жадырамай бір күліп...» .....	180
Аңсау .....	181
Қайта солықтау .....	182
«Заман зары ойландырды...» .....	183
Косово қасыреті .....	184
«Көп еді көрген зорлығым» .....	186
Қауіп .....	187
Жетімхана .....	188
Өкініш .....	189
Күзетеміз бесікті .....	190
«Азаматтық туының...» .....	191
«Кесірлі кекжиеді бергенді ішпей...» .....	192
Шекарада .....	193
«Қай сөзіне нанайын...» .....	194
«Ауды талай есім де...» .....	195
«Күз келіп, күн суыған...» .....	195
«Жұрт айтады әрқилы...» .....	196
Жеңіс күні ойнаған найзағай .....	197
Заман – қымбат, заң – арзан .....	198
Қарттарым, қажып жүрсің-ау... .....	199
«Жеңіл жүріс, СПИД-тің себебі не?...» .....	200

«Жерден биік ұшқандар...».....	201
«Айыр тіл алдағанда, алмас тыным... ».....	201
«Өмір кешіп, ой кездің бе?...» .....	202

**« Бозторғайы жанымның» жинағынан**

Азаттық.....	205
«Дей алмаймын маған дарын қонбаған...».....	206
Абай және басқалар .....	207
«Баяғының байы да...» .....	208
Балама.....	209
Менің республикам .....	209
Қызылдың қалдығы .....	210
«Қазақстан – айбарлым...» .....	211
«Көрсетпей жазыпты...» .....	212
Ініге хат .....	212
«Өмірдің бар болмысын болмас ұқпай...».....	213
Дүбірлі ел.....	214
Екі дүние жұмағы .....	215
«Жайықтан көрген кемелер...».....	216
Дала .....	217
«Қайдан түсті ойыма?...» .....	218
Ұлытау. Таңбалы тас.....	218
Алғашқы аламан .....	219
Біздің ауыл .....	222
Біздің ауылда .....	224
Қаражал.....	224
Шәмші қайда барады? .....	225
Өзендерім – өр мінез.....	226
Ұлытау.....	228
Аян.....	229
«Қыз-өмірдің қыздырып қылығы тым...».....	230
Абай.....	231
Сәкен ескерткіші алдында .....	232
Кеңгір .....	234
Неге солай? .....	235
Жарығыңды, Жаратқан, жерге түсір!.....	236
Сайлауханмен сырласу .....	237
Жақсылардың жұртында .....	239
Ана тілім әл үстінде.....	240
Дана шал .....	241
Сәкен .....	243
Абай алаңында. Қасында қағыбаның.....	244
Көлеңкесі жетеді.....	245
«Бағзы заман бір елінде...» .....	246

«Ұйытқиды уақыт соғып өтер күйындай...» .....	247
Құдайменде .....	248
Сақта, Құдай!.....	249
Менің достарым.....	250
Ініге сыр .....	250
Ағайын аман болсын!.....	251
Қорқақ көсемдерге.....	252
Елге .....	254
«Ойланыңдар! Береді өткен елес...» .....	255
Жезқазған .....	255
Есенім – ерке Сәкенім .....	256
Ақын.....	257
Қарағашта .....	258
«Бетпақ» деген не еткенің?...» .....	259
Оқ тиген айғыр .....	260
Есіңді жи.....	261
Құлағың сал, пенделер! .....	262
Көгершіні достықтың.....	263
«Ұлытау үні» фестивалі қонақтарымен қоштасу кешінде.....	264
Сақтай алмадық... ..	265
«Үш қабаттан тұрғызған...».....	266
Абай.....	267
«Аллаға, әулиеге, күнге сенгем...» .....	268
Қоштасу .....	269
Ұрпаққа сөз.....	270
Академик Байқоңыров .....	270
Серікке .....	271
«Өзіңде бар кісілік не тегінде» .....	272
Бораннан кейін .....	273
«Солтүстік. Қалың орман. Жолы – құрақ...» .....	273
«Бір қара бұлт төнеді...» .....	274
«Жер-жаһаннан жиылғандай жел біткен...» .....	275
«Күлкім қайда күмбірлеген?...».....	275
«Бүйрегің бұрып жүрсін «Бешіктасқа»...» .....	276
Сілкініс.....	277
Өтті дәурен .....	279
Асқа арнау.....	279
«Маңғадыр – құт мекені бақса малдың...».....	281
«Асып кетсем мен бірде...».....	281
Адамдар.....	282
Тілек.....	283
Көктем.....	283
«Мен сені желге, күнге тигізбес ем...» .....	284
Ұят .....	285
«Жиырмасыншы көктемде...» .....	285

Өмірлеске.....	286
«Пай-пай-пай! Сыңғырлаған сөзі қандай?!».....	287
Көңілдеске.....	288
Тұма.....	288
Қадиша .....	289
Бір қыз көрдім Кеңгірден.....	290
«Жанымның ырғақтары...».....	291
«Балапандай жасқанған...».....	292
Қайран, біздің балалық! .....	293
Періште қыз.....	294
«Менің бақыт құсымның...» .....	294
«Көңіліңмен көл едің...».....	295
Ән.....	296
«Қарасыңда көзінің...» .....	296
Көктем.....	297
Жылқы келгенде .....	298
Кер құлыным .....	299
Баққа барғанда.....	299
«Жалғыз қалған айдында ізі...» .....	300
«Қиянға қиял көтермек...» .....	301
Ақ сөйлесем.....	301
Періште күндер, қайдасың? .....	302
«Анамның шағала...» .....	303
Анам айтқан .....	304
«Қызойнақты қыздырып...» .....	305
Мезгілсіз кісінеген айғыр.....	306
Жесір .....	306
«Көрсетпесін көлгірсуді...».....	307
Өрмекші .....	308
Талант .....	309
«Табиғат сырын терең ұққан біліп...» .....	310
Ұқсастық .....	310
«Бері қарай келіңдер...» .....	311
«Алды – амалсыз, арты – мазақ...» .....	312
Өмірге өкпе .....	312
«Тұнығыңнан маза қашып...» .....	313
«Қорғандар мені, тау елі...».....	314
«Несібең бар бөлінген...» .....	314
«Қайғы деген қарақұрт жанға уын бүркеді...» .....	315
«Шырқым кетті. Мен қашан шырайланам?».....	315
«Тойғанға мез жарандар...» .....	316
«Көзіңнен өмірімді өткіз менің...» .....	316
Піспек.....	317
Арамтамақ.....	318
Есек мінген есер.....	318

Ойлар .....	319
Жаңа заман келгенде .....	320
Адалдық .....	320
Бұлбұл бағы еді .....	321
«Күншілдердің басына қан шабады...» .....	322
«Өтірікті сірескен...» .....	322
«Көшеде есім ауып келе жатам...» .....	323
«Сатып алды сатылмайтын беделді...» .....	323
«Байға айтардай базына...» .....	324
«Өмір! Сені түсінеді бұл қатпаң...» .....	325
«Адалдыққа ант ішкен...» .....	325
«Мешіт жаққа жетелер...» .....	326
Тазарту .....	326
«Жалақыға алданып...» .....	327
«Көйлек кимей жылтырдан...» .....	328
«Тағы, тағы жылауық айтам әнді...» .....	328
Егер .....	329
Имансыздар .....	330
«Қатыгезден мейір мен қайыр қашпақ...» .....	331
«Мақтанбайды өткенін сұрағанда» .....	331
Егер әкім .....	332
«Талай-талай басымнан көшіпті арман...» .....	333
«Құмды күйсеп, тасты жеп...» .....	333
«Жүйрік еді ел есепке...» .....	334
Тәуіп пен тәбәрік .....	335
«Қатар жүрген құрбылардың ішінен...» .....	336
«Ауа райы» бұзылып...» .....	337
«Ұстай алмасаң ұяңды...» .....	337
«Ескі сырнай тұратын бас жағында...» .....	338
«Көрмегенді бұл өңір...» .....	339
«Домбырадай күмбірледі...» .....	340
«Шыға алмасаң далаға...» .....	341
«Басына киген тәжі жоқ...» .....	341
Қарақшы .....	342
Өмірі ұзақ өтірік .....	343
«Батыстың басын мәңгіртіп...» .....	344
Арман .....	344
Ұзын сөздің қысқасы .....	345
«Ортайып бара жатқаның...» .....	347
«Теріс демедік терісті...» .....	348
«Жаза алмадым тыртығымды...» .....	348
«Біледі ел: айғай тегі...» .....	349
Бес әріп .....	350
«Қасіретті қазаққа қала бастап...» .....	351
«Жаза бассам, жалаға ұрынармын...» .....	352

Алтын қазғанда.....	353
«Жалған сөйлер мен емес...» .....	353
Мұхиттың ар жағында .....	354
«Бар пәле – жоғарыда...» .....	354
«Жеткізбей жетер ұлды...» .....	355
«Іңкәр қылған өмірге сөз дерті еді...» .....	355
«Көз салмайды өтірік...» .....	356
Қыздар... .....	357
Ат.....	358
Адам правосы.....	359
«Орысшыл болсаң, досым, кері істеме...» .....	360
Уран кенішінде .....	360
Жаңаарқа.....	362
Тамызда.....	363
Шалап .....	363
Байқоңыр даласы .....	364
Ұлытаудың жыршысы .....	365
Ғалым Жайлыбаевқа.....	366
Сағыныш .....	367
Алтын ордам .....	367
Жүрегімнің бір гүлі .....	369

---

*Сарыарқа кітапханасы*

---

**Сайлаухан НӨКЕНОВ**

**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

*Өлеңдер*

Редакторы *Ботакөз Мұхиден*  
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқалов*  
Корректоры *Шолпан Оразбаева*  
Компьютерде беттеген *Эльмира Заманбек*

Басуға 14.03.14 қол қойылды.  
Пішімі 60x90  $\frac{1}{16}$ . Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 25,0.  
Тапсырыс № . Таралымы 800 дана.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13